



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Т. ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ

ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ

НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ЭТНОПЕДАГОГИКИ И ЭТНОПСИХОЛОГИИ ИМ. Т. ТАЖИБАЕВА

КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА



Академик Т. Тәжібаевтың 109-жылдығына арналған

**«АКАДЕМИК Т.Т. ТӘЖІБАЕВ
ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ»**

атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-методической конференции в рамках тажибаевских чтении

**«АКАДЕМИК Т.Т. ТАЖИБАЕВ
И СОВРЕМЕННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА»**

посвященной 109-летию со дня рождения академика Т.Т. Тажибаева

Алматы 2019



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
Т. ТӘЖІБАЕВ атындағы ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ЭТНОПЕДАГОГИКИ
И ЭТНОПСИХОЛОГИИ имени Т. ТАЖИБАЕВА
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕНЕДЖМЕНТА



Академик Т. Тәжібаевтың 109 жылдығына арналған
«АКАДЕМИК Т. ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ»
атты Т. Тәжібаев оқулары аясында республикалық ғылыми-әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

республиканской научно-методической конференции в рамках Тажибаевских чтений
«АКАДЕМИК Т. ТАЖИБАЕВ И ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА»,
посвященной 109-летию со дня рождения академика Т. Тажибаева

Алматы, 2019

Академик Т. Тәжібаевтың 109 жылдығына арналған «АКАДЕМИК Т. ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ» атты Т. Тәжібаев оқулары аясында республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 138 бет.

ISBN 978-601-04-3888-0

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

**Ұйымдастыру алқасы Сіздерді 2019 жылдың 22 ақпанында жыл сайын өтетін
Т. Тәжібаев оқулары аясында ұйымдастырылған
«АКАДЕМИК Т. ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ»
атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысуға шақырады.**

Қазақ зиялы қауымының көрнекті және талантты өкілдерінің бірі Т. Тәжібаевтың 109 жылдық мерейтойлық туған күніне орай 40 жылға жуық халықтың қоғамдық өміріне белсене қатысқан, халықтық білім беру ұйымдарында, Қазақ ССР мемлекеттік аппаратында, СССР – дің Индиядағы елшісі т.б. жауапты қызметтер атқарған Тұлғаның орны мен рөлін жаңаша қайта қарастырамыз.

Т. Тәжібаевтың барлық ғылыми қызметі педагогика және психология ғылымының – жасөскелең ұрпақты тәрбиелеу, білім беру және оқыту мәселесіндегі педагогика және психология ғылымының өзекті мәселелерін шешумен тікелей байланысты болды. Заманауи педагогика – психология ғылымының өзекті мәселелерін, оның мазмұны, технологиясы және БІЛІМ БЕРУ, ТӘРБИЕ, ДАМУ, ҚАЛЫПТАСТЫРУ сияқты жаһандық категориялардың мәнін қайта қарау мен талдауды талап етеді.

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ: Т. Тәжібаев идеясы контекстінде педагогикалық ғылымның заманауи өзекті мәселелерін шешу жолдарын іздестіру және пікір талас жүргізу; ғалымдар арасында байланыс орнату; зерттеу тәжірибелері мен ғылыми нәтижелерімен тәжірибе алмасу; ғалымдар, оқытушылар, студенттер, докторанттар және қызығушы тұлғалар арасында теориялық және практикалық ғылымдарды тарату; білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үдерісінде жүргізілген зерттеулердің нәтижелілігі мен қолдану мүмкіндігін бағалау және талдау.

Конференцияға қатысуға ғалымдар, оқытушылар, магистранттар, докторанттар, ЖОО студенттері, педагогика және психология саласындағы жетекші ғылыми зерттеушілер шақырылады.

КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫ ТӨМЕНДЕГІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

1. Т. Тәжібаев ойлары және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы;
2. Заманауи білім берудің этнопедагогикалық және этнопсихологиялық аспектілері;
3. Адам капиталын ұйымдастыруға инвестиция: технологиялар. Сапалы педагогикалық білім беру мәселелері;
4. Анимациялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру теориясы мен әдістемесі;
5. Оқушылардың тұлғалық әлеуетін дамыту және күзінеттілік тұғыр.

Тіркеудің басталуы: 10-00. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Философия және саясаттану факультеті. Масанчи көшесі 39. (123 дәрісхана, 1 қабат).

КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Философия және саясаттану факультеті

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Т. Тәжібаев атындағы Этнопедагогика және этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығы

Ұйымдастыру алқасы:

Ұйымдастыру алқасының төрағасы: Масалимова А.Р., философия және саясаттану факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор

Төраға орынбасарлары:

Жарықбаев Қ.Б., педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, Төлеген Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология Ғылыми-зерттеу орталығының құрметті директоры

Мадалиева З.Б., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор

Сарсенбаева Г.М., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ұйымдастыру алқасының мүшелері:

Ертарғынқызы Динара, (PhD), педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының СҒЗЖ жетекшісі

Қудайбергенова С.К. психология ғылымдарының кандидаты, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының СҒЗЖ жетекшісі

Шағырбаева М.Д., оқу-әдістемелік және әлеуметтік қызмет жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, п.ғ.к., доцент м.а.

Төлешова Ұ.Б., педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

СЕКЦИЯ 1

Т. ТӘЖІБАЕВ ОЙЛАРЫ ЖӘНЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Т.Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАЛАРЫ

Жарықбаев Қ.Б., педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, академик Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығының құрметті директоры, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

1950-1970 жылдар арасында педагогика, психология ғылымдары барынша өркендеді. Осы салада Р.Г.Лемберг, Ә.Сыдықов, Т.Тәжібаев, А.И.Сембаев, Қ.Бержанов, С.Қирабаев, М.Ғабдуллин, М.Мұқанов, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, Қ.Жарықбаев, И.Б.Мадин, К.Құнантаева, Т.Сабилов т.б. елеулі еңбек етті, осылардың ішінде көрнекті ғалым Т.Тәжібаевтың шығармашылығының орны ерекше еді. Аталған жылдары педагогика саласында жетістіктермен қатар кемшіліктер де аз болған жоқ. Соның бірі этнопедагогика және этнопсихология бойынша зерттеулер кенжеледі. Осындай солақай саясатқа қарамастан Т.Тәжібаев ұлттық мүдде жанашыры бола білді, отандық педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосты, өзінің ізін басар ғалымдарды тәрбиеледі. Т.Тәжібаев зерттеулері білім беру саласының әр қырын қамтыды. Алайда бүгінгі таңда Т.Тәжібаевтың есімі мен мұралары педагогика тарихы пәнінде қысқаша ғана берілген. Егер біз оның мазмұнын толықтыра түссек, тіпті арнайы курс ретінде енгізсек болашақ мамандардың қызығушылығын тудыратыны анық, сондай-ақ олардың кәсіби білім сапасын көтеруге негіз болар еді.

Т.Т. Тәжібаев көзқарасы бойынша, ойдың толығымен нақтыланбауы, стильдің қысқартылуы, маңыздысы орфографиялық қателіктердің болуы-осыған дәлел болып табылады. Осы дәлелдердің негізінде Халық комиссияры келесі мысалдарды көрсетеді. «Мысалы. Солтүстік – Қазақстан облысының Лаврова мектебінің физика және математика мұғалімі В.В.Никалаев өз хатында 20 қате жіберген, ол өз білімсіздігі үшін педагогикалық жұмыстан босатылды, сонымен қатар Ақмола облысының мұғалімі Головина.А өз жұмысынан қателіктері мен білімсіздігі үшін босатылды. Өз өтінішінде ол 90 қате жіберген, Еңбекші -Қазақ ауданының мұғалімі Р.Рун өз арызында 31 қателік жіберген». Т.Т. Тәжібаев осыған ұқсас мысалдардың әр облыста кездесіп отыратынын көрсетті. Біз Т.Т. Тәжібаевтің көзқарасымен қай уақытта болмасын, әркезде келісіп отырамыз, дарындылық сапасының жоғары болуы мектептің оқу-тәрбие жұмыстарына негізгі мәселе болып табылады. Ал білімсіз және жауапкершілігі жоқ мұғалімдер мұндай жағдайға жетпеуі тиіс. Мұғалімдер арасында білімсіздікті жою мақсатында Т.Т. Тәжібаев келесі жолдарын ұсынды.

–Халықтық білім беруге жергілікті бөлімшелерде мұғалімдердің білімі мен жалпы мәдениетін мұқият тексеруге алу;

–Халықтық білім беру бөлімшелеріне әр жағдайдағы білімсіздік фактілеріне қарастыруда мұғалімнің педагогикалық жұмысқа келуінің мүмкіндіктері жайлы сұрақтарды шешу. Егерде мұғалімнің білімсіздігі анықталған жағдайда, әсіресе қазақ мектептеріне орыс тілінен сабақ беруде немесе орыс тілінен қазақ тілінде сабақ берудегі мұғалімдердің білімсіздігін байқаған жағдайда, оны өз жұмыс орнынан міндетті түрде босату.

–Мұғалімдердің білімсіздігі туралы дәлелдер анықталған жағдайда, оларға индивидуалды мерзімді тағайындау. Осылайша, бірінші кезеңде толығымен кәсіби әрекет қатал түрде анықталды.

Т.Т. Тәжібаевтың ғылыми педагогикалық-психологиялық әрекеті жайлы ерекшеліктері екінші кезеңге кіреді. Архивтегі материалдардың ішінен біз, бірнеше ерекшеліктерді қарастырып өттік:

1. Оның идеясының историзімі;
2. Практикамен байланысты болатын теория байланысы;

3. Кәсіби өсім немесе жоғарылау, оны ғалым, басқарушы, ұйымдастырушы ретінде мойындау;

4. Оны мемлекеттік қайраткер, дипломат жұмысшы есебінде мойындау.

Архивтеге материалдар мен және баспадағы материалдарды талдау мен игеру мынаны көрсетеді, яғни осы жылдары Т.Т.Тәжібаев Республиканың сыртқы істер министрлігін басқарады. (1944-1947жж), оны С.М. Киров атындағы ҚазГУ-дің ректоры болып сайланды, онда ғалым бір мезгілді педагогика және психология кафедрасын басқарады. 1949 жылы ол профессор қызметіне ие болады, одан бұрын Т.Т.Тәжібаевті А.Н.Қазақ ССР-ның академигі деп сайлайды. Төлеген Тәжібаевтің биографиясында бұл жыл тұлғалық жаңалықтарға толы. Оған тағы да Қаз ССР-ның министрлер кеңесінің жетекші орнын ұсынады.

1957-1961 жылға дейін Т.Т.Тәжібаев Индияның ССР-дегі елшісі болады. 1961 жылы Қазақстанға оралғаннан кейін ҚазГУ-дің педагогика және психология кафедрасы меңгерушісінің қызметін атқарады.

1947-1951-1954-1959жылдары Қаз ССР-нің жоғары кеңес депутаты және Қазақстанның ЦК компартиясының мүшесі болып, ал 1963жылы психологтардың бүкіл әлемдік съездінің делегаты болып сайланады.

Т.Т.Тәжібаев құрмет медальдары, грамоталарымен марапатталған. 1962 жылы Т.Т.Тәжібаев «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мектептерінің дамуы» атты тақырыбында докторлық диссертация қорғайды, онда ғылыми-теориялық ұстаным бойынша XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның мектеп білімінің даму процестері қарастырылады)[2,386).

Осылайша ғылымдар мен монографияның үшінші бөлімі құрылды. «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы» (бірінші бөлім, 1957 жыл, 2-ші бөлім 1958 жыл), «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мектептерінің өрлеуі (1962 жыл) және «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар (1965ж) жарық көрген.

1958 жылы басылымға шыққан монографияның бірінші бөлімінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың әлеуметтік экономикалық алғышарттарының мазмұны жинақталған. Онда Қазақстанның Ресейге бірігу туралы прогресивті мәндердің сұрақтары талқыланған, сонымен қатар 60-шы жылдарда ресейдегі қоғамдық-педагогикалық өзгерістердің Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуына тигізетін әсері көрсетілген.

Монографияның екінші бөлімінде; Алматы, Оренбург, Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Казань, Уфа, Омскінің архивтік қайнар көздерінде және Қазақстанның кейбір облыстарының архивтерінде алғаш рет XIX ғасырдың екінші жартысындағы кәсіби техникалық білімнің жалпы жүйесі толығымен көрсетілді, әр облыс бойынша мектептерді мектеп жүйесінің спецификалық ерекшеліктері ашып көрсетілген. Нақты бір фактіде ғалым Қазақстанның мәдениет облысындағы Ресейге қосылуы туралы оны біріктірудің прогресивтік мәнін көрсетеді.

Көрсетілген жұмыс Т.Т.Тәжібаевтің «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойларды дамытуға қатысты» көпжылдық монографиялық зерттеулердің бір бөлшегі болып табылады. Қазақстандағы мектеп білімінің тарихын игере отырып Т.Т.Тәжібаев қазақтарды біліммен қамтамасыз етуде саясаттың реакциондық мәніне тоқталмастан, оның тарихи шындығын жасырған жоқ.

Е.Кулымбетов пен Ж.Ыскаков былай жазған «Т.Тәжібаев өз мамандығы педагогика психологиядан басқа философия, тарих, әдебиет тіл білімі сияқты қоғамдық ғалымдардың басты салаларына батыл барып, олар жөнінде мәселелі пікірлерде еркін айта алатын, кең тынысты ғалым болды. Ол ағылшын тілін жақсы білетін»- деп өзіндік пікір айтқан болатын. Т.Тәжібаевтің ғылыми еңбектерін жастарға насихаттау мақсатында академик Т.Тәжібаев атындағы этнопедагогика және этнопсихология ғылыми-зерттеу орталығында жыл сайын Тәжібаев оқулары, ғылыми конференциялар жүргізіліп отырады. Ұлы ғалым туралы ой-пікірлер көбейіп жалғасын табуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова М.К. Педагогическое наследие Т.Т. Тажибаева(1910-1964). Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. Алматы. 1999 г.
2. Кулжабаева М.Ж. Историко-педагогическое наследие Тулегена Тажибаева и его использование в воспитании молодежи. - Диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. - Алматы. - 2002. - 168 с.
3. Жақып Мадияр, Түрікпенұлы Жолмұхан. Төлеген Тәжібаев (ғұмырнамалық деректер хикаяты). - Алматы: Қазақстан. 2008. - 248 б.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР (Профессор Т.Тәжібаевтың феномені)

Түрікпенұлы Ж. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің профессоры, психология ғылымдарының кандидаты, Т. Тәжібаевтың шәкірті Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Төлешова Ұ.Б. педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Белгілі мемлекет қоғам қайраткері, Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Тәжібаев (1910-1964) республикамыздағы Халық ағарту ісін ұйымдастырушылар мен басқарушылардың бірі болды. Қазақстандағы педагогика-психология ғылымдарының іргетасын қалаушы.

Ол 1910 жылы ақпан айының 23 жұлдызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданында дүниеге келді. Шымкенттегі педагогика техникумын, Москвадағы Н.К. Крупская атындағы коммунистік тәрбие академиясын үздік дипломмен бітірді, соңғы білім ордасындағы психология кафедрасының аспирантурасына қалдырып, 1938 жылы «К.Д. Ушинскийдің педагогикалық психологиясы» деген тақырыпта диссертациялық жұмысын ойдағыдай қорғады. Ұстаздық жолын Абай атындағы Қазақ педагогика институтының педагогика және психология кафедрасынан бастады. Доценті, меңгерушісі болды. Ал, одан соң республика Халық ағарту комиссарының бірінші орынбасары, Халық ағарту комиссары, Қазақ ССР Халық Комиссарлары советі Председателінің орынбасары, Қазақ ССР Сыртқы істер министрі қызметтерін атқарды.

Ал 1948-1954 жылдар арасында С.М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің ректоры болды. 1954 жылдың қазанында Т. Тәжібаев Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне қайта тағайындалды. Ал, 1957-1961 жылдары Үндістандағы СССР елшілігінің Бас кеңесшісі болды. Одан келген соң өмірінің соңғы жасына дейін Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болды. Сонымен қатар көптеген қоғамдық жұмыстарды атқарды. Мысалы, Қазақ ССР Педагогика қоғамының президенті, Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің педагогика және психология саласындағы ғылыми-педагогикалық советінің председателі, «Білім» қоғамы сияқты Үкімет ол кісінің атқарған істерін жоғары бағалап, көптеген Еңбек Қызыл Ту, Құрмет Белгісі ордендерімен және көптеген медальдармен наградтады.

Республикамыздағы педагогика ғылымының дамуында тым кенже қалып келе жатқан саласы-педагогика тарихы, оқу-ағартудың даму проблемалары еді. Осыны түсінген Т. Тәжібаев 1950 жылдардан бастап-ақ Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы мен мектептер тарихын зерттей бастады. Өзінің монографиялық еңбегінде XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ағарту ісін, мектептер тарихын, педагогикалық ой-пікірдің даму проблемасын сарайлайды. Сондай-ақ Шоқан Уалихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсаринның философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастарына арнап бірнеше ғылыми мақалалар жазды.

1957 жылы «Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары», ал арада бір жыл өткен соң «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен педагогикалық ой пікірінің дамуы» деген кітаптары жарияланды. 1962 жылы «XIX ғасырдың Қазақстанның ағарту екінші жартысында Қазақстанның ағарту ісі мен мектебінің дамуы» деген еңбегі көпшіліктің қолына тиді.

Кең ауқымды ғылыми зерттеулерінде Қазақстандағы мектептер жүйесі дамуының өзіне тән жақтары, түрлі аймақтар мен оқу орындарына бағынған оқу-тәрбие мекемелерінің ерекшеліктері жан-жақты көрсетілген. Сонымен бірге XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ арасындағы ағарту ісі қалай дамығанын, оған орыс ғалымдары қаншалықты әсер етіп, оқу ісі қалай жүргізілгені баяндалған.

Профессор Төлеген Тәжібайұлы мол білімін, ақыл-ойын, бай тәжірибесін шәкірттеріне оқыған дәрістерінде де шебер пайдаланған. Сондықтан профессор М. Балақаев «қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деген еңбегінде: «М.О. Әуезов, Т.Т. Тәжібаев лекция оқығанда, студенттер қит етпей отырып, сүйсіне, ынтыға отырып тыңдайтын, олай тыңдаушыларын жалықтырмай, қызықтыра, еліктіре сөйлеуге білім керек, шеберлік керек» деп орынды айтқан. Ал, осындай еңбектері, творчестволық ізденуі М.Мұқанов, Е.Суфиев, Ә. Асылбеков, К.Қойбағаров, С.Д. Пименов, Г.М.Храпченков, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Түрікпенұлы сияқты талапты ғалымдарды даярлауға, Орта Азия Республикаларының көптеген мамандарына ғылыми басшылық жасауға жағдай жасады. Сондықтан Ұлағатты Ұстаз, мемлекет, һәм қоғам қайраткері, дипломат, академик-ғалым Т. Тәжібаевтың жүзі қандай жарқын болса, ойы да сондай айқын, сөзі де сондай сынық, сыпайы, әрі салмақты, білімді, мәдениетті болғанын бәріміз де сезінуге, бағалауға міндеттіміз. Сондықтан қазақ халқының аяулы ұстаздарының бірі Т. Тәжібаевтың жарқын өмірі, ғылыми мұрасы, бәрімізге үлкен өнеге болуға тиісті.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР МЕН Т.ТӘЖІБАЕВТИҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Шағырбаева М.Д. педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Алдан А., Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 1-курс магистранты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы aynur.aldan@mail.ru

Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтарының білімімен өлшенеді» – деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқан болатын.

Жалпы ғылымға деген қызығушылық ерте кезден бастап пайда болды. Кейбір мәселелер күні бүгінге дейін педагогтарды, психологтарды ойландырып, қазақ психологиясының тарихында әлі де шешуін таппаған әр түрлі бағыттағы мәселелер баршылық, бұл мәселелер бүгінгі күні өзіне көңіл аударуды қажет етіп отыр.

Қазақстанда психологиялық және педагогикалық әр түрлі ой-пікірдің қалыптасуы туралы айтқанда, ең алдымен оның тарихының өте ертеде жатқандығы туралы еске ала кеткен жөн. Қазақ психология және педагогика тарихын зерттеумен көптен айналысып жүрген көрнекті психолог-ғалымдар немесе қазақ ағартушылары халықтық тәрбие туралы әр түрлі пікірлер мен көзқарастар айтты. Солардың ішінде XIX ғасырдағы көрнекті қазақ ағартушысы Шәкәрім Құдайбердиев (1858-1931). Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы әрі ақын, әрі жазушы, аудармашы, философ, шежіреші әмбебап ғалым. Ол жастайынан өнер-білімге, әдебиет пен тілге (араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білген) бейімділік көрсетіп, көп ізденіп, шығыс, батыс классиктерінің еңбектерін оқып үйренген. 1905-1906 ж. Орыс география қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болған. 1905-1906 ж.ж. Меккеге сапар шегіп Стамбул кітапханасындағы бай мәдени мұрамен танысқан. Қайтып келе жатып, Ясная полянадағы Л.Н.Толстоймен кездесіп пікірлескен. “Толстойша” деген өлеңін жазған. Ол халық аңыздары негізінде “Қалқаман-Мамыр”, “Еңлік-Кебек” дастандарын жазып, қазақтың әдет-ғұрыптары туралы мол мәліметтер береді. 1911 ж. “Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” атты еңбегін жазады. Ол Толстойдың қысқа әңгімелерін, Физулидің “Ләйлі-Мәжнүн” поэмасын, Пушкиннің “Дубровский” атты поэмаларын аударды. 1918 ж. “Абай” журналына Қожа Хафиз шығармаларын аударып бастырады. Шәкәрімнің дүниенің жаратылысы, философиялық-геологиялық көзқарасы “Үш анық”, “Қазақ айнасы”, “Анық пен танық”, “Мұсылмандық шарттары” атты еңбектерінен көрініс тапқан. Ол бұл еңбектерді жазбас бұрын батыс, шығыстың атақты ғалымдары: Пифагор, Маско, Эпиур, Демокрит, Аббас, Ньютон, Линней, Гасанди, Мұхаммед, Исус Христос, Дарвин т.б. еңбектерін оқып шығып үлкен дайындықпен келген. Олардың пікірлерімен терең танысқан Шәкәрім дүниенің негізі атомдардың қосындысынан тұрады, жаңа туып, өсіп-өніп, өліп-өшіп үнемі жаңаруда, өзгерістерде болады дегенді қуаттайды. Сонымен қатар қазақ халқының тағы бір көрнекті ғалымы Ахмет Байтұрсынов (1873-1937). Бүкіл саналы өмірін қазақ халқының бақытты, берекелі, бірлікшіл ел болуын аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен ақын, аудармашы, тілші, ғалым, көрнекті қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов қазақ елін отырықшылыққа, мектеп ашып білім алуға шақырған ағартушы. Ол бірнеше оқулықтардың авторы: (“Әліпби”, “Тіл құралы”, “Баяншы”, “Әдебиет танытқыш” т.б.) Ол И.А.Крыловтың бірнеше мысал өлеңдерін аударып, 1909 ж. Петербургте “Қырық мысал” деген атпен бастырып шығарды. А.Байтұрсынов М.Дулатовпен бірігіп 1913-1917 ж.ж. Орынборда “Қазақ” газетін шығарды. Онда мектеп, оқу-ағарту ісі, отырықшылық, сауда, ел билеу ісі, Мемлекетік Думаға қатынас мәселелерін сөз етті. Алдыңғы қатарлы елдерді үлгі етті. Надандықтан құтылудың жолы оқу-ағарту ісі деп қарады. Мектептерге білімді мұғалім кадрларын даярлауды көтерді. Қазақ алфавитін жаңартып араб әрпіне жаңа әліппе жасады. А.Байтұрсынов пәндерді оқытудың әдістемесімен де айналысты. 1928 ж. “Жаңа мектеп” журналының 8-санында жарияланға “Қай әдіс жақсы?” деген көлемді мақаласында ұлы

педагог Л.Н.Толстойдың “Үйрету әдістері туралы” деген еңбегіне талдау жасай отырып, “әдіс деген қатып-семіп қалған догма емес... Жақсы дерлікте, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі – бір ғана әдіспен болу. Шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу” деп ойын тұжырымдайды. Ол сауаттылықты негізгі жазуға жаттықтыру деп қарады. Жазу дегеніміз – әріптердің суретін салу, ал оқу дегеніміз – суреті салынған әріптердің дыбысын дұрыс айту. Балалар дыбысты ажыратып үйренген соң, сол дыбыстың таңбасы – қәріпті көрсету керек. Оны меңгергеннен кейін оқу, жазу жұмыстарының бәріне сол тіреу болады деп балаларды оқуға, жазуға үйретудің әдіс-тәсілдерін сөз етті. 1920 ж. Қазанда “Баяншы” деген атпен тілді оқытудың методикасына арналған әдістемелік құрал шығарды.

А. Байтұрсынов оқытудың білімділік-танымдық жағымен бірге тәлімгерлік қызметіне де баса көңіл бөлді. Әрбір оқылатын тақырыптардың білім бере отырып, тәрбие де беруін қарастыруды талап етті. Сонымен қатар ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ағартушылық қозғалыстың туын биік ұстаған ағартушы-демократтар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың рухани мұрасының психологиялық ой-пікірдің даму тарихында алатын орны өз алдына бір төбе.

Қазақ ағартушыларының психологиялық көзқарасын қазақ психологтарының ішінен бірінші болып зерделеген көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым, академик Төлегей Тәжібаев болды. Ол Қазақстанда психология ғылымы саласында тұңғыш рет 1939 жылы Ленинград қаласында “К.Д.Ушинский – Реейдегі педагогикалық психологияның негізін салушы” тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Төлегей Тәжібаев көп жылдар қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннің психологиялық және педагогикалық көзқарастарын зерттеуге арналған бірнеше монографиялық еңбектер жазды. Ол 1962 жылы тұңғыш рет Қазақстанда педагогика тарихынан докторлық диссертация қорғады. Академик Т.Тәжібаевтан кейін бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмысын ілгері дамытқан, Қазақстанда психологиялық және педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен даму тарихын зерделеген, “Қазақстанда төңкеріске дейінгі педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы және дамуы”, “Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы” және т.б. бірнеше монографиялық еңбектердің авторы, көрнекті психолог-ғалым. Ол Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастарын жан-жақты зерттеген ғалым. «ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы оқу-ағарту ісімен педагогикалық ой-пікір дамуы», «Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ағарту ісі мен мектеп», «Қазақстанда ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы педагогикалық ой пікірлердің дамуы» атты зерттеулері көлемді, әрі маңызды зерттеулер қатарынан саналады. Оның мақалаларында қамтылған мәселелер ана тілімізде психология ғылымының қалыптасуы мен дамуына, психологиялық терминдердің бір ретке келуіне елеулі үлес қосты. Ең алғаш Қазақстандағы психологиялық терминологиясының ғылыми жүйесінің негізін қалады.

Халықтық педагогика негіздерін қолдану. Баланы отбасында еңбекке тәрбиелеуді психологиялық тұрғыдан қарау. Дене тәрбиесінің негіздері. Саналы тәртіпті тәрбиелеу, оқушылардың өзін-өзі басқару мәселесі. Тәрбие әдістері мен құралдары. Тұтас педагогикалық процесс жайлы идеялар. Оқытудың тиімділігін арттыру, оқушылардың білімін есепке алу және бағалау, дидактикалық принциптер мәселелері. Педагогика тарихы мәселелерін оқу. Соңғы жылдары Т.Тәжібаевтың әр жылдарда республикалық педагогикалық басылымдарда жарияланған мақалалары жарық көрді. Бұл ғылыми мақалалар мен дәрістердің студенттер мен мұғалімдердің психологиядан бір жүйелі білім алуына септігі тиді.

Осы еңбектерінде белгілі жүйеге түспей жүрген ұлттық психология терминдерін жан-жақты зерттеп, бір жүйеге келтіруде біршама еңбектенді.

Т.Тәжібаевтың “Жалпы психология” оқулығы “Қазақ университеті” баспасында 1992 жылы жарық көрді. Еңбекте психология ғылымының теориялық негіздері жан-жақты

баяндалады. Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінде көрнекті психолог-ғалым Қ. Б. Жарықбаевтың ғылыми жетекшілігімен 1998 ж. академик Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығы құрылды.

1988 жылдан бастап, Республикадағы жоғары оқу орындарында психолог мамандар даярлау ісі қолға алынды. Қазіргі кезде әл-Фараби атындағы Қазақ университетінде, Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Атырау, Қостанай, Тараз университеттері мен Петропавл, Ақтөбе педагогикалық институттарында психолог кадрлар даярлануда. республика мектептеріне “психология” мамандығының штаты енгізілді. Дегенмен, республика мектептерінде психология өз алдына дербес пән ретінде оқытылмай келеді, оны оқытудың қажеттігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Сонымен, академик Т.Тәжібаев атындағы “Этнопсихология және этнопедагогика орталығы” Қазақстанда психология ғылымын дамытуда біршама іс-тәжірибе жинақтады. Соңғы жылдары орталықтың ұйымдастыруымен бірнеше республикалық және халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялар өткізіліп, этнопсихология және этнопедагогика мәселелері бойынша ғылыми жинақтар мен конференция материалдары жарық көрді.

Қорыта айтқанда Т.Тәжібаевтің қазақстандағы педагогикалық-психологиялық ой пікірдің дамуын зерттеу аса маңызды болды. Әсіресе, бұл аспекті қазақ халқының ұлы ағартушы-демократ қайраткерлерінің педагогикалық, психологиялық бағыттарын зерттеуде терең талдаулар жасады. Сонымен қатар бүгінгі жас ұрпаққа сүбелі мәндіде мағыналы көптеген еңбектерін мұрағып қалдырып кетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. А.: Білім, 2004 ж.
2. Жарықбаев К.Б., Қалиев С. Қазақ тәлімінің тарихы. А.: Санат, 1995 ж.
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір Антологиясы, 2 томдық. А.: Рауан 1т. 1994., 2 т. 1998 ж.
4. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. А.: Жазушы, 1991 ж.
5. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 1-7 том. 1998-2005 ж.
6. *Тәжібаев Т.* Абай Құнанбаев жастарды тәрбиелеу туралы / Т. Тәжібаев. – Алматы, 1964. – 166 б.
7. *Тәжібаев Т.* Жалпы психология: оқу құралы / алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған Қ. Жарықбаев, Ж. Түрікпенұлы / Т. Тәжібаев. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 240 б.
8. *Тәжібаев Т.* Коммунистік мораль туралы / Т. Тәжібаев. – Алматы: Қазмембаспасы, 1957. – 64 б.
9. *Тәжібаев Т.* Жаңа адамның моралі / Т.Тәжібаев // Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі. – Алматы, 1962. – 8-31 б.
10. *Тәжібаев Т.* «Жүрегімнің бойына терең бойла» / Т.Тәжібаев // Абай тағылымы. – Алматы, 1961. – 113-148 б.

ВОПРОСЫ ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МОЛОДЕЖИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ Т.ТАЖИБАЕВА

Оспанова Д., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, факультет филологии и политологии, докторант 2 курса по специальности «Социальная педагогика и самопознание». г. Алматы, Республика Казакстан

XX век в истории нашей страны ознаменовался появлением яркого созвездия великих ученых, в последующем ставших лицом своего народа и цветом национальной интеллигенции. Одним из великих ученых, подвергшийся репрессиям в 50-е гг. XX века является первый в истории казахской науки ученый-психолог, дипломат, д.п.н., профессор, академик Академии наук Казахской ССР – Тажибаев Толеген Тажибаевич (1910-1964). Он внес бесценный вклад в развитие отечественной науки и системы образования, так как с полной отдачей сил и энергии он трудился во благо Родины. Т. Тажибаев представляет собой уникальный образец удачного сочетания деятельности государственного служащего и прекрасного человека с плодотворной научно-педагогической работой. Он стал первым среди представителей казахской национальности ученым-психологом, сумев защитить в Ленинграде (г. Санкт-Петербург, 1939 г.) кандидатскую на тему «К.Д. Ушинский – основоположник педагогической психологии в России», затем и в 1962 г. докторскую диссертации на тему «Народная просветительская деятельность, развитие школ и педагогической мысли в Казахстане во 2 половине XIX века». [1, с 7-37]. Толеген Тажибаев еще будучи аспирантом в Академии коммунистического воспитания имени Н.К. Крупской интересовался вопросами теории психологической мысли. В особенности он увлекался западноевропейскими учениями психологов. В результате этих увлечений в свет вышли 2 интересные научные статьи: первая была посвящена учению Леви-Брюля о первобытном «пралогическом» мышлении (1936 г.), вторая на тему «Влияние психологической концепции Ж. Пиаже на Л.С. Выготского». [1, с 305-315].

В первой работе, автор отмечал, что методологической основой концепции Леви-Брюля о первобытном мышлении является учение французской социологической школы, которая основана французским социологом Э. Дюргеймом. Э. Дюргейм разрывает реальное бытие человека на две разнородные и несвязанные друг с другом сферы существования. Одна включает идеологическое отношение между людьми, индивидом и обществом. Другая же сфера охватывает все практические отношения индивида к окружающему миру. Согласно Э. Дюргейму, «исторический» характер имеют лишь содержание и формы логической мысли. Признания социальной обусловленности сознания человека не только явились стимулом для изучения мышления людей, которые стояли на разных ступенях развития общества, а также обусловило попытки превратить это сравнительно-историческое исследование в способ анализа психики индивида. Подобные исследования были предприняты Леви-Брюлем, но они оказались ограниченными т.к. анализировались в основном религиозная идеология. Согласно теории Леви-Брюля, «примитивное» мышление объявляется мистическим по содержанию своих представлений и пралогическим по своеобразию их сочетаний. Живое существо, наделенное таким мышлением, было бы обречено на неизбежную и быструю гибель, так как с подобным мышлением несовместимо осуществление совместной трудовой деятельности людей. При всем этом в данной теории логическое и пралогическое мышление несливаются в мышлении низших обществ друг на друга, а истолковываются как «различные мыслительные структуры, которые существуют в одном и том же обществе, порой в одном и том же сознании». В последующем, данное понятие (пралогическое) автор заменил «аффективной категорией сверхъестественного», а закон партиципации – законом эмоционального обобщения тех объектов, которые наделяются сверхъестественными силами. В данной работе Т. Тажибаев помимо изучения учений

Леви-Брюля, останавливается на концепциях Г. Спенсера, Гальвбакса, Блонделя, Франца Боаса, Юшкевича, Никольского, Грюнвальда и др. Сопоставляя данные концепции автор подробно анализирует их. В заключении Т. Тажибаев отмечает, что основной задачей теории Леви-Брюля было в первую очередь раскрытие умственных механизмов первобытных людей.[1, с 62-130].

Одним из значимых трудов Т. Тажибаева по изучению европейской психологии является исследование «Влияние психологической концепции Ж. Пиаже на Л.С. Выготского». Данная работа во многом совпадает с содержанием статьи русского психолога А.Н. Леонтьева, где А.Н. Леонтьев критикует Выготского осуждая его идеи. Т. Тажибаев, продолжая мысль А.Н. Леонтьева отмечает: «...В одной работе он (Выготский) говорит открыто, что необходимо различать 2 линии в процессе развития ребенка – линию естественной, биологической, органической эволюции и линию социо-культурного формирования развития, из сложного синтеза которого складывается реальный процесс». Говоря простыми словами, автор отмечает, что Выготский делает разрыв между социальным и биологическим. Также в данной статье критикует Выготского за разделение понятий, как «житейские» и «научные», отмечая, что такое деление не соответствует действительности. В целом, Т. Тажибаев утверждает, что теория Выготского заимствована им у представителей французской социологической школы и отмечает, что она противопоставляется теории Ж. Пиаже, философской основой психологической теории которой является позитизм.[1, с 305-315].

В 1939 г. Т. Тажибаев защищает свою кандидатскую диссертацию на тему «К.Д. Ушинский – основоположник педагогической психологии в России». В своей кандидатской работе Т.Т. Тажибаев не только вдумчиво развивает его психологическую систему, а также и устанавливает различные ее связи с философскими и педагогическими идеями. В отношении Ушинского имело место критика от буржуазных психологов и исследователей. И после данных критических высказываний такой подход Тажибаева несомненно, представляет большую ценность. Т.Т. Тажибаев в данной работе также отмечал, какое значительное место уделяет Ушинский достижениям физиологических особенностей центральной нервной системы. Автор в данной работе указывает на то, что Ушинский, чтобы понять своеобразие закономерностей психологической жизни, в дискуссионном духе намечает вопросы, характеризующие переход от физиологии к психологии. В решении данных вопросов высказываются его общие идеалистические воззрения на природу человека. Помимо этого Т. Тажибаев в данной работе отмечает что, Ушинским сопоставляются различные точки зрения на «душевную» и «духовную» жизнь, и самое главное, эти точки зрения не расходятся спиритуализмом, сохраняя особенности влияния Гегелевской диалектики. Можно считать, правильным теорию Толегена Тажибаева, что, «несмотря на философскую эклектику Ушинского и, в частности, его кантианские источники в понимании Ушинским развития психики и ее перехода в форму общественного, народного духа, в сильнейшей мере сказалось влияние Гегеля, что противоречит односторонним представлениям об Ушинском, как о кантианце. В оценке психологической системы Ушинского и разрешении им вопросов сенсорно-умственного, эмоционального и волевого развития, как показал автор, должное место следует отвести гуманистическим и патриотическим критериям его психолого-педагогической системы». В установлении зависимости сенсорного и умственного развития личности от эмоционально-волевого развития, Ушинский отмечал важность идейно-нравственного содержания обучения и определял определяющую роль преподавателя в воспитании личностных качеств и умственных способностей. Автор подробно систематизировал высказывания Ушинского касательно психологических вопросов практики воспитания и обучения, определяя в них источники возникновения педагогической психологии русского народа. Важность данной работы заключается в своеобразии всей психологической системы Ушинского, который в свое время обобщил все лучшие достижения мировой науки о человеческой психологии. [1, с 62-130].

Стоит отметить, что именно Т. Тажибаев заложил фундамент для научного развития психологии в стране, открыв в КазГУ имени С.М. Кирова отделение психологии и логики, который изначально сам возглавлял и развивал. Он активно занимался преподавательской деятельностью и смог передать свои знания и навыки своим студентам, в последующем многие из его учеников достигли больших высот и обрели популярность в научной сфере. Т. Тажибаев в основном свои исследования посвящал истории развития отечественной педагогической мысли во II половине XIX века. Однако, не меньшую значимость имеют его исследования в области психологии, которые дали первый толчок развитию отечественной психологической науки. Толеген Тажибаев был одним из первых исследователей, попытавшихся сделать анализ системы философских, психологических и педагогических взглядов великих деятелей казахской литературы. [2]. В фундаментальном научном труде «Об истории развития педагогики и психологии в конце XIX века в Казахстане» он писал о системной взаимосвязи и преемственности психолого-педагогических представлений традиционной «народной педагогики» и педагогики, основанной на результатах научных исследований великих ученых и просветителей — Абая Кунанбаева, Чокана Валиханова и Ыбырая Алтынсарина. Особое внимание автор выделял психологическим воззрениям великого Абая. Как указывает Т. Тажибаев, А. Кунанбаев является первым казахским мыслителем, который заложил основы научной психологии в республике. Ценную и по-своему уникальную идею в этом исследовании составляет то, что именно великий Абай считал разработку проблемы личности главной проблемой воспитания. Хоть и основные свои идеи он черпал из трактатов и исследований великих Западных и Восточных мыслителей, все же он сумел построить свою уникальную психологическую систему о личности с учетом особенностей жизнедеятельности кочевого народа. Данный факт свидетельствует об интеграции Евразийского подхода к формированию человека, что в последующем подтверждается планетарным витком развития современного Казахстана [2]. Также в научной работе «Об истории развития педагогики и психологии в конце XIX века в Казахстане» Т. Тажибаев раскрыл идеи Ш. Уалиханова, касательно этнопсихологии, особенности в обучении и воспитании Ы. Алтынсарина, также взгляды касательно нравственной личности отечественной психологии Абая Кунанбаева. Тем самым, Т. Тажибаев уже в XIX веке сумел сделать анализ психологического наследия уникальных просветительских взглядов великих мыслителей казахской степи. [2].

Толеген Тажибаев также прокомментировал состояние образования и образования в Казахстане, начиная с семьи и сельской местности, в своей научной работе и исследованиях «Развитие сельских школ казахстанских детей в Казахстане». Вывод ученого о том, что формирование нравственной жизни казахских детей можно постичь с помощью чувства воспитания и жизни людей – свидетельство социальных последствий образования, социального слоя образования, научного уровня. В то же время последовательную формулировку взглядов казахстанского народа на воспитание детей следует понимать как тот факт, что образование людей повлияло на социализацию личности. Научный вывод академика Толегена Тажибаева о том, что развитие детской души, начиная с воспитания людей, имеет сильное чувство благополучия. Было бы желательно предположить, что в начальной школе Ушинского должна развиваться идея ребенка о том, что ребенок должен обучаться на его родном языке, и что ответ на вопрос, который все еще актуален в системе образования. При позитивном, осознанном формировании характера ребенка, прежде всего, делается вывод о том, что воспитание родителя в семье, благосостояние людей является актуальным вопросом во всех научных исследованиях учителя, воспитания семьи, социализации семьи в социальной педагогике и подлинности казахской этнической педагогики.

Из краткого анализа работ академика Толегена Тажибаева можно увидеть, что ученый принимал активное участие в методологии, теоретическом и практическом уровне социальной педагогики, таких как соответствие природе, соответствие культуре,

гуманизму и социализму, и включение этих принципов в науки о педагогике и психологии.

Чтобы в полной мере использовать педагогическое и психологическое наследие Толегена Тажибаева в реализации идеи вечной страны, я считаю, что фундаментальные и прикладные проекты ориентированы на исследования, обладающие подлинным, политическим и научным потенциалом.

У.Б. Жарыкбаев, СК Калиев, К.Б. Сейталиев, Р.Х. Аймагамбетова и многие другие известные ученые теоретически анализируют в своих научных наследие Академика Т. Тажибаева и предлагают будущим исследователям логику педагогического исследования. Однако в эпоху этой неклассической науки необходимо проанализировать труды Т.Тажибаева и рассмотреть их на уровне методологического анализа.

Таким образом, изучая научное наследие Т.Тажибаева, я пришла к выводу, внес бесценный вклад в развитие отечественной науки и системы образования, так как с полной отдачей сил и энергии он трудился во благо Родины.

Список использованной литературы:

1. Тажибаев Т. «Өнегелі өмір» / под ред. Г.М. Мутанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. В.69.
2. Намазбаева Ж.И. Психологические вопросы развития этнокультурной личности. Материалы Международной научно-практической конференции «Академик Т.Т.Тажибаев – основатель психологической и педагогической науки в Казахстане». – Алматы, 2014.

Т. ТӘЖІБАЕВТЫҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНЕ ӘСЕРІ

Мурзагулова М.Д., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының ұлттық болмысын, сана сезімін сақтап қалуда одан әрі дамытуда ұлттық интеллигенция реакциялық саясатқа мүмкіндігінше қарсы тұрып, қолдарынан келген істі алға бастыруға барынша тырысқан белгілі тұлғалардың бірі – Т. Тәжібаев.

Төлеген Тажібайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Қараспан ауылында дүниеге келген. 1917 жылы бүкіл мемлекетте төңкеріс ушығып жатқан кезде, Тажіббаевтардың отбасы тұрған Сыр-Дария облысында жаппай аштық жүріп жатты, әсіресе кедей қазақ елді мекендерде. Осы бүкіл халықтың бақытсыздық кезеңінде Тәжібаевтар отбасының әкесі, анасы және төрт баласы қайтыс болды.

1917 жылы ауыр халден аштықтан өлейін деп жатқан жеті жасар қазақ баласын тауып алдық. Медициналық көмек көрсетілгеннен кейін, тамақ берілгеннен кейін, баланың аты Төлеген екенін білдік. «Әкем шаруашылықта бір нәрсе жасаса, Төлеген бір минутқа да оның қасынан кетпейтін, бір көмегін көрсеткісі келетін, дегенмен ештеңе қолынан келмесе де тырысатын, өйткені ол әлі кішкентай, әрі әлсіз болатын. Бірінші біз оған барлығымыз білетін қазақ тілінде түсіндіретінбіз. Кейін Төлеген орысша сөйлеп үйренді. Содан бастап мен оны орысша әліппеге үйреттім», -деп К.И. Кабанов есіне алады. Т. Тәжібаевтың ғылыми-педагогикалық әрекеті 1938 жылы Алматы жоғары оқу орындарында бастау алады. Басында Абай атындағы педагогикалық институтта психология пәні оқытушысы болып, кейіннен педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1940-1957 жылдары аралығында ол түрлі мемлекеттік қызметтерді атқарды. Солайша, 1940 жылы – Қазақ ССР Нарконының бірінші орынбасары болып, сосын Халық комиссияры. Солай 50-жаста Қазақстанның халық білімінің басшылығында болады. 1941 жылы Қазақ ССР-нің Халық Советінің комиссарларының Төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Республика басқармасының аппаратындағы жұмысын Т.Тәжібаев Д.А. Қонаевпен бірге бастады.

1944 жылдың сәуір айында, Ұлы Отан соғысының аяқталуына бір жыл қалғанда Қазақ ССР Президиумының Жоғарғы Соетінің жарлығы бойынша бірінші рет Республиканың сыртқы істер Халық комиссиярыаты құрылды. Сол кезде Министрлер Советінің Төрағасының орынбасары болып жұмыс жасап жүрген Т. Тәжібаевты Республиканың сыртқы істер Халық комиссиярыы қызметіне тағайындайды. Т.Тәжібаевтың тікелей басшылығымен және белсенді қатысуымен сыртқы істер Министрлігінің штаттық кестесі жасалынып және негізгі бағыттары айқындалды. Осы жұмыстардың барлығы соғыс аяқталысымен республиканың халықаралық ұйымдарда жұмыс жасайды деген үмітпен атқарылды. Жоғары білімді дипломат бола тұра соғыстан кейінгі жылдары ол бірнеше рет АҚШ-қа барып, бұл мемлекетті ішінен көреді, 60-жылдары таптық езгіден босатылған. Индия мен Совет өкіметі ара-қатынасын нығайтуға өз үлесін қосады.

Т.Тәжібаев ұлы ғалым ретінде өзінің үздіксіз еңбегі мен отанына деген шексіз махаббатымен Қазақстандағы тарихи-педагогикалық және психологиялық ғылымның қалыптасуының басында тұрып, білім беру мен мәдениеттің жарық көруіне негіз болды.

Қазақстандағы педагогика тарихының негізін қалаушының өмірі мен іс-әрекетіне қатысты аталған тақырыпқа байланысты арнайы әдебиетпен танысқан кезде біз оның тарихи-педагогикалық мұрасын зерттеу күрделі, үш түрлі процестен тұратындығын айқындадық:

– біріншіден, бүгінгі таңға дейін Т.Тәжібаевтың тарихи-педагогикалық идеялары Қазақстанның қоғам және мемлекет қайраткерінің шығармашылық іс-әрекетінің даму процесін талдауға мүмкіндік бермейтін ұсақталған, фрагментарлы материал болатын;

– екіншіден, нақты-тарихи материалдарды іріктеу, оларды бағалау кезінде олардың көбіне сол уақыттағы идеологияланған догмалар мен стереотиптердің белгісін негізге алғанын біз алдын ала болжай алдық;

– үшіншіден, осы әдебиеттермен жұмыс жасау кезінде материалдың жазылу сипатына үлкен мән беру және педагог Төлеген Тәжібаевтың өмірлік іс-әрекеті туралы ой-пікірлерге сыни тұрғыда қарау керек болды.

Т. Тәжібаев монографиясының барлық бөлімшелерінің ішінде діни мектептерге қатысты жағдайлар, ересектерді оқыту мәселелері бірінші бөлімге кіреді, онда Қазақстандағы мектеп білімінің жүйесіне қатысты мәселелер сөз болады. Осылайша Т.Тәжібаев алғаш рет мектеп білімінің құрылуына қатысты оның бейнесін толығымен құрастырады, сонымен қатар мектеп саясатының қарама-қайшы сипатын ашып көрсетеді. Ол ең алдымен қазақ халқының өсіп ер жетіп келе жатқан ұрпақтың классификациясына бағыттады. Қазақстанда сол кездері болған барлық мектеп түрлеріне анықтама бере отырып, қазақ педагогикасының дамуына өзіндік үлес қосты.

1965 жылы Т.Тәжібаевтің «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлардың дамуы» туралы монографиясы жарық көрді. Онда оқыту, діни білім беру, классикалық және шынайы білім беру, әйелдер білімі және тағы басқа мәселелер қамтылды. Сонымен қатар ғылыми еңбекке Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев т.б. қазақ қайраткерлерінің педагогикалық идеялары да енгізілген.

Қазақстандағы тарихи-педагогикалық ғылымның іргетасын қалаушы Төлеген Тәжібаевтың XIX ғасырдың екінші жартысында жүргізген әйелдерге білім беру мен оларды баяндау мәселелеріне қатысты зерттеулері де жарыққа шықты. Т.Тәжібаевтің ойынша XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы әйелдерге білім беруді ұйымдастыру негізінен екі мәселеге байланысты негізделген:

– біріншіден, қазақ қыздары қазақтардың тұрмысы мен қоғамдық-саяси өміріндегі алар орнынан;

– екіншіден, Қазақстан сол уақытта Ресейдің құрамдас бөлігі болғандықтан, Ресейдегі әйелдерге білім беру мәселесінің жалпы деңгейі мен дәрежесін қамтыды. Қазақстандағы әйелдер монархиялық Ресейдегідей құқықсыздыққа ие болғандықтан, олардың білім алуына деген күрес демократиялық бостандық үшін күрестің органикалық бөлігін құрады. Т.Тәжібаев әйелдердің басыбайлықтан босау мәселесін алға қоя отырып, оның адамзат тарихындағы маңызды мәселелердің бірі екендігін көрсетті.

Т.Тәжібаев «Бүкіл әлем тұрғындарының жартысын құрайтын әйелдердің қоғамдағы ауыр және төмен дәрежесі, олардың сан ғасырлық физикалық және рухани езгіге душарлығы адамзат алдына әйелдердің азат болуы туралы мәселені қойды, әйелдер қозғалысының дамуына септік болды. Капиталистік қоғам әйел мәселесін жандандыра отырып, оның шешім табуы үшін қажетті объективті алғышарттарды жасайды»-деген болатын.

Т.Тәжібаев ҚазМУ-дың ректоры болып тағайындалысымен университеттің материалдық-техникалық базасын жетілдіріп, профессор-оқытушылар құрамының нәтижелі жұмыс жасауларына жағдай жасауды және студенттердің тұрмыстық ахуалына назар аударуды бірінші кезекті мәселе ретінде қойды. Т.Тәжібаев ректорлық қызметі барысында студенттердің терең білім алуына толық жағдай жасауды және ұстаз-ғалымдарды ғылыми ізденістер жасауына қолдау көрсетуді жадында берік ұстады. Осы принциптің арқасында ұстаздар мен студенттер қауымы арасында Т.Тәжібаев үлкен құрметке ие болды.

Белгілі ғалым Ж.Ыскаков «Т.Тәжібаев өз мамандығы педагогика психологиядан басқа философия, тарих, әдебиет тіл білімі сияқты қоғамдық ғалымдардың басты салаларына батыл барып, олар жөнінде мәселелі пікірлерде еркін айта алатын, кең тынысты ғалым болды. Ол ағылшын тілін жақсы білетін» деп өз баяндамасына енгізген болатын. 1993 жылы жарық көрген Ж.Түрікпеновтың «Академик Т.Тәжібайұлы қазақтың көрнекті психолог педагогы» атты ғылыми жинағында да ғылымның өмірі мен педагогикалық іс әрекеті туралы көптеген ақпараттар берілген. Т.Тәжібаевтің жоғары азаматтық қасиеттері, оның жан дүниесіндегі байлығы, көптеген ғалымдардың еңбектерінде сипатталады және

оның мемлекеттік тіл мен оны оқыту мәселелеріне, діни оқытуға көзқарасы қазіргі уақытта көкейкесті мәселелерге айналып отыр.

Т.Тәжібаевтың өнегелі өмірін естіген, оқыған адам одан әсерленбей тұра алмайды. Ауыр тағдыр мен жетімдіктің, күншілдік пен күндестіктің азабын бір кісідей көрген біздің нар тұлғамыз еш қашан қиындыққа мойын ұсынған емес, қайта тіпті де пісіп жетіліп, қайнаған қазақи рухпен надандық үшін күрескен, халқы үшін жан ұшырта еңбек етіп, өмірдің мәнін ғылымнан алған, сол кездің өзінде ағылшын тілін жеттік меңгерген, адами құндылық қасиеті жоғары, мәдениетті идеял тұлға екені бәрімізге мәлім, олай болса ұлы тұлғаның өмір жолы әрбір жастың дамуына ықпал тигізері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Т.Тәжібаев Развитие просвещения и педагогической мысли в Казахстане во второй половине 19 века. - Ч I. Алма-ата: Казгосиздат, 1957
2. Жарикбаев.К.Б. Развитие педагогической мысли в дореволюционном казахстане. Дисс. –А.-А., 1981.
3. Жақып М, Түрікпенұлы Ж. Төлеген Тәжібаев (ғұмырнамалық деректер хикаяты). – Алматы: Қазақстан. 2008. -248 б.

НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ РЕПРЕССИРОВАННЫХ УЧЕНЫХ КАЗНУ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ В 20-50-е гг. XX ВЕКА

Анарбаева Б.Б., магистрант 1 курса факультета Философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби по специальности «6М052201 – Конфликтология» г. Алматы, Казахстан

В истории каждого государства есть свои памятные даты, они бывают как героическими, так и трагическими. В истории нашей страны 20-50-е годы XX века является одними из самых трагических периодов, так как в ходе политических репрессий был нанесен огромный ущерб развитию науки в СССР и Казахстане. В частности массовые политические репрессии неблагоприятно сказались и на развитии Казахского национального университета имени Аль-Фараби. В результате политических наша страна лишилась многих безвинно осужденных талантливых деятелей, чья жизнь оборвалось очень рано, а их вклад в развитие страны остался не оцененным. Среди тех, кто подвергся репрессиям в 30-50-ые годы XX века, были руководители нашего университета, педагогические ученые, студенты. Сразу следует отметить, что данный вопрос полностью еще не исследован. Как и тема репрессии в Казахстане, так и судьбы многих известных и не очень людей, безвинно осужденных советской властью. Среди тех, чья жизнь и деятельность была связана с КазНУ имени Аль-Фараби были Баймен Алманов, Елдос Омаров, Тельжан Шонанов, Павел Мищенко, Ибадулла Акбергенов, Мухтар Ауэзов, Ермухан Бекмаханов, Толеген Тажибаев, студент Шахзада Шонанова. Каждый из них честно трудился во благо страны, был профессионалом в своем направлении, но неожиданно для всех оказался в числе «вредителей»[1]. Изучая историю Казахского Национального университета имени С.М. Кирова, в ту пору второго по значимости (после Академии наук) научного и первого педагогического центра Казахстана, невозможно остаться равнодушным к гонениям по отношению к ученым данного университета.

Во-первых, был уничтожен цвет казахской интеллигенции. Наиболее талантливые представители казахстанской науки, в это время занимались педагогической и исследовательской деятельностью в КазГУ имени С.М. Кирова, были обвинены в инакомыслии. Университет лишился лучших своих кадров, что несомненно сказалось на дальнейшем ее развитии. По данным академика Козыбаева за годы политики массовых репрессий было репрессировано 101.000 человек, высшей мере наказания – расстрелу подверглись около 24.000 представителей отечественной интеллигенции, а реабилитировано всего около 40.000 человек. По данным акимата Алматы, с 1921 по 1954 годы общее количество осужденных в бывшем СССР составило три миллиона 777 тысяч, из них к высшей мере наказания приговорено 642 тысячи. Только за 1937-1938 годы в республике были незаконно осуждены более 100 тысяч человек, около 25 тысяч из них – расстреляны. Одним из ярких примеров подобных явлений является «Дело Бекмаханова» [2]. После ряда проработок, доктор исторических наук Е. Бекмаханов был уволен из Академии наук, а 4 декабря 1952 г. был осужден судебной коллегией Верховного суда Казахской ССР на 25 лет. Только после смерти И. В. Сталина дело по обвинению Е. Бекмаханова было пересмотрено и прекращено за отсутствием состава преступления. «Дело Бекмаханова» было не единственным в 40-50-х годах. [4]. Жертвами подобных несправедливых обвинений стали видные ученые и общественные деятели республики А. Жубанов, Х. Жумаалиев, Б. Сулейменов, Е. Исмаилов, талантливый писатель Ю.Л. Домбровский, также ученые КазГУ имени С.М. Кирова. Точно определить сколько «врагов народа» было найдено в нашем ВУЗе сложно. Среди безвинно осужденных есть: Баймен Алманов, Телжан и Шахзада Шонановы, Елдос Омаров, Павел Мищенко, Ибадулла Акбергенов, Толеген Тажибаев, Мухтар Ауэзов, Ермухан Бекмаханов и другие.[5]

Одним из великих ученых, подвергшийся репрессиям в 50-е гг. XX века является первый в истории казахской науки ученый-психолог, дипломат, д.п.н., профессор, академик Академии наук Казахской ССР – Тажибаев Толеген Тажибаевич (1910-1964). Он

родился на юге страны в губернии Сырдарья (ныне Шардаринский район Южно-Казахстанской области). В 7 лет Т. Тажибаев остался сиротой и был усыновлен семьей железнодорожника И.Ф. Кабанова [6]. Учился в Шымкентском педагогическом техникуме и Московской академии коммунистического воспитания имени Н. Крупской, который закончил с отличием. Его учителем в техникуме был Жусупбек Аймауытов, который оказал огромное влияние на него, как на будущего педагога [7]. У него была очень сложная и насыщенная жизнь о которой мы не можем неупамянуть. В 1938-1940 годы он стал доцентом и работал в должности заведующего кафедры педагогики и психологии в КазПИ имени Абая (ныне КазНПУ имени Абая) [3]. С 1940 года занимал должность первого заместителя комиссара, т.е. работал комиссаром Народного просвещения Казахской ССР и проработал на данной должности вплоть до 1942 г. В 1941-1944 годы занимал должность заместителя председателя Совета Народных Комиссаров Казахской ССР. В последующем, в 1944-1957 годы занимал должность министра иностранных дел Казахской ССР, должность ректора КазГУ имени С.М. Кирова, заместителя председателя Совета Министров Казахской ССР, а также работал министром культуры Казахской ССР. С 1957 по 1961 годы был на дипломатической работе т.е. занимал должность советника посольства СССР в Индии. В 1961-1964 годы получил звание профессора и был заведующим кафедры в университете. Т. Тажибаев является знаковой личностью в отечественной истории. Он внес бесценный вклад в развитие отечественной науки и системы образования, так как с полной отдачей сил и энергии он трудился во благо Родины [8].

Среди представителей интеллигенции XIX века именно Т. Тажибаев первым поднял вопрос о значении казахского языка. Опираясь на идеи Л. Выготского и К.Ушинского, которые придерживались мнения (их выводы в последующем были научно доказаны), что, прежде чем изучать иностранные языки, ребенок должен в совершенстве овладеть родным языком, автор утверждал, что широкое преподавание родного языка нужно начинать уже с детских садов. Академик Т. Тажибаев по праву является основателем отечественной психолого-педагогической науки. Учитывая неопределимый вклад Т.Тажибаева в развитие университета и отечественной науки в целом, в 2016 году под руководством ректора университета Г.М. Мутанова в КазНУ имени Аль-Фараби вышла в свет книга «Төлеген Тәжібаев» из серии книг Өнегелі өмір. В данной книге подробно описывается творчество и деятельность ученого. На данный момент в университете действует центр этнопедагогики и этнопсихологии имени Т.Тажибаева, который ежегодно проводит «Чтения Тажибаева» и научно-методические конференции. Т.Тажибаев награжден орденами Трудового Красного Знамени и «Знак Почета», многими медалями. Зимой 2010 года в Казахском национальном университете имени Аль-Фараби грандиозно отметили 100-летний юбилей великого исследователя, прекрасного педагога и психолога, академика АН Казахской ССР, доктора педагогических наук, профессора Толегена Тажибаевича Тажибаева.[11, с 322-325].

Во-вторых были потеряны научное наследие репрессированных ученых КазГУ имени С.М. Кирова. В данный период в университете трудились великие профессора, которые оставили след не только в отечественной науке, но и внесли весомый вклад в развитие мировой науки. К ним можно отнести первого казаха, который смог защитить степень кандидата физико-математических наук в Ленинграде Иббадулы Акбергенова и первого казаха, защитившего эту степень в Московском государственном университете Садуакаса Бокаева. Как уже отмечено ранее, в последующем на основе исследований данных ученых были сделаны великие открытия в технических науках. По сей день многие физики в исследовательской деятельности ссылаются именно на их труды, так как они являются фундаментальными. Также стоит отметить Е. Бекмаханова, который является основателем кафедры истории Казахстана в КазНУ имени Аль-Фараби. В отечественной исторической науке исследовательскую базу составил именно Е. Бекмаханов, его труды служат путеводителем для многих современных историков. Многие ученые дан-

ного периода оставили бесценные труды в области истории, физики, математики, геологии, биологии, медицине, филологии и других сферах науки. Исследования этих ученых в последующем способствовали развитию науки и открытию новшеств в университете. Но к сожалению, в ходе репрессивной политики советского государства многие труды были уничтожены и не дошли до наших дней.[9].

В-третьих, политические репрессии пагубно повлияли на развитие науки в университете, так как действовала «активная несвобода», т.е. любой член общества не только был полностью изолирован от внешнего мира, не только должен знать официальную пропаганду, но и принимать активное участие в социальной жизни трактуемой ею, чтобы показать свою сознательность. Тем самым репрессии тормозили развитие науки, ведь в ходе репрессий уничтожились труды великих исследователей и видные ученые университета подвергались гонениям. В целом для исследователей не допускалась объективная оценка исторической или политической действительности общества. Советская командно-административная система, восторжествовавшая в Стране Советов к середине 20-х гг., достигла своего апогея в 30-40-е — начале 50-х гг., в том числе и в Казахстане. Ей в полной мере были присущи такие отрицательные явления, как подавление свободы человека, игнорирование его прав, отчуждение людей от средств производства, формирование политики влияния на власть управления государством. В стране доминировал культ И. В. Сталина. Все какие-либо успехи приписывались его умению руководить, а крупные недостатки и провалы — «врагам народа» или всячески замалчивались. Великие исследователи нашего университета, к сожалению, оказались в числе «врагов народа». Все это отрицательно воздействовало на общественно-политическое и научное развитие республики. Под различными лозунгами с использованием громких политических ярлыков совершались нарушения законности, продолжались злоупотребления властью [10]. Политическая система демонстрировала свою неспособность к саморазвитию. Эти факторы не могли не отразиться на развитии ведущего ВУЗа страны. Субкультура уголовного мира, его ценности, приоритеты, язык были навязаны обществу. Оно вынуждено было десятилетиями жить не по закону, а по «понятиям». Террор и страх явились методами конструирования нового советского человека, которому были привиты гены управляемости, единомыслия, идеологической зашоренности. Марксизм-ленинизм был объявлен официальной государственной идеологией. В соответствии с этим были изменены система образования в стране и многие труды исследователей изъяты из библиотек, перестроены учебные планы и содержание учебных курсов.[11].

В-четвертых, этот период характеризуется введением жестокой цензуры в СМИ и в сфере искусства. С их помощью в стране нагнетается атмосфера шпиономании, злобы, нетерпимости к любому проявлению инакомыслия. Данное обстоятельство создавало огромное препятствие для исследовательской деятельности в Казахстане, также тормозило развитие ВУЗов страны, в том числе и КазНУ имени Аль-Фараби.[12, С 560].

Все эти факторы повлияли на развитие университета и отечественной науки в целом. Массовые политические репрессии 1937 — 1938 годов в целом имели для истории и развития Казахстана серьезные негативные последствия, которые повлияли и на развитие науки, в том числе и развитие КазНУ имени Аль-Фараби. Как отметил политолог Айдос Сарым: «Ход казахской истории и казахской модернизации был прерван. В результате трех голодоморов, гражданской войны, которая не прекращалась до середины 1930-ых годов, массовых репрессий в отношении национальной интеллигенции, духовенства, буржуазии казахи едва не сгинули с лица Земли, потеряли до 70 процентов своей численности. И вся история казахов в середине прошлого века сводилась к замещению потерь, физическому и духовному выживанию в условиях тоталитарной империи».[13].

Список использованной литературы:

1. Козыбаев М.К., Баймаханов М., Алдажуманов К. Навечно в памяти народа: репрессии на территории Казахстана в 30-50-е годы 20 в // В кн.: Книга скорби. Расстрельные списки. - Алма-Ата, 1996
2. Козыбаев М.К. «Классовый» натиск // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы, 1998 (соавт.: Абылхожин Ж.).
3. Назарбаев Н.А. Независимость Казахстана: уроки истории и современность. Выступление Президента РК на торжественном собрании, посвященном пятилетию независимости
4. Артыкбаев Ж.О. История Казахстана, Астана, 2004г. - С. 159.
5. Репрессированная наука. – Ленинград: Наука, 1991г. – С. 720.
6. Бекмаханов Е. «Өнегелі өмір» / под ред. Г.М. Мутанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. В.41. – С. 391
7. Сарсеке М. – Бекмаханов Е. «Жизнь замечательных людей». Изд. – Молодая гвардия, 2010 г. – С. 531
8. Ахметжанова А.Т. «Судьба ученого-последствие имперской политики советского государства» / Алматы / Вестник КазНУ, 2012 г.
9. Тажибаев Т. «Өнегелі өмір» / под ред. Г.М. Мутанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. В.69.
10. Ауэзов Мухтар Омарханович // Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / под ред. гл. ред. А. М. Прохоров. – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1969.
11. Намазбаева Ж.И. Психологические вопросы развития этнокультурной личности. Материалы Международной научно-практической конференции «Академик Т.Т.Тажибаев – основатель психологической и педагогической науки в Казахстане». – Алматы, 2014.
12. Материалы конференции на англ яз. Печальная судьба ученых (о репрессированных ученых КазНУ)
13. <http://www.kaznu.kz/ru>

СЕКЦИЯ 2
ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ЭТНОПЕДАГОГИКИ В СОВРЕМЕННОЙ
СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Унгарбаева Ш.У. I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, қауымдас-тырылған профессор, педагогика ғылымдарының кандидаты, Shnar09_76@mail.ru Талдықорған қаласы. Қазақстан Республикасы

Дарибаев Ф.С., I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 4 курс сту-дентті, galimzhan_2016@mail.ru, Талдықорған қаласы. Қазақстан Республикасы

Этнопедагогика – бұл өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу бойынша бұқара көпшіліктің тәжірибесі туралы ғылымы, олардың педагогикалық көзқарастары, тұрмыс, отбасы, ру, тайпа, ұлттар мен ұлыстардың педагогикасы туралы ғылым. Этнопедагогиканың зерттеу нысаны – халық педагогикасы. Халық педагогикасы – халықтардың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиелеу тәсілдеріне негізделген бай тәжірибесінің эмпирикалық жиынтығы. Яғни, этнопедагогика – осы халық педагогикасының ұрпақ тәрбиелеудегі тағылымдарын ғылыми жүйеге келтіріп зерттейтін, оны тәжірибеде қолданудың әдіс-тәсілдерін теориялық тұрғыда сөз ететін ғылыми педагогиканың бір саласы болып табылады. Ал осы этнопедагогиканың бір саласы ретінде қазақ этнопедагогикасын ерекше атап өтуге болады. Қазақ этнопедагогикасы педагогикалық білімнің бір саласы ретінде педагогиканың түйісуінде қалыптасты. Нақтырақ айтар болсақ, қазақ этнопедагогикасы – этнопсихология, этнофилософия, этнология (этнография), этномәдениеттану ғылымдарының қиылысында түзілген педагогика ғылымының құрамдас бөлігі және кіріктірілген саласы. Зерттеу пәні – білім беру жүйесі ұйымдарында, отбасында үздіксіз жүзеге асырылатын қазақтың этникалық тәрбиесінің ерекшеліктері болып табылады[1]. Сонда қазақ этнопедагогикасы арқылы біз халқымыздың ұлттық мінезін, ұлттық сана-сезімін, салт-дәстүріндегі тәлімдік ойларды, мәдени құндылықтарын және әр ғасырда өмір сүрген ұлы ойшылдарының педагогикалық көзқарастарын білеміз.

Ендігі кезекте қазақ этнопедагогикасының қалыптасу тарихына тоқталсақ. Қазақ этнопедагогикасының тарихы шартты түрде 3-ке бөлінеді. Бірінші – қазақ этнопедагогикасының туу кезеңі – ХІХ ғасырдың екінші жартысын құрайды. Бұл кезеңдегі белсенді қайраткерлер қатарына халқымыздан тұңғыш шыққан ғалым Шоқан Уәлихановты, ағартушы-ұстаз Ыбырай Алтынсаринды, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы ұлы ақын Абай Құнанбаевты және де орыс, Батыс саяхатшы-ғалымдарын – П.С.Паллас, Э.С.Вульфсон, А.Вамбери, А.Левшин, А.Янушкевич, Н.Г.Потанин, Н.Л.Зеланд, В.В.Радлов т.б. жатқызуға болады[2]. Дегенмен, бір айта кететіні, бұл кезеңде қазақ этнопедагогикасы мен этнопсихологиясы дербес ғылым дәрежесіне көтеріле алмады. Оның бірнеше себептері болды. Біріншіден, Қазақстанда қоғамдық ғылымдардың сан-салалы тараулары бір-бірінен дараланып, ғылыми терминдер әлі қалыптасып жетілмеген болатын. Екіншіден, әр ғылым саласын жеке ғылыми тұрғыда зерттейтін ғалымдар жетіспеді. Үшіншіден, ғылым салаларын өрістетерлік ғылыми-техникалық материалдық база (арнаулы зерттеу мекемелері мен баспа орындары) болмады. Екінші – қазақ этнопедагогикасының қалыптасу кезеңі – 1920-1930 жылдар аралығына сәйкес келеді. Бұл кезеңдегі педагогика ғылымының, соның ішінде қазақ этнопедагогикасының дамуына Ә. Диваев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, Қ.Кемеңгеров, Қ.Жұбанов, Н.Құлжанова, М.Жолдыбаев, Ш.Әлжанов сияқты біртуар зиялы азаматтар орасан зор еңбек сіңірді. Ал 1950-1980 жылдарда Ә.Сыдықов, Р.Г.Лемберг, А.П.Нечаев, Т.Тәжібаев, Е.Бекмаханов, Ә.Сембаев, Ә.Қоңыратбаев, Ш.Кәрібаев, С.Қожахметов, М.Ғабдуллин, Қ.Жарықбаев, М.Мұқанов, Қ.Бержанов, т.б. ондаған көрнекті педагог-ғалымдар бұл іске белсене атсалысып, қазақ

этнопедагогикасына қатысты елеулі монографиялық зерттеу еңбектерін қалдырды. Сөйтіп, Қазақстанда ұлттық педагогика, психология ғылымдары, шын мәнінде, XX ғасырдың 20-30-жылдарында қоғамдық ғылымдар ішінде дербес ғылым болып қалыптаса бастады [3]. Үшінші – қазақ этнопедагогикасының даму кезеңі – 1970-2005 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кездегі көрнекті қайраткерлер қатарында Ш.Ахметов, М.Әлімбаев, С.Қалиев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, И.Бөлеев, Ж.Наурызбай, М.Смайылова, М.Оразаев, К.Қожахметова және т.б. есімдері белгілі [2, 92]. Міне, бұдан қазақ этнопедагогикасының қалыптасуы да бірнеше кезеңдерден өткенін байқауға болады. Ал енді қазақ этнопедагогикасының өзіндік ерекшеліктерін атап өтейік.

Жалпы, әр ұлттың өзіне тән тіршілік кәсібі, тарихы мен мәдениеті бар. Ол мәдениет сөйлеу тілінен, ойлау жүйесінен айқын көрініс табады. Сондай-ақ, ұлттық мәдени ерекшелік сол халықтың өмір сүру тәсілінен, діни-наным сенімінен, әдет-ғұрпынан, салт-санасы мен дәстүрінен өзекті орын алады.

Осы тұрғыдан қарағанда, ар мен намысты қасықтай қаны қалғанша қорғай білу, дарқан көңіл, ақжарқындылық пен адалдық, досқа деген мейірімділік қазақ халқының бойына туа біткен ұлттық психологиялық ерекшелік қасиеті, философиялық ойлау жүйесінің негізі деп айтуға болады. Қазақ халқының ұлттық болмысы жайында орыс офицері А.Левшин өзінің 1832 жылы жазған «Қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты кітабында: «...Деспотизмді көп көрмеген қырғыздар (қазақтар – С.Қ. Патша өкіметі кезінде орыстар қазақ халқын қырғыздар деп атаған) басқа Азия халықтарына қарағанда аңғал да ақкөңіл, сенгіш... қайырымды, адамды аяу, қарттарға, ақсақалдарға құрмет көрсету – олардың ең жақсы қасиеті. Қырғыз үшін меймандостық – қастерлі заң. Олар бар дәмді асын қонақтарға тосуды заң деп санайды» деп, қазақтардың кішіпейілділігін, меймандостығын, қайырымдылығын, сенгіштігін сүйсіне паш етеді.

Қазақ халқының ұлттық даралығы ой толғаныс қазынасында (ұлттық психологиясында) ұрпақ тәрбиелеу тәсілдері (этнопедагогика) мен салт-дәстүр ерекшелігінде (этнографиясында) деп білеміз. Шын мәнінде де, халқымыздың ұлттық ерекшелігі салт-дәстүрлерімізден, тәлім-тәрбие берудегі өзіндік әдістерімізден және ұлттық менталитетімізден көрініс табады. Мәселен, қазақ халқының психологиялық ой толғаныс ерекшелігін сөз етсек, ол – тұспалдап, мақалдап, мақамдап, тақпақтап сөйлеу, жыр, терме, толғау, айтыс өнері арқылы көзге көріну. Тұспалдап сөйлеу өнері, негізінен, билердің шешендік сөз өнерінен өзекті орын алған. Сондықтан қазақ билерінің шешендік сөз өнері – Цицерон, Демосфен сияқты Еуропа шешендерінің сөз қолданыс түрлерінен мүлде өзгеше, өзіндік ұлттық мәнері бар сөз қолданыстарымен ерекшеленеді. Халық педагогикасының негізгі мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбексүйгіштікке, өнерге баулу, отбасы, ауыл-аймақ, Отанның ар-намысын қорғай білетін, жаны жайсаң, арлы азамат тәрбиелеу. Осы мақсатты іске асыру жолында отбасы мүшелерінен бастап, ауыл ақсақалдары, көне көз қариялар мен ақын, жыршы, жырау, әнші, күйші, термеші сияқты өнер адамдарының бәрі белсене ат салысатын ұжымдық тәрбие ісін жүргізушілер болып келгені көпке аян. Әсіресе ақын, жырау, термешілердің өлең, жыр, дастан, терме, толғауларының мазмұнына ой жүгіртсек, онда дидактикалық, ақыл-нақыл, өсиет-өнегенің тұнып тұрғанын байқаймыз. Олар сол арқылы ненің жақсы, ненің жаман екенін сездіріп, келер ұрпақты неден аулақ, неге ынтық болуға баулып өсіруді мақсат етті. Қазақтың ұлттық философиясының тағы бір гносеологиялық танымдық ерекшелігі – атамекен, ел-жұрт мәселесі жөніндегі көзқарасы. Мәдениетті деп саналатын кейбір жұрт өкілдері туған жерін Отаным деп есептемейді. Өскен, кәсіп еткен жеріне Отаным деп қарайды. Ал қазақ жұрты кіндік қаны тамған жерін, ата-баба әулетінің мәйіті жатқан жерді ерекше қадірлейді. Оны тастап кетуді өлім санайды. Ақындардың «кіндік қаным тамған жерім – ауылым» деп әндетуінде, «Отан – оттан да ыстық», «Отансыз ер – бұралқы итпен тең» деп қарауында философиялық үлкен ой жатыр. Туған елінің табысына масаттанған, елін сүйген ерді мадақтап «басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деуінде де терең патриоттық сарын бар [4]. Иә, халқымыз туған жердің қадірін жоғары

бағалай білген. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында да туған жердің киелілігі жөнінде: *«Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі»*-деп айтқан болатын. Сондай-ақ, Елбасымыз аталған мақаласында: *«Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да бермей, ұрпағына мирас етті»*-деп өскелең ұрпаққа ата-бабаларымыздың туған жерді қорғаудағы жасаған жан қиярлық ерліктерін үлгі ете отырып, оларды Отанын сүйуге, өз елінің дамуына сүбелі үлесін қоса білетін патриот азамат болуға үндеген[5]. Сонымен қатар, қазақ философиясының өзіндік үшінші ерекшелігі – ана тіліне, сөз өнеріне ерекше ден қойып, жоғары баға беруінде. «Өнер алды қызыл тіл» деп ұққан ата-бабамыз «от тілді, орақ ауызды» ділмәр шешендердің өсиет сөздерін, табан аузында тақпақтап айтқан мақал-мәтел, афоризм сөздері мен ақындардың терме, толғауларын жазу-сызусыз жаттап, жадында сақтап, қаз қалпында біздің дәуірімізге жеткізген. Оның себебі – аталы сөздердің өміршендігінде, халықтың тіл құдіретін бағалай білуінде жатыр. Асыл сөздің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ертеден ерекше назар аударып, «ақылдың көзі – аталы сөз» деп ұққан бабаларымыз сөйлей білуді өлмес өнер, асыл мұра деп бағалаған. Аталған осы пікірді «сөз тапқанға қолқа жоқ», «шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген», «сөз сүйектен өтеді», «жақсы сөз жарым ырыс», «жақсы сөз жан семіртеді», т.б. мақал-мәтелдерден байқауға болады. Кемеңгер ойдың иелері – ұлы даналар кезінде сөз құдіретінің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөліп келген болатын. Мысалы, Шығыстың классик ақыны Ә.Науаи: *«Ас тұзбен дәмді, су мұзбен дәмді, ал адамзат салиқалы, саналы сөзімен сәнді»*-десе, француздың данышпан жазушысы О.Бальзак: *«Сөз өнері – өнер атаулының қиыны және құдіреттісі»*, – дейді. Осы ойды тереңдеткен ұлы ақын Абай: *«Сөз өнері дертпен тең»*,-десе, Л.Н.Толстой: *«Сөз – ұлы нәрсе. Сөзбен адамдарды достастыруға да болады, жауластыруға да болады»*, – дейді. Ал қарапайым қазақтың мақал-мәтелдерінен де осы идеялар өзекті орын алған. Мәселен, *«Таппасаң сөздің жүйесін, отына өзің күйесін»*, *«Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі»*, *«Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле»*, *«Жүйелі сөз жүйесін табар»* деп, дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнер екенін ұрпақ біткенге үнемі ұқтырып келді. Осыны жастардың зердесіне ұялатуды қажет деп ұққан қариялар *«Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын»*, *«Ақылдының сөзі қысқа, көпке болар нұсқа»*, *«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар»* деп философиялық ой топшылаған[4, 49-50]. Міне, бұдан халқымыздың сөз құдіретін жоғары бағалай білгендігін көре аламыз.

Қазақтың ұлттық философиясының төртінші ерекшелігі ұлттық тірегінің көшпелі өмірмен, мал шаруашылығымен тығыз байланыстылығы. Тіршіліктің тұтқасы төрт түлік малда деп ұққан қазақ малды жанмен бірдей санаған. Екі қазақ кездесе кетіп амандық сұрасса, *«мал-жан аман ба?»*-деп сұрауы да сол арнаға саяды. Терісі мен жүнін киім қып киіп, еті мен сүтін азық етіп күн көрген, сауса – сауын, мінсе – көлік ретінде пайдаланған төрт түлікті (әсіресе, жылқы малын, өйткені халқымызда *«Ер қанаты – ат»* деген аталы сөз бар.) қадірлеп, қастерлеу қазақ баласы үшін өмір заңы болып есептелген. Осы арада бір айта кететіні, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев та өзінің *«Ұлы Даланың жеті қыры»* атты мақаласында: *«Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы Даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды»*-деп, жылқы малының киелілігін дәріптеді[6]. *«Мал ашуы – жан ашуы»*, *«Малдының беті жарық, малсыздың күні кәріп»*, *«Мал баққанға бітеді»*, *«Жаманға жан жуымас, жалқауға мал*

жуымас» деп ерінбей еңбек етсең ғана мал табасың, малсыз өмір жоқ, күн көрісің қараң деген ой түйген. Ол заңды да. Себебі, тіршілік етудің басқа түрі жоқ көшпелі қазақ елі үшін мал бағып күн көру – өмір сүрудің негізгі тірегі болып саналды. Осымен байланысты төрт түлік малға арналған мақал-мәтел, ертегі-әңгіме, жаңылтпаш, жұмбақтардың қазақ ауыз әдебиетінде орасан көп болуы, мал атауларының молдығы, бір жағынан, ұлттық психологияның тілдегі көрінісі болып саналса, екіншіден, фольклорлық шығармалардың этнопедагогикада тәрбие құралы ретінде қызмет еткенін байқатады[4, 51].

Қазақ этнопедагогикасын қарастырған кезде отбасы тәрбиесі туралы айтпай кету мүмкін емес. Себебі қазақ халқында отбасы тәрбиесі басты рөл атқарған. Яғни, тәрбиенің негізі – отбасынан басталған. Халқымызда: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» деген тағылымды сөз бар. Бұл дегеніміз, бала отбасында қандай тәлім-тәрбие алады, кейін есейгенде сол бағытта қалыптасады. «Ұлдың ұяты – әкеге, қыздың ұяты – шешеге» деп қараған халқымызда ұл баланы тәрбиелеуді аталар мен әкелер өз қолына алса, ал қыз баланы тәрбиелеу әжелер мен аналардың міндеті болып саналған. Ата-бабамыз ұлды өздеріндей еңбек сүйгіш, малсақ, жауынгер, әнші, күйші, аңшы, құсбегі – бесаспап азамат етіп тәрбиелеуді мақсат еткен. Жігіттің бойына өнер мен еңбекті, ізгі адамгершілік қасиеттерді қатар сіңірген. Ер баланы он жасынан бастап ат жалын тартып азамат болғанға дейін мал бағу мен аң аулауға, отын шабуға, қора салуға, ағаштан, теріден, темірден түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасауға, яғни қолөнер шеберлігіне баулыған. Қонақ күту, үлкенге иіліп сәлем беру, ән айтқызу, домбыра тартып күй шерткізу, өлең-жыр жаттату, жаңылтпаш-жұмбақ үйрету немесе теңге алу, жамбы ату, аударыспақ, сайыс, көкпар, күрес сияқты ұлт ойындарын үйрету тәрбиенің басты шарты болып есептелген.

Отбасындағы ұл тәрбиесінде әке мен аталардың рөлі ерекше. Әке – отбасының басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Өйткені, әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі – ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса, оның атасы жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой – деп мадақтайтыны сондықтан. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі», «Әке – бәйтерек, бала – жапырақ», «Жас – кәрінің көзі, кәрі – жастың тезі», «Ата – балаға сыншы» деген мақалдар да осы пікірді халықтың қуаттауынан туған. Қазақ отбасының берекесі қыз баласына да болашақ ана, өмірдің тұтқасы деп қараған. Қыздың орны төр саналған. Ана бар жерде, өмір бар. Қай ата-ананы алсақ та, қызының ертең барған жерінде «балдай батып, судай сіңіп» кетуін, жақсы жар, әдепті келін, аяулы ана болуын армандайды. Қасиетті ана қызының тәрбиелі жан болып өсуі үшін жасынан-ақ шашты қарияның алдынан аттатпай өсіреді. Ер азаматты сыйлау, отбасының береке-бірлігін сақтау үшін қыз баланың өнегелі, өнерлі болып өсуін қалаған[4, 305-308]. Отан – отбасынан басталады демекші, отбасында берілген дұрыс тәрбие баланың өз ата-анасын сыйлап, қадірлеуге, туған жерін аялауға, оған сүйіспеншілікпен қарауға бағыт сілтейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Тәуелсіздіктің ұрпақтары» деп аталған Жастар жылының ашылу салтанатында ана институтын қолдаумен қатар, әке институтын дамыту қажеттігін мәлімдеген болатын[7]. Мұның өзі жоғарыда атап өткеніміздей, бала тәрбиесінде әкенің рөлі жоғары екендігін айшықтай түседі. Сондықтан Елбасымыз әке институтын дамытуды тапсырды.

Жалпы алғанда, қазақ тағылымының негізгі бағыттары, көпшілік ұйғарымдары, тәжірибе қорытындылары (принциптері) төмендегідей:

а) Көрегенді атану – қазақ тағылымының басты шарты, не нәрсе болса да көз жеткізу, иландыру... шындық пен әділдіктен, ақиқаттан айнымау, берген антыңа берік болу, аманатқа борышты болмау;

ә) Ар-ождан тазалығын сақтау, ақыл-ойлы, парасатты болу, барлық іс-әрекетіңнен, сөйлеген сөйлеген сөзіңнен, қарым-қатынасыңнан, көзқарасыңнан гибрат иісі шығып тұру;

б) *Ерте тұр, кеш жат, аз сөйле, көп тыңда, сөзің жерде қалмасын, иманды, инабатты, қайырымды болу, жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау...*

в) *... Рухыңа кір салмау, үлкендерді тыңдау, құрметтеу, өз қатарыңнан кем болмау, асып-таспау, достық пен татулықты сақтау, ел берекесін сақтап, оның бойына үлес қосу...*

Қазақ тағылымының ең бір зор үлгісі – айқындық, ашықтық, жариялылық, әркім өзі көзі көргесін иланарлық, оның дұрыстығына көз жеткізерлік, әбден сенімі молайғандықтан тағылым алмасқа, үйренбеске, оны ғадетке (әдетке) айналдырмасқа амалы жоқ болғасын, әдетке айналдыру...[8].

Сонымен, қорыта айтар болсақ, қазақ этнопедагогикасы – өзіндік даму тарихы және ерекшелігі бар этнопедагогика ғылымының бір бөлімі. Халқымыздың ұлттық ерекшелігі оның бай рухани мәдениетінде деп айтуға негіз бар. Себебі, халқымызда жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор, тағылымды философиялық ой-пікірлер, сондай-ақ салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың түрлері өте көп. Оны жоғарыда жан-жақты қарастырып өттік. Халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі тарихи тәжірибесі қазіргі қоғам жағдайында өскелең жас буынды тәрбиелеуде маңызды құрал болуы тиіс. Әсіресе, білім беру жүйесінде жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, төл тарихымызды тереңдетіп оқытуымыз қажет. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: *«Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын»*-деп айтқан болатын[5]. Яғни, еліміздің өркендеуі үшін жас толқын ата-бабаларымыздан мирас боп жеткен ұлттық салт-дәстүрлермен, тәлімдік бастаулармен сусындап өсуі қажет. Бұл өз кезегінде олардың ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, мәдениетті, елін құрметтей білетін шынайы ұлтжанды азамат болып қалыптасуына ықпал етеді. Осы тұрғыда ұлттық педагогиканың алар орны ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2012. – 33, 43, 58-беттер.
2. Этнопедагогика: *Оқулық*. 2-ші басылым / Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. – Астана: Фолиант, 2010. – 91-бет.
3. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы (кеңестік дәуір – 1920-1990 жж.). – Алматы: «Білім», 1999. – 3-4-бет.
4. Этнопедагогика: *Оқулық* / В.С.Кукушин, С.Қалиев. – Алматы: РПБК «Дәуір» 2014. – 47-51-беттер.
5. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы // egemen.kz.
6. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы / «Жетісу университеті» газеті. – №12 (177) 20 желтоқсан 2018 жыл.
7. Елбасы: «Әкелер институтын да қолға алуымыз керек» / Talbesik.kz.
8. Жарықбаев Қ. Әдеп және жантану (Ұлттық тәлім-тәрбие). Хрестоматия. Орта мектеп оқушыларына арналған оқу құралы. – Алматы: Атамұра, 1996. 92-93 б.

СЕКЦИЯ 3
АДАМ КАПИТАЛЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ИНВЕСТИЦИЯ: ТЕХНОЛОГИЯЛАР,
МӘСЕЛЕЛЕР, ИННОВАЦИЯ. САПАЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

«ЖАҒЫМДЫ ОЙЛАУ ІЗГІЛІК ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ»

Тоқтар Т.Н., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, философия және саясаттану факультеті, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 1 курс магистранты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

«Адам нені ойласа, өзі де сондай болады» деген нақыл сөз бар. Шынымен де, ойымызға абай болуымыз керек. Өйткені айналадағы өзімізге қатысты нәрсенің бәрі өз ойымыздың көрінісі. Сыртқы дүние біздің айнамыз.

Әлем шексіз зор, оның сізге деген қарым-қатынасы, қандай жағдайда болса да, тек сізге ғана байланысты.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» – деп айтқан сөзі әрбір адамның іштей өзгеруге, жаңаруға ұмтылысының маңызы көрсетілген.

Адам өміріндегі жағымды ойлаудың мәні зор. Жағымды ойлау – бұл адамның жақсы және жаман ойларды іріктеп, жақсы ойларды өрбіте білу қабілеті. Өз бойына жағымсыз және келеңсіз ойлардан арылып, жаман жағдайлардан сабақ алу және тәжірибе жинақтау.

Жағымды ойлау өз күшіне сенімділікті дамытуға көмектеседі, қорқынышты сейілтеді, даналықты оятады, денсаулық пен бақыт әкеледі. Адамның жақсыны қабылдай білу және жаманнан аулақ болу қабілеті жағымды ойлаудың негізгі мақсаты болып табылады, ал жағымды ойлаудың әдістемелік тәсілдері жағымды ойлауға жылдам көшуге және тұтастай алғанда өз өмірін үйлестіруге мүмкіндік береді.

Ақылды артық ойдан босатып, оны жағымды күйге келтіру керек. Психологтер оқушылардың күн сайын бірнеше минут тыныштықта отыруын қолдап отыру керек дейді. Бұл тәжірибе оң нәтижесін береді. Оған үнемі жаттығып отыру сабырлыққа, естің жақсаруына, зейін қоюға бейімділігіне, өзін-өзі бақылауына, байсалдылыққа және интуицияның жақсаруына ықпал етеді.

Қ.І. Есенберлин өзінің «Бақыт пен Өмір» атты кітабында «Адам өмірде бақытты бола алады, болуы керек, тек қана оны қатты қалауы және кейбір ережелерге үйренуі керек» деген еді.

Жағымды ойлауға жаттығуға арналған тәсілдер көп. Соның ішінде әсіресе, дәйек-сөздер, яғни асқақ, биік сөздер айту аса маңызды. Музыка тыңдау да өте пайдалы. Музыка белгілі бір дәрежеде жағымды күйге түсіріп, өте жақсы тыныштандырады. Адамда терең ішкі тыныштық пен тепе-теңдік болуы қажет.

Жағымды күйге келу әдісін қолдану тәртіп, өзін-өзі қадағалау, денсаулық, ақылдың байсалдылығы, ес, зейін қою, интуиция, басқаларға деген сүйіспеншілік, ішкі тыныштық көрсеткіштердің айтарлықтай жақсаратынын көрсетті.

Өмірінде болып жатқан оқиғаларды әр адам әртүрлі қабылдайды. Бір адам мен мықтымын, бұл сынақтардан өтермін, алдымда мені талай бақытты сәттер күтіп тұр деп сенсе, екінші адам менің қолымнан келмейді, жеткен жерім осы деп налиды. Нәтижесінде солай болады, ойлар жүзеге асады. Адам бір жағдай туралы зейінін салып ойланған кезде өзінің жанындағы болып жатқан дүниелерді байқамай қалады. Бұл тұлғаның миында теріс ойдың тууына алып келеді. Сол үшін ойлау жүйемізбен ар-ұзданымызды кірлететін ойлардан арылып, санамыздың дұрыс жұмыс жасауы үшін жағымды ойлауды өмірімізге енгізуіміз қажет.

Мәселен, адам бір жағымсыз нәрсені ойлаған кезде, оның санасы бірден сол ақпаратты жадында сақтап қалады. Кейін ол нәрсе тұлғаның ойын бұзып, теріс пікірлерге

итермелеп, санасы жағымсыздыққа толып, мәселелерді әрдайым жамандыққа айналдырып отырады. Ондай жағдайға жол бермес үшін адам өмірінде бос уақыт қалдырмай, әрқашан санасын жағымды ойлармен дамытуы қажет. Жағымды ойлау арқылы тұлғаның ойын ізгілікке бейімдей отырып, ішкі қорқынышын басуға, өзіне деген сенімділігін оятуға, ішкі тыныштыққа қол жеткізуді дамыту ізгілік бағыттағы басты мақсат болып табылады.

«Survey monkey» бағдарламасы арқылы 21-80 жас аралығындағы респонденттерге жағымды ойлау негізінде бірнеше сауалнамалар жүргізілді. Қатысушылардың 25,48 %-йы әрдайым жағымды көңіл күймен жүрсе, 65,48 %-йы жаман ойлардан арыла алмайтыны анықталды. Және бұл көрсеткіштің басым бөлігін 55-80 жас аралығындағы адамдар құраған. Яғни, үрейге көп берілетін, жағымды ойлауға мұқтаж адамдардың көп бөлігі қарт адамдар. Респонденттердің 30,25%-йы қарттық кезеңнен қорықпаса, 70,12%-йы қартаю туралы ойлағанның өзінде қорқыныш сезімі билейтінін көрсетті. Адамның жасы ұлғайған сайын әртүрлі мәселелерге тап болады. Ең алдымен, сүйікті кәсібінен айырылып, шексіз бос уақытқа кенеледі. Балалары жұмыстарында, немерелері оқуларында болғандықтан, өзіне жақындарының көңілдері жеткілікті бөлінбегендіктен, жалғыздық сезімдері әсіресе, зейнетке жаңа шыққан адамдарды күйзеліске алып келетіні анық. Адамда уақыт көп болған сайын, ол көңілін өзіне қарай бұрып, болашағы жайлы ойланады, жасының ұлғайып, денсаулығы нашарлап, әлеуметтік қызметке жарамсыз екендігіне көз жеткізген қарттарда қорқыныш сезімдері қалыптасады. Қарттық кезеңде орын алатын ең бірінші дағдарыс-адамның әлеуметтік статусының өзгеруі болып табылады. Бос уақытын тиімді өткізуі қиынға соғып, өмірінің жаңа кезеңіне бейімделе алмайды.

Жетес би: «Алпысқа жеттім, алты тарау жолға кездестім, қайсысына түсуді білмей дағдарысқа ұшырадым. Жетпіске келдім, жеңілгенімді білдім, билікті бала-шағаға бердім, айтқанына көндім, жетегіне ердім. Тап осы күні сексендемін, алдым – терең құз, артым – биік жар, сол жағым – су, оң жағым – от, қалай қарай қозғалсам да маған тірлік емес-ау», - деген екен.

Яғни, 60 жаста қарттықтың ең алғашқы дағдарыстары басталып, денсаулығының сыр беруі, кәсібінен айырылу сияқты проблемалар өмір сүру салтының түпкілікті өзгеруіне алып келеді. Қарттар – әлсіз, нәзік жандар. Бұрынғыдай сөздері балаларына көп өте бермейді, балаларына сыйлаған жылулығына өздері мұқтаж болады.

Өміріндегі осындай өзгерістерден кейін орын алған үмітсіздік, жалғыздық, о дүниеге жақындау сияқты жаман ойлар саналарын уламас үшін қарттарға әлеуметтік педагогтің көмегі ауадай қажет. Бұл түпкі санадағы нәрселерді жағымды ойлауға айналдыру үшін әлеуметтік педагог қандай көмек бере алады?

Жағымды ойлауға қол жеткізу үшін адам ең алдымен, санасындағы жаман ойдың қайдан келгенін анықтап алуы керек. Келген ақпаратты түпкі санаға жеткізбес үшін жаман ойлар пайда болатын нәрселерге көңіл бөлмеуді, қарым-қатынасын өзгертуді үйренуі қажет. Тұлғаның бос уақытын тиімді өткізуі үшін олардың әлеуметтік белсенділігін, қызығушылықтарын ашу мүмкіндіктерін ұсынуы қажет. Уақытты жағымды өткізудің тиімді жақтарын көрсетіп, олардың бейімделуін қадағалауы керек. Қарттарға жақындарының жылуы қажет. Сол үшін оның туыстарымен әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыруы маңызды. Жақындарының қолдауы оны бағалайтынын, оған деген сыйластықтарын, көңілдерінің бар екенін сезінеді.

Заманауи психологтардың бірден-бір көрнекті өкілі, дәстүрлі психологиядағы жаңа бағыттың негізін салушы Мартин Селигманның айтуы бойынша «адам жаман ойдың құрбанына айналады». Жаман ой адамның қоршаған ортасымен болып жатқан жағдайлардың жәрбірленушісі болып дәрменсіздікке үйретеді. Жағымды ойдың күші өзін-өзі бағалау деңгейін арттыруға бағытталған. Осыған байланысты М.Селигман өзінің позитивті психологиясында бақыт әрдайым адамның әлеуметтік жағдайына байланысты емес екенін түсіндіреді. Бақыт ол адамның ынтымақтастық, батылдық, табандылық қасиеттерімен үйлесімді өмір сүре білу қабілеті деп айтты. Яғни, бақыт ешқандай лауазымға, байлыққа

қарамастан, адамның өмірге деген көзқарасының дұрыс қалыптасуында, қандай жағдай болса да өзін бақытты сезініп жүретін адамның көңіл күйі.

Жағымды ойлаудың негіздеріне: бақыт – өмірге қанағаттану, болашағына деген жарқын көзқарас, сенімділікті ту еткен оптимисті сезім энергиясы жатыр. Жалпы санадан шыққан кез келген ой тұлғаның мінез-құлқына, қоршаған ортасына, тіпті жеке өміріне де әсер етеді.

Жағымды ойлауды қызықты кітаптар, көңілді адамдармен әңгімелесу арқылы қанағаттандырса, тұлға позитивті дамып, сенімді, жігерлі адамға айналады. Яғни, адам неғұрлым көңілді ортамен қарым-қатынаста болса, соғұрлым жағымсыз ойлар одан алшақ жүреді.

Жағымды ойлауға Пил Норман атты жазушы да көп көңіл бөлген. Оның жұмысында сипатталған жағымды ойлаудың ең маңызды қағидасы адам өзіне және таланттарына сенуге негізделген. Яғни, қабілетіне сенбейтін адам ешқашан табысты бола алмайды. Болашаққа деген тілектерімен үміттіріне кедергі жасайды. Қабілетіне деген сенімділікте жағымды ойлауды дамытудың тиімді жолы болып табылады. Бойындағы бар дарынын шыңдау өсуге, өзін-өзі жүзеге асыруға, мақсатына табысты жетуге көмектеседі. Пил әрдайым сананы қызғаныш, үрей, реніштен тазартып отыруға кеңес береді. Алайда, сананы тазартумен жағымсыз ойлардан арыла алмаймыз, өйткені сана ұзақ уақыт бойы бос тұра алмайды.

Көбінесе Пил жағымды ойға қол жеткізу үшін күн ұясына батқан немесе таң шапағы бейнеленген картиналарға қарау арқылы адамның бойында жағымды сезімдер, асқақ армандар пайда болады деп кеңес берген. Сонымен қатар әртүрлі артикуляциялар арқылы ішкі тыныштыққа қол жеткізе аламыз. Яғни адам өзінің жаны қалап тұрған бір сөзді алып (мысалы тыныштық) іштей қайталаса, жаны сергіп, жүрек соғысы реттеледі.

Бір қызығы, жағымды ойлауды қолдаған психологтармен қатар, оған қарсы шыққан адамдарда бар. Оның бірі Барбара Эренрайх. Ол өзінің «Улыбайся или умри: как позитивное мышление одурачило мир» атты кітабында өзіне сүт безінің қатерлі ісігі деген диагноз қойған кезде, жақындарының бұл ауруды сыйлық ретінде қабылдап, жаңа мүмкіндіктерді көруге, оған оптимистік тұрақтылықты сақтап қалуға кеңес бергені туралы айтады. Оның ойынша өмірімізде орын алып жатқан барлық жаман нәрселерге кінәлі – тұлғаның өзі, оның себебі жағымды ойдың жетіспеуі. Алайда Эренрайх біз қайғы-мұң, ашу, қорқыныштан бас тартсақ, олардан біржола құтылдық деген сөз емес, оларды біз әрдайым сезінеміз деді. Оның ұстанымы өмірдегі болатын жақсылықты да, жамандықты да тура сол қалпында қабылдау, ол қиыншылықтармен күресуге жігерлендіреді деген.

Жалпы алғанда, жағымды ойлауға қол жеткізу үшін санамызға келген ойды сараптап, талдауға тырыспауымыз және жағымсыз ойлардың санамызды басқаруына жол бермеуіміз қажет. Тұлға өзіне жағымды көңіл күй сыйлауы үшін, санасындағы ескі бағдарламалардан арылуы қажет. Оны жасамайынша, адам өзіне қажетті жағымды көңіл күйді сезінуге қиындық тудырады. Яғни, адам жағымды нәрсені ойлағысы келсе де, түпкі санадағы ойлар ол ақпараттарды басқа жолдармен жеткізеді.

Жағымды ойлау біздің өмірімізді бақылап қана қоймай, күнделікті өміріңізді жадиратып, дұрыс ойлау үдерісіне бейімделуге көмектеседі.

Жағымды ойлауды дамыту үшін өзіңізге уақыт беріңіз. Ол үшін:

– Санаңыздағы ойларды ақ параққа жазып, қайсысы жағымды, қайсысы жағымсыз сезімге алып келетінін ажыратып алыңыз;

– Өзіңіздің әлсіз тұстарыңызды анықтап, сол қасиеттеріңізбен жиі жұмыс жасаңыз;

– Айналадағы адамдар туралы жақсы көзқараста болып, жаныңызға жақын жандардың күлуіне себепші болыңыз;

– Ешкімге кек сақтамай, кешірімді болыңыз. Жамандық істеген адамға жақсылық жасаңыз;

Жағымды ойлау – күлкінің ажырамас бөлігі. Өміріңіз жарқын болуы үшін күлкіні жаныңызға серік етіңіз. Күлкі – өмірді ұзартады. Ең бастысы, күлкінің жағымды ойлауға

тигізер мол пайдасы бар екенін есіңізден шығармаңыз. Әрбір атқан таңыңызға шүкіршілік етіп, жаңа күніңізге жағымды жоспар құрыңыз.

Қорыта айтқанда, бойымыздағы жақсы-жаман іс-әрекетіміздің барлығы санамызға байланысты. Санамыз тек жағымды ойлармен әрекет етуі үшін рухымызды биік ұстап, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуымыз керек. Ал ол үшін бойымыздағы мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарып, ізгілікпен, руханилықпен ақиқатты тануға сүйіспеншілікпен ұмтылып, әрдайым дұрыс әрекет жасап, ішкі тыныштығымызды орнатып, ешкімге, ешқашан қиянат жасамау басты парызымыз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (12 сәуір 2017)
2. Алпыскызы Сара. Өмір әдебі. – Алматы, 2003. – 104 б.
3. Абай. Қара сөз. Поэмалар. Алматы. 1993. – 272 б.
4. Селигман, М. Э. П. В поисках счастья. Как получать удовольствие от жизни каждый день: пер. с англ. / Мартин Селигман. — 2-е изд. — М.: Манн, Иванов и Фербер, 2011. — 320 с.
5. Есенберлин Қ.І. Бақыт пен Өмір. Алматы: «Көшпенділер» баспасы. 2002. -72 б.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ГЕНДЕРЛІК САНАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

Шағырбаева М.Д., Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Аймаханова М.Б., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Философия және саясаттану факультеті, Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының 1-курс магистранты. Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазіргі таңда жаһандану үрдісі әйелдер мен ер адамдардың қарым-қатынасындағы ерекшеліктермен қатар олардың, дүниені қабылдаудағы мәдени тәжірибелерінің өзгешеліктерін зерттеуді қажет етеді. Әрбір азаматтың өзін-өзі тану аумағының кеңеюі, адам құқықтары мен еркіндіктерін сақтауды және кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюды көздеуі, гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, әйел мен еркектердің тең мүмкіншіліктерін туғызу – жаңа демократиялық Қазақстанның қалыптасуының жарқын көрінісі. Осыған орай гендерлік теңдік идеологиясы, гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Мемлекетімізде болып жатқан қоғамдық-әлеуметтік өзгерістерге сай гендерлік тәрбие мен білім беру, гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Жалпы халықаралық гендерлік тәжірибе мен стратегияларды зерттеу негізінде гендер ұғымы жеке даралықтан әлеуметтік-мәдени және саяси категорияға айналды.

Гендерлік мәселе қазіргі заманғы руханияттық ой толғаныстар мен күнделікті тұрмыс кешудің көпжақты қырларына байланысты туындаған қоғамдық-саяси, рухани-мәдени, экономикалық-әлеуметтік саланы тұтастай қамтитын, жалпы алғанда, антропологиялық тұрпатты ізденістер мен мәселенің шынайы өмірмәнділік көрінісі болып табылады.

Ер мен әйел арасындағы қатынас пен оның теңдігі гуманистік тұрпатты болып келетіндіктен, ол өзінің қарышты ауқымын кеңірек жайып келе жатырған және біршама тартысты болып құрылған шынайы өмірмәнділік құбылыс, әрі теориялық талдаудың кең алаңы. Оны іс-тәжірибеде қолдану үшін әрі қарай зерделеу мен пайымдау, мәселеге тереңірек бойлай ену, бүгінгі таңда өзекті мәселелерді туындатып келеді [1].

Жалпы айтқанда, гендерлік мәселелерге байланысты гендерлік саясат біздің республикамызда өз дәрежесінде жүзеге асырылуда. Гендерлік саясаттың гендерлік білім беру мәселелеріне осы саладан айналып отырғандығы мәлім. Бірақ, гендерлік білім беру жүйесі әлі де теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделмей отыр. Осы мәселе қоғамдағы жастардың гендерлік санасының дұрыс қалыптасуы мақсатында жазылған мақалада гендерлік зерттеулердің даму кезеңдерін, республикамыздың білім беру жүйесіне үздіксіз гендерлік білім беруді ендіру мәселелері, гендерлік индикаторларды қолдану арқылы әлеуметтік және білім бағдарламаларын даярлау қажеттілігі айқындалады.

Материалдар мен әдістер: Тақырыбыма сай керекті жайттарды анықтап алу үшін немесе жүргізілетін жұмыстарының қаншалықты тиімді немесе тиімсіз екендігін анықтау үшін, оның әсері мен ықпалын айқындау үшін педагогика және басқа ғылым салаларында қолданылатын тиімді сауалнама әдісін пайдаландым. Сауалнама әдісі өз кезегінде ашық және жабық түрде болуы мүмкін. Мақалада жабық түрдегі сауалнама түрі қолданылып, мүмкін жауаптар түрі, шкаласы, сондай-ақ «иә» немесе «жоқ» сияқты дайын нұсқалық жауаптар болады. Олардың артықшылығы – жауаптарды жылдам өңдеуге және бастапқы мәліметтерді кестеге енгізуге мүмкіндік береді.

Бұл сауалнаманы surveymonkey.com сайты арқылы жүзеге асты. Сауалнаманы құрасырып болғаннан кейін сайтта оны кез-келген адамдардың жеке почталарына жіберу арқылы сұрақтар бойынша толықтай жауап алуға болады және де сандық көрсеткіш бойынша нәтижелерін де шығарып береді.

«Гендерлік білім беру» тақырыбындағы сауалнама сұрақтары:

1. Сіздің білім алған ортаңызда гендер теориясына байланысты сабақтар өткізілді ме?
2. Гендерлік білім беру гендерлік теңдік саясатын жүргізуге ықпал етеді ме?
3. Жалпы оқулықтарға жүргізілген сараптамаларға көңіліңіз толады ма?
4. Гендерлік тақырыпқа байланысты елімізде іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады ма?
5. Халыққа гендерлік білім беру жөнінен ойластырылған саясат қажет деп ойлайсыз ба?
6. Әйелдердің білім деңгейі ерлерге қарағанда жоғары деп ойлайсыз ба?
7. Ерлердің білім деңгейі әйелдердің жоғары деп ойлайсыз ба?
8. Елімізге арнайы құқықтық білім керек пе?
9. Сіздің ойыңызша гендерлік пәндерді оқыту қарым-қатынас мәдениетінің дамуына септігін тигізеді ме?

10. Егер гендерлік білім берудің арнайы курсы енгізілсе, онда ол ерлер мен әйелдердің экономикалық жағынан ілгерілеуіне септігін тигізеді деп ойлайсыз ба?

Ал, келесі қолданылған статистикалық әдіспен қолға түскен көрсеткіштердің орташа сандық шамасы айқындалады, яғни мақаладағы негізгі кілттік сөздердің таралу дәрежесі мен олардың қаншалықты маңызды сипаттарға ие екендігін анықтайтын боламыз.

Мұндай есептерді жүргізу үшін белгілі формулалар, анықтама таблицалар қабылданған. Осы әдістермен жинақталған көрсеткіштердің сандық тәуелділіктері графиктер, диаграммалар, таблицалар түрінде өрнектеледі.

Бұл әдісті Google trends сайты арқылы жүзеге асырдық. Мақаламыздағы негіз болып табылатын кілттік сөздердің қаншалықты кең көлемде қолданылып жатқандығы туралы мәлімет алдық.

Нәтижелері: «Гендерлік білім беру» тақырыбындағы сауалнамаға қатысқан адамдардың жауап нәтижелері бойынша: сұрақтардың барлығының жауаптары «иә», «жоқ» және «білмеймін» деген нұсқалардан тұрған болатын. Бұдан шығаратын қорытынды гендерлік білім беруге байланысты ұсыныс ретінде қойылған сұрақтарға «иә» деген жауаптардың көп екенін, одан кейінгі көп мөлшердегі жауап «білмеймін» нұсқасы бойынша бұл енді жоғарыда айтқанымыздай гендер тақырыбы аясынын тарлығын көрсетеді, ал «жоқ» деген жауап көбінесе тақырыпқа байланысты атқарылып жатқан жұмыстарға соның ішінде оқулықтарға жүргізілген сараптамаларға көңіліңіз толады ма дегенге берілген (график 1).

Сауалнама нәтижесінен келетін ой: гендерлік білім әр түрлі мамандарды – бастауыш сынып мұғалімінен бастап, ірі фирмалардың менеджеріне және кәсіби ұжымының жетекшісіне дейін дайындауда қазіргі ғылыми білімнің қажетті элементі болуы керек.

Жалпы әлемнен бұрын еліміз бойынша тақырыптың қаншалықты маңызды екенін, зерттелуі және талдану, сол жұмыстар нәтижесінде атқарылып жатқан, ұйымдастырылып жатқан шаралардың саны бойынша статистикалық мәліметтерді айта кетсек. Тақырыптың кілттік сөздерінің өзі ерекше рөлдер атқарады, осы сөздердің Қазақстан Республикасы аумағындағы қолданылу деңгейі (соңғы 1 жыл ішінде), мысалы: «гендер» сөзі пайыздық көрсеткіш бойынша 100% болған бұл Жамбыл облысы болды. Әрі қарай Батыс Қазақстан облысы 59%, Алматы облысы 48%, Оңтүстік Қазақстан облысы 47%, ал Ақтөбе облысы 41% көрсеткіштерін көрсеткен болатын (диаграмма 1).

Осы сияқты гендер сөзінің аясындағы тақырыптардың еліміз бойынша қолданылуы мен танымалдығы жағынан статистикалық мәліметтер біресе төмендеп біресе жоғарылап кете береді. Соңғы бір жыл көлеміндегі жаңа мәліметтерге сәйкес тақырып алаңы тым төмендемененін көруге болады. Бірақ даму қарқыны тым баяу, сонда да тек жоғарылай берсе болғаны.

Таблицалар мен графиктер:

График 1 «Гендерлік білім беру»



Диаграмма 1 «Гендер сөзі»





Диаграмма 2 «Гендерлік теңдік»



Талқылау: «Қазақстан Республикасындағы жастардың гендерлік санасының ерекшеліктері»

Гендер – адамның психологиялық және әлеуметтік дамуын негіздейтін жеке тұлғаның базалық сипаттамаларының бірі. Гендер – бұл ер және әйел адамдардың мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдердің жиынтығы.

Гендердің құрылымы төрт жақты: биологиялық жынысымен, гендерлік стереотипімен, гендерлік нормамен және гендерлік ұқсастығымен толықтырылады. Ер мен әйелдің физиологиялық ерекшеліктері, тән-тұрпатының әр түрлілігі, т.б. биологиялық сипатта-

масы болып табылады. Қоғамдық сананың гендерлік парадигмасында мәдениеттің алатын рөлі ерекше. Гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, ерлер мен әйелдердің тең мүмкіншіліктерін туғызу – жаңа демократиялық Қазақстанның қалыптасуының жарқын көрінісі. Осыған орай гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Жалпы халықаралық гендерлік тәжірибе мен стратегияларды зерттеу негізінде гендер ұғымы жеке даралықтан әлеуметтік-мәдени және саяси категорияға айналды. Қазақстанның халықаралық тәжірибеге қосқан үлесі, гендерлік саясат тұжырымдамасы мен гендерлік теңдікті дамыту стратегиясы негізінде гендерлік саясаттың ұлттық үлгісі жасалды. Стратегия – мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған негізгі құжат, оны іске асырудың, мониторингін жүзеге асырудың құралы, демократияның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Сонымен қатар гендерлік мәселелерді шешудің бірден-бір жолы оны білім беру және оқыту процестері арқылы жүзеге асыру болып табылады. Яғни, жастардың санасына гендер ұғымын дұрыс түсіндіре алу. Қазіргі таңдағы жаңа білім беру мазмұнының базалық ұстанымы – әрбір білім беру ортасымен мекемелерінде тұлғаның рухани – адамгершілік қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру. Теңдік тұрғыдан, әлеуметтік-мәдени рөлдер тұрғысынан білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, оқушыларының бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығарып, рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту. Ал бұл – жарқын келешек негізі [2].

Гендер тақырыбына келгенде біздің қоғамымызда әлі де болса дұрыс пікір қалыптаспаған. Бұл бір жағынан ұлттық менталитетіміздің ескі көзқарастары тұрғысынан болуы мүмкін, Себебі: көптеген мемлекеттік атқарылуға тиіс мәселерді тек қана ер адамдар жасауға тиіс деп саналады, ал әйелдер тек қана үй шаруасымен айналысуы тиіс немесе «әйел адамдар ер адамдардан бір саты төмен болу тиіс» деген қағиданы бір жақты ғана түсінуден басталатын, қалыптасатын сана. Шындығында оның басқалай пайдалы тұстары бар екенін ашу, айту ең бастысы дұрыс гендерлік сананы қалыптастыру балаларға жастайынан үйретілуі тиіс. Сонда оның гендерлік санасы белгілі бір істерді қолға алғанында немесе өзіндік пікірлерін дұрыс жеткізуде пайдасын тигізеді.

Осы реттегі гендерлік білім беру міндеттеріне:

- гендерлік сауатсыздықты жою;
- әйел мен еркекке қатысты ашық және жасырын дұрыс емес қалыптасқан барлық пікірлер түрлерін жою;
- Қазақстандық қоғамның бейнесі мен сипатын құрайтын азаматтардың өмірлік құндылықтарын, өзара қарым-қатынас түрлерін, жүріс-тұрыс стилдерін, ойлау қисының өз ұлтының ерекшеліктеріне сай өзгерту жатады [3].

Әйел мен еркек адам табиғатының бір тұтастылығының екі бөлігі болғандықтан, әйел мәселесін, ер адам мәселесінен айырып қарастыруға болмайды. Гендерлік білім әйелдер мен ер адамдардың жаңа гендерлік өзіндік санасын, идеалын, нормаларын, құндылық бағдарларын, психологиялық ұстанымдарын қалыптастыра отырып, тұлғаның шығармашылық белсенділігін оятуға және оның мәртебесін өзгертуге бағытталған. Жаңа гендерлік көзқарастар феминдік және маскулиндік қасиеттер, жыныстық әр-түрліліктің тең бағалануы, олардың бірін бірі толықтыруынан тұрады және тұлғаның біртұтас тәжірибесін қалыптастырады [3]

Қазақстан Республикасындағы жастардың гендерлік санасының дұрыс қалыптасуының бастауы жоғарыда айтқанымыздай білім беру жолы арқылы қалыптасады және сол білім берудің ішінде ол процесс гендерлік ұстанымдар мен әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Мысалы: Гендерлік білім «гендерлік дисплей» ұстанымы негізінде өзінің құрылымдарын құрастырады. Бұл дегеніміз гендерді тұтас, жыныстық, этикалық, әлеуметтік-мәдени, жас шамалық, экономикалық өзара байланыстар мен өзара тәуелділіктер желісінің ерекшеленуімен түсіндіру. Гендер пәнаралық ұғым, сондықтан да ол әр түрлі саладағы

мамандардың: психологтар, әлеуметтанушылар, экономистер, құқықтанушылар, мәдениеттанушылар, әлеуметтік философтардың күштерін жинақтауды талап етеді.

Гендерлік білім бағдарламасын жүзеге асыру және жастардың гендерлік санасын дұрыс қалыптастыру біріншіден интерактивті әдістерді: гендер-тренинг жүйесі, пікір-таластар, рөлдік ойындар, шағым топтармен жұмыстар, психодрамалар мен әлеуметтік драмалар, эсселер, тестер, сауалнамалар және т.б. тәсілдерге жүгінуді ескереді. Интерактивті режимде жұмыс жасау танымдық қабілеттерді дамытуға, қоршаған адамдардан түсетін гендерлік ақпараттарды дұрыс түсіну тәсілдерін игеруге, адамдардың өзіндік гендерлік-психологиялық болмысының тұтастылығын сезінуге көмектеседі.

Гендерлік теңдік ұстанымы қыздар мен ұлдардың тәжірибесін олардың гендерлік санасында тең қарастырылуын болжамдайды. Гендерлік білім еуропалық және азиялық елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесін көп этникалық қазақстандық ортаға бейімдеуге негізделген. Шетелдік бағдарламалар, тұжырымдамалар, әдіс тәсілдерді игеру гендерлік білімнің ұлттық үлгісін қазақ халқының мәдениеті мен дәстүріне сүйеніп құрастырудың алғы шарты болып табылады [3].

Гендерлік мәселе бойынша қазіргі кездегі санаулы Қазақстандық зерттеушілерді атап өтсек: Б.Х. Хасанов, Г.Г. Соловьева, С.Шакирова, М.А. Өскембаева, Н.Шеденова, К.А. Тохтыбаева, Б.Қылышбаева. Оларды алғашқы феминистік қозғалыстың либералды, марксистік, радикалды бағытына қосу қиын. Республикада жаңа қазақстандық философияның қалыптасуына байланысты ерекше гендерлік тәсілдер қалыптасуда. Бұл философия марксистік философиядан бас тарта отырып, руханилықтың артықшылығына және қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тән ақыл мен жүректің, ой мен ойданның бөлінбес бірлігіне сүйенеді.

Кеңестік жаңа заманның алғашқы қарлығаштарына айналған, қаламгерлікті қайраткерлікпен ұштастыра білген қазақ қыздары Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова, Сара Есова, Шолпан Иманбаева, Алма Оразбаевалардың суырылып алға шығуы қазақ әйелдері арасынан мемлекет билейтін, бұқараға бағыт сілтейтін белсенділердің тез арада тәрбиеленіп шыққандығын көрсетеді.

Бұдан байқауға болатын нақты көзқарас бұл – тек сауатты ұйымдастырылған және педагогикалық оқу орындарындағы гендерлік білімнің тиімді жүйесі ықпал етеді. Сондықтан педагогикалық оқу орындарының болашақ мұғалімдерді мектеп пен қоғамдағы осы маңызды міндеттерді орындауға дайындау қажеттілігі туады. Әйтпесе жас ұрпақты идеологиялық плюрализм жағдайында өмір сүруге, жеке азаматтық ұстанымын қалыптастыруға қарама-қарсы жынысты құрметтеуге, шиеленіссіз өмір сүруге үйрету мүмкін емес [5].

Уинстон Черчелдің «барлық премьер-министрлерден гөрі мемлекеттік тіпті әлемдік мәселелерді шешуде және адамзатқа дұрыс пікірді үйретуде педагогтардың билігі көп» деген сөзі бар. Бұл сөз өзінің өзектілігін бүгінгі күні де жоғалтқан жоқ. Педагогтың гендерлік ұстанымы демократиялық қайта құрулардың жетістіктеріне және бейбіт қоғамға байланысты. Мен жүргізген қарапайым сауалнама немесе кішігірім зерттеу жұмысым балаларды гендерлік тәрбиелеуде және тақырыпқа байланысты көп жағдайдың білім беру жолы арқылы соның ішінде оны жүзеге асыратын тұлға – педагогтардың кәсіби дайындығының деңгейіне байланысты екендігін көрсетті.

Сондықтан да жаңа заман эмблемасы болатын гендерлік сананың осы оңтайлы тармақтарын қорғау және өсіру педагогтардың, оқытушылардың, ғалымдардың, өркениетті қазақстандық қоғамның қалыптасуына қатысы бар адамдардың бәрінің де өткір де, жауапты міндеті.

Енді мәселеге байланысты өзіндік ұсынысыма: білім беру, оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтік-психологиялық даму мәселелеріне келгенде әкелерді, яғни ер азаматтарды мектептерге тарту, олармен бірігіп кездесулер, тәжірибелер алмасу мен конференциялар өткізуді жиі ұйымдастыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны гендерлік әлеуметтендіру мәселесі» атты Каленова Гульзахира мақаласы. Білім айнасы газеті. 23.06.2017. Астана, 2017.
2. Аубакирова Н.И. Что такое гендер? ОНС, 1996, №6.
3. Беркімбаева Ш.К., Қожахметова К.Ж. «Гендерлік білім: теориясы мен тәжірибесі». Алматы, 2007.
4. surveymonkey.com
5. Гендерные исследования в Казахстане. Ускембаева М.А. Гендерное неравенство глазами субъектов системы образования Республики Казахстан. Алматы. Изд-во «мальвина», 2005-с. 114-127.
6. <https://trends.google.ru>

ПЕДАГОГТЫҢ КОММУНИКАТИВТІ БІЛІКТІЛІГІ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ АРТТЫРУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Бердібаева С.Қ., профессор. Серимбаева Д.Қ., Каирбаева А. Б., Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., e-mail: berdybaeva_sveta@mail.ru; darina_999sk@mail.ru; ainurahoran@gmail.com Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Ерекешов Н.С., Османов А.Х., Құрлық әскерлерінің Әскери институты, Алматы қ., e-mail: alimzhan7508@gmail.com Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Педагогтың коммуникативті біліктілігі кәсіби қарым-қатынастың кілті бола алатыны туралы зерттеулер білім саласындағы өте маңызды сұрақтардың бірі болып табылады. Бұл мәселені психологияда қарастырғанда педагогтың коммуникативті біліктілігі «мұғалім-бала» қарым-қатынасы; «бала-ата-ана қарым-қатынасы»; «педагогикалық іс-әрекеттегі конфликтілер мен коммуникация»; «мұғалімнің эмоциялық жануы» сияқты сұрақтармен тығыз байланысты.

Еуропалық білімдер кеңістігінде интеграциялық процестерді күшейтудің нәтижесінде педагогтың коммуникативті біліктілігін қалаптастыру жағдайы қазіргі заманауи маңызды сұрақтардың бірі болып отыр.

Педагогтың іс-әрекеті өте қиын және күрделі, әрі ардақты мамандықтардың бірі, алайда мына жаңа заманда, жаңа уақытта мұғалімдерден келесі фразаны жиі естуге тура келеді: «мен бұрын мұғалім болып жұмыс жасадым енді менің жүйкем ол жұмысты көтере алмайды». Психология ғылымы осы сұрақтарды шешуде көптеген зерттеулер жүргізеді. Біз осы мақаламызда педагогтың коммуникативті біліктілігіне қатысты шет елде жүргізілген зерттеулерді (Германия зерттеулері) және оны талдауды Қазақстандық мұғалімдер ұжымына ұсыну, ой тастау және пікірлер алмасуды мақсат қойып отырмыз.

Потсдам университетінің Психология Институтында У. Шааршмидт және А. Фишер жасаған Arbeitsbezogenes Verhaltens- und Erlebensmuster- AVEМ неміс сұрақнамасы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі көптеген факторларды өлшеп береді.

Педагогтың коммуникативті біліктілігі мұғалім өз қызметінде күйзеліс жағдайындағы динамикалық теңгерімі қамтылған жағдайда мектептегі сәттілік құрылымның негізі ретінде бола алады. Төменде педагог біліктілігінің негізіндегі бағана теңгерімі берілген: педагог қызметкерлердің жүктемесі бойынша эмоциялық артық жүктемелер беретін жағдайларды психологиялық зерттеулер келесідей белгілейді:

1. Қиын оқушы мінез-құлқы
2. Сыныптағы оқушылардың саны
3. Аптадағы сабақтардың саны
4. Мектеп жүйесіндегі реформалар
5. Әкімшілік міндеттемелер
6. Жеке өмір мен жұмысты біріктіру
7. Ата-аналар жағынан ынтымақтасудың жеткіліксіздігі
8. Оқу материалының көлемі
9. Сабақтан тыс кездегі міндеттемелер (біліктілікті көтеру курстары)
10. Өзінің денсаулығының жеке мәселелері- (А. Шааршмидт, 2004 ж.)

Бүгінгі жаңа уақыт талабында қоғам әлеуметтік сәттілікке жеткен адамдарды көп айтады, өзіне сенімді адам, өз бетінше шешім қабылдай алатын әрі мансапты сәттіліктерге жеткендер. Алайда мұғалімнің имиджін ұстап тұру үшін оларда ішкі ресурстар мол болу керек.

Германияда Потсдам қаласында жүргізілген психологиялық зерттеулерге қысқаша шолу жасасақ келесі жағдайларды көреміз.

Осы зерттеу барысында мінез-құлықтың 4 типі анықталған: G типі-дені сау, белсенді; S типі-өзін сақтайтын, аяйтын тип; A типі-жұмыстан алған стресс; B типі-эмоциялық жану. Зерттеу барысында төмендегі 11 белгі бойынша әр төрт тип зерттелді және нәтижелер көрсеткендей әр типте бұл 11 белгі әртүрлі пайыздық қатынасты берген:

1. Өмірде жұмыстың алатын орны жайлы оның субъективті мәні
2. Кәсіби талаптану
3. Энергетикалық шығындарға дайын болу
4. Өзіндік жетілуге ұмтылу
5. Жұмысқа қатысты арақашықтықты сақтауға бейімділік
6. Сәтсіздік жағдайында жұмыстан бас тарта алу бағыты
7. Мәселені шешудегі белсенді стратегия
8. Ішкі тыныштық пен теңесу
9. Кәсіби іс-әрекеттегі сәттілік сезімі
10. Өмірге қанағаттану
11. Әлеуметтік қолдауды сезіну

Әр типке жеке тоқталайық.

1. G типінің үлгісі: «Кәсіби белсенділіктің жоғарғы деңгейі, жұмыстан бос болмау, жоғарғы психикалық орнықтылық, қиындықтар мен қиналуларға қарсыласа алу, позитивті сезімдердің иесі, өмірге ризашылық (салаутты өмір сүру идеалы)»;

2. S типінің үлгісі-кәсіби қиындықтарды жеңуде өзін сақтайтын, аяйтын тип;

3. A типінің үлгісі кәсіби іс-әрекеттің субъективті мәнділігінің жоғарғы экстремалды деңгейі, жұмысқа деген эмоциялық қатынаста сәйкес тепе-теңдікті таба алмайды, стресс пен зорығуға төменгі бейімдік;

4. B типінің үлгісі-іс-әрекеттің төменгі субъективті мәнділігі, төменгі стресске орнықтылықтың болуы, жұмысқа негативті эмоциялық қатынас (эмоциялық жану)

Мінез-құлықтың 4 типінің психологиялық үлгісі

Мінез-құлық типтері

Нәтижелілігі Өзін бағалау Қарым-қатынас

G типі Жұмысқа белсенді араласады, сонымен қатар әрі жұмыстан арақашықтық сақтай ала отырып, дем ала алады. Шыдамды, тәуекелге бара алады, өзіне сенімді Көпшіл, икемді, оңай ынтымақтаса алады. A типі Жұмысқа өте белсенді араласу, сонымен қатар әрі жұмыстан арақашықтық сақтай алмайды, даңқты жақсы көреді, өзін тұтасымен жұмысқа арнайды. Ашуланшақ, ренжігіш, эмоци-алы, «сыйақы алуға бағдарланған» Тәуелсізбін деп өзін көрсетеді, қолдауды күтпейді, доминант болу жолдарын іздейді B типі Шаршаған, күші жоқ, зейіннің шоғырлануы төмен, аурушаң Өзіне өзі сенбейді, өзінің айтқанын жасата алмайды, өте тез қабылдағыш Әлсіз, бірбеткей, икемді емес, көмекке шақыруды білмейді S типі Нәтижелерге жетуге төменгі дайындық, өзін сақтай береді, жанын қинамайды, өзін аяйды. Өзіне сенімді бола алады Нәтижеге жеткенге дейін ғана оңай араласады A және B мінез-құлықтары үлгілеріндегі ортақ нәрселер және соларға сәйкес интервенциялар: A және B үлгілеріндегі ортақ мәселелер Интервенциялар Ішкі тыныштық және салмақты емес, жұмыстан арақашықтық сақтауға қиынды. Оптималды жүктемені табу және оған компенсациялар (спорт, бау бақшада жұмыс, таза ауа, қимыл белсенділігі, релаксация техникасы, креативті жұмыс)

Қанағаттанбау, сәтсіздікті қайғыру Өзінің кәсіби іс-әрекеттегі рөлін түсінуді анықтау, жоғарғы және реалды емес кәсіби талаптануларды коррекциялау (A) немесе мақсатқа жету мен күтуден көңілдің қалуы (B) Әлеуметтік қолдаудың жетіспеушілігіне қайғыру Командалық рухтың дамуы, ұжымның тығыздануы, позитивті психологиялық ахуал жасауды дамыту A мінез-құлық үлгісінің сипаттамасы және соларға сәйкес интервенциялар: A үлгісі Интервенциялар Жұмыстың бір жақты мәнділігі, өзін жұмысқа толық арнау, өзін өзі қинауы Өзін ұстай алмайды, ашуланшақ, шыдамсыз Жұмыс құндылықтарының мәнділігін өмірдің басқа жақтарымен де ара-қатыстыру, «жок» деп айтуды үйрену, жұмысты индивидуалды ұйымдастыруды және уақыт менедж-ментін өзгерту, кәсіби талаптарды, үй жұмыстарын, бос уақытты теңгере алу және шоғырлау.

Өз пікіріңді білдіре алу мүмкіндіктерін стимулдау, стресс пен конфликтін шешу тренингтеріне қатысу B мінез-құлықтар үлгісінің сипаттамасы және соларға сәйкес интервенциялар: B үлгісі Интервенциялар Коммуникативті біліктіліктің жеткіліксіз

қалыптасуы Күмәндану, шығар жолдың болмауы. Тренингтердің, супервизиялардың көмегімен мінез-құлықтың тиімді коммуникативті біліктілігі мен мәселеге бағдарланған стратегияны қалыптастыру. Өзінде сенімділікті қалыптастыру, қауіпсіздік сезімі, жаңа мақсаттар мен жұмыстың мағынасын табу үшін эмоциялық сфераны тұрақтандыру бойынша индивидуалды психологикалық көмек, супервизия, коучинг. А мінез-құлықтар үлгісіндегі тәуекел топқа жататындар сипаттамасы және оларды өзгертуге әсер етулер:

Өзіне шамадан тыс талап қою. Жұмысқа бір жақты бағыттылық, жұмыста күшті, энергияны шамадан тыс жоғалту. Қанағаттанбау, өзін ұстай алмау. Жұмыс пен тайм менеджментті ұйымдастыруды индивидуалды өзгерту. Кәсіби талаптарды, үй жұмыстарын, бос уақытты теңгере алу және бір бағытта бағыттау алу. Жұмыс құндылықтарын өмірдің басқа құндылықтарымен арақатынасын орнату. Жан жарасын, шыдамсыздықты, ызалықты азайту үшін, фрустрациялық толеранттылықты жоғарылату бойынша конфликт пен стресс жағдайларын түсіретін тренингтер В мінез-құлықтар үлгісіндегі тәуекел топқа жататындар сипаттамасы және оларды өзгертуге әсер етулер: Кәсіби іс-әрекеттегі субъективті мәнділікті азайту. Бұзылған коммуникативті біліктілік Қиындықтарды жеңуге қорғану стратегиясы

Тығырықтан шыға алмау, шүбәлану, көңілдің қалуы Жаңа мақсаттар мен жаңа мағыналар табуы жасау

Коммуникациялар тренингі

Мінез-құлықтың конфликтілі стратегиясын шешуге бағытталған белсенді коммуникацияларды стимулдау

Коучинг, қажет жағдайда эмоциялық тұрақтылықты алу үшін индивидуалды және топтық психотерапия, қорқыныштарды жеңу, қауіпсіздік пен абырой сезімі

Сонымен қорыта келе келесі жағдайларды тұжырымдауға болады: зерттеулер бойынша мұғалімдердің оқу жылында алатын ауырған туралы қағазды көбінесе В тип содан соң S типі содан кейін G типі ал аз алатындар А типі екен. Германиядағы зерттеулер нәтижесінде жыныстық айырмашылықтардан, оқу формаларынан, қай облыста тұратындықтарына карамастан келесі нәтижелерді көруге болады: G типі аз (17%), тәуекелділікке барады; А және В типтерінде тәуекелділікке бару өте жоғары әрқайсысында 30% келген; А және В типтегі әйелдер үшін жастарына қарай (жұмыс өтілі өскен сайын тәуекелділікке бару В мінез-құлықта жоғарылаған.

Педагогтардың коммуникативті біліктілігіне коммуникация бойынша бірнеше әдістемелерді де ұсынуға болады. Мәселен «Төрт құлақ» әдістемесі.

Коммуникацияға тек айтылған немесе жазылған сөздер ғана емес, мимика, интонация сияқты вербалды емес белгілер де жатады. Әркім өзі айтқанының тыңдап тұрған адам басқаша қабылдаған кездер болатындығы белгілі. Бұның мағынасын қарым-қатынас психологы Фридманом Шульц фон Тун «Бір қарым-қатынастың төрт жағы» (2001) атты моделінде түсіндіреді. Оның моделіне сәйкес біз «төрт тілде» сөйлейміз және «төрт құлақпен тыңдаймыз». Осы жағдайларды кеелсі мақалада жариялаймыз деп үміттенеміз.

Педагогикалық біліктілікті қалыптастыруды немістің жоғарғы оқу орындары университет қабырғасында бастайды. Мәселен білім беру сферасын басқару іс-әрекетін ұйымдастыру, репетиторлықтың көмегімен кәсіби біліктілікті жетілдірудің практикалық аспектілерін және педагогикалық іс-әрекетті психологиялық қолдау сияқты арнайы бағдарламалармен жұмыс жасап кәсіби тәжірибелер жинай бастайды.

Біз өз жұмысымызда Германияның психологиялық тәжірибелерін өзіміздің білім кеңістігінде қолданудың жолдарымен арақатыстырып отырмыз. Жоғарғы білім беру сапасы бойынша халықаралық рейтингтерде жоғары орында тұрған Германияда педагог мамандығы ең мәртебелі, сұранысқа ие және мемлекеттік қызметкер мәртебесі берілгендіктен жастардың арасында педагог мамандығын таңдайтындар жылдан жылға артып келеді. Қорыта айтсақ педагог мамандығының мәртебесі өте жоғарғы беделге ие, соларға қарап біздерде ойланып, осы бағытта жұмыс жасауды мақсаттанамыз.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Antonovsky, A. (1987). Unraveling the mystery of health. How people manage stress and stay well. San Francisco, CA: Jossey-Bass.
2. Arold, H. & Schaarschmidt, U. (1998). Interventionsmöglichkeiten bei Risikotypen. In T. Roginska, W. Gaida & U. Schaarschmidt (Hrsg.). Psychische Gesundheit im Lehrerberuf [Zdrowiepsychiczne w zawodzienauczyielskim]. S.55-60. Universitat Potsdam.
3. Becker, P. (1986). Theoretischer Rahmen. In P. Becker & B. Minsel (Hrsg.). Psychologie der seelischen Gesundheit. Bd. 2: Persönlichkeitspsychologische Grundlagen. Bedingungsanalyse und Förderungsmöglichkeiten. Göttingen: Hogrefe.
4. Friedman, M. & Rosenman, R. H. (1974). Type A behavior and your heart. New York: Knopf.
5. Hacker, W., Reinhold, S., Damm, A., Wollenberger, E. (1995). Beanspruchungsscreening bei Humandienstleistungen (BHD-System). Forschungsberichte Bd. 27. Dresden: Technische Universität. Intraindividual change. European Journal of Personality, 6, p. 103-117.
6. Oelkers, M. (1998). Die Analyse physiologischer Parameter in Stresssituationen bei den AVEM-Typen. In T. Roginska, W. Gaida & U. Schaarschmidt (Hrsg.). Psychische Gesundheit im Lehrerberuf. [Zdrowiepsychiczne w zawodzienauczyielskim]. S.39-54. Universität Potsdam.
7. Schaarschmidt, U. & Fischer, A.W. (1996). AVEM – Arbeitsbezogenes Verhaltens- und Erlebensmuster. Frankfurt/M.: Swets & Zeitlinger. Computerversion im Rahmen des Wiener Testsystems, Wien/Modling: Schuhfried Ges.m.b.H.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Масатова Н.Б., Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Психикалық денсаулықтың қалыптасуы дене гигиенасын, психогигиенаны, өзін тәрбиелеуді, өзін басқаруды талап етеді.

Психологиялық өзін-өзі басқару адамның оған тән психикалық құбылыстарға (процесстер, жағдай, құрылым) саналы әсер етуімен түсіндіріледі. Психикалық өзін-өзі басқару мен өзін-өзі реттеу өзара біртұтас және дербес ара қатынаста болып табылады: басқару өзіне реттеуді қосады. Өзін-өзі басқарудан өзін-өзі реттеуге көшу – бұл түпкі ойдан, идеядан оны өмірге келтіруге көшу. Егер өзін-өзі реттеу, ереже бойынша, жақындағы болашақтың міндеттерін шешуге бағытталған болса, онда өзін-өзі басқару одан да ұзақ уақыттық жетістіктерге мақсатталуы мүмкін – өмірлік жолды таңдау, өзіндік жетілудің міндеттерін қою, мақсаттарды бірізділеу, өзін-өзі тәрбиелеу. Өзін-өзі реттеу – бұл:

– Болжамдау процесстерінің негізінде іс-әрекетті бағдарламалаудың айырықша деңгейі;

– Адамның өзінің эмоциясын, сезімін, алаңдаушылығын басқаруы;

– Жеке психофизиологиялық функциялар мен толық жүйке-психикалық күйінің мақсатты өзгеруі;

– Іс-әрекеттің амалы мен сипатын мақсатты саналы таңдау;

– Адамның әрекеттік белсенділігінің «ішкі» реттелуі;

– Индивидтің әрекеті мен қылығына ішкі мен сыртқының өзара әрекеті және т.б. Тәжірибелік көзқарасқа сүйене отырып, өзін-өзі реттеу көбіне адамның өзіндік эмоцияларын, сезімдерін, алаңдаушылықтары және салдар ретінде – жүріс-тұрысын, қылығын басқаруға деген ықыласына байланысты болады. Психологиялық ғылымда психикалық өзін-өзі реттеу деңгейлерінің классификациясына көптеген көзқарастар бар. Психикалық өзін-өзі реттеу деңгейлерін психофизиолог Л.П. Гримак өзін-өзі реттеудің үш деңгейге бөліп көрсетеді:

– Ақпараттық – энергетикалық;

– Мотивациялық;

– Эмоционалды-еріктік;

Әлеуметтік көмекті жалпыланған көріністе қиын жағдайдың ортасындағы тұлғаға көрсетілетін әртүрлі көмек ретінде анықтауға болады. Мұнда ең алдымен, мәселелі жағдаяттар, стресс жағдайлары, сыни өмірлік уақиғалар және т.б. кіреді. Әлеуметтік көмек үш негізгі элементтен тұрады:

1. Эмоционалды көмек: өзара түсіністік, эмпатия, жағымды бекініс

2. Мәселені шешуде көмек: жаңа түрдегі емес-біреу үшін жұмыс жасау; жаңа түрдегі – мәселені шешуге көмек, мәселенің бірлескен анализі, басқа жақтың қажеттілігі мен білдірген қалауына кеңестер мен ақпарат беру.

3. Қауіпсіздік сезіміне кепілдеме беретін, тұлғаның белсенділігін көрсететін, қиын жағдайды уайымдаудан арылтуға мүмкіндік беретін нақты тұлғалардың әлеуметтік көмегі.

Жақын айналадағылардан әлеуметтік көмек әртүрлі формалар түрінде болуы мүмкін: кеңес беру, керекті ақпарат айту, эмоционалды уайымды жеңуге қолдау көрсету, әңгімелесу, бірлескен әрекеттер жасау және т.б.

Қолдаудың формалары: ресми және ресми емес болып бөлінеді. Біріншісі студенттік әрекетті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар тобы: кітапхана, стипендия, куратор, студенттердің мәселелерін шешуге көмектесетін, студенттік өмірді ұйымдастырумен байланысты арнайы студенттерге арналған клубтар қызмет етеді.

Стресс мәселесі мен психикалық денсаулық шеңберінде бірінші жоспарға қолдаудың екінші түрі – ресми емес әлеуметтік қорғау шығады. Мұнда, ең алдымен, студенттердің өздерінің қолдаулары, сонымен қатар, ұстаздар жағынан да қолдау кіреді. Кәсіби іс-әрекеттегі стресс факторларын зерттеу жұмыстары әлеуметтік қолдау – стрессті жағдай

редукцияның бір шарты болып табылатынын көрсетті. Мұның астында қызметтестер жағынан жұмыс жайында және кәсіби мәселені шешудегі басқару арқылы көмек пен бірлескен әрекеттері. Критикалық жағдайларды олар маңызды қорғаушы, адамның психикалық денсаулығына әсер ететін психологиялық фактор болып табылады. Жеткіліксіз әлеуметтік көмек өз әрекетінің нәтижесіне қанағаттанбау, қалауынсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін. Сын айту мен фрустрацияның мысалы болып айналадағылардың жеткіліксіз әлеуметтік қолдауы нәтижесінде туатын кәсіби құлаудың симптомы – деперсонализация болып табылады. Орындалған әрекет пен жағымды қайтарылған ақпарат нәтижесінде өз үлесінің арасындағы сәйкес келмеушілік, өз кезегінде, мотивацияның төмендеуіне әкелетін гратификация кризисіне әкеледі.

А. Эллис денсаулық психологиясының көрсеткіштерін төмендегідей бөліп қарастырды:

1. Өз-өзіне қызығушылық (адамның эмоционалдық және сезімталдық көрнісі);
2. Жалпы қызығушылық (адамдардың өмірде өзін жайлы, бақытты сезіну);
3. Өзін-өзі басқару (өзін-өзін бақылау);
4. Икемділік;
5. Шығармашылыққа жоспарға бағдар;
6. «Ғылыми» ойлау;
7. Өзін-өзі қабылдау;
8. Тәуекелділік;
9. Өзара қатынас – деп қарастырған болған болатын.

Реттеудің бұл деңгейі физиологиялық жүйенің энергетикалық мобилділіктің психикасының оптималды қызмет етуін жүзеге асыруға көмектеседі. Психиканың жұмыс режимі сол сәтте шешілетін тапсырманың режимімен және оның тиісті энергиямен анықталады. Жүйке энергиясын нәтижесінде туындайтын артық шамадан тыс психикалық белсенділігі байқалған кезде сөзінде, мотор ішкі ағзалардың физиологиялық жүйесінде жауап беру арқылы разрядталады. Психикалық қызметінің болмауы ұйқылы-ояу күйінде деңгейін арттыру, ми шығарылатын жүйке импульсінің үлкен санын өндіруге қаңқалық бұлшық жергілікті немесе жалпы стресс тудыратын ми тетіктерін, енгізу жүреді.

Өзін-өзі реттеудің ынталандыру (мотивациялық) деңгейі- кез-келген өзін-өзі реттеу үдерісі ынталандыруды өзін-өзі реттеуден басталады. Адамдардың мотивациялық өзін-өзі реттеуінің ерекшелігін анықтайтын психологиялық бағыттағы негізгі 3 топ факторын бөліп көрсетуге болады.

1. Жеке – тұлғалық фактор;
2. Жалпы өзіне-өзі көңіл толмаушылықты тудыратын факторлар;
3. Мән-мағына құрушы фактор;
4. Жеке -тұлғалық фактор.

Мотивация күші, яғни адамның кез-келген нәрсеге қызығушылығынан байқалатын белгілі қарқындылықтағы психикалық энергияны құрайды. Кез-келген адам белгілі бір деңгейде өзінің жақсы немесе жаман қасиеттері мен әуестіктерін сезінеді, олардың тұрақтылығына және олардың ішкі жан дүниесіндегі алатын деңгейіне өзіне-өзі жауап бере алады. Бірақ адам өзінің шынайы өмірлік қажеттіліктері мен талпыныстарын сезінбеуі мүмкін. Біздің мотивациялық сферамызда бейсаналы нақты емес талпыныстар мен ниеттер өте көп, алайда олар активизациялаушы қызмет атқарады.

Мотивациялардың мағыналық қанықтығы тұлғаның өмірінің индивидуалды мағыналығын сипаттайды.

1. Мотивациялық тенденциялардың тұтастығы-тұлғаның қызығушылықтарының бағыттылығын, әлеуметтік-психологиялық төзімділігін бейнелейді. Осы қасиеттердің жеткілікті дамымауы өмірлік жоспарлар мен талпыныстардың бытыраңқылығы, олардың бірімен байланыссыздығынан көрінеді.

2. Мотивацияның шынайылығы. Қойылған мақсаттарға қалай және қандай әдістер арқылы жету керектігіне өзіне нақты ұғыну. Бұл жағдайда мінез-құлық шынайы ниет-

терінен өзгешеленбейді. Кері жағдайда адам мақсат жүзеге асыруға кедергі келтіретін күтпеген жағдайларға жиі кездеседі.

3. Мотивациялардың эмоционалды тұрақтылығы. Мотивациялары эмоционалды тұрақты адам – көңіл-күйіне қарай өз мақсаттарын және ниеттерін өзгертуге бейім болмайды.

4. Мотивациялардың ситуативті тәуелсіздігі, яғни мотивациялардың уақыттан тәуелсіздігі, адамның күнделікті мінез-құлқына келешектегі мақсаттары әсер етеді. Ситуативті тәуелділік – адам тез импульсивтілік көрсетеді, оның мінез-құлқына жағдаяттар мен сыртқы жағдайлар әсер етеді.

Жалпы өзіне-өзі көңіл толмаушылықты тудыратын факторлары қажеттіліктердің депрессивтілігі – өзінің өмірлік жағдайына бейсаналы, төмен деңгейдегі қанағаттанбаушылық сезімі екіге бөлінеді:

– Мотивтерді қабылдау кризисі – осы жағдаятта адамның нақты, соңғы таңдау жасай алмауымен сипатталатын күй.

– Мотивтерді жүзеге асыру кризисі – өзіндік жоспар, мақсат, ниеттерінің бұзылуымен негізделеді. Жағымсыз күйзелістермен, өмірге жалпы қызығушылығының төмендеуіне дейін алып келуі мүмкін. Мән-мағына құрушы фактор:

1. Сырттай жанама регуляция. Өзін-өзі реттеуге тікелей емес өзіне әсер ету әдістері қолданылмайды (өзін-өзі сендіру, бұйрық беру), міндетті емес, назарын аударушы әрекеттер (хобби, серуен, саяхаттау) қолданылады.

2. Белсенді мағыналық реттеу. Тура интеллектуалды қабілеттерді, пайда болған жағдаятты қайта ойлау, өз қажеттіліктері мен ниеттеріне басқа позициядан қарау, өмірге жанаша көзқарас ашуды қажет етеді.

3. Резервтік мотивация. Резервтік мотивацияға қажеттілік қосымша қозғаушы ресурстар қажет болғанда пайда болады. Тікелей мотивациялық өзін-өзі реттеу әдістері:

1. Аутогенді жаттығу. Аутогенді жаттығу әдіс ретінде өзімен құрылған диалогты тәсіл ретінде қолданады, оның нәтижесіне сәйкес психикалық құрылымдардың орнығу сапасын анықтауға болады.

2. Өзіндік – гипноз. Ол өзімен әңгімелесудің жүйесі, үш кезеңнен тұрады:

– «Өзіндік мотивтердің ревизиясы»;

– Адам ойша өзін бақылайды, өз армандарын, талпыныстарын, өмірлік мақсаттарының моральдік тазалығын бағалайды;

– Нәтижесінде әлсіз тұстарын анықтайды. Адам мотивтер жүйесін түзейді, ішкі мақсаттарын жаңартады.

Бұл категорияға адамның еріктік үрдісі қатысатын кездегі қабілеттердің, ерекшеліктердің психологиялық басқарылу мүмкіндіктерін айтамыз. Басқа сөзбен айтқанда, өзін-өзі реттеу дегеніміз – адам шұғыл жағдайларда өзінің мінез-құлқын және іс-әрекеттерін басқара алуын, саналы түрде сезімдерін және өзін-өзі игере алу қабілетін айтамыз. Өзін-өзі реттеуді еріктің эмоцияны басқарып тұрған кез-келген уақыттағы эмоция мен еріктік компоненттің балансы ретінде қарастырсақ болады. Еріктік іс-әрекеттің қорытынды нәтижесі күрделі «өзін-өзі түзетуге» алып келеді, яғни өзі-өзімен сөйлесудің нәтижесінде болады. Автокоммуникация тек еріктік, логикалық әрекетке алғышарт болып табылады. Нақты іс-әрекет үшін адам өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі реттеудің дамыған механизмін игеру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жубаназарова Н.С., Төлешова Ұ.Б. Денсаулық психологиясы // Оқу құралы Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 120 б.
2. Ананьев В.А. Практикум по психологии здоровья. Методическое пособие по первичной специфической и неспецифической профилактике. – СПб.: Речь, 2007. - 320 с.
3. Гримак Л.П. Резервы человеческой психики. М., 1989.

СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Кайбулдина Г.К., Ақтөбе көлік және коммуникация колледжінің арнайы пәндер кафедрасының оқытушысы, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

«Құзырлық» сөзі «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне баса назар аударамыз. Бұл туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) – жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген.

Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында «құзырет (компетенция)» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген. Латын тілінен аударғанда «құзырлық – өз ісін жетік білу, танымы мол, тәжірибелі» деген мағынаны білдіреді. Белгілі бір саладағы құзырлықты меңгерген тұлға өз саласына сәйкес білім мен біліктілікпен қаруланған қандай да бір негізі бар ой-тұжырым жасайтын және тиімді әрекет ете алатын адамды есептеуге болады. Енді осы ұғымдардың мәнін тереңірек талдайтын болсақ, онда «құзыр» – тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білімі, біліктілігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы, ал «құзырлық» – адамның іс-әрекеті саласына сай құзырлықтарды меңгеруі.

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н. Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажет қабілеттіктер деген түсінік берді. «Құзыреттілік» ұғымы бүгінгі күні оқыту үдерісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда. Оқыту үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. Жалпы алғанда, құзыреттілік дегеніміз- жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. Құзыреттілік дегеніміз – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» -қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) –оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені.

Коммуникативтік құзыреттілік өз ана тілін және басқа тілді білудегі қабілеттілігін қарастырады. Ол құрамына қарай 5 негізгі бөлікке бөлінеді.

- Грамматикалық құзыреттілік;
- Социоллингвистикалық құзыреттілік;
- Дискурсивті құзыреттілік;
- Стратегиялық құзыреттілік;
- Социомәдениеттік құзыреттілік.

Ш.Таубаева: «Құзыреттілік – ол тұлғаның оқыту және әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті» – деп қарастырады. Л. М. Митина «құзыреттілік» ұғымына «білім, дағды, білік, сонымен қатар практикада, тілдесімде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері» деген анықтама береді. Г.Ж. Ниязова зерттеу жұмысында «құзыреттілік» ұғымына «Білім беру құзырлары – бұл студенттің мағыналық бағдарлары, білімдері, біліктіліктері мен тұлғалық және әлеуметтік іс-әрекетін жүзеге асыруына қажетті нақты анықталған объектілер шеңберіне қатысты тәжірибелерінің жиынтығы»деп,-анықтама береді. Б. Т. Кенжебеков

құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау қажет. Кез-келген қызметкер, өз әрекетімен кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады»- деп анықтама береді.

Құзыреттілік – танымдық, кәсіптік, шығармашылық қызмет атқарудың және өзгелермен эмоциялық құндылық, қатынастар жасаудың әлеуметтік – тәжірибелерін меңгеріп, азаматтық қоғам жағдайында өмір сүруге қабілеттік болып табылады деген тұжырым қабылданған. Құзыреттілік – құзыреттерді меңгеру деңгейі. Құзыреттілікке мынадай балама беруге болады: құзыреттілік – білім алушының өзін қоршаған өмірдегі объектілермен жек тұлға ретінде және әлеуметтік – маңызды қызметтік қатынастар жасауда оға қажет болатын білім, білік, дағдылар бағдарлары мен әрекет ету тәжірибесінің өзара байланысқан қосындысы.

Ақпараттық құзыреттілік – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Ғылыми әдебиеттерде «ақпараттық құзыреттілік», «компьютерлік құзыреттілік» ұғымдары жиі кездеседі. Соңғы уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологияның жедел дамуына байланысты «ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік» ұғымды қолданған аса тиімді.

Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік – бұл адамдардың кез келген мәселе мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құрылғылармен және телекоммуникациямен шешу қабілеті. Ол бүгінгі педагогикалық технологияны пайдаланудағы тиімді әдістердің бірі болып табылады. И.П.Волков оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу үдерісін сипаттау жолдарын, В.В. Беспалько оқу үдерісін іске асырудың мазмұнды техникасы, В.М.Монахов оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және жүргізу бойынша біріккен педагогикалық қызметтің моделін, Г.К.Селевко мазмұнды қорытындылау мәселелерін қарастырды. Ақпараттық құзыреттілік:

- сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға;
- өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, жоспарлауға және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыруға;
- өз бетінше табуға, талодауға, іріктеу жасауға, қайта құруға, сақтауға, түсіндіруге және ақпараттарды тасымалдауды, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияның көмегімен жүзеге асыруға ;
- логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, қорыту, құрылыидау, тікелей және жанама дәлелжеме, моделдеу, ойлау эксперименті материалдарды жүйелеу қолдана отырып, ақпаратты өңдеуге;
- қызметін жоспарлау және жүзеге асыру үшін ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Коммуникация (лат. communication байланысамын, катынасамын) (катысым) – адамдардың танымдық-еңбек процесінде катынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады. Адамзаттық коммуникацияның хайуанаттар коммуникациянан басты ерекшелігі – оның тіл арқылы жүзеге асырылуы. «Коммуникация» – бұл тілдесу (вербальды) және тілдеспей, ыммен түсінісу (вербальсыз) ақпарат алысу.

Вербальды ақпарат – сөйлем арқылы түсінісу немесе сезімді, ойды, байқағандарын жазу арқылы жеткізу. Вербальсыз ақпарат – ақпаратты сөз құрамдарынсыз немесе жазбай-ақ жеткізу. Коммуникацияның негізіне – бірге қиналыс білдіру, сыйлау мен шынпейілділік, өзара түсіністікті жеңілдететін факторлар жатады. Мейірбике үшін бұл процесстің мақсаты науқастың бойында қалған құпияны зерттеп- білу болып табылады. Осындай оқып – зерттеудің, білудің нәтижесінде науқас жайында, сондай-ақ өзі жайында да хабардар бола алады.

Ғалым Ф.Ш. Оразбаева «коммуникация» термині туралы былай тұжырымдайды: «коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу,

байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдік әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тіл – оқу үрдісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады: ол оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы деп санаймын. Диалог-екі жақты құбылыс. Қарым-қатынаста көзделетін мақсатқа орай диалогтың өзіндік әртүрлі ерекшеліктері болады:

- күнделікті тұрмысқа байланыстылығы;
- ресми қарым-қатынасқа құрылуы;
- ым-ишараттың, дене қимылының белсенділігі;
- эмоционалды-экспрессивтілігі, әсерлілігі;
- сөйлемдердің ықшамдалуы;
- сөйлейтін сөздің алдын-ала жоспарланбауы;
- ауыз-екі стилінің ерекшеліктерінің басым болуы.

Коммуникативті құзырет – бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, оқушылар арасындағы сенімділік, бірін – бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жанжалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері қалыптасады. Студент жастардың коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру сабақта және сабақтан тыс іс-шаралар арқылы қалыптастырып отырамыз. Әрбір болашақ маман коммуникативті құзыреттіліктерін дамытып отыруға тиістіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф.Ш. «Тілдік қатынас теориясы және әдістемесі», 2005, 272 б.
2. Коноваленко, М. Ю. Теория коммуникации / В. А. Коноваленко, М. Ю. Коноваленко. – М.: Юрайт, 2012. - 415 с.

КРЕАТИВТІЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Ашекеева Қ.Н. ф.ғ.к., педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Мұқтар Т.Т. педагогика және психология мамандығының 1 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. tolganai.mukhtar@mail.ru

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру парадигмалары жаңаша бағытта өзгеруде. Нақтырақ айтқанда, бұрынғы "білім, білік, дағды" парадигмасынан "нәтижеге, жеке тұлғаға бағдарланған" білім беру парадигмасына ауысуда. Ол дегеніміз – оқушылардың, студенттердің бұрынғыдай білім, білік, дағдыны меңгеріп қана қоймай оны өмірмен байланыстырып, өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетінің болуына; алған білімін одан әрі жетілдіріп, ізденіп өзіндік нәтиже көрсетуіне; сонымен қатар әрбір жеке тұлғаның кез-келген проблеманы шеше алатындай ойлау деңгейінің, дарындылығының, шығармашылығының жоғары болуына; жан дүниесінің рухани баюына, дара тұлға ретінде қалыптасуына айрықша көңіл бөлінуде. Жаңа білім беру парадигмасының мақсаты – рухани бай, креативті ойлайтын интеллектуалды тұлға қалыптастыру. Олай болса "креативтілік" мәселесін зерттеген ғалымдар еңбектерін сараптай отырып "креативті ойлау" ұғымының мәнін ашып алайық.

XX ғасырдың 50-жылдары креативтілік мәселесін зерттеудің қарқынды дамыған кезі болды. Р.Холлмен "креативтілік жаңа тәсілмен жүзеге асқан қабылдау ағымы", Маккеллар "жаңа байланыстар табу қабілеттілігі", Кюби "жаңа қарым-қатынастың пайда болуы", Роджерс "жаңа шығармашылық негізінің пайда болуы", Миррей "жаңалықты жасау, тануға ұмтылу", Лассуэль "жаңаны дүниеге әкелетін ақыл-ой әрекеті", Жерар "жаңа ұйымдастыруға тәжірибені трансформациялау", Тейлор "мағынаға констелляциялық қиялдау" [1.10] деп әр ғалым әрқилы анықтама берді.

Креативтілік туралы терең зерттеу Дж. Гилфорд еңбегінен кейін кеңінен тарала бастады. Дж. Гилфорд ақыл-ой операцияларының екі түрінің – конвергентті және дивергенттілігі арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді.

"Конвергентті ойлау адамға көптеген міндеттерді шешуде бір ғана дұрыс шешімін табуға қажетті болады. Дегенменде нақты шешімі бір ғана емес бірнеше болуы да мүмкін, бірақ шешім көптігі шектеулі болады. Ал дивергентті ойлау дегеніміз – әр бағыттағы ойлау типі" [2.433] деген анықтама береді. Бұл ойлаудың түрі мәселені шешуде әрнұсқалылық, ойламаған нәтижелер мен қорытындыларға әкелетіндігін айтады. Дж. Гилфорд дивергенция операциясын қайта жаңару немесе импликация, шығармашылық қабілет ретінде креативтіліктің негізі деп түсінген. Оның креативтілікке берген анықтамасы: "креативтілік дегеніміз – дивергентті ойлау".

Дж. Гилфорд креативтіліктің төрт маңызды көрсеткішін анықтады:

- 1) төтенділік – алыс ассоциацияларды қамтамасыз ету қабілеттілігі, ерекше бөлек жауап қайтару;
- 2) семантикалық қабілеттілік – объективті қызметін айқындап, жаңа қолданыс ұсыну;
- 3) образды бейімделу қолайлығы – форманы қолдануға қажетті жаңа белгілерін байқау үшін стимул өзгерту;
- 4) семантикалық спонтанды қолайлылық – әртүрлі жағдайда әртүрлі идеяларды ойлап табу.

Кейінірек Дж. Гилфорд креативтіліктің алты параметрін көрсеткен:

- 1) проблеманы қою және байқау қабілеттілігі;
- 2) көп идеялар қабілеттілігі;
- 3) бейімділік қабілеттілігі – әртүрлі идеяларды еске алу;
- 4) төтендік қабілеттілігі – дәстүрден тыс жауап беру;
- 5) объектіні детальдар қосып жетілдіру;
- 6) проблеманы шеше білу қабілеттілігі, яғни талдау мен жинақтау қабілеттілігі.

К.Тейлор, В.А. Терехов, О. Тихомиров "креативтілік – жаңаны ойлап табу немесе шығармашылық ойлау нәтижесі" десе, Р.Арнольд "Шығармашылықты сол объектімен бақылауға болмайды, ол – өндіретін нәтиже. Креативтілік – ол білімнің толық ашылуы, эвристикалық іс-әрекет деген атқа ие болады" деген. В. И. Андреев, Ю.К.Клюткин, В.Н. Пушкин, А.В.Хуторской: "Креативтілік білім беру мен өз бетімен біліктілігін жетілдірудің біртұтастық жүйесі эвристикалық оқыту принциптерінен бастау алады" дейді. Г.С.Альштуллер, А.А. Гин, А.В.Бычков: "Жаңалықты ашу, ойлап шығару негізінен креативтілік оқу жүйесін меңгерген адамдарда қалыптасады. Креативтік оқыту технологиясы алға қойған мақсатты орындау, соңғы нәтижесіне жетуге бағытталады" дейді. А.В. Морозов "креативтілік индивидтің интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерінің кешені, проблеманы өз бетімен шешетін, жаңа оригиналды идеялардың туындауы және проблеманы қалыптан тыс шешуі" [3.123] деген. Міне осындай креативтілікке берген ғалымдардың анықтамалары қаншама. Ғалымдардың бұндай көзқарастары тереңнен дәлелденген және мойындалған. Егер креативтілік аталған позициялардың бірімен ғана анықталатын болса, оның зерттеу проблемалар ауқымы тарылып, біржақты ғана қаралар еді.

Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінің "Педагогика және психология" бөлімінде "креативтілік (лат. creatio – жасау) – адамның шығармашылық дарын деңгейі, шығармашылық қабілеті" деп көрсетіледі.

Философиялық сөздікте "креативтілік" – creatio – "ойлап табу, жасап шығару" делінген. Ойлап табу қабілеттілігі – проблема мен ситуацияны жаңа өзгеше көзқараспен қарайтын шығармашылық қабілет. Ал шығармашылық қабілет индивидтің ойлау қабілетінен, еңбек әрекетінен, туындыларынан, жан дүние әрекетінен көрінеді.

Психология-педагогикалық сөздікте "креативтілік" түсінігі ойлау кезінде, сезімде, қарым-қатынаста, әрекеттің жеке түрінде көрініс табатын адамның шығармашылық мүмкіндіктері; түрлі оригиналды идеяларды тудыру қабілеттілігі деп қарастырады; тар мағынада, креативтілік – дивергентті ойлау, яғни дұрыс шешім табу мақсатында вариативті іздеу қабілеттілігі. Кең мағынада, креативтілік – шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттер, жаңаны тәжірибеде жүзеге асыру, жаңа проблемалар аясында жаңа идеяларды тудыру қабілеттілігі деп қарастырылады [3. 34].

Классикалық психология мен педагогиканың түсіндіруінше, бұл ұғым "шығармашылыққа қабілеттілік", "шығармашылық белсенділіктің айрықша формасы", "жаңа дағдыларды қалыптастыратын және жаңа ұғымдарды шығаратын индивидтің қасиетін бйнелейді", "өзінің қабілеттерін дамытуға және қолдануға дайын болуы" және тағы басқа ретінде баяндалады.

Креативтілік дәрежесін анықтау үшін Дж. Гилфорд креативтілік деңгейін сипаттайтын болжамды интеллектуалды қабілеттерді көрсетті. Олар мыналар:

1. Ойдың қозғалмалылығы – уақыт бірлігінде пайда болатын идеялар саны.
2. Ойдың ауыспалылығы – бір идеядан екінші идеяға көше алу қабілеті.
3. Оригиналдылық – қоғамдық пікірлерден ерекшеленетін жаңа идеяларды тудыру қабілеттілігі.

4. Әлемде болып жатқан нәрселерге сезімталдылық.

5. Болжам құруға қабілеттілік.

6. Ирреалдылық – реакцияның стимулдан логикалық тәуелсіздігі.

7. Фантастикалылығы – жауаптың реалдылықтан толықтай алшақ болуы.

8. Мәселелерді шешу қабілеттілігі, яғни анализ бен синтезділік.

9. Белгілі объектті жаңашалау қабілетілігі.

Е.П. Торренс креативтілікті сипаттайтын негізгі параметрді бөліп көрсетті:

– жеңілділік – мәтіндік тапсырмаларды орындау тезділігі;

– ауыспалылығы жауап беру кезінде бір объектіден екінші объектіге көшу саны;

– оригиналдылық;

– тапсырмаларды орындау нақтылығы.

Оспанова Б.Қ., Жолдыбекова А.Т. "Креативтілік" феноменінің мазмұнын анықтайтын факторлары ретінде мыналарды атап өтеді:

1. Жылдамдық факторы көп мөлшердегі идеяларды тудыру қабілеттілігін сипаттайды және сөздік жүйелер немесе суреттер түрінде көрініс табады.

2. Ауыспалылық факторы – түрлі идеяларды ортаға салу қабілеттілігін бағалайды және бір мәселе аспектісінен екіншісіне көше алумен, мәселені шешудің түрлі стратегияларын қолданумен ерекшеленеді. Ауыспалылық көрсеткішінің төмен дәрежеде болуы ойлаудың регидтілігін дәлелдейді. Бұл көрсеткіштің интерпретациясы вербалды емес тесттерде көрінеді.

3. Оригиналдылық факторы қрапайым, күнделікті ойлардан ерекшеленетін басқа идеяларды ұсыну қабілеттілігімен сипатталады. Әдетте оригиналдылықтан жоғары ұпай алатындар жоғары интеллектуалды белсенділікпен сипатталады.

4. Өңдеу факторы тек қана пішінді тесттерді бағалауда қолданылады. Бұл фактордың жоғары дәрежеде болуы оқудағы үлгерімнің жақсы болуымен және конструктивті әрекетке бейімділікпен ерекшеленеді.

5. Нақты фактор – шығармашылық ойлаудың логикалылығымен, адекватты шешім таңдаумен ерекшеленеді [4.116].

Қорытындылай келе, жоғарыдағы барлық философия мен психологияда «креативтілік» категориясын зерттеу мен анықтауда негізгі төрт бағыт айқындалады:

1. Креативтілік – шығармашылық процесс. Зерттеушілердің бұл пікірімен келіспеу мүмкін емес.

2. Креативтілік – жаңаны құрумен байланысты әрекет нәтижесі, шығармашылық өнім.

3. Креативтілік – интеллектуалдылық немесе шығармашылық қабілет.

4. Креативтілік – тұлғалық категория, мінез-құлық ерекшелігі.

Осы төрт бағыт өзара байланысты: креативті тұлға креативті процеспен айналыса отырып, креативті нәтиже береді [5. 283]

Креативтіліктің негізгі шартының бірі – адамның өзін-өзі ұстауы мен өзіне деген сенімділігі, өзін-өзі жетілдірілуі мен тәрбиелеуі. Креативтілік тек қана ойлау операцияларының сапасымен ғана емес, тұлғалық мінездемемен, креативтілік кезеңдеріне қажетті білім, білік, дағдыны меңгеру деңгейімен ерекшеленеді.

Сонымен, жоғарыдағы креативтілік ұғымдарына берілген түсініктерді, анықтама-ларды қорытындылай келе "креативті ойлау" дегеннің не екеніне тоқталайық.

Креативті ойлау дегеніміз – тұлғаның жан-жақты, терең, интеллектуалды, шығармашылық, белсенді және жаңаша ойлау түрі. "Креативті ойлау – ойлаудың ең жоғарғы деңгейі" десек те қателеспейміз.

Бүгінгі таңда педагогтарға қойылып отырған негізгі талаптардың бірі оқушылардың, студенттердің креативті ойлауға бейімділігі мен арнайы қабілеттерінің дамуын қарастыру болып табылады. Міне, сондықтан да педагогтар "креативті ойлау" ұғымының мәнін түсініп, оны әрбір оқушының немесе студенттің бойында қалыптастыруға, дамытуға айрықша көңіл бөліп, соған сай технологиялар, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана алуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нағымжанова Қ.М. Креативтілік феноменінің педагогика мен психологияда дамуы. – Білім – Образование. – Алматы, 2006. №2(26)
2. Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта. – Москва, 1965
3. Морозов А. В. Диагностика креативности // Монография. – Москва, 2002
4. Оспанова Б.Қ. Жолдыбекова А.Т. Психологияда креативтілікті анықтауға арналған диагностикалық жұмыстар. Қазақстан жоғарғы мектебі. Алматы, 2016. №1
5. Хуторской А.В. Современная дидактика. – Санк-Петербург, 2001

СОЦИОНИКАНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ПСИХИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

*Сайлинова Қ.Қ., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан.
Телагысова Г.С., №169 мектеп-лицейінің мұғалімі, Алматы қ., Қазақстан.*

Соционика дегеніміз психиканың жұмыс істеу қабілеті, ақпараттың қалай өңделетіні, тұлғаның психикасы басқа адамның психикасына қалай әсер ететіндігі, психиканың сыртқы ортамен қалай ақпарат алмасуы туралы ғылым. Социониканың мақсаты тұлғалық қарым-қатынастарды оңтайландыру болып табылады. Соционика ғылымында адам психикасының құрылымы туралы көп нәрсені айтуға болады, ол адамның мінез-құлқын бірнеше санын сипаттау үшін өте қысқа тілде қолданылады. Соционика ХХ ғасырдың 70-жылдарында пайда болған және оның негізін салушы литвалық әлеуметтанушы Аушра Августинавичюте болды. Осы тұжырымдаманың негізгі идеялары 1980 жылы «Адамның қосарлы табиғаты туралы» жұмысына ұсынылды. [1, 6-бет]

Тарихи соционика және оның типологиясын белгілі швейцариялық психолог Карл Густав Юнгтың адамның типологиясын зерттеу, кеңейту және жалпылау негізінде қарастырды. К.Юнгтің тұжырымы, екі психологиялық тұрғыға: сыртқы, объективті дүниеге бағытталған, ішкі, субъективті дүниеге бағытталған, психикалық функциялар туралы түсінікпен бірге ойлау мен сезімді енгізді. Сезім және түйсік – бұл негізгі психикалық функциялар. Соционика әр адамның психикасын қоршаған әлемнің барлық алуан түрлілігіне қатысты ақпаратты қабылдайтын және өндейтін заңдарды зерттейді. Осы модельдің көмегімен біз басқа адамдардың іс-әрекетіне болжам бере аламыз, олардың сапасы мен әлеуетін белгілей аламыз, олардан не күтуге болатынын түсіне аламыз.[2, 12 бет]

К. Юнг теориясының психикалық функцияларына (оның теориясында бұл психикалық процестердің сандық сипаттамалары болды) Аугустинавичютаға "ақпараттық мета-болизм нұсқаларының" формасын берді. Сондай-ақ, ол қоршаған шындықты қабылдау процесінде адам психикасы сегіз дискретті (үзілген) социондық функцияларды іске асырады деп болжады:

1. Логика Интровертті немесе құрылымдық және экстравертті немесе іскерлік болып бөлінеді.

2. Этика (Юнга типологиясындағы сезімге сәйкес келеді. Интровертті немесе қарым-қатынас этикасына және эмоция этикасына бөлінеді.

3. Сенсорлық (Юнг типологиясындағы сезімге сәйкес). Интровертті немесе сезім сенсорикасына және экстравертті немесе ерік деп бөлінеді.

4. Интуиция. Интровертті немесе уақыт интуициясына және экстравертті немесе мүмкіндіктер интуициясына бөлінеді.[3, бет 48]

5. Әрбір социондық функция сыртқы дүниеден келіп түсетін ақпараттың белгілі бір "аспектісін" қабылдайды. Осыған орай, белгілі бір социондық функцияның қаншалықты дамығандығы адамның қоршаған болмыстың тиісті аспектілерін түсіну қабілетіне әсер етеді.[4, б. 53]

6. Соционика және психологияның жалпы мақсаты бір-адамның психикасын тану арқылы адамның өмірінде өз орнын табуға көмектесу. Олар әр түрлі әдістемелер мен құралдарға негізделі отырып, осы мақсатқа қол жеткізеді. Бірақ, бұған қарамастан, олар бір-бірін толықтырып, бірыңғай жүйе бола алады.

7. Соционика Юнгтың жеке тұлғаның психотиптері туралы теориясына негізделеді, бірақ психологиялық білімдерді өңдеп, жүйелендіріп, ол әлеуметтік-психологиялық құбылыстардың көрінісіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Соционика психологияда жеке теориялық тұрғыдан қарастырады.

8. Егер психологияда адамның психикалық жағдайы сыртқы жағдайларға, дара-лыққа, белгілі бір өмір кезеңіндегі сипатының ерекшеліктеріне байланысты қаралса, онда соционика адамның неге және оның үйлесімділігін қалай қайтаруға болатынын түсінді-

руге көмектеседі. Тұлғаның социондық түрін біле отырып, адамға оның күшті және әлсіз қасиеттерін білуге, оларды маңызды шешімдер қабылдауда, тұлғааралық қатынастарды құруда, жағымсыз өмірлік жағдайларды болдырмауда пайдалануға мүмкіндік беруге болады.

9. Психологтар осы кезеңде тұлғаның іс-әрекеті үшін қажетті психикалық қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Сол сияқты, керісінше: өз әдістемелерінің көмегімен адамның тууынан алынған қасиеттерді ашып, оларды өмірде қолдануға көмектеседі. Психиканың әлсіз сапасын көрсете отырып, соционика қоршаған ортаны қабылдау тұтастығының бұзылуына алып келетін жағдайларды болдырмауға көмектеседі.[5, бет 68]

Соционика 16 психотиптен тұратын неғұрлым толық жіктеуді ұсынды.

- Логикалық-интуитивті экстраверт (ЛАЭ), Өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін айқын көрсете алады, бастамашыл және жаңа істерді бастайды, экстремалды сезім сыйлайтын серпінді спорт түрлерімен айналысады. Жаңа үрдістерді сезінеді, түйсікке сүйеніп тәуекелге келеді. Жұмыста жаңа технологияларды қолданады, өзін және қоршаған ортаны терең қабылдайды. Оң ойлауға және адамдармен жақын қарым-қатынасқа бейім.

- Логика-сенсорлық экстраверт (ЛСЭ), Өте жұмысқа қабілетті, әлеуметтік-бейімделген түрі, әрқашан басталған істі аяқтауға дейін жеткізу қажеттілігін сезінеді. Қызметті жоспарлайды, қоршаған ортаға нақты іс жүзінде қарайды. Жақындарына деген махаббат пен қамқорлық көрсетуге бейім, шулы көңілді, компанияны жақсы көреді.

- Этикалық-интуитивті экстраверт (ЭИЭ), Өте эмоционалдық тұлға, эмпатияға және эмоциялардың кең спектрін көрсетуге бейім. Мәнерлі мимикаға бейім. Әр түрлі оқиғаларды сезінуге және алдын ала дайындалуға қабілетті. Жиі серіктестің махаббатына сенімді емес, қызғанышқа бейім.

- Этикалық-сенсорлық экстраверт (ЭСЭ), Эмоционалдық қысымның көмегімен адамдарға әсер ете алады, сонымен қатар олармен жақсы қарым-қатынас жасайды, көңіл-күйді көтере алады, басқа адам үшін өз мүдделерін құрбан етуге және жақындарға деген махаббат пен қамқорлық көрсетуге бейім. Жұмыста барлығына өз бетінше жетеді, басқа адамдар оның қадір-қасиетін атап көрсеткенін жақсы көреді.

- Логикалық-интуитивті интроверт (ЛИИ), Ең бастысы екіншісінен ажырата алады, бос сөйлесулерді ұнатпайды, нақты практикалық ойлауға бейім. Жұмыста бұл тұлға өзінің тәуелсіздігін көрсете отырып, ерекше идеяларды пайдалануды ұнатады. Дәл жауаптарды білмейтін жерде интуицияны пайдаланады. Шулы компанияларды ұнатпайды, басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуда қиындықтарды сезінеді.

- Логика-сенсорлық интроверт (ЛСИ), Тәртіп пен қатандықты жақсы көреді, ақпаратты әр жағынан талдай отырып, жұмысқа шын беріледі. Шын мәнінде нәрселерге қарап, оны аяқтай алатын нақты білсе ғана іс әрекет жасайды. Сенім тудырады, бірақ басқа адамдармен қысқа іскерлік байланыстарды қалайды.

- Этико-интуициялы интроверт (ЭИИ), Адамдар арасындағы қарым-қатынас сипатын нәзік сезінеді, Сенімге үлкен мән береді, Өзгертуді кешірмейді. Басқалардың жасырын қабілетін анықтай алады, тәрбиешінің талантына ие. Өзін-өзі жетілдіруді ұнатады, адамдар оған жиі кеңес береді. Өте сезімтал.

- Этико-сенсорлы интроверт (ЭСИ), Өз көзқарастары мен принциптерін қорғайды. Өзіне және өз жақындарына жақсы қорғай біледі. Басқа адамдардың моральдық артықшылығын көтермейді. Өзін және басқаларды терең зерттей алады.

- Интуициялы-логикалық экстраверт (ИЛЭ). Қызығушылығы жоғары, жаңа жағдайларға бейімделе алады және жұмыстың жаңа әдістеріне оңай ауысады. Идея бастамашы болып табылады. Күрделі идеяларды алғашқы қадаммен түсіндіре алады. Көп жағдайда ойлау синтезіне бейім, дайын құрамдастардан жаңа идея жасайды.

- Сенсорлы-логикалық экстраверт (СЛЭ). Жеңіске кез-келген мақсатпен физикалық күш қолдану арқылы жетеді. Кедергілер оның тілегін жеңуге күшейтеді. Бағынғаннан басқарғанды жақсы көреді. Жағдаяттарды талдай, нақты жоспар құрғанды жақсы көреді.

• Интуициялы-этикалық экстраверт (ИЭЭ). Басқа адамдарды терең түсінеді, фантазиясы жақсы дамыған. Шығармашылық жұмыспен айналысқанды, адамдармен өзара әрекет барысында кеңес бергенді ұнатады, қарым-қатынасқа тез түседі.

• Сенсорлы-этикалық экстраверт (СЭЭ). Басқалардың мүмкіндігін көре алу қабілетімен манипуляция мақсатында қолданылады. Әлсіздерге әлімжеттік еткенді жақсы көреді. Қарым-қатынаста жеке қызығушылықтарды басқара біледі, қарым-қатынаста ара қашықтық ұстағанды жақсы көреді. Көзге ерекшеленген тұлға ретінде көрінгісі келеді.

• Интуициялы-логикалық интроверт (ИЛИ). Бұл тип жан-жақты философиялық ақыл ой иесі. Байқағыш, дұрыс шешім қабылдағанды ұнатады. Ашу-ыза эмоциясын шығарғанды ұнатпайды, комфортты жақсы көреді.

• Сенсорлы-логикалық интроверт (СЛИ). Дүниені тануда ең бастысы сезіну. Басқа адамдарға эмпатия білдіреді. Техникалық ақыл ойға ие, қолдармен жұмыс істегенді ұнатады, нақты уақытында орындалғанды дұрыс деп санайды.

• Интуициялы-этикалық интроверт (ИЭИ). Арманшыл және лирикалық тұлға, оқиғаларды интуициялы болжайды, адамдарды жақсы тани алады. Сырт пішініне көп мән береді.

• Сенсорлы-этикалық интроверт (СЭИ). Әдеттегі өмірге бейім адам. Адамдармен тез тіл табысады, жеке кеңістікті құрметтей, өзіне сондай қарым-қатынасты талап етеді. Өзілдескенді ұнатады, конфликтерден қашады. Үнемі көмекші болып, басқа адамдарға өзін керек екенін сезіндіреді. [6, стр.276]

Соционика технологиялары бірнеше жыл бойы ірі компаниялардың кадрлық менеджментінде, авиациялық және космостық экипажды қалыптастыру мен дайындауда, бизнес тренингтер мен семинарлар жүргізуде, маркетинг пен жарнамаларда жана әдістерді өңдеуде қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тихонов А.П. Соционический подход к профессиографическому исследованию / А.П. Тихонов, И.Н. Колодий // Соционика, ментология и психология личности. 2003. – № 4(49). – С. 5-30.
2. В.В. Гуленко // Соционика, психология и межличностные отношения. – 1998. – июль. С. 29-33.
3. Иванов Д.А. Соционика и проблемы безопасности полетов / Д.А. Иванов, А.А. Иванов // Соционика, ментология и психология личности. — 1996. -№ 5. -С. 47-49.
4. Филимонов А.В. О соционических тестах, входящих в систему SOC10TEST 2.1 / А.В. Филимонов // Соционика, психология и межличностные отношения. 2000. – октябрь. – С. 53-57.
5. Малишевский А.В. Авиационная соционика: новые факты и старые проблемы / А.В. Малишевский ; Акад. гражд. авиации // Подготовка авиационного персонала в области человеческого фактора (выпуск 2): Межвуз. темат. сб. научн. трудов. СПб., 2001. – С. 67-74.
6. Филатова Е.С. Соционика для всех. Наука общения, понимания и согласия / Е.С. Филатова СПб.: Б&К, 1999. – 276 с.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУ

Қожанова А.Н., «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан.

Бүгінгі таңда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесі басты назарда тұр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту. Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз- білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын, сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау керек. Сонымен қатар, жоғары білім беру жүйесі сапасына ерекше назар аударылады. Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық- техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі қажет»- деп айтқан болатын. [1]. Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында дербес мемлекетімізде білімнің маңыздылығы жоғары бағаланып, барынша қолдау көрсетілуде. Әрине, сапалы білім мен кәсіби білікті мамансыз бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеу мүмкін еместігі бәріне мәлім. Елімізде білім беру мазмұны жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілуде.

Білім беру бүкіл әлемде базалық жалпы мәдени құндылықтар ретінде қарастырылады. Демек, білім берудің мәдени шығармашылық миссиясы «мәдениетті адамды» қалыптастыруды қамтамасыз ету деп айтуға болады. Қазіргі білім беру әлемдік дағдарыстан шығу үдерісінің ең белсенді қатысушысы екен. Осыдан білім берудің ең басты міндетін анықтап көрейік: әрбір адамның генетикалық негіздегі қабілеттерін дамытуды барынша қамтамасыз ету, адамдарда сыни ойлауды дамыту, оларды заманауи ғылым, техника, технологиядағы нақты білімдермен қаруландыру, өзгермелі табиғи жағдайда осы білімдерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру. Осы уақыттағы білім берудің мақсаттары: білім алушыларды танымға үйренуге, жұмыс жасауға үйренуге, адамдармен бірге өмір сүруге үйренуге өзімен-өзі келісімді болуға үйренуге көмектесу. Білім беру мазмұнының теориялық мәселелерін және оны іріктеу жолдарын В.В.Краевский, В.С.Леднев, М.Н.Скаткин, т.б. зерттеді. Республикада білім беруді басқару саласында жоғары оқу орындарын, олардағы білім беру үдерісін басқару, мектепті басқару, педагогикалық менеджмент мәселелерін С. Әбдіманапов, Т.М. Баймолдаев, З.М. Садвакасова және т.б. зерттеуде.

Білім берудің мақсаттарын нақтылап, құрамдас бөліктерін ашып көрсетейік: білімгерлерге қоршаған дүниені тануға үйренуге көмектесу қажет. Білімгерлерге таным үдерісіне үйренуге көмектесу білім беру ұйымдарының міндеттерінің жүйесінде көптен қойылып жүр. Бірақ білім беру ұйымдарында білім алушылардың жалпы оқу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастырудың тұтас жүйесі әлі күнге дейін толық іске асқан жоқ. Білім берудің бірінші мақсатын орындау үшін білім алушылардың зерттеу әрекетіне және зерттеу біліктіліктерін меңгеруге қызығушылығын дамытуға жағдай жасалуы тиіс. Айталық, білім алуға үйрену үшін оның зияткерлік мәдениетін, ақпараттық мәдениетін, өзін-өзі ұйымдастыру мәдениетін, зерттеу мәдениетін дамыту қажет. Бұл мәдениет түрлері білімгерге өмір бойы оқып үйренуге мүмкіндік тудырады. Сонымен, «өмір бойы білім алу» шындық болмысқа айналады. Білім берудің екінші мақсаты – білімгерге жұмыс жасауға үйренуге көмектесу. Ең әуелі, білімдерін практикада пайдалануды үйрету керек. Бұл үшін білімгердің жүйелі сыни ойлауды дамытуына әсер еткен жөн. Еңбек етуге үйрену өзінің кәсіби әрекет саласында өзін жетілдіру қажеттілігімен байланысты. Ең алдымен, білімдерін практикада қолдануға және теориялық мәселелерді шешуге үйренеді. Бұл білімгерде жүйелі ойлауды қалыптастырады. Сондай-ақ өзі таңдаған салада кәсіби маман болуы үшін білімгерге көшбасшылық сапаны тәрбиелеу қажеттігі де туындайды.

Көшбасшы – нақты саланың мәселелерін талдауға, сыни ойлауға, өзінің айналасындағы мәселені шешу үшін адамдарды топтастыруға қабілетті маман. Сонымен, көшбасшыны тәрбиелеу – білім беру мақсаттарының бірі. Білім берудің келесі мақсаты – білімгерге адамдармен бірге өмір сүруге үйренуге көмектесу. Адамдармен өмір сүру үшін басқаны қабылдау мен түсінуге, оған құндылық ретінде қарауға, топта, отбасында, әлеуметте, әлемде өмір сүру дағдыларын меңгеруге үйренеді. Осыған байланысты балалардың әлемдегі өзара бағыныштылықты түсіну сезімін ояту және қолдау, оларды қарым-қатынаста кикілжіңнің алдын алуға үйрету аса маңызды болып табылады. Коммуникацияда ең негізгісі – басқа адамды құндылық ретінде сезіну. Басқаны қабылдау, түсіну, оған көмектесу сияқты адами сапалар коммуникативті мәдениетке тән. Білім берудің тағы бір мақсаты – білімгерге өзімен-өзі татулық сезімде болуға үйрету. Әрбір жаңа ұрпақты мәдениетке баулу қызметін білім беру атқарады. Білім беру адамзат жинақтаған әлеуметтік тұрғыдан мәнді білімдер мен тәжірибені кең ауқымда таратуға, мәдени-тарихи сабақтастықты сақтауға мүмкіндік жасайды [2, б.13-15].

Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жоғары білімді дамытудың негізгі процесі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты, білім беру мен ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады. Оны жоғары білім берудің мақсатынан байқауға болады.

Жоғары білім берудің мақсаты – қоғамның, мемлекеттің және тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, жоғары мәдениетті, адамгершілікті тұлға қалыптастыру және әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру. Міндеттеріне келер болсақ:

– іргелі білімді кеңінен меңгерген, бастамашыл, еңбек рыногы мен технологиялардың ауысып тұратын талаптарына бейімделген, командада жұмыс істей білетін жаңа тұрпатты маман даярлау;

– білім беру процесін демократияландыру арқылы жоғары білім берудің барлық жүйесінің сапалы білім беру қызметін ұсынуға деген уәждемелерін күшейту;

– жоғары оқу орындарын басқарудың жаңа принциптері мен практикасын қалыптастыру, стратегиялық жоспарлау жүйесін енгізу;

– студенттердің сапалы білім алуға деген құқықтарын нығайту, жоғары оқу орын басшыларын сапалы білім беру қызметін ұсыну жауапкершілігін анықтайтын тетіктерді әзірлеу және енгізу. [3, б.31].

Жоғары білім беру мазмұны – іс-әрекеттің мазмұнды моделінен туындайтын өзара байланысты элементтер жүйесі. Болашақ маманның үздіксіз кәсіби-тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді және үздіксіз білім беру мазмұнының элементі болып табылады. Қазіргі жоғары білім беру мазмұны жалпы (толық емес) жоғары білім беру деңгейін, базалық жоғары білім беру деңгейін, толық жоғары білім беру деңгейін қамтитын көп компонентті жүйе ретінде көрінеді. Олардың өзара бірлігі жобаланатын, алайда әлі жүзеге асырылмаған, оқыту процесінде іске асырылатын, белгілі бір норма ретінде әрекет ететін көп деңгейлі жоғары білім беру жүйесінің мазмұнын құрайды.

Сонымен қатар мазмұн жүйесі төмендегі құрылым түрінде беріледі:

– мазмұн педагогикалық әрекеттің әлеуметтік тәжірибе түріндегі жалпылама көрінісі;

– мазмұн өз тарапынан кәсіби білім берудің арнайы қызметін атқаратын ғылыми білім мен іскерлік жиынтығы;

– мазмұн жақын пәндер бойынша оқыту курсына енетін білім және әрекет тәсілдері жүйесінің пәндер модулі;

– мазмұн кең көлемде жеке дидактикалық қызмет атқаратын оқу пәні;

– жобаланған мазмұн оқытушы мен студенттің бірлескен әрекеті, яғни оқыту процесіндегі педагогикалық шындық;

– жобаланған мазмұнды әрбір студент меңгереді, яғни студент тұлғасы құрылымының бір бөлімі.

Сонымен көп компонентті болып табылатын жоғары білім беру мазмұнын мазмұн элементтері, білім беру, оқыту мен білім беру мазмұнының деңгейлері және құрастыру негіздері құрайды. Мұнда, негізінен, тек білім беру мазмұнының құрылымы ғана емес, құрылымның ерекше түрі болып табылатын оқыту процесі де сөз болып отырғандығын атап өткен жөн.

Білім беру мазмұнын жобалаудың ең күрделі мәселелерінің бірі кейінгі жылдары Қазақстанның білім беру саласында өркендеп отырған стандарттау талабы бойынша оларды таңдау мәселесі болып отыр. Стандарттау нақты немесе потенциалды міндеттерді шешу үшін жалпы және бірнеше рет қолдану мақсатында ережелер құру жолымен білім беру саласында реттіліктің тиімді дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған іс-әрекет ретінде айқындалады.

Білім беру стандарты дегеніміз – білім беру жағдайлары, процестері мен нәтижелерінің сапасына, сондай-ақ бақылау процедураларына, технологиялары мен құралдарына, оларды сақтау мен осы талаптарға қол жеткізуді бағалауға қойылатын талаптар жүйесі түрінде берілген білім беру саласындағы білікті субъект қабылдаған әлеуметтік маңызды эталондар (идеалдар). Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – стандарт) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім алушылардың даярлық деңгейіне, білім беру мазмұнына, олардың типтеріне, түрлеріне және меншік нысандарына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, жоғары оқу орындарында, оның ішінде әскери, арнаулы оқу орындарында (бұдан әрі – ЭАОО) білім алушылардың оқу жүктемелерінің ең көп көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды. Білім беру стандарттарының негізгі қызметтері:

- білім беру жүйесінің реттеушілік және басқарушылық дәрежесін көтеру;
- білім беру сапасын көтеру;
- білім берудің белгілі бір эквиваленттік дәрежесін қамтамасыз ету (аттестаттау, сертификаттау, нострификация – басқа мемлекет берген білім туралы құжаттарды мойындау процедуралары тұрғысынан);
- білім беру процесіне қатысушыларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету;
- республика деңгейінде стандарттар талаптары мен оларға қол жеткізу туралы білім беру мекемелерін, оқу топтарын, жеке білім алушыны ақпараттандыру. Стандарт талаптары:

- 1) мамандықтардың үлгілік оқу жоспарларын;
- 2) білім беру бағдарламаларын;
- 3) мамандықтардың оқу жұмыс жоспарларын;
- 4) студенттердің жеке оқу жоспарларын;
- 5) пәндер бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде міндетті.

Білім беру стандарттары мамандарды дайындаудың нақты бағыты бойынша оқу жоспарларын жобалау негізі болып табылады. Дәстүрлі оқу жоспары оқу орнында меңгерілетін оқу пәндерінің құрамын, оларды оқып үйренудің тәртібін (ретін) және әрбір пәнді меңгеруге бөлінген оқу сағаттарының санын анықтайтын құжат болып саналады. Қазіргі көп деңгейлі жоғары білім берудің құрастырмалы мазмұнында төрт бөлімді өтуге болады: әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық бөлім (білім беру саласы «Әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық білім»); ғылыми жаратылыстану бөлімі (білім беру саласы «Жалпығылыми білім»); жалпы кәсіптік бөлім (білім беру саласы «Кәсіби білім»); арнайы бөлім (білім беру саласы «Арнайы білім»).

Мазмұн құрылымында дербес екі бөлімді – жалпы кәсіби және арнайы бөлімді бөліп көрсету қажет екендігін атап өту керек. Жалпы кәсіби бөлім осы бағыт бойынша ғылыми дүниетанымды қалыптастыруды қамтамасыз ететін, оқудың түрлі мәселелік жағдайла-

рының кіріктірілуін жүзеге асыратын маманды даярлаудың арнайы, терең білімінің іргетасы болып табылады. Арнайы пәндер студентке өзінің кәсіби даярлық шеңберін таңдауда бағыт алуына мүмкіндік береді. Сонымен, жоғары білім беру мазмұнының ғылыми негіздерін жасау ғылыми талаптар жүйесін есепке ала отырып жасалуы тиіс.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Білім беретін оқу бағдарламалары мазмұны мен бағыттарына (міндеттеріне) қатысты: жалпы білім беретін (үлгілік, жұмыстық), кәсіптік (үлгілік, жұмыстық), қосымша болып бөлінеді. Соның ішінде Кәсіптік оқу бағдарламаларына жататын жоғары білім беру біліктілікті және «бакалавр» академиялық дәрежесін бере отырып мамандар даярлауға, олардың кәсіптік даярлығының деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған. Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасы бойынша оқуды аяқтап, «бакалавр» академиялық дәрежесі берілген адамдар біліктілік талаптары жоғары білімі болуды көздейтін лауазымдарды атқара алады. [4]

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы жоғары білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» деп көрсетілген [5].

Білім беру бағдарламаларының құрылымы білім беру мазмұнын анықтайтын оқу жұмыстарының түрлерінен қалыптастырылады және олардың арақатынасын, өлшемін және есебін көрсетеді. Бакалавриаттың білім беру бағдарламасы:

1) жалпы білім беретін, базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін меңгеруден тұратын теориялық оқытуды;

2) оқытудың қосымша түрлері – кәсіптік практиканың түрлерін, дене шынықтыруды, әскери дайындықты және т.б.;

3) аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Бұл ретте бакалавриаттың білім беру бағдарламалары пәнді оқытудың модульді жүйесі негізінде жобаланады. Жоғары білімнің мақсаты белгілі бір мамандық бойынша дербес жұмыс жасау үшін жоғары білімі бар мамандардың сапасына қойылатын заманауи талаптарға сай келетін білікті, бәсекеге қабілетті кадрлар даярлауды қамтамасыз ету болып табылады. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: 1) жоғары білім берудің және оқытудың мазмұнын айқындайды; 2) білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне және даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді. Жоғары оқу орындарында кредиттік жүйе бойынша оқытуды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастырудың тәртібін академиялық саясат анықтайды. Бұл құжатқа білім алушылардың сабаққа қатысуын тіркеу, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау жұмыстарын өткізу тәртібі, білім алушыларға мемлекеттік шәкіртақы төлеу тәртібі, білім алушыларды ауыстыру, оқуға қайта қабылдау, оқудан шығару, қорытынды аттестация ережелері және т.б. кіреді. Академиялық саясатта негізгі оқу жоспары, жұмыс жоспары, силлабус туралы түсініктемелер берілген. Негізгі оқу жоспары (НОЖ) – Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының Жіктеуіші негізінде әзірленетін, міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін, университеттің Ғылыми кеңесі бекітетін оқу құжаты. Ал оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) – жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ) – мамандықтың негізгі немесе үлгілік оқу жоспары мен білім алушының жеке оқу жоспары негізінде университет дербес әзірлейтін оқу құжаты болып табылса, Силлабус (Syllabus) – оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын,

кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімін көрсететін пәннің оқу бағдарламасы болып табылады [6, б.9-11].

5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқу жоспарында білім беру бағдарламасында 9 базалық пәндер қамтылған. Базалық пәндерге жалпы 20 кредит саны бөлінген. Базалық пәндерге: Кәсіби қазақ (орыс) тілі, кәсіби бағдарлы шетел тілі, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, педагогика, психология, білім берудегі менеджмент, сыни бағалау технологиясы, инклюзивті білім беру, оқушылардың даму физиологиясы жатады. [7]. Болашақ психологиялық-педагогикалық іс- әрекетке, болашақ кәсіптің теориялық және практикалық негіздерін меңгеруге кәсіби педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру, оның жоғары әлеуметтік маңыздылығын түсіну мақсатында әрбір пәннің типтік оқу бағдарламалары дайындалынады. Әлемдік білім беру кеңістігіне енгуге бағытталған ҚР білім берудің жаңа жүйесінің қалыптасуы 5B010300- «Педагогика және психология» мамандығынан бакалаврларды даярлаудың мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Бұл мамандықта кәсіпқой бакалаврларды даярлауда «Педагогика» негізгі пән ретінде ерекше орын алады. Білім алушыларды тәрбие мен оқытудың ғылыми негіздегі жүйелерімен таныстыру олардың білім беру үрдісінің мүмкіндіктері жөніндегі ой-өрісін кеңейтеді, оны тұтас үрдіс ретінде құрудың қажеттігін көре алуды қамтамасыз етеді, тұлғаны тәрбие мен оқытудың субъектісі ретінде түсінуге көмектеседі [8, б.42].

Қорыта келгенде, білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты бойынша білім алушыларды педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің мәні мен өзгешелігі туралы білімдермен қаруландыру, үздіксіз білім алуға, терең теориялық білім мен кәсіби педагогикалық құзіреттерді меңгеруге деген ұстанымдарын қалыптастыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». 2017 жылғы 31 қаңтар.
2. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдістемесі: оқулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. -13-15 бет
3. Әлқожаева Н.С. Білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастыру: монография. - Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 31бет
4. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы
5. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
6. Бүркітбаев М.М., Ахмед-Заки Д.Ж., Асанов Н.А., Мұхитдинова Т.М., Хикметов А.Қ., Құмарғалиева С.Ш., Жүніс Қ.Ә., Сералин Ғ.Ә., Дюсупова Г.Қ., Әбілмәжінова А.А., Абдыхалықов Қ.С., Байносерова А.Г., Смаилова А.Б., Қабделова Ұ.С. «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академиялық саясаты». - 2014. - 9-11 бет
7. 5B010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша оқу жоспары. -2018. -7-12 бет
8. Типтік оқу бағдарламасы. Ped 2204 Педагогика- ҚР БҒМ Республикалық Оқу әдістемелік Кеңесі мәжілісі – 22.10.2014 ж., Хаттама №1.

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Сайлинова К.К., ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан.

Қалкенова Б.С. №198 жалпы білім беретін мектеп, Алматы қ., Қазақстан.

Біз адам шынайы болғанда ішкі сезіммен түсінеміз. Міне, сондықтан біз бір-біріне қайшы сезімдерді сезінеміз: бір жағынан, адам дұрыс емес нәрсені істемеді, ал екінші жағынан, одан алыстау керек деген ішкі сезім бар. Қалыпты өмір, толық коммуникация, әлемді және басқаларды қабылдау, білімді жүйелеу және маңызды ақпаратты есте сақтау үшін адамның барлық психикалық процестердің үйлестірілген жұмысы қажет. Ең алдымен, ес, ой, қиял, сөйлеу, зейін. Адамның дамуы дәл осы процестердің қалай дамығанына қарай бағаланады (4). *Г.И.Андреева бойынша, бұл қарым-қатынас коммуникацияны өз аспектілерінің бірі ретінде қарастыратын кең түсінік. Ол байланыста мынандай модельдерін ұсынады: коммуникативті, ол адамдармен ақпарат алмасу қарым-қатынас жасау; интерактивтік, өзара ақпарат алмасу ғана емес, сонымен бірге әріптестердің жеке қасиеттерін көрсететін іс-қимылдардың өзара әрекеттесуін қамтиды. Қарым-қатынастарда өзара түсіністік пен конвергенцияға әкелетін бір-бірін тануы және білімі болып табылатын сезгіш аспект бар.*

Күрделі көп жақты құбылыс ретінде қарым-қатынас психологиялық тұрғысынан, бірыңғай әлеуметтік-мәдени кеңістікте іс-әрекетті және мінез-құлқыты жүзеге асыру кезінде байланыстарды орнату, ақпарат алмасу және субъектілердің өзара әсер етуі үшін полисубектік өзара іс-қимыл процесі ретінде қарастырыла алады.

Хабарлама ақпарат алмасу, ой, сезім, рухани құндылықтарды қамтиды. Ол диалог түрінде де, монолог түрінде де жүргізілуі мүмкін. Байланыстың басты нәтижесі – адамдар арасында туындайтын сенім. Байланыс қажеттілігі – адамның негізгі қажеттілігі. Біз қарым-қатынаста өз пікірімізді білдіруге, өз пікірін білетін адамдарды іздеуге мүмкіндік аламыз. Кез-келген күрделі құбылыс секілді, қарым-қатынас өзінің жеке мотивтеріне, құралдарына, әдістеріне және түрлеріне ие. (1) Байланыс мотивтері жеке және әлеуметтік болуы мүмкін. Жеке мотивтер адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерімен, сондай-ақ олардың өмірінде орын алатын оқиғалар мен құбылыстармен бірге субъективті психологиялық күйлерімен байланысты. Әлеуметтік себептер қоғамдағы адамның мәртебесі, оның әлеуметтік функциялары, олар қызметтік міндеттеріне сәйкес байланыстар орнатуды және белгілі бір санаттағы адамдармен қарым-қатынас жасауды белгілейді. Байланыс құралдары ауызша және ауызша емес деп бөлінеді. Байланыстың негізгі құралы – бұл, бұрын айтылып кеткендей, ауызша белгілердің жүйесі, адамдар қоршаған дүние мен олардың жағдайларын және құбылыстарын белгілейді. Ауызша емес байланыс құралдары көмекші болып табылады және тілдік құралдарға қосымша ретінде пайдаланылады. Бұл бет әлпеті, пантомима, қаңылтыр, қимылдар және т.б.

Байланыс әдістері тікелей және жанама болуы мүмкін. Тікелей байланыс бастың, аяқ-қолдардың, сөйлеу органдарының қозғалысының әртүрлі түрлерінің көмегімен жүзеге асырылады және осыдан келетін ақпаратты тікелей қабылдауды білдіреді. Аралас байланыс белгілер, символдар, радио, теледидар, бағдаршамдар және т.б. арқылы байланыс және ақпарат алмасу үшін арнайы құралдарды пайдалануды қамтиды.

Байланыстың түрлері: материалдық, символдық, сөйлеу және роль. Материалдық байланысы ақпаратпен алмасудың ең көне әдісі болып табылады, ол адамның жаратқан табиғи объектілері мен объектілердің көмегімен жеткізілуі мүмкін. Табиғи объектілер мен тірі заттар олардың өмір сүру тәртібіне және олардың қасиеттеріне байланысты белгілі бір ақпаратты береді. Сөйлесудің сыртқы байланысы сыртқы әлем туралы және субъектінің субъективті жайлары, оның ойлары, сезімдері, тілектері, армандары мен идеалдары туралы жан-жақты және жалпылама ақпарат алуға мүмкіндік береді. Сөйлесу сөзі арқылы жүзеге асырылады. Ауызша және жазбаша болуы мүмкін.

Ауызша сөйлесуді екі немесе бірнеше адамның тікелей байланысымен, сондай-ақ адамның дыбыс сөзін (радио, телефон, магнитофон, теледидар және т.б.) ойнататын арнайы құрылғылардың көмегімен жүзеге асыруға болады. Жазбалы сөйлесу сөзі дыбыстық және моторлық бейнелеудің нәтижесі болып табылатын сөздердің графикалық белгілерін және суреттерін қолдануға негізделген. Жазбаша сөйлеудің арқасында адам сырттай әлем туралы нақты және дерексіз мәліметтерді, уақыт пен кеңістіктегі шексіз адамның ішкі күйлерін біле алады.

Рольдік қарым-қатынас адамдар өздерінің әлеуметтік функцияларын орындағанда орын алады. Ресми топтарда ролдік қарым-қатынас ресми сипатқа ие, ал бейресми топтарда ол жеке тұлға болып табылады. Бейресми топтарда ролдік қарым-қатынас бейресми болып табылады және оның пішіні адамдар арасында қарым-қатынаста болатын қарым-қатынастың және олардың арасындағы қарым-қатынастардың психикалық ерекшеліктеріне байланысты болады.(2) Баланың психологиялық дамуы қарым-қатынастан басталады. Бұл онтогенезде орын алатын әлеуметтік белсенділіктің бірінші түрі және оның арқасында нәрестеге оның жеке дамуы үшін қажетті ақпаратты алады. Ол сондай-ақ ақыл-ой дамуының шарты мен амалы ретінде әрекет ететін объективті қызметке келетін болсақ, ол өмірдің екінші, үшінші жылында айтарлықтай көрінеді. Хабарламада, алдымен тікелей имитация арқылы (викториналық оқыту), содан кейін ауызша нұсқаулар (ауызша оқыту) арқылы баланың негізгі өмірлік тәжірибесі алынады. Адамдармен қарым-қатынасы бар адамдар – бұл баланың осы тәжірибесінің тасымалдаушысы және онымен қарым-қатынастан тәжірибе алынады. Балалардың дамуын анықтайтын қарым-қатынастың қарқындылығы, оның мазмұнының, мақсаттарының, құралдарының алуан түрлілігі болып табылады. Байланыстың анықталған түрлері психология мен адам мінез-құлқының әр түрлі аспектілерін дамытуға қызмет етеді. Осылайша, іскерлік қарым-қатынастар оның қабілеттерін дамытады және дамытады, білім мен дағдыларды меңгеру құралы ретінде қызмет етеді. Адамда адамдармен өзара әрекеттесу, қажетті іскерлік және ұйымдастыру дағдыларын дамытады.(3) Жеке қарым-қатынас адамға жеке тұлға ретінде қалыптасады, оған белгілі бір мінезді қасиеттерге, мүдделерге, әдеттерге, бейімділіктерге ие болуға, адамгершілік мінез-құлық нормалары мен нысандарын үйренуге, өмір мақсаттарын айқындауға және оларды жүзеге асыру құралдарын таңдауға мүмкіндік береді. Қарым-қатынас адам өмірінде басты психологиялық құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреева Г.М., Социальная психология. – М., 1999, 374 с.
2. Смирнова Е.О., Галигузова Л.Н. Ступени общения. – М.
3. Ерастов Н.П., Психология общения. Пособие для студентов-психологов. – Ярославль, 1979.
<https://www.psychol-ok.ru/lib/poppsy/2018/0311.html>

СЕКЦИЯ 4
АНИМАЦИЯЛЫҚ ІС – ӘРЕКЕТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕОРИЯСЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕСІ

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТУАЛЬНЫХ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ
СРЕДСТВ В ПОЛИКУЛЬТУРНОМ ВОСПИТАНИИ МОЛОДЕЖИ

Пузикова С.М., Республика Казахстан, г. Алматы, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, puzikova.svetlana@inbox.ru;

Муканова А.Е., Республика Казахстан, г. Алматы, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, e-mail: aighan_mukanova@mail.ru

В современный период поликультурное воспитание является ядром стратегии воспитания и социализации в любом многонациональном государстве, выполняя незаменимую роль в построении крепкой семьи, обучении, адаптации личности к условиям быстро меняющегося этнокультурного мира. Поликультурное воспитание – это деятельность институциональных структур, призванная сформировать у человека практические навыки и умения успешного взаимодействия в многонациональном обществе, в сфере межнационального общения. Преподаватель, обладая системными знаниями о формах и средствах поликультурного воспитания, может помочь каждой личности успешно решить задачу адаптации к общению в многоэтническом социуме, используя современные средства коммуникации [1].

Традиционные средства поликультурного воспитания общеизвестны. Это духовное сближение разных народов посредством развития интереса к устному народному творчеству, знакомство с произведениями художественной литературы известных представителей этносов страны, народные игры и игрушки, которые вводятся в повседневную реальность детей, декоративно-прикладное искусство, живопись, музыка, в увлекательной форме позиционирующие свой народ. В последнее время стало популярным создание мини-музеев, посвященных какой-то одной стороне жизнедеятельности конкретного народа. Учителя в настоящее время широко используют в поликультурном воспитании как индивидуальную, так и групповую работу с учащимися. В обиход поликультурного воспитания вошли комплексные и профильные экспедиции, туристические маршруты по памятным для народов местам, конференции, слеты, конкурсы, выставки творческих работ различных этносов, телекоммуникационные диалоги, телемосты, олимпиады, марафоны и турниры, интеллектуальные игры, многопрофильные научно-методические лагеря, сборы, информационно-методическая и издательская деятельность, направленная на всестороннее развитие познавательной активности детей и молодежи, их представлений о культурном многоцветии родной страны [2, с.55-57].

Профессиональная этика и нравственная культура педагога позволяет принять решение, какие средства могут быть эффективнее использованы в конкретном коллективе и конкретной среде в целях поликультурного воспитания. Сегодня поликультурное воспитание осуществляется в пределах институционального и непрерывного образования. И следовательно, поликультурность личности должна быть предметом пристального внимания не только учебных заведений, но и культурно-просветительных учреждений, общественных объединений, средств массовой информации, специалистов программного обеспечения (чтобы сделать общение в Интернете развивающим инструментом) [3, с.9].

В отдельных европейских странах поликультурное воспитание возведено даже в ранг национальной политики. Во многих государствах мира в настоящее время действуют научные ассоциации, которые ежегодно проводят национальные и международные форумы по проблемам культурного плюрализма.

Поликультурное воспитание в Республике Казахстан также имеет особую значимость для поступательного развития этого государства. Так распорядилась история, что древняя земля казахов издавна принимала по разным причинам (историческим, поли-

тическим, социальным) представителей многих народов; здесь сложилось совместное проживание представителей разных этносов, выработавших свой особый менталитет, внутреннему состоянию которого чужды националистические крайности и обособленность [4].

В наше время реалии мира диктуют новые жесткие правила жизни.

Духовно-нравственное состояние общества, его потребности и проблемы постоянно меняются, но незыблема стратегическая направленность государственной стратегии на межнациональный мир, согласие народов, проживающих на территории Казахстана. На своих встречах с молодежью глава Республики Казахстан Н.А.Назарбаев всегда подчеркивает: «Каждому человеку надо привить умение делать, умение учиться, умение жить, умение жить вместе в современном мире»[5, с.20].

Знание языка определяет самые прочные нити, связывающие культуру народов, составляет важный компонент социального сплочения, что является основой достижения многих стратегических задач казахстанского общества. Существование многоязычия на данный момент остается одним из значительных факторов, определяющих становление современного поликультурного мира в республике. В Казахстане приоритетной целью остается формирования системы трехязычия, в которой казахский язык – самый богатый и древний в системе тюркских языков; он является современным языком официального документооборота; русский язык – язык межнационального общения, а английский язык – деловой язык организации объединенных наций, язык науки и один из мировых языков [6, с.117].

Поликультурное воспитание в современных реалиях страны оставляет за человеком право на собственную идентичность, но при этом совмещает это право с уважением к другим народам, его языку, культуре. Современное поликультурное воспитание использует билингвистическое образование, как эталон, как возможность сближения культур различных народов, сохраняющих собственную идентичность. В обиход полукультурного воспитания входят и инновационные методы. Глобализация и цифровизация способствуют широкому использованию в поликультурном воспитании информационно-коммуникативных технологий, в том числе видео и онлайн-игры, а также групповые тренинги. Как предполагают специалисты, в будущем процесс цифровизации будет модернизирован и унифицирован, что приведет к подключению в процесс поликультурного воспитания даже искусственного интеллекта. Одна из возможностей инновационного подхода к поликультурному воспитанию – использование подкастинга.

Подкастинг – это процесс создания и распространения аудиофайлов посредством интернета в стиле радио или стендапа. Аудиофайлы обычно объединены общей тематикой и имеют периодичность. Подкасты как метод общения включают услугу подписки для аудитории, и их продолжительность составляет не более часа. Подкастинг соединяет в себе оперативные возможности радио и Интернета в общении людей, расширяет возможности перестройки представлений молодого человека о привычных, но сложных для понимания и осознания фактов этнокультурного бытия.

В поликультурном воспитании создание подкастов может выступать в качестве как отдельного инновационного метода, так и в качестве вспомогательного элемента билингвистического образования и многокультурного воспитания.

Білім беру мекемелеріндегі оқудан тыс жұмыстардың мақсаты – оқушылардың мектепте және мектептен тыс жерлерде жайлы, жағымды қарым-қатынас құруға жағдай туғызу, нақты өмірлік жағдаяттарда бастамашылдық, дербестік, жауапкершілік, шынайылық, ашықтық таныта білуге, барлық жас кезеңдерінде сыныптан тыс іс-әрекеттерге қызығушылық тудыру болып табылады.

«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрықпен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» атты құжатта «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар, адам өмірі мен денсаулығы, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизмді, еңбексүйгіштікті, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде: «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясында, отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие үдерістерінің өзара кірігуі негізінде білім беру үдерісінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиені кіріктіруге, тәрбие әдіснамасын, мазмұнын мен құрылымын жаңартуға бағдарланған.

Тұжырымдамалық негіздер Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде тәрбиенің даму перспективасын, басым бағыттарын, тәрбие мақсаттарын, міндеттерін, бағалау өлшемдерін және тетіктерін анықтайды.

Тұжырымдамалық негіздер жаһандану дәуірінде қазіргі адамды қоршаған әлемге технократтық және тұтынушылық көзқарас үстем болатын заманауи қоғам дамуының ерекшеліктерін ескереді.

Осыған байланысты адамзатты ұлттың тұрақты дамуының, рухани әлеуетінің артуына кепіл болатын прогрестің рухани-адамгершілік құндылықтарына, ана тілі мен ұлттық менталитеттің маңыздылығын нығайтуға қайта бағдарлау қажет» – деп көрсеткен.

Патриот, білімді, дені сау, жауапты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты қызмет ететін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазақ халқының жалпыадамзаттық құндылықтар мен мәдениетті бойына сіңірген, толерантты, дүниежүзіне танымал және мәртебелі – 2020 жылғы қазақстандық жастар осындай болады.

Халықтық педагогиканың көпғасырлық тәжірибесіне негізделген, заманауи тәрбие теорияларының шабыттандыратын идеялары қолданылған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының әлемдік білім беру кеңістігінде теңдесі жоқ. Ол балалар мен оқушы жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінде білім берудің барлық деңгейлерінің үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Тәрбие ісі арқылы баланы жастайынан сүйіспеншілік, жағымды ойлауға, игі істер жасауға, мінездің жақсы сапаларын дамытуға, жанашырлық, бауырмалдық, қайырымдылық сияқты қасиеттерге баулуға болады.

Ең бастысы, балаға тыныштық пен қуаныш әкелетін істермен айналысу маңызды. Мұның өзі баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру деген сөз.

Балаларды күнделікті өмірінде ақиқат, дұрыс әрекет, сүйіспеншілік, ішкі тыныштық, қиянат жасамау сияқты мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды басшылыққа алып, іс жүзінде қолдана білуге үйрету керек.

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі болып табылады. Оқудан тыс іс-әрекеттер аясында оқушыларға рухани-адамгершілік білім беру өзекті мәселе болып табылады.

Осыған сәйкес оқудан тыс іс-әрекеттің мәні мен мазмұнына терең мән берілуі тиіс екендігі айтпаса да түсінікті. Оқудан тыс іс-әрекеттердің тәрбиелік және білімдік мәні зор. Сабақпен, сынып жұмыстарымен тығыз байланыста жүргізілетін оқудан тыс іс-әрекеттер оқыту үдерісінің бір саласы ретінде оқу материалдарының мазмұнын баланың өмірлік тәжірибесінде қолдануға бағыттауда ықпалы мол. Оқушылардың білімдерін тереңдетеді, іс-әрекет тәсілдерін кеңейтеді, жеке қабілеттерін ашуға жағдай жасайды, өзіндік білім алуға қызығушылықтарын арттырады. Оқудан тыс іс-әрекеттер арқылы оқушылардың әлеуметтік, мәдени, рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сүйікті істерімен шұғылдануға, шығармашылық шабытқа үлкен мүмкіндер ашылады.

Оқудан тыс іс-әрекет оқумен тығыз байланысты жүзеге асырылады. Білім беру аясында «сыныптан тыс», «сабақтан тыс», «оқудан тыс оқушылардың іс-әрекеттері» сияқты ұғымдар кеңінен қолданылады. Мектеп оқушыларының іс-әрекет түрлерін шартты түрде сипатына қарай келесідей жіктеуге болады: өткізілу орнына қарай – сыныптық, сыныптан тыс, мектептен тыс іс-әрекет; өткізілу уақытына қарай – оқу және оқудан тыс іс-әрекет; оқу тапсырмаларын шешуге қатысты – оқу және оқудан тыс іс-әрекет.

Мектептегі оқудан тыс жұмыстардың мақсаты – балалардың танып-білуге және шығармашылыққа ұмтылыстарын дамыту, оқушылардың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі айқындауына ықпал ету, оларды қоғам өміріне бейімделуге, салауатты өмір салтын құруға тарту. Оқу және оқудан тыс сабақтар мектеп ауласында, сыныпта, мектеп, аудан кітапханасында, мұражайда, театрда өткізілуі мүмкін. Мысалы, өзін-өзі тану сабақтарын саябақта, экскурсияда, серуен кезінде де өткізуге болады.

Оқудан тыс жұмыстар тәрбиелік, әлеуметтік-педагогикалық бағыттылықта бір сыныппен екінші сынып оқушыларының немесе жалпы мектеп оқушыларының бір-бірімен араласуына, қарым-қатынас орнықтыруына жағдай туғызады.

Оқудан тыс іс-әрекеттермен айналысу балаларға рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысында жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерін дамытуға, ажырату деңгейлерінің ашылуына, яғни жақсы мен жаманды, ақ пен қараны, дұрыс пен бұрыспен, уақытша мен мәңгілікті ажырата білуіне, тұлғалық ішкі әлеуетін, баланың шексіз энергиясының ашылуына жан-жақты мүмкіндер береді. Балалардың көпшілік ортада, топта жұмыс істей алу, жағымды қарым-қатынас орнату мүмкіндіктерін ашады. Оқушылардың бойында өзара түсіністік, сыйластық, әдептілік, сыпайылық, келісім, бірлік, ынтымақтастық сияқты жақсы қасиеттерін дамыта түсуге ықпал етеді.

Оқудан тыс жұмыстар – оқушылар ұжымын құру мақсатында сыныпта тұлғааралық қарым-қатынасты, оқушылар мен сынып жетекшісі арасында байланысты ұйымдастыруға жақсы мүмкіндіктер береді.

Балалардың оқудан тыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың басты міндеттері:

- іс-әрекеттердің әртүрлі көріністерінде оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін, қабілеттерін және мүмкіндіктерін жарыққа шығару;
- оқудан тыс іс-әрекеттің таңдап алынған саласында әрбір баланың жекелей дамуы үшін жағдай жасау;
- іс-әрекеттің таңдап алынған бағытында оқу, білік, іскерлік, дағдылар жүйесін қалыптастыру;
- шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін, балалардың шығармашылық бейімділіктерін дамыту;
- оқушылардың иеленген оқу, білік, іскерлік, дағдыларын іске асыру үшін жағдай жасау, бейресми қарым-қатынас, өзара әрекеттестік, ынтымақтастық тәжірибесін дамыту;
- мектеп оқушыларының әлеуметпен қарым-қатынас аясын кеңейту;
- оқуда қиындық көріп жүрген оқушылармен түзету жұмыстарын жүргізу.

Оқудан тыс іс-әрекет формалары келесідей болып келеді: экскурсиялар, үйірмелер, секциялар, «дөңгелек үстелдер», конференциялар, пікірталастар, мектептік ғылыми қоғамдар, олимпиадалар, жарыстар, ізденушілік және ғылыми зерттеулер, қоғамдық пайдалы практикалар.

Оқудан тыс уақытта рухани-адамгершілік тәрбие мақсатында лекция оқу, тақырыптық кештер, кездесулер, кітаппен жұмыс формалары кеңінен қолданылады. Сондай-ақ театр, кино, көрме, мұражайға бару, концерт ұйымдастыру, музыка тыңдау соңынан олардың мазмұнын талдау, пікірлерін айту жұмыстары жүргізіледі. Табиғатқа шығу, серуендер, саяхаттар, спорттық ойындар, жарыстар өткізуге де болады.

Әсіресе, оқудан тыс іс-әрекеттер аясында қазақ ұлттық қолөнері арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту аса маңызды болып табылады. Өйткені, оқушыларды туған халқының өнері арқылы тәрбиелеудің өзіндік мәні бар. Халық өнерін танып-білу, оны шығармашылықпен қолдана алу оқушылардың бойындағы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұлттық құндылықтарды сақтауға, қадірлеуге, дамытуға тәрбиелейді. Ең бастысы, баланың ішкі әлеуетін, шексіз мүмкіндіктерін ашуға ықпал етеді.

Жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтарға бағдарланған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы ізгі ниетті, адамгершілік қасиеттері бар лайықты азамат тәрбиелеуге ықпал етеді, және «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін» іске асыруда басты механизм болып табылады.

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі болып табылады. Қазіргі уақытта білімді басқа емес, жүрекке бағыттау маңызды болып отыр. Бұл адамның өзін-өзі тануы, өз мінезін қалыптастыруы үшін қажет. Өйткені, жүрек шынайы білімнің көзі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Қара сөз. Поэмалар. Алматы. 1993. – 272 б.
2. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала. 12 сәуір 2017.
3. Алпысқызы Сара. Өмір әдебі: Әдеби эссе, толғаныстар. – Алматы, 2003. -104 бет.
4. Өзін-өзі тану пәні бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2010. – 48 бет.
5. Жалпы орта білім беретін мектептерге арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің оқу бағдарламалар жинағы. Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді дамуы институты, 2010 ж. – 66 бет.

Ш.А. АМОШАВИЛИДИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ГУМАНДЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕР ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Әрінова Б.А., педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доцент м.а., педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Кабдолдина Индира М., Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 1-курс магистранты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы. kabdoldina.indira@mail.ru

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпыадамзаттық құндылықтарының негізінде көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады. Адам өмірінің өзегі-құндылықтар, ал басқа мақсаттар оған жеткізетін баспалдақтар ғана. Осы қағидаға сүйенсек, қоғамның жаңару кезіндегі жаңаша көзқарастардың бірі – құндылық бағдар. [1]

Рухани- адамгершілік білімнің негізі болып табылатын «Өзін- өзі тану» жобасының авторы С. А. Назарбаева «Өмір әдебі» деген кітабында: «Рухани кәусар бұлаққа барар жол іздеу әр адамның міндеттерінің міндеті екендігіне сенімдімін» дей келе, оған тек жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту арқылы ғана жетуге болатынын атап көрсетті. Сонымен қатар: «Алланың алдында бәріміз бірдейміз. Әрқайсысымыздың жолымыз, өмірлік міндетіміз бар, бірақ бәрімізге ортақ міндет – жан дүниеміздегі махаббаттың сөнбейтін шырағын жаға отырып, Адам боп қалу!» деп адамшылықты бірінші орынға қояды. Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне грек философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі.

Әбу Насыр Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби (870-950ж. ш.) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай терең бойлап барған. Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деу арқылы тіліне, дініне, діліне, нәсіліне қарамай әлемдегі барлық адамдарға ізгі ниетпен, ақ көңілмен, жақсылық жаса деп айтқысы келген. Әбу Насыр Әл- Фараби – шығыс елдеріндетұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт дейді:

1. Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;
2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
3. Сабақ процесінің алатын орны.

Ғұламаның философиялық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі. Ол, адам баласы, жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Ол ғылыммен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ деді. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деп ескертеді. Ол «Адамның кемелдігі неде?» деген сұраққа жауап іздейді. «Балық су үшін жаралған, құс ұшу үшін, ал, адам бақыт бақыт үшін жаралған» дейді. «Бақытқа қалай қол жеткізуге болады?» деген сұраққа «Білім мен мінез- құлық арқылы» дейді. «Ол білімнің мәні қандай? Бақытқа апаратын мінез- құлық қандай?» деген сұраққа «ізгілікті мінез-құлық, рухани білім» дейді. «Оған қалай қол жеткізуге болады?» деген сұраққа «Оған: ізденіс, тәрбиелеу өнері және оқу арқылы жетуге болады.» деп түйіндейді. Фараби «Философиялық трактаттар» атты

еңбегінде адам жанына, жүрегіне үнемі ерекше мән береді. Мысылы, «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» десе, Абай 17 қара сөзінде: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, сонда билеуші жүрек болса жарайды» деген тұжырымға келеді. Бұдан екі ұлы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілгені көрінеді. Абай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі.

Ұстаздардың ұстазы атанған турашыл тұлға – «Өз Отанын өз халқын, өз тілін, тамаша ұлттық дәстүрлерін жалынды жүрекпен сүйген, өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсеткен адам ғана нағыз патриот болып саналады» -деген сөзінде үлкен мағынаның төркіні жатыр. Төлеген Тәжібаевтың ғылыми ізденістері негізінен екі бағыттың төңірегінде, атап айтқанда, ұлт тілінде психологиядан оқу құралдарын құрастыру мен халқымыздың педагогикалық және психологиялық ой-пікірлерінің даму, қалыптасу жолдарын зерттеу ісіне бағышталды.

Төл тіліміздегі ғылыми психология Ұлы Отан соғысынан бұрынғы жылдардың өзінде-ақ өркен жая бастаған еді. Өйткені 1938-жылдардан бастап «Халық мұғалімі» журналының беттерінде Тәжібаевтың осы ғылым төңірегінде жазған біраз мақалалары жарық көрді, ол ҚазПИ мен ҚазМУ-де психологиядан қазақ тілінде дәріс оқиды. Ғылыми жағынан мазмұны терең осынау дәрістер мен мақалалар студенттер мен мұғалімдердің психология саласында тиянақты да жүйелі білім алуына кезінде біраз көмегін көрсетті. Осы еңбектерінде Төлеген Тәжібаев бұрын әр жерде шашырап жүрген ұлттық психологиялық терминдерді саралап, бұл ғылымның төл тілімізде тамыр жая түсуіне жағдай жасады. Төлеген Тәжібаевтың «Жалпы психология» деген үлкен еңбегінде (1993) психология ғылымының теориялық негіздері баяндалады. 19 ғасырдың 2-жартысындағы қазақтың демократ-ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың педогогикалық көзқарастарын зерттеп, келелі пікірлер айтты. Абайдың дүниетанымы, педогогика және психология тұжырымдарына тұңғыш рет материалистік тұрғыда талдау жасады. Ақынның айналаны қоршаған орта сырын терең түсінуде адам бойында үш түрлі: бірінші – әр нәрсені үнемі қозғалыста, өзгерісте болады деп қарау, екінші – заттардың өзара айырмашылығын салыстыра отырып, тәжірибе арқылы анықтау, үшінші – ақылмен қорытылған ойды жүрекпен сезіне білу секілді қасиеттің жинақталуы қажет деген қағидасының материалистік мазмұнын нақтылы мысалдармен ашып көрсетті. Тәжібаев адам бес сезім мүшесінің қызметі арқылы қоршаған ортаны танып білетіні туралы Абай ұғымының ғылым талабына сай, ақиқат шындық екенін оның Жиырма жетінші сөзіндегі Сократ пен шәкірті Аристодим арасындағы пікірталасын арқау ете отырып дәлелдеді. Адамның ақыл, сезім, қайрат сияқты психолог қасиеттерінің ерекшеліктерін ақынның ғақлияларында және поэзия тілімен шебер бейнелеуін қазақ халқының педогогика ой-пікірінің қалыптасу тарихындағы үлкен жетістік ретінде жоғары бағалады. Тәжібаевтың тұжырымынша, адам баласының хайуаннан айырмашылығы ақыл-парасатында, логикалық ойлау қызметінде және ақылмен саналы әрекет етуінде, ақылдың қасиеті өткірлігімен, ашықтығымен ерекшеленетіні жөніндегі ақын пікірі педогогика ғылымының методикалық талабымен толық үндес келеді. Тәжібаев Абайдың жүрек туралы түсінігін оның гуманистік ой толғауларының негізі ретінде қарастырды. Ақынның педогогика көзқарастарына талдау жасай келе, адам психологиясының жас ерекшелігіне қарай өзгеріп отыратындығын және мінез-құлқының қалыптасуы тәрбиеге байланыстылығы жайлы пікірлерінің ғылыми тұрғыда маңызды екенін атап өтті. Тәжібаев ақынның еңбек, оқу-білім, адамгершілік тәрбиесі туралы тұжырымдарының мәнін ашып көрсетті. Абайдың эстетика көзқарастарын да жан-жақты зерттеп, өлең сөздің құдіреті туралы ойларына психологиялық тұрғыда талдау жасады. Тәжібаев ақынның ағартушылық, демократтық ой-пікірлерінің орыстың ойшыл-демократтары Н. Г. Чернышевский,

Н. А. Добролюбов, В. Г. Белинский т. б. көзқарастарымен идеялық өзектестігін ғылыми тұрғыда терең тұжырымдаған алғашқы зерттеушілердің бірі болды.^[21]

Шалва Александрович Амонашвили 1931 жылы 8 – наурызда, Тбилиси қаласында дүниеге келген. ынтымақтастық педагогикасын насихаттаушы жаңашыл педагогтардың бірі. Ұстаз-новатор, бірлесу педагогикасын зерттеген ғалым – Адамды дамыту мектебінің жаңа оқытушысы, **психология ғылымдарының докторы**. Ол 60-70 жылдары бүкіл әлем бойынша жаңа педагогикалық бағыттың негізін қалауына ықпал еткен «Білім беру процесінде балаларға адами-тұлғалық көзқараспен қарау» деген тақырыпта мектептерде көпшілік экспериментке жетекшілік етті. Шалва Александрович өзі балаға деген адами-тұлғалық көзқараспен қараудың барлық принциптерін әлемдік педагогика классиктері К.Д.Ушинский, В.А.Сухомлинский, Якуш Корчак, А.С.Макаренко, т.б. үйренгендігін айтады. Шалва Александрович мұғалімдерді педагогика даналығын шынайы да бай қайнар көзін пайдаланып, өздерінің педагогикалық шеберлігін үнемі байытып, шындап отыруға шақырады.

Қадірлі жасқа келгендігіне қарамастан, Шалва Александрович әлі де шығармашылықпен белсенді айналысып жүр, яғни Украина, Балтық, ТМД елдері мен Ресей мұғалімдеріне арнап, түрлі семинарлар мен шеберлік мектебі сабақтарын өткізеді. Студенттермен және аспиранттармен де бірге жұмыс істейді. Ол әлем бойынша көптеген елдердегі бірнеше зертханалар мен орталықтардың, сонымен қатар Мәскеу мен Санкт-Петербургтің экспериментті мектептерінің ғылыми жетекшісі болып табылады; халықаралық адамгершілік педагогикасы орталығы мен Украинадағы Адамгершілік педагогикасы орталығын басқарады. Уақытының тығыздығына қарамастан, ол адамдарға мейірімді, зерделі, ешкім оның ашушандығы мен дөрекілігін көрген емес. Ол – педагогикалық философияның бір қиыршығы болып табылатын ерекше шыдамдылықтың иесі.

Шалва Александрович Амонашвили мұғалімдерге арналған «Сәлеметсіңдер ме, балалар?!» атты көмекші құралында өзінің педагогикалық әрекеттерінің, ең кішкентай мектеп оқушыларының тұлға болып қалыптасуын зерттеу нәтижелерін сипаттап жазады. «Менің балалармен тәжірибе жұмыстарым, мектептегі қызықты да қуанышты күндерді ұйымдастырудағы ғылыми ізденістерім, эксперименттік сыныптың көптеген мұғалімдерімен өткізілген көп уақыт менде білім беру мен тәрбиелеуде ізгілік, оптимисттік бастаулардан туындайтын кейбір педагогикалық пікірлер қалыптасты,»- деп Ш.Амонашвили алғысөзінде жазады. КСРО-ның ПҒА академигі А.В. Петровский бұл кітапты «педагогикалық симфония» деп атайды. Себебі кітаптың негізгі арқауы балаларға деген махаббат, баланың нәзік жанына сүйіспеншілікке толы қарым-қатынас болып табылады. Бұл сипаттаманы Ш.Амонашвилидің «Мектепке алты жастан» деген кітабына қатысты да беруге болады. «Мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің тиімді түрде жүзеге асырылуы толықтай мұғалімнің тұлғасына байланысты» деп есептейді Ш.Амонашвили. Ол ең негізгісі деп есептейтін төмендегі тұлғалық қасиеттерге басты назар аударады:

Біріншіден, баланы сол қалпында жақсы көру. Тентек пен тілалғышты, ұғымтал мен ойлау қабілеті төмен, ұқыпты мен жалқау оқушыларды бөліп жармай, барлығын да бірдей жақсы көру керек. Балаларға деген мейірімділік пен сүйіспеншілік бар жерде қатыгездік болмайды, намысына тиетін сөздер айтылмайды, олардың әрбір жетістіктеріне қуанып отырасың;

Екіншіден, оларды түсіне білу, яғни солардың көзқарастарымен санасу, оларды ересектерше қабылдау, қамқорлық танытқанына қуану, ақылдасып отыру. Олардың танытқан қамқорлықтары мен әрбір ісіне кешіріммен емес, үлкен құрметпен қарау керек. Балаларды түсіну дегеніміз – оларды билігіне бағындыру емес, керісінше олардың бүгінгі өміріне сүйене отырып, болашақ өміріне алғашқы дәндерін себу. Бала жүрегінің тебіренісі мен жан дүниесінің қозғалысын түсіне білген педагог оқушысының тәрбиесімен тереңдей айналыса алады.

Үшіншіден, оптимист болу, тәрбиенің оң әсер беретіндігіне сену қажет. Әңгіме баланың тәрбиесімен айналысып, сана-сезімін дамытуға кірісу үшін оның ақылының толып, ойлау қабілетінің айқындалуын үлкен үмітпен қолын қусырып күтіп отырған педагог, яғни филантропиялық оптимизм туралы болып отырған жоқ. Мұндағы әңгіме баланың ішкі жан дүниесіне тереңдей ену, осыған байланысты тәрбие берудің, оқытудың, дамытудың түрлі жолдарын қарастыратын педагог, яғни әрекетшіл оптимизм жайлы.

Төртіншіден, мұғалімнің бойынан адамға тән жақсы қасиеттердің барлығы – күлімсіреу, қаталдық, ұстамдылық, салмақтылық, сезімталдық, шынайылық, зияткерлік, тіл табысушылық, өмірге деген махаббат болуы керек.

Ұстаздың осындай талпынуы аса маңызды. Ол – бұрынғы және қазіргі заманғы ұрпақтардың рухани құндылықтары мен бала арасындағы дәнекерші. Осы құндылықтар, білім, моральды-этикалық нормалар балаларға дейін стерильді түрде жетпейді, керісінше мұғалімнің тұлғалық қасиеттері мен олардың бағасын аңғартады. Адамгершілік қасиеттері бар ұстаз балаларды білімге үйрете отырып, сонымен қоса, оларға өзінің мінез-құлқы арқылы ықпал етіп, балалардың көз алдында адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісі болып көрінеді. Бала үшін мұғалімсіз білім жоқ, тек ұстазына деген махаббаты арқылы ғана бала білімнің қызықты әлеміне аяқ басады, қоғамның моральды құндылықтарын игереді. Кіші жастағы оқушылар үшін ең беделді адам – ұстазы.

Жас ұрпақты өкінбейтіндей етіп, қателіксіз, уайым-қайғысыз, зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге, өмірлері қуаныш пен шаттыққа толы болуға үйрету – біздің қасиетті парызымыз. Нағыз ұстаз бейнесін Әбу Насыр Әл-Фараби сөзімен түйіндесек: «Ұстаздық мінез-құлық нормасы мынадай болуға тиіс: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына, шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді». [2]

Осындай ұстазға тән мінез-құлық ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінің төрінен орын алған жағдайда жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған, елін сүйер абзал азамат болары сөзсіз.

Жас ұрпақ отбасында, ұжымда, қоғамда бірлесе өмір сүру жайында үлкендер әлемінен лайықты өнеге алады. Мұндай өнегеге нелер жатады? Ең алдымен, адамның өзімен және қоршаған ортамен, атап айтсақ, Әлеммен, өзге тіршілік иелерімен, өз пейілдерімен, сезімдерімен және іс-әрекеттерімен жарастықта өмір сүруі, өзінің өмірдегі орнын таба білуі болып табылады.

Жалпы, Шалва Александрович Амонашвили еңбектері және оның негізгі идеясы 20-ғасырдың өзінде үлкен классикалық педагогиканың негізі болып саналды. Бірақ бүгінгі күнге дейін оның жаңашыл педагог ретіндегі идеялары педагогиканың фундаменталдық негізі екендігіне еш күмән жоқ. Өзінің іс-тәжірибемде оқушыға эмпатиялық қатынас орнату, эмоционалдық интеллект, баланың психологиялық дара ерекшеліктері және тұлғалық дамыту идеяларын қолданамын. Педагогикадағы гуманизм қазіргі қоғамның сұранысына айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети!: Пособие для учителя / Предисл. А. В. Петровского. – М., 1983
2. Амонашвили Ш. А. Улыбка моя, где ты? Мысли в учительской. — М., 2003.
3. <https://ru.wikipedia.org>.
4. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы,
5. Жарикбаев. К Психологическая наука в Казахстане. Алматы., 2002
6. Ыдырысов Ә. Төлеген Тәжібаев рухына тағзым // Ақиқат.

7. Т. Тәжібаев «Жалпы психология»
8. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 8 том
9. Ақпанбек Г. Қазақтардың дүниетанымы. -Алматы: Қазақ университеті, 1989.
10. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.
11. Амонашвили Ш.А. Педагогическая симфония. – Екатеринбург, 1993. Т. 3. с. 140
12. Амонашвили Ш.А. Школа Жизни. – М., 2000.
13. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. – М., 2001.
14. Амонашвили Ш.А. Как живете, дети? – М., 1977.

Ш.А. АМОНАШВИЛИДІҢ ГУМАНИСТТІК ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МАЗМҰНЫ

Жұмабекова Қ.Б., Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Касенова Г., ӘПжӨӨТ мамандығының 4 курс студенті, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Қазақстан Республикасында орын алып жатқан, үнемі даму үстіндегі саяси, әлеуметтік, экономикалық т.б. өзгерістер білім беру жүйесінің өзгеше құрылуын талап етуде. Әсіресе, білім беру саласында ізгілендіру, демократияландыру процестері жүріп жатқан кезде, білім мазмұнын ұлттық ерекшеліктер негізінде құру, өскелең ұрпақты рухы биік, саналы да, салауатты, патриоттық сезімі жоғары азамат етіп тәрбиелеу қажеттігі туындап отыр. Сондай-ақ, басты назардағы мақсаттардың бірі – адамды қалыптастырмастан, оны қолдау, дамыту қажет және оның бойында өзіндік тұлғалық бейнесінің қалыптасуына, адамдармен, табиғатпен, мәдениетпен, өркениетпен тікелей және қауіпсіз өзара қарым-қатынасында қажет өзіндік іске асыру, өзіндік реттеу, өзін-өзі қорғау, өзіндік тәрбие механизмдерінің негізін қалау қажет. Бір сөзбен айтқанда, өзіндік сенімділігін оятып, ізгілікті өркендеуге мүмкіндік жасау деп түсіндіреміз.

Түсіндірме сөздіктерге сүйенетін болсақ, гуманизм (ізгілік) адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікпен қарайтын адамгершілік қасиет ретінде қарастырылады. С.И. Ожеговтың сөздігінде гуманизм «адамзатқа, қоғамға, адамдарға қатысты адамгершілік қатынас» деп анықталған [5]. Яғни, *гуманизм* – бұл дүниетаным, оның негізгі қағидаттарына адамдарға деген сүйіспеншілік, адамның қадір-қасиетін құрметтеу, халықтың әл-ауқатын сақтау жатады. Гуманистік білім беру жүйесінің тарихы Сократ пен Платонның шәкірттерімен өзара сыйластық пен ынтымақтастық рухында қарым-қатынас жасаған ежелгі Грекия дәуіріне жатады. Гуманды білімнің негізі – оқушыға көңіл бөлу, оның мүдделерін құрметтеу. Осыған сәйкес, ұлы ойшылдардың педагогикалық идеялары бүгінгі күнге дейін афоризм ретінде жетті, мәселен: *білім дене мен жанның ең әдемі және ең жақсы болуына мүмкіндік беруі керек; сіз жаныңызды емдемей, денеңізді емдей алмайсыз; Әрбір адамда күн бар, тек оның жарқырауына мүмкіндің беріңіз. Баланың жеке басын дамытудың алғышарттары ежелгі уақыттан бастау алады.* Бұл тұжырымдар ғасырлар бойы өз сәйкестігін тауып келеді [4].

Гуманитарлық педагогика идеясын қалыптастырудың алғышарттары ХІХ және ХХ ғасырдың басында басталып, Н.И. Пирогов, Н.А. Добролюбов, Н.Г. Чернышевский, Л.Н. Толстой, Я.А. Коменский, В.А. Сухомлинский және К.Д. Ушинский еңбектерінде көрініс тапты. Олар жалпыға бірдей білім және тәрбие беруден, әрбір балаға гуманды қарым-қатынас орнатуды дамытты. Педагогтар «адамды – адам етуге», баланың жеке басын ескеруді көздеді. В. Безрукова атап өткендей, халықты гуманизм рухында қайта тәрбиелеудің негізгі құралы – ағарту болып табылады. Оның арқасында адамдар еркін және шығармашыл болып тәрбиеленеді.

ХХ ғасырдың 80-ші жылдары бұл қағидаға сүйене отырып ынтымақтастықтың педагогикасы кеңінен дамыды, ол гуманизм қағидаттарына, баланың дамуына шығармашылық көзқарасқа негізделген тәрбие мен оқыту әдістері. Мұнда шетелдік және кеңес педагогикасының ең үздік ойлары мен теорияларының авторлары, педагог-новаторларды ретінде: В.Ф. Шаталов, С.Н. Лысенкова, Ш.А. Амонашвили, И. Иванов және И.И. Волков т.б. атай аламыз.

ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы гуманистік педагогиканың идеясын жаппай уағыздау Ш.А. Амонашвилидің есімімен байланысты. Ол педагог, психология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Білім академиясының мүшесі, халықаралық гуманистік педагогика орталығының президенті орташа жасына қарамастан, әрдайым түрлі қалаларға барып, балаларды тәрбиелеуге арналған семинарлар мен тренингтер өткізуден еш жалыққан емес. Оның кітап беттерінде ойнап жүрген педагогикалық

симфонияның лейтмотиві әрқашан балаларға деген сүйіспеншілігі, баланың нәзік рухына деген сезімтал қарым-қатынасы болып табылады.

Ш.А. Амонашвили бойынша гуманистік идеясының мақсаты – баланың жеке мүмкіндіктерін аша отырып, жеке тұлға етіп тәрбиелеу. Баланың жаны мен жүрегіне жылулық орнату, танымдық қасиеттерін дамыту, жан-жақты білім алуға жағдай жасау, рухани дамыту, ата-анамен бірлесіп жұмыс жасауға итермелеу. Профессор былай деп жазады: «Бала рухани және табиғи күштердің бірлігіне айналады, бұл – аспан мен жер, жан және дене бірлестігінің мәні; ол микрокосмостағы Космос көрінісі. Ол сондай-ақ, толық бөлшектің қайталанбас ұсақ бөлшегі...» [1].

Шалва Амонашвили тәрбие мен білім беруде адамзаттың негізгі идеяларын қамтитын ата-аналарға арналған меморандум жасады. Міне, осы меморандумның кейбір ережелері: балалар туылған сәтінен бастап жақсы ниеттерге толы болады; махаббаттың нәзіктігін өз міндеттерінің ауырлығымен біріктіру маңызды; мұқият тәрбие беру білім алу мүмкіндіктерін ашады; әрбір баланың өзіндік мінез-құлқы бар, оны уақытында ажырата білу маңызды, мүмкін, дарындылық болуы мүмкін; бала барлығын жасай алады; бала негізгі ақпаратты бес жасқа дейін қабылдайды; балаларды тәрбиелеу кезінде жалғандық, дәрежелілік, өтірікке жол бермеу керек; балаларға әрбір сәттен жақсылықты іздеуге көмектесу керек [2].

Ш.А. Амонашвили баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату, танымдық күшін дамыту, білімін жетілдіруге жағдай жасауды көздей отырып, гуманистік педагогиканың негізгі қағидаларын анықтайды: баланың мүмкіндіктеріне сенім; оның айрықша сипатын ашып көрсету; оқушының жеке басын құрметтеу, оны жақсылық пен әділеттілік жолына бағыттау, т.с.с. Ш. Амонашвили: *«Оқушылардың білімін, пәнге қызығушылығын арттыру үшін оқытуды, жалпы алғанда ең бірінші оқушылардың неге қызығатынын анықтап алып, содан соң бастау керек»* деген [7].

Осындай мақсатты көздеген Шалва Александрович көптеген кездесулерді шағын тапсырмамен бастайды. Ол әркімге «мейірімділік ыдысын» толтыруды ұсынады. Төменгі қабат – бұл келесі өсиеттерді қамтитын сенім: баланың мүмкіндігінің шексіз екеніне сену; әр ана мен әке Құдайдан ата-ана атанған; педагогиканың жақсылық, махаббат, түсіністік, қайырымдылық, көмекке деген құдіретіне сену. Әрі қарай «мейірімділік ыдысына» – кешірім, қуаныш, тәрбиені салу керек. Білім беруді ең соңында қосамыз, ол рухани нәр алуға көмектеседі (Сіз өзіңіз білмейтін нәрсені үйрете алмайсыз. Егер мұғалім бойында руханилық және адамгершілік болмаса, ол мұны шәкірттерге үйрете алмайды – деген пікірді ұстанады).

Педагогика – барлық ғылымның өлшемі. Барлық ғылымдар педагогикаға бағынады. Гуманды педагогика көмегімен бала өзінде және айналасындағы адамдардан жарық табады. Педагогикалық процесс – ол сіз, сіздің көңіл-күйің, жағдайыңыз. Адам өзінің тағдырын, жолын, кішігірім миссиясын түсінуі керек. Адам ол жолды өзі іздейді, бірақ мұғалім оны ерте балалық шақта бағыттау тиіс. Гуманды педагогика – балаларға болашақ бағдарына көмектеседі [3].

Ш. Амонашвилидің оқу процесіндегі гуманистік идеяларының орны ерекше:

1. Оқытушы емес мұғалім болу

Мұғалімнің міндеті – бұл көмектесу және кеңес беру. Оқушымен достық қарым-қатынас жасау, оны жақсы көру және оның құрметіне ие болу керек. Жай ақпарат беріп қана қоймай, өз пікірін шыдамдылықпен білдіріп, оқушылардың пікірін тыңдаған жөн. Бала бастапқыда таяқсыз оқуға қабілетсіз деген ұғым, балаға сенімсіздік – қауіпті. Мұндай жағдайларда мұғалім тіпті ешқандай себепсіз оқушыларды ұрып-соғып, жазаға төндіреді. Бірақ жеміс беруді үйрену үшін әрбір бала мұғалім оны жақсы көретінін және оның қандай екенін қабылдағанын сезуі керек. Бірақ, оқыту өз нәтижесін беру үшін, әрбір бала, мұғалім оған тек жақсы көзқараста екенін сезіну керек.

«Мұғалім балалардың жандарын жараламас үшін мектепке ашуланған жанға кірмеу керек; мектепке нақты мақсатсыз және білім беру ниетінсіз кірмеу керек;

мектепке кешегі күнмен келмеу керек, мұғалім өзіне, кешегі күніне анализ жасап келу қажет; балалады өзін-өзіне сенімділігін жоғалтпас үшін, мектепке педагогикаға сенімсіз кірмеу қажет» (Шалва Амонашвили, «Сәлеметсіз бе, балалар!»).

2. Балалар сүйіспеншілікке сүйісеншілікпен, қатігездікке қатігездікпен жауап қайтарады

Тәрбиенің негізі – балаларға деген шексіз сүйіспеншілік. Авторитарлық жүйеде ұстаз, тіпті баланы шын жүрекпен сүйгенде де, оны «өз қолында мықты ұстау» міндетті деп санайды: оны оқуға, өзін дұрыс ұстауға қатаң мәжбүрлейді. Көбінесе мұғалім оқу процесіне біраз жанын салуға тырыспайды, оқу процесі тек шексіз үй жұмысы мен бақылау жұмыстарынан тұрмайды. Оқытушылар оқушыларға қарағанда, беделін жақсы көретін болса, оқушылар көтеріліспен жауап береді.

3. Талап ету мұғалімге көмектеседі және балаға кедергі келтіреді

Авторитарлық педагогикалық үдерісте жазаны алдын алу шарасы талап етіледі. Мұғалім баланың мұқият зерттеп, ережелерді бұзбауын талап етеді. Оның айтуынша, «ертең оны қайта жазыңыз», немесе «өзіңді кінәлі деп сана». Осындай талаптың тоналығы – бұйыру. Бұл баланың емес, мұғалімнің мәселелерін шешетін педагогикалық құрал.

4. Бала тәрбиесі сабақ кезінде тоқтатылмауы керек

Сабақтар мектептің негізі болып табылады, бірақ балалар тек сабақ үшін келмейді. Олар көңілді уақыт, достармен кездесулер, мұғаліммен әңгімелесу, мектептен кейінгі қызықты іс-шаралар үшін келеді. Мектеп өмірі күнделікті бірнеше сабақтан гөрі әлдеқайда көп, ал сабақтар жай партада отырудан да көп.

Осы орайдағы Ш.А. Амонашвили технологиясының негізгі тұжырымдамалық ережелері:

1. Балаларға гуманистік-тұлғалық көзқарас.
2. Педагогикалық талаптардан бас тарту. Ең бастысы қарым-қатынас педагогикасы.
3. Оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі.
4. Бала – табиғат пен ғарыштың ең жоғары жаратылысы. Ол олардың күшіне және шексіздігіне ие. Баланың біртұтас психикасы үш құмарлықты қамтиды: дамуға деген ұмтылыс, есеюге және еркіндікке деген ұмтылыс.

Яғни, ғалым Ш.А. Амонашвили пікіріне сүйеніп, тұжырымдалатын мазмұн – мұғалім қызметі үнемі гуманистік сипатта болуы. Бұл қызметтің бір ерекшелігі – педагогтардың әр шәкіртіне жол таба білуінде, әр баланың бойындағы қабілетті дамыту үшін жағдай жасай алу. Ең бастысы оқушының өзін тұлға ретінде сезінуіне көмектесу, оның бойында өзін, өмірді, әлемді тануға деген қажеттілікті оята білу, әрбір іс-әрекеті үшін жауапкершілікті, адамгершілік қадір-қасиетті сезінуге тәрбиелеу.

Оқу үдерісіндегі балаларға адамгершілік-жеке көзқарас, ХХІ ғасырдағы мектептегі практикада гуманистік педагогикалық ойлауды жүзеге асырудың ықтимал нұсқаларының бірі. Ежелгі дәуірде пайда болып, ХІХ-ХХ ғасырларында тез дамып, білім беруді гуманизациялау идеясы дәл қазір өзекті болып табылады. Әрине, бұл өскелең ұрпақты сақтаудың жалғыз жолы екенін түсінетін мұғалімдер аз емес. Мұғалім өзінің жас әңгімелесушінің бетіне қарап, оның реакциясын бақылап, сұрақтарын, пікірлерін тыңдап, оның келісімін немесе ой-пікірін білдіруін күту керек. Қажет болған жерде тоқтап, балаға қандай да бір ойды беріп, сөйлесудің жылдамдығын арттыратын кезде сезінесің, ол осы жеделдету оған пайда әкеледі. Қай уақытта кідіру қажеттігін сезу, балаға ойлануға мүмкіндік беру, керек жағдайда сөйлеуін жылдамдату қажет. Міне, әрбір осындай міне-құлықтары әртүрлі оқушылар ұжымында барлығына қолайлы психологиялық ахуал тудыру, ынтымақтастықта жұмыс істете білу үлкен шеберлікті қажет етеді.

Шалва Александрович Амонашвили еңбектері және оның негізгі идеясы ХХ ғасырдың өзінде үлкен классикалық педагогиканың негізі болып саналды. Бірақ бүгінгі күнге дейін оның жаңашыл педагог ретіндегі идеялары педагогиканың фундаменталдық негізі екендігіне еш күмән жоқ. Педагогикалық іс-тәжірибеде оқушыға эмпатиялық қатынас орнату, эмоционалдық интеллект, баланың психологиялық дара ерекшеліктері

және тұлғалық дамыту идеялары кең қолданыс тауып келеді. Педагогикадағы гуманизм қазіргі қоғамның сұранысына айналып отыр. Себебі, Ш.А. Амонашвили идеясымен түсіндірсек, бүгінгі қоғам оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін аша отырып, тәрбиелеу мен дамытуды, оның жүрегіне жол табуды, танымдық күшін дамыту мен қалыптастыруды, білім мен қабілетті тереңдететін және кеңейтетін жаңдайлар жасауды, өзін-өзі тәрбиелеуді мақсат етеді.

Түйін

Мақала Ш.А. Амонашвилидің гуманистік идеяларын талдауға және педагогикалық үдерісте қолдану ерекшеліктеріне арналған. Мақалада бала бойында оның еркін жігерін айқындау арқылы бала тұлғасын тұжырымдап, ұстаз махаббаты, жоғарғы руханият секілді қасиеттерге негіздейтін педагогикалық сипаттар мазмұндалады.

Резюме

В статье рассматриваются гуманистические идеи Ш.А. Амонашвили и анализ особенностей использования в педагогическом процессе. В статье также изложены педагогические характеристики, основанные на таких качествах, как любовь учителя, высокая духовность, формулирующая личность ребенка через определение его воли.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики / Шалва Амонашвили, книга 3, М.: Амрита, 2012. – 230 с.
2. Амонашвили Ш.А. Школа жизни. – М. : Москва, 2001. – 110 с.
3. Геращенко И.Г. Педагогическое творчество и формализм // Школа. – 2000. – № 1. – С. 2-5.
4. Кожевников А.Ю., Линдберг Т. Б. Афоризмы античных мудрецов. – М. : ОЛМА Медиа групп, 2010. – 60 с.
5. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка 80000 слов и физиологических выражений / Российская АН.; Российский фонд культуры. – М.: АЗЪ, 1999. – 928 с.
6. Попов Е. Б. Гуманистическая педагогика: идеи, концепции, практика : учебное пособие. – Книга вторая – Оренбург: ИПК ОГУ, 2003. – 156 с. (Серия «Педагогика и гуманизм»).
7. Амонашвили Ш.А. Школа Жизни. – М., 2000.

ӨНЕР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ОҚУШЫ ТҮЛҒАСЫНА ӘСЕРІ

Айтбаева А.Б., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы. aba-abd@mail.ru

Әбдіқадырқызы Ж., әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының I-курс магистранты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы abdi_zhazira@mail.ru

Бүгінгі күні Қазақстандық білім беру жүйесінде заманауи өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер дәстүрлі білім беру жүйесін толықтыратын, кей жерлерде оған қарама-қарсы шығатын педагогикалық жүйелердің өзара байланысуына, тәжірибеде инновациялық технологиялардың қолданылуына байланысты. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасының негізгі мақсаты – қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекеге қабілетті бай елге айналдыру, – деп айтқан болатын [1]. Қазіргі күні білім беру ұйымдарында оқушылардың түрлі дағдыларын дамыту басты мәселе болып отыр. Осы тұста арт-педагогикалық әдістер үлкен маңызға ие болып отыр.

Қазіргі таңда елімізде және шет елдерде арт-терапия әдістерін білім беру, психология, әлеуметтік салаларда қолдануға деген қызығушылық артып отыр.

Кеңестік психология ғылымында арт-терапия әдістері үлкендердің психикалық ауруларын және балалар невроздарын түзетуде қолданылған. Арт-терапияны мектепте қолданудың тұжырымдамалық негіздерімен келесідей педагогтар айналысқан: Л.А. Аметова [2], Е.Л. Зеленина[3], Т.С. Комарова [4], т.б.

Арт-терапия әдістері баланың жеке басын ізгілікті түрде қолдауға, олардың өзін-өзі тану қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік беретіні көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылған. Арт-терапияның психотерапия, ертегі терапиясы, музыкатерапия деген сияқты көптеген салаларындағы ғалымдар: К. Юнг, В.М. Бехтерев, В. Вундт, С.Ф. Ломов, Т.Ю. Калошина, С.В. Шушарджан, В.И. Петрушин, А.И. Копытин, О.А. Карбанова, Н.В. Серов, Г.Э. Бреслав, Т.Д. Зинкевич-Евстигнеев және т.б.

Қазақстанда арт-терапияны қолдану әдістемесін құрастырумен Мадалиева З.Б., Садвакасова З. М., Қасен Г.А., Айтбаева А.Б., Мукашева А.Б., Әбіл З.Қ., Абдраманова Д.Е., Нығымова Қ.Н., Құлымбаева А. және т.б. ғалымдар айналысқан.

Арт-әдістердің негізгі мақсаты – қоршаған ортамен және өз-өзіңмен гармониялық байланыстарды орнату. Өнер терапиясы баланың тұлғасын дамытады, себебі өнермен айналыса отырып балалар өздерін «сыртқы үлкен әлеммен» байланыстыратын өз әлемін сезеді, өз тілдерін іздейді [5, 56].

Біз мақалмызда бастауыш сынып оқушыларымен жүргізетін арт-әдістерге тоқталып өтпекпіз.

6-9 жастағы негізгі психикалық жаңалықтар болып танымдық үдерістер, іс-әрекеттердің ішкі жоспары, жүріс-тұрыстың рефлексиясы болып табылады. Бұл жағдайда сурет салу организм мен психиканың жүзеге асуының бағдарламасын жасау механизмдерінің бірі ролін ойнайды. Сурет салу үдерісінде негізінен бас миының оң жақ жарты шары жұмысымен байланысты нақты-образдық, сонымен қатар сол жақ жарты шар жауап беретін абстрактілі-логикалық ойлау үйлестіріледі. Сондықтан көптеген мамандар баланың сурет салуын аналитикалық-синтетикалық ойлаудың бір түрі ретінде қарастырады. Сурет сала отырып, оқушы объекті немесе ойды, өз білгенін графикалық түрде бейнелей, пәндік және әлеуметтік өмірге қатысты заңдылықтарды зерттей отырып қайта қалыптастырады. Тіпті арт –терапияда бес жастан бастап он жасқа дейінгі уақытты «балалық шақ суретінің алтын ғасыры» деп атайды.

Балада қоршаған орта құбылыстарын танып білу сөздер мен ассоциациялардан гөрі тезірек жүреді. Сурет салу балаға оның біліп, уайымдап жүрген оқиғаларын сөзбен жеткізе алмаған жағдайда, бейнелік формада жеңіл түрде беруге мүмкіндік береді.

Осылайша, бастауыш сыныптарда арт-әдістерін пайдалану тұлға дамуымен, оның психикалық қызметтерімен: визуальды ойлау, эмоционалды аймақ, т.б.; мотивационды жүйемен, әлеуметтік маңызды білімдер мен біліктермен (коммуникативті біліктер, визуальді түрде өзін көрсете алу қабілеті, сезімдерді түсіну біліктілігі, басқа адамдарды сезіну) байланысты [5, 41 б.].

Оқушылардың өнерді қабылдау үдерісі, психиканың танымдық және эмоционалды аспектілерінен тұратын күрделі психикалық қызмет болып табылады. Шығармашылық (сурет, музыка, қолданбалы, т.б.) қызметпен айналысу балалардың сенсорлық дамуына, түстерді, формаларды, дыбыстарды ажыратып білуіне мүмкіндік береді, өнердің көптеген түрлерін тануды қамтамасыз етеді.

Өнердің педагогикалық мүмкіндіктерін талдай отырып, өнердің балаға беретін психотерапевтикалық әсерін атап өтпеуге болмайды, бұл кіші мектеп жасындағы балалардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру тәжірибесінде көбіне ескеріле бермейді. Эмоционалды аймаққа әсер ете отырып, өнер коммуникативтік, реттеуші, катарсистік қызметтерді атқарады. Баланың, оның достарының және мұғалімдердің өнер шығармасын жасау үдерісіндегі біріккен іс-әрекеті баланың әлеуметтік тәжірибесін кеңейтеді, ортақ іс-әрекетте дұрыс қарым-қатынас жасау мен сөйлесуге үйретеді, коммуникативтік аймақтың бұзылуын түзетуді қамтамасыз етеді. Өнердің балаға әсер етуінің психокоррекциялық әсері, сонымен қатар, толып қалған негативті уайымдаулардан «тазаруда» көрініс табады және қоршаған әлемен жаңа қарым-қатынастар жасау жолына түсуге мүмкіндік береді [5, 42 б.].

Соңғы уақыттардағы арт-терапиялық басылымдардың қатарында, депрессиялық ауытқушылықтары және жоғары агрессивтілік сипаты көрініс беретін балалар мен жасөспірімдермен жұмыс жүргізу мәселелері белсенді түрде талқыланып отыр [5, 43 б.].

Кескіндеме, сурет секілді арт-терапия әдістері басты жұмыс істеу формалары болып табылса да, қазіргі таңда бастауыш сыныптарда осы формалармен қатар, оқушыларға сурет салу және қолданбалы түрдегі әр түрлі сабақтар ұсынылады. Олар шығармашылық түрде өзін-өзі көрсетуге, өзекті психологиялық мәселелерді шығаруға, психотерапевтикалық қарым-қатынастың белсенденуіне бағытталған. Бұл кезде сурет, кескіндеме, графика, мүсіндеу, фото, жабыстыру, жандыру, гобелен, мозаика, ағаштан ойып алу, теріден, матадан, т.б. бұйымдар жасау қолданылуы мүмкін. Қолданылатын материал ретінде табиғи материалдар (топырақ, бор, құм, жапырақтар, тастар, бұтақтар, көкеністер, жемістер, т.б.) және жасанды, яғни адам қолымен жасалған материалдар (бояу, гуашь, қатты қағаз, қағаз, пластилин, жіп, целлофан, т.б.) болуы мүмкін. Заманауи жақсы жабдықталған мектептерде, бастауыш сыныптар блогында, ақпаратты қабылдаудың визуальді жүйесі негізгі рольді алатын, шығармашылықтың видеоарт, инсталляция, перформанс, компьютерлік шығармашылық сияқты формалары бар.

Арт-әдістерді қолданудың қарама-қайшы көрсеткіштері болып бес-алты жасқа дейінгі кезең болып табылады. Бұл жас кезеңдерінде арт-әдістерін қолдану тиімділігі аз болады, себебі, бұл жастарда баланың символикалық қызметі әлі қалыптасу үстінде болады. Бұл жастағы балалар енді ғана түрлі материалдармен жұмыс істеуді үйреніп, бейнелеудің түрлі мүмкіндіктерін бірте-бірте қабылдап жатады [5, 45 б.].

Арт-терапияның бағыттары күннен күнге өсіп отыр, қазіргі таңда мынадай арт-терапияның бағыттары көрстілген:

- Музыка терапиясы;
- Би терапиясы;
- Драматерапия;
- Библиотерапия;
- Маскотерапия;
- Этнотерапия;
- Ойын терапиясы;
- Фототерапия;

- Изотерапия;
- Видеотерапия;
- Құм терапиясы;
- Мандала терапия;
- Оригами;
- Ойын терапиясы;
- Қуыршақ терапиясы және т.б. [6, 76].

Арт-терапиялық әдістерге қысқаша тоқталып өтсек:

Коллаж (француз тілінен аударғанда – желімдеу, жапсыру деген мағынаны береді) қандай да бір негізге, өзінің түсі мен сипаты бойынша ерекшеленетін, материалдарды желімдеу арқылы орындалатын, бейнелеу өнерінің техникалық тәсілі [6, 96].

Коллаж дегеніміз – қағаз бетіне журналдан қиып алынған суреттерді ретсіз жапсыру. Мазмұнымен ерекшеленетін коллаж жасап шығару үшін керегі: картон, суреттер, қайшы мен желім. Газет қиындылары, тұсқағаз, суреттер, орама қағаздардың бөліктері, мата, құраған гүлдер, аң терісі – осы заттардың барлығын коллаж жасауда қолдануға болады [6, 116].

Ертегі терапиясы – бұл таным және ішкі жан дүниені емдеудің бір формасы... ол ертегілерді психикалық процестердің өту және көріну формасы ретінде зерттейді, психикаға игілікті әсер ететін ертегілерді тудырады, онда адамның жан дүниесінде болып жатқандарға көңіл аударылады [6, 496].

Құм терапиясы. Құм картиналарын жасау шығармашылық кері кетуге алып келеді, құмсалғышта ойнау адамды балалық шаққа қайта оралтады және «бала архетипін» активтендіруге мүмкіндік береді [6, 616].

Мандала терапиясы арт-терапияның техникаларының бірі ретінде суреттерді шеңберге салуға негізделіп жасалады. Бұл техниканы шеңбер формалы көлемді жұмыстарды құм, саз, ермексаз немесе басқа да заттармен жұмыс жасағанда қолданылады [6, 806].

Фракталды сурет салу. Арт-терапияның энергетикалық бағыттарының бірі – фракталды сурет салу... Әдістің мәні, адамның қолының «моторикасы» мен оның психикалық және психофизикалық жағдайларының өзара байланысының қолданылуына негізделеді.

Фракталды сурет салудың негізгі міндеті – ережелерге сүйеніп сурет салу арқылы өз ойын білдірі. Сөздердің орнына суретті қолдану арқылы – ақпаратты кодтаудың жаңа жүйесіне ғана емес, бізді қоршаған ортаны сипаттаудың жаңа әдістеріне де көшеміз [6, 926].

Саусақтармен сурет салу – бояуды саусақтар мен алақанды пайдалану арқылы жағу. Саусақтармен сурет салу әдісі – қорқыныш пен үрейден арылып, өз-өзіне деген сенімділікті күшейтеді, қиялды дамытады [6, 976].

Осындай арт-терапиялық жаттығулардың көбі жұмылған көзбен елестету тәсіліне сәйкес құрылған. Р. Ассаджиолидің пікірінше, жабық көзбен елестету жеңіл болып келеді, ал ашық көзбен адам сыртқы объектіні іздейді. Сондықтан жабық көздермен жұмыс істеу ішкі дүниені көруге көмектеседі [7].

Шет елдік ғалым Кьелл Рудестам бойынша арт-терапия келесідей міндеттерді атқарады:

- Агрессия мен басқа да жағымсыз сезімдерді шығаруға мүмкіндік береді;
- Емдеу үдерісінде жеңілдік туғызу үшін қосымша әдіс ретінде жүреді;
- Диагностика жасау үшін түрлі ақпараттарды жинақтайды;
- Баланың іште қалған жасырын сезімдерімен, ойларымен жұмыс жасауға мүмкіндік береді;
- Адамдар арасында қарым-қатынас орнатады;
- Өзін-өзі бақылауды дамытады;
- Өзіндік бағаны көтереді, шығармашылық қабілеттерді дамытады [8].

Қорыта келгенде, өнер шығармаларының сабақ барысында қолданылуы оқушы тұлғасына жағымды әсер ететіні ғылыми тұрғыда зерттеліп отыр. Баланың ішкі қиын-

дықтарын сыртқа шығарып, жеңілдеуіне мүмкіндік беретін арт педагогикалық әдістерді сабақ барысында қолдану мұғалім үшін оқушыны белсендендіруде үлкен жетістікке әкеледі деген сеніміміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев: «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы, 1 ақпан 2010 ж.
2. Ахметова Л.А. Формирование арт-терапевтической культуры дошкольников «Сам себе арт-терапевт» / Л.А. Ахметова. – М.: Московский государственный открытый педагогический университет, 2003. – 36 с.
3. Зеленина Е. Л. Профилактика и преодоление легастении у младших школьников средствами изобразительного искусства. – Пермь: ПГПУ, 2006.
4. Анохин П.К. «Эмоции». – Большая медицинская энциклопедия. 2-изд. 1964, т.35, 339367 с.
5. Арт-методы в образовании: учеб. пособие /А.Б.Айтбаева, Г.А.Қасен. - Алматы: Қазак университеті, 2018. - 204 с.
6. Мадалиева З.Б., Көмекбаева Л.К., Сүлеймен М.М. – Жалпыға арналған арт-терапия: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: 2016. – 160 б.
7. Ассаджиоли Р. Психосинтез. Принципы и техники / Пер. с англ. Е. Петровой. М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс. 2002. С. 416.
8. Рудестам К. Групповая психотерапия. Психокоррекционные группы: теория и практика, М.Прогресс,1990 -СПб.: Питер Ком, 1998.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДА КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Молдасан Қ.Ш., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Маратқызы А., «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Қазақстанның білім беру жүйесінде рухани адамгершілік пен жалпы адамзаттық құндылықтарды, рухани ұлттық мұраларды бойына сіңірген тұлға тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Әрбір өсіп келе жатқан келешек ұрпағымыздың заман талабына сай білім алып, бойына барлық адамгершілік, адалдық, еңбексүйгіштік, ізденімпаздық, кез-келген жағдайда дұрыс әрі ұтымды шешім қабылдай алатын, көшбасшылық қабілеті қалыптасқан, әлеуметтік кеңістікке еркін ене алатын, белгілі-бір орынды иелене алатын, жан-жақты, шығармашыл тұлға тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық кеңістікке, кәсіби жетістікке арнайы білімділік, қабілеттілік, мақсат қою білу және табандылық, шығармашылық арқылы ғана жетуге болады. Сол себептен ата-аналардың, мұғалімдердің алдында жаңа міндет тұрады: балалардың жеке қабілеттілігін, бейімділігін анықтау және оны дамыту, сол арқылы олардың болашағына бағыт беру. Осы аталған мәселенің өзектілігі соншалық, жеке тұлғаның дарындылығын дер кезінде анықтап, оған қолдау көрсету аса маңыздылықты қажет етеді.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» еліміздің ғаламдық әлемде өзіндік орын алуы ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты екендігі ескертіліп, білімін өзгермелі жағдайға пайдалана алатын еңбекқор, өзін-өзі дамытуға және өздігінен жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті, шығармашыл тұлғаны қалыптастыру міндетін қояды [1]. Осы айтылған тұжырымдарға сәйкес шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде «Өзін-өзі тану» пәніндегі оқу-тәрбие үдерісінде жаңаша тұрғыда қарап, оны оқушының білім, білік, дағдыны меңгеруі ғана емес, танымдық, интеллектуалық және шығармашылық қабілетін дамыту қажеттігі туындайды.

Тұлғаның шығармашылық дамуы жөніндегі пікірлер ежелгі грек философтары Аристотель, Г.Гегель, Р.Декарт, И.Кант және еліміздің философтары Н.А.Бердяев, Д.Кішібеков және т.б. еңбектерінде қарастырылған. [2]

Психологиялық әдебиеттерде Л.С.Рубенштейн, А.Н.Леонтьев, А.В.Запорожец, еліміздегі М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, А.Темірбеков, С.Балаубаев, Қ.Б.Жарықбаев, Ә.Алдамұратов, Х.Т.Шерьязданова, Ж.Ы.Намазбаева, және т.б. еңбектерде оқушылардың шығармашылық қабілеті және оның психологиялық аспектілері тұжырымдалған. [2]

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық негізі Ш.А.Амонашвили, И.Я.Лернер еңбектерінде әр қырынан зерттелген. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеті М.А.Құдайқұлов, Ә.С.Әмірова, Ә.Ә.Сағымбаев, А.Б.Мырзабаев, А.Ш.Орақова, Қ.Қ.Әбдібекқызы, және т.б. зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарында қарастырылған. [2]

Әйтсе де, бұл педагогика ғылымында жеке мәселе ретінде қарастырылған жоқ. Оқушылардың шығармашылық қабілетін жаңа инновациялық технологиялар арқылы дамытуға қатысты қоғам ұсынып отырған талаптар мен бұл мәселенің теориялық және практикалық тұрғыдан жан жақты қарастырылмауы зерттеудің өзектілігін тағы да дәлелдеп, оқушылардың шығармашылық қабілетін педагогикалық тұрғыдан түсіндіру және оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға әсер ететін педагогикалық жағдайларды анықтау қажеттілігін көрсетеді. Яғни, осы мәселені қарастыра отырып, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуды кейс технологияны қолдануды жөн көріп отырмыз. Өйткені, «Өзін-өзі тану» сабағында оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың барысында жаңа инновациялық технологияларды қолдану заман талабына сай әсер берері сөзсіз. Осы тұрғыда, білім берудің жаңа технологияларын сабақ

үрдісінде барынша қолдану қолға алынып жүр. Солардың ішінде дәл осы күні модульдік технология, оқытудың интерактивті әдісі кең көлемде қолданылып отыр. Әсіресе, гуманитарлық пәндерді оқыту үдерісінде кейс технологиясын қолдану қарастырылмаған. Көбінесе, оқытудың Кейс технологиясы шетелдердің өзінде тек бизнес мектептері мен экономикалық ғылымдарды оқытуда ғана қолданысқа түсіп отыр.

“Кейс технологиясы” ХХ ғасырдың басында АҚШ-тағы Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған. Бұл кезде ол заңгерлерді дайындайтын технология ретінде қалыптасқан. Әдістің басты ерекшелігі студенттерді өткен оқиғаларға, жағдайларға зерттеу жүргізетіндігі болып табылады. Мұнда ең әуелі студенттің өз бетімен жұмыс жүргізуіне талап қойылды. 1910 жылы профессор Копленд ең алғашқылардың бірі болып, бизнес өмірінен алынған нақты жағдайлардың талданған қорытындылары бойынша студенттік пікірталастардың әдістерін қолдана бастады. Нақты жағдайлардың алғашқы жинағы 1921 жылы АҚШ-та шығарылған. Сол кезден бастап Гарвардтың бизнес мектебі нақты жағдайлардың әдісін таратушылардың лидері болып келеді. Өткен ғасырдың орта шенінде нақты жағдайлардың әдісі технологиялық алгоритмді иеленді. Ол тек американдық қана емес, батыс еуропалық білім жүйесінде де белсенді түрде қолданыла бастады [3].

Кейстік әдіс – педагогикалық. Оның ХVII ғасырдан басталатын өз тарихы бар. Бұл кезде теологтар өмірден шынайы жағдайларды алып, оларға талдау жүргізген. ХХ ғасырдың басында Кейс әдісін дамытуға кадрларды дайындау кезінде қолдана бастаған. Кейс әдісін дамытуға шетелдің мынадай ғалымдары өз үлесін қосқан: Г.Канфман, А.Джордж, Л.Соскойн, М.Маюз, К.Луис, Э.Ломбай, К.Уайс, М.Линдерс, Д.Ескайн, Р.Уайн, Х.Купер, Д.Фетерман және т.б. Қазақстанда бұл әдіс оқыту үрдісінде жақында ғана қолданыла бастады. Кейс әдісіне қатысты А.Сахалованың, М.Сейтмағамбетованың, Р.Есенжігітованың еңбектері белгілі [3].

Кейс әдісінің көмегімен оқытудың мақсаты жағдайды дұрыс талдай білетін, яғни мәселенің белгілерін анықтап, олардың туындауына түрткі болған себептерді тауып, соның ішіндегі басты себепті көре біліп, мәселені шешудің жолдарына талдау жасап, оның ең тиімдісін таңдап, әрі қарай оны іске қосып және бақылау орната білетін шығармашыл адамды қалыптастыру болып табылады. Бұл үшін оған білім, белгілі бір әдісті қолдана білуі және тәжірибе қажет.

Кейспен жұмыс жасау адамның білімге деген ынтасын барынша арттыра түседі, шығармашылық қабілетін дамытады. Бұл жағдайда біздің алдымызда білімге әуесқойлық, салыстырушылық әлемі ашылады. Кейс әлемі оқушыларды қуанышқа бөлеп, олардың табанды түрде білім алу, шешім шығару жұмысын қолға алуға дем береді. Ең бастысы, біз заман талабына сай жан-жақты қалыптасқан, дамыған шығармашыл тұлғаны дамытуға қол жеткіземіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2004 жыл.
2. Ф.Б. Асимбаева. “Бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекеті арқылы шығармашылық қабілетін қалыптастыру”, Алматы, 2010.
3. Ш. Ескендиоров, Ж. Усенкулов, Г. Бакибаева, Е. Шертаев. “Методические рекомендации по составлению кейсов”, Шымкент “ЮКГУС”, 2005. НСТР.
4. Ж. Хасанова. “Обучение на Кейс – методе в системе бизнес образования” // “Қазақстан жоғары мектебі”, №1, 2006. с. 47.

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Молдасан Қ.Ш., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Сатан Назерке «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Қазіргі уақытта танымдық қабілеті өзгелерден ерекшеленіп тұратын, қоғам талабына сай мүмкіндігі мен әлеуеті жоғары, яғни көкірегі ояу, көзі ашық креативті адамдарға деген сұраныс арта түсуде. Білім беру мен оқыту үдерісінде дарынды жастарға педагогикалық қолдау мен психологиялық көмек беру олардың интеллектуалдық қабілеттіліктерін дамытумен сипатталады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетін және эстетикалық тәрбие беруді дамыту» – деп атап көрсетілген. Осыған орай бүгінгі мұғалімдердің алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік – жігерін, яғни жан – жақты шығармашылық тұрғысынан да дамыту міндеттері қойылады. [1].

Оқушының танымдық белсенділігін педагогикалық және психологиялық тұрғысынан жан – жақты дамытуда мектептегі «Өзі-өзі тану» пәнінің орны ерекше. Өзін-өзі тану сабағының негізгі міндеттерінің бірі – дара тұлға қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілетін анықтау және дамыту. Өзін-өзі тану сабағын ұйымдастырудың ең басты мағынасы оқушының танымдық қызметінде.

Танымдық белсенділікті қалыптастырудың айрықша түрлерінің бірі ойын болып табылады. Ойын арқылы оқу үрдісінде бірқатар жетістікке жетуге болады. Сонымен қатар ойын оқушыларға қозғау салуға бағытталған. Ойын бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізінде іс-әрекеттің бір түрі. Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деп бекер айтпаса керек [2]. Ойын арқылы балаларға білім беру тардымды әрі түсінікті болады. Ойын балалардың өздігінен жұмыс істеуге, жетілдіріп өз бойларындағы қабілеттерді дамыта алады. Оқушыларды адамгершілікке, жақсылыққа, қарапайымдылыққа үйретуге болады. Ойынның баланың танымдық қабілеттерін, қызығушылығын дамуындағы алатын орны ұшан теңіз. Ойын технологиясы баланың өзіндік «менін» қалыптастырады. Өзін өзгелерден салыстыру арқылы өзіндік бағалауы, өзіндік жетілуі болады. Педагог оқушының байқамай жүрген бойындағы қабілетін ойын арқылы танып біледі. Оқушылар арасындағы қарым-қатынасты да жақсарту, таным және өзін-өзі белсендіруін де арттырады.

Педагогикалық – психологиялық әдебиеттерге шолу жасай отырып, зерттеулерде оқушылардың танымдық белсенділікті қалыптастырудың аса маңызды орын алатындығына көз жеткізуге болады.

Белгілі психологтар С.Л.Рубенштейн, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Қ.Б.Жарықбаев, С.Бап-Бабаның зерттеулерінде танымдық белсенділіктің психологиялық ерекшеліктері ашылды және оның оқу процессінде басты рөлді атқаратыны негізделген.

Педагогика саласында танымдық белсенділікті қарастырған ғалымдар: Л.П.Аристова, М.И.Махмутов, Т.И.Шамова, М.А.Данилов. Танымдық белсенділікті білім беру саласында қолдануды Я.А.Коменский, Б.П.Есипов, Ю.К.Бабанскийдің еңбектерінде қарастырылған.

Т.И.Шамова оқушылардың танымдық қызметінің ерекшелігін талдай келе, белсенділіктің мынандай түрін бөліп көрсетті.

• Қайта жанданатын белсенділік: ол оқушылардың білімді меңгеріп, қайта жандандыру үлгі бойынша іс-қимыл әдісіне ие болуға ұмтылысымен сипатталады;

• Түсіндіруші белсенділік: оқушылардың игерілген материалдардың мағынасын түсіндіруі, құбылыстың мәнін, құбылыстар мен үрдістердің арасындағы байланыстарды түсінуге, білімді өзгерген жағдайға байланысты қолдана білу әдістерін игеруге ұмтылысы;

• Шығармашылық белсенділік: құбылыстың мәні мен олардың өзара байланысын терең түсінуге қызығушылық пен ұмтылыс қана емес, сондай-ақ бұл мақсатқа жету үшін жана әдісті табу[2].

Зерттеушілер Н.А.Половникова, Т.И.Шамова, Г.Н.Кулагина және т.б. танымдық әрекеттің мотивтік, мазмұндық-амалдық және еріктік компоненттерінің біршама даму корреляциясын атап көрсетеді.

Танымдық белсенділік туралы анықтамаларға талдау жасай отырып оқушылардың танымдық белсенділік белгілері анықталады. Оған мына үш белгі тән:

- Оқу танымдық белсенділіктің қоғамдағы маңыздылық бағыты;
- Оқу танымдық белсенділіктің интеллектуалдық сипаты;
- Оқу танымдық белсенділіктің реттеушілік сипаты

Сондай-ақ танымдық белсенділігін дамыту тиімділігі мынандай жетекші факторлармен анықталады:

- Оқушылардың жасерекшелігін есепке алу;
- Оқу үрдісінде мәселелік оқытуды кеңінен енгізу;
- Материалдарды айтып түсіндіруде жүйелілік ұстанымын қамтамасыз ету;-
- Бірте-бірте күрделене түсетін тапсырмалар кешенін шешудегі қол жеткен табыстарды «нығайтуды» қамтамасыз ету т.б.

Интеллектуалдық ойындар оқушылардың өзін-өзі тану сабағынан алған білімін бекіту, дамыту, тереңдету үшін өте пайдалы. Интеллектуалдық ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, интелектісін дамытып, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіреді және оқушылардың индивидуалды қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды орын алады.

Интеллектуалдық ойындар арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту барысында бастауыш сынып оқушыларынан күтілетін нәтижелер:

– кез келген ақпаратты беру және қабылдау үшін жағдайға қарай шағын көлемдегі мәтінді қолдана алады;

– алынған ақпараттарға қатысты өзінің ойын білдіру үшін алғашқы сөйлеу дағдыларын қолданады;

– тілдік қатынас және қоршаған шынайылықты танып білу құралы ретінде ана тілінің маңызын түсінеді;

– топпен, командамен бірлесіп жұмыс жасау үшін алғашқы сөйлеу дағдыларын пайдалана алады;

– жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана біледі;

– интеллектуалдық ойындар барысында жалпыадамзаттық және әлеуметтік мәдени құндылықтарға өз көзқарасын білдіре білуі;

– өзінің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін өзін-өзі билеуге және кәсіби өсуге ынталы болуы;

– ақыл-ой қабілетін және жалпы өмірлік әрекетін жоғары деңгейде ұстау үшін шығармашылық жұмысқа тартылады.

– интеллектуалдық даму деңгейі жоғары, дарынды тұлғалар айқындалады.

Оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда интеллектуалдық ойындардың атқаратын маңызы зор. Интеллектуалдық ойындар арқылы оқушылар әр түрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Интеллектуалдық ойындар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, оқуға құлшынысын, қызығушылығын арттырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Ойын-бұл еркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызуғушылығынан туады, белсенділігімен ерекшеленіп, шығармашылығын, жоғары сезімділігін көрсетеді. Ойында ғана баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады. Интеллектуалдық

ойын барысында оқушылардың танымдық қабілетін, алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттырға негізделеді. Бастауыш сыныптар арасында өткізген «Көкпар», «Алтын сақа», «Бәйге», «Тапқыр болсаң, талас жоқ», «Математикалық поэзия» т.б түрлі интеллектуалдық ойындар бала қиялын ғана дамытпай оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Бала өз мүмкіндіктерін ашып, жаңалыққа, бәсекелестікке ұмтылады.

Қорыта айтқанда жалпы орта білім беретін мектептердегі «Өзін-өзі тану пәнін» интеллектуалдық ойын арқылы оқыту оқушылардың жалпы шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар олардың бойындағы өзіндік ерекшеліктердің ашылуына да ықпал етеді деп айта аламыз. Мұндай ерекшеліктердің негізінде танымдық белсенділіктері қалыптасары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. // Алматы: Юрист, 2007.
2. Абай Құнанбаев. Шығармалары. - Алматы, 1968, -2 т. -193б
3. Шамова Т.И. «Активизация учения школьников».-М.: Педагогика, 1982. -208с
4. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. – 482 б.

ОРГАНИЗАТОРСКИЕ СПОСОБНОСТИ ШКОЛЬНОГО УЧИТЕЛЯ

*Ашекеева К.Н. к.ф.н., доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента,
Батжанова М.Н. магистрант 2 курса специальности педагогика и психология, Казахский
Национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан. mariyambatjanova@mail.ru*

Человечество привыкло считать, что мы получаем удовольствие от жизни некими «порциями», что оно не длительно и зависит от внешних факторов – наших успехов, признания на работе и любви других людей. Однако можно с уверенностью заявить, что счастье человек обретает при правильной организации жизни. Человеческая жизнь измеряется во времени, а времени у человека не так много, как кажется на первый взгляд. Поэтому, важнее то, как каждый человек организует свою жизнь день за днем, час за часом. Для наиболее эффективной организации жизни человеку следует приложить усилия для постепенного изменения своих ежедневных привычек.

Большая часть ежедневных занятий каждого человека направлена на достижение какой-то цели. Он занимается уборкой, чтобы сделать дом чистым, приходит на работу, чтобы выполнить определенный объем задач, организует свой досуг, чтобы отдохнуть от рутинных дел. Следственно, жизнь состоит из постоянной целенаправленной деятельности. Конечно, достижение целей вносит в жизнь человека порядок и смысл. Но в результате люди часто переоценивают результат и забывают о том, что процесс тоже может приносить удовольствие и радость.

Если люди будут заниматься только целенаправленной деятельностью в течение многих дней и выполнять только то, что имеет цель, они начинают испытывать тревогу, усталость, раздражительность, им сложнее сконцентрироваться на этой деятельности. Поэтому организовывать жизнедеятельность необходимо правильно, ведь не зря этот процесс исследовался многими учеными и написано было множество научных работ.

Для того, чтобы научиться организовывать деятельность целых предприятий, в которых работают десятки людей, необходимо научиться организовывать для начала свою жизнь, а то и свой день.

Первые попытки самоорганизации у человека проявляются примерно ещё в средних классах общеобразовательной школы. Они представляют собой составление расписания и попытки соблюсти его. Сейчас это называется тайм- менеджментом, а дневное расписание – это всего лишь малая его часть.

Со временем знания пополняются информацией о целеполагании и планировании жизни. А в какой-то момент даже приходит осознание того, что даже процесс выполнения задач нуждается в организации. Проблема в данной ситуации заключается в том, что бы все эти знания были полезными, необходимыми, но никак не собранными в какую-то действующую систему. У многих людей наблюдается подобная тенденция, когда в голове скапливается много бесполезной информации одна за другой, а применения ей так и не находится.

Задача современного человека еще в молодом возрасте при самом рассвете сил научиться организовывать свои долгосрочные и краткосрочные цели, организовывать планы на день и не только, организовывать процессы и организовывать дела (срочные и не требующие особой срочности).

Под термином организация понимается следующее: организация – это обоснование и выбор элементов управляющей и управляемой подсистем, а также установление пространственно-временных и причинно-следственных связей между ними. Например, в сфере производства в ее функции входят обоснование и выбор оборудования, организация рабочих мест, выбор технологии и т.д.; в сфере управления – это подбор, расстановка, продвижение кадров, профессиональное обучение, управление деятельностью работников, создание структур управления [1].

Человек может иметь разные жизненные цели, рассуждать об индивидуальности или общности миссии человека, но в одном он похож на остальных: без осознанных целей человеческая жизнь уподобляется жизни простейших животных.

Можно выполнять действия спонтанно, «плыть по течению», но при таком подходе к жизни больших результатов ждать не стоит. Поэтому, прежде чем собираться в путь и начинать собирать вещи, необходимо определиться с конечной целью поездки. Важно понять свою миссию и цель в жизни. Без этого всё остальное абсолютно бесполезно.

После определения жизненных целей встает необходимость запланировать каждое действие в мельчайших деталях. Каждая большая цель делится на малые цели – подцели. Для их достижения необходимо чему-то научиться, многое узнать и сделать. В процессе достижения целей будет появляться новое видение и понимание.

Для лучшего планирования действий необходимо прибегнуть к помощи тайм-менеджмента. Именно с помощью тайм-менеджмента человек учится систематизировать свою деятельность самым наилучшим образом.

Тайм-менеджмент – это эффективное планирование рабочего времени для достижения целей, нахождение временных ресурсов, расстановка приоритетов и контроль выполнения запланированного. Его основная задача – больше успевать в единицу времени и эффективно расходовать собственные ресурсы.

В психологии различают два вида тайм-менеджмента – простой и системный. В основе системного лежат глобальные цели, что позволяет говорить о тайм-менеджменте как о жизненной философии. Простой тайм-менеджмент представляет собой набор методик, которые помогают постепенно продвигаться к достижению этих глобальных целей [2].

При помощи тайм-менеджмента у индивида вырабатываются своего рода привычки, установки выполнять свои действия определенным, более продуктивным образом при меньшей затрате времени. Вкратце об этом уровне, подразумевается умение быстро и основательно выполнять задачи, фокусироваться на процессе, входить в состояние потока и выдавать максимальную продуктивность.

Индивидов, которые заинтересованы в правильной организации своей жизнедеятельности с каждым годом становится все больше и больше. Это наблюдается по популярности всевозможных мотивационных тренингов, по продажам соответствующей литературы.

Человек, который может ставить перед собой цели, планировать дальнейшие действия и имеет это все в виде выработанных в нем привычек, становится личностью, обладающей организаторскими способностями.

Организаторские способности – вид коммуникативных способностей, которые проявляются в совершенстве умений переводить социально-значимые цели на язык практики для своего коллектива и в умении доводить дело до логического конца. Требовательность сочетается с располагающей общительностью и личной деловитостью. Наличие у руководителя организаторских способностей снижает вероятность возникновения как деловых, так и межличностных конфликтов [3].

Склонности к организаторской деятельности в виде задатков проявляются стремлением человека брать на себя, не колеблясь, ответственность, не бояться риска, следовать сказанному слову и выполнять свои обещания, быть справедливым и доброжелательным к окружающим людям. Известно много случаев, когда наделенные от рождения этими качествами люди не развивали свои задатки, так как упорно не занимались предначертанной им судьбой деятельностью.

И наоборот, есть множество примеров, когда, даже не имея никаких организаторских задатков, человек становился хорошим руководителем, известным полководцем или политиком. В большинстве случаев, организаторские способности рассматриваются в делах, касающихся бизнеса или предпринимательства. Термины организаторских способностей были применимы к руководителям, начальникам и управленцам. Большой обзор

информации об организаторских способностях наблюдается в книгах по управлению, менеджменту.

Однако, что характерно современному положению дел, организаторские способности стали рассматриваться в области образования тоже. В области образования также необходимо обращать внимание на психологические особенности работников образования, ведь именно эти люди транслируют все базовые знания нынешнему поколению и им тоже необходимо научиться вырабатывать в себе эти способности для эффективного выполнения своих обязанностей.

Каждый специалист, взаимодействующий в ходе своей профессиональной деятельности с другими людьми должен быть своего рода психологом. Он должен тонко чувствовать другого человека, обладать эмоциональным интеллектом, неким «чутьем» в своем деле. Будучи таким человеком, он сможет легко управлять своими делами, касающимися других людей, управлять людьми и влиять на них с положительной стороны.

Если рассматривать организаторские способности учителей, то важно отметить, что хорошим учителем не может быть тот человек, который не умеет распоряжаться своими делами, не умеет налаживать контакты и выстраивать отношения с другими людьми. Ведь его работа – это прямое воздействие на личность учащегося, а чтобы его влияние возымело эффект, он должен суметь правильно выстроить свою «политику» поведения и организации своей деятельности.

Школьному учителю приходится иметь дело не с одним учеником, а с целым классом. Работа с коллективом детей требует особых способностей, представляющих собой сложный комплекс качеств, которых может и не быть у преподавателя, ведущего занятия с одним человеком, допустим, в домашних условиях. На личности педагога лежит огромная ответственность за полученные детьми знания, за их качество. Качество его работы не может повышаться без обдуманной и хорошо организованной преподавательской деятельности. Ведь учитель он не только транслирует знания, но и вносит особый вклад в воспитание детей. Он стремится их дисциплинировать, выработать в них ответственность и активность.

В числе многочисленных качеств учителя прежде всего нужно отметить самоконтроль. Надо сказать, что "публичность" работы учителя не для каждого оказывается приемлемой.

У некоторых людей необходимость "быть на глазах" даже у незначительного числа зрителей и слушателей вызывает астенические эмоции, мешающие работе, не дающие возможности должным образом сосредоточиться на ней, думать о том, что говоришь и делаешь, о том, что происходит в классе, и т. п. Особенно сильно может проявляться это неприятное состояние при первой встрече с учащимися. Психологически оно обусловлено некоторой робостью, застенчивостью человека, неуверенностью в себе, известной долей замкнутости и представляет собой своего рода охранительный рефлекс, связанный с желанием не вступать в общение с людьми, по возможности избежать его, если оно может закончиться неудачей и неприятными последствиями. Этим качеством чаще всего обладают или люди вообще очень робкие, неуверенные в себе и не чувствующие себя способными, в частности, к педагогической работе, или, напротив, люди в какой-то мере, может быть, даже одаренные, но отличающиеся болезненным самолюбием, боящиеся того, "что о них подумают" другие [4].

В классе же много строгих критиков, расположенных к насмешке, "разыгрыванию" и т.п. Поэтому детский коллектив особенно пугает такого учителя, причем даже опыт и понимание того, как надо себя держать, каким образом вести работу, здесь не всегда помогают, так как контроль за своим поведением в таких случаях исчезает или значительно ослабляется. Для такого учителя работа становится «пыткой», он затрачивает очень много энергии на каждый проведенный свой урок, что плохо может сказаться на его нервной системе и общем психологическом состоянии. Это еще раз показывает, что

прежде чем взяться за такую работу, нужно в стенах университета поработать над выработкой и развитием определенных качеств, в том числе и организаторских.

Организаторские способности учителя проявляются в умелом планировании работы и в выполнении этого плана. Малоспособные учителя отличаются тем, что они никогда не укладываются в намеченные сроки, часто уже после звонка заканчивают урок, дают домашние задания на перемене и т. п. У хорошего же педагога проявляется чувство времени, представляющее собой специфическое восприятие, дающее возможность, почти не справляясь с часами, верно распределить работу так, чтобы кончить все, что намечено, точно к звонку. При этом учитель не спешит, так как спешка вредно отражается на усвоении, но и не "растягивает" объяснения и работу. Здесь, как и во всей работе педагога, имеет значение опыт, однако дело не только в нем.

Так, организаторские способности в психолого-педагогической литературе трактуются как индивидуально-психологические особенности личности, являющиеся условиями успешного овладения организаторской деятельностью и ее осуществления [5]; способность, с одной стороны, организовать ученический коллектив, сплотить его, воодушевить на решение важных задач, с другой – правильно организовать свою собственную работу [6]; умение организовать учащихся путем приобретения ими необходимости выполнения определенного вида деятельности [6]; способности, обеспечивающие высокую эффективность организаторской деятельности и т.д. Непосредственно организаторские способности учителя Н.В. Кузьмина определяет как избирательную чувствительность к способам организации учащихся в группе, в освоении учебного материала, самоорганизации обучающихся, в самоорганизации деятельности педагога.

За развитие организаторских качеств в самом себе, нужно браться, будучи еще студентом, когда ты не просто получаешь теоретические знания, но и на практике учишься преподавать и видишь совершаемые ошибки и упущения. В конце концов, наличие организаторских способностей важно не сколько для профессии, сколько для общей жизнедеятельности.

Список литературы:

1. Аuezова К.Т. Менеджмент. Учебно-методическое пособие. 2011.
2. www.E-xecutive.ru
3. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Словарь конфликтолога, 2009 г.
4. <https://pidruchniki.com/14290114/psihologiya>, Загальна психологія: Хрестоматія.
5. Уманский Л.И. Психология организаторской деятельности школьника. – М.: Просвещение, 1980. – 126 с.
6. Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник для ВУЗов. – М.: Логос, 2001. – 383 с.

СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІК ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕСІНІҢ ПЕДАГОГТАРЫ ҮШІН ҚАЖЕТТІ САПА

Тоқсанбаева Н.К., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, психология ғылымдарының докторы, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Атахан А.Т. психология мамандығының I курс магистранты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазіргі таңда адамның өмірі мен қызметі стрессті тудыратын түрлі сыни жағдайларға толы. Стрессті, ішкі қақтығыстың жағдайын немесе өмір дағдарысын жеңу және эмоциялық балансты қайта қалпына келтіру үшін, кей жағдайларда адам ұзақ және ауыр жұмыс жасауы керек. Адамдар өмірдің түрлі кезеңдерінде әр түрлі деңгейдегі стресстерді сезінеді. Стресс адамның мінез-құлқына, оның жұмысқа қабілеттілігіне, денсаулығына, басқа адамдармен байланысына және отбасылық қарым-қатынастарына әсер етеді. Стресс тек адам өмірінің сапасын ғана емес, сонымен қатар адамның жұмысының сапасын да төмендетеді.

Адам қызметінің кәсіби саласы осы мамандыққа тән стресстерді тудырады. Стресске бейім мамандықтар бойынша бірінші орында адамдармен тығыз жұмыс жасайтын мамандықтар, соның ішіне педагог мамандығы да кіреді.

Осылайша, стресс педагогтардың кәсіби қызметіндегі күрделі және өзекті мәселе болып табылады. Сондықтан, қазіргі заманғы мұғалімнің жеке басының стресске төзімділігін қалыптастыру да маңызды. Стресс, стресске төзімділік ұғымдарын, стресс себептерін, стресске төзімділіктің түзету мекемесінің педагогтары үшін маңыздылығын анықтау осы мақаланың мақсаты болып табылады.

Стресс – «адам – адам» жүйесінің кәсіптерінің өкілдері арасында ең көп таралған және ең танымал. Зерттеушілер (Р. Люфт, Ю.С.Савенко, Г.Селье, Дж. Эверел және басқалар) атап өткендей, стресс, қалыпты және жиі кездесетін құбылыс. Қысқа мерзімді, шағын стресстер күнделікті өмірде жиі кездеседі және олар зиянсыз. Ұзақ мерзімді немесе шектен тыс стресс – бұл адамдар мен ұйымдар үшін қиындықтар тудыруы мүмкін. Стресс адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады, бірақ стресс дәрежесі мен оның салдарын ажырата білу маңызды.

«Стресс» ұғымына түсініктеме берейік. Ағымдағы зерттеулерге шолу, стресс ұғымының түсінігі бірдей емес екенін көрсетті. Ол шаршау, қоршаған ортаның сынауы, кемсітуі, белгілі бір сәтсіздіктер және т.б. жағдайлардың салдарынан туындауы мүмкін.

Ю.С. Савенко психикалық стрессті «адамға өзін-өзі танытуға кедергі келтіретін жағдайға тап болған күй» ретінде сипаттайды. Бұл ұғым, біздің ойымызша, адамның кәсіби қызметінің аспектісін, оның сол аспектіде өзін-өзі таныту процесін сипаттайды. Өзін-өзі таныту – адамның жеке мүмкіндіктерін барынша толық сәйкестендіру мен дамытуға ұмтылысы. Кәсіби өзін-өзі таныту қолайлы әлеуметтік жағдайлардың болуын болжайды.

Қалыпты өмір жолын бұзатын кез-келген күтпегендік, стресстің себебі болуы мүмкін. Г. Селье стресстің туындауында адамға қатысты жағдайдың жағымды немесе жағымсыз болуы маңызды емес екенін өз зерттеулерінде көрсетеді. Қайта құрылымдау немесе жеке бейімделу қажеттілігінің қарқындылығы маңызды. Мысалға, ғалым өз кітабында қызықты жағдайды көрсетеді: жалғыз ұлы шайқаста қайтыс болғаны туралы естіген ана қатты эмоциялық күйзелісті сезінеді. Егер көп жыл өткен соң, хабардың жалған екендігі анықталып, ұлы кенеттен бөлмеге жараланбаған, сау күйінде кірсе, анасы бұл сәтте үлкен қуаныш сезінеді. Екі оқиғаның нақты нәтижесі – қайғы мен қуаныш, эмоциялар басқа, тіпті бір-біріне қарама-қарсы, бірақ олардың стресстік әрекеті – адамның жаңа жағдайға бейімделуінің ерекше талаптары – бірдей болуы мүмкін.

Г. Селье стрессті адамның қиындыққа бейімделу барысындағы жауабы ретінде қарастырып, «жалпы бейімделу синдромы» тұжырымдамасына бастау салды. Сонымен қатар, стресстің дамуының негізгі үш кезеңін бөліп көрсетті:

1. *Қобалжу кезеңі.* Бұл кезеңде ағзаның бейімделу ресурстарын жұмылдырылуы жүреді. Адам мазасыздану және сезімталдық күйде болады. Осы кезеңде жиі болатын аурулар «психосоматикалық» деп аталатын санатқа жатады: гастрит, колит, жаралар, мигрен, аллергия.

2. *Қарсыласу немесе бейімделу кезеңі.* Бұл кезең, егер стресс факторы тым күшті болса немесе ары қарай жалғасса туындайды және алаңдаушылық белгілерінің толық жоғалуы мен дене қарсыласу деңгейі әдеттегіден әлдеқайда жоғары болуымен сипатталады. Теңгерімді бейімдеу ресурстарын пайдаланылу жүзеге асырылады.

3. *Шашау кезеңі.* Бұл кезең энергияның таусылғаны, физиологиялық және психологиялық қорғаныстардың үзілуі, алаңдаушылықтың қайталануымен сипатталады. Бірінші сатыдан айырмашылығы, бірінші кезеңде дененің стресстік жағдайға жауабы, бейімделу қорлары мен ресурстарын ашуға әкелгенде, үшінші кезеңнің жағдайы «көмек шақыруға» ұқсайды.

Стресстік тұжырымдамаға сүйене отырып, адамның жеке басының стресске төзімділік тұжырымдамасын ажырату ұсынылады. Жеке адамның өмір сүру сапасы мен оның жұмысының маңызды факторы – бұл стресске төзімділік. «Стресске төзімділік» ұғымының мәнін ашайық. Адамның стресске төзімділігі – қиындықтарды еңсеру, эмоцияны басу, ұстамдылық пен сақтық көрсете білуге ептілік. Стресске төзімділік адамға кәсіптік қызметтің ерекшеліктеріне байланысты, басқаларға және олардың денсаулығына кері әсерін тигізбестен, маңызды интеллектуалды, ерікті және эмоциялық жүктемелерді алып жүруге мүмкіндік беретін жеке қасиеттер жиынтығымен анықталады.

Стресске төзімділіктің 8 негізгі құрылымдық компоненттері бар:

1) еріктік (өзін-өзі бақылау, өзін-өзі басқару, іс-әрекеттерді саналы түрде реттеу, оларды жағдайдың талаптарына сәйкес келтіруде көрінеді);

2) интеллектуалдық (ойлау қабілеті мен ойлау түрін білдіреді);

3) коммуникативтік (қызметтің әлеуметтік-психологиялық аспектісін, өзара әрекеттесуге дайындығын сипаттайды);

4) мотивациялық (жеке тұлғаның алдына қойылған мақсаттарын орындауға ұмтылысын көрсетеді);

5) қозғалтқыш (әртүрлі құралдарды пайдалану қызметінің тәсілдері мен әдістерін меңгеруді, оларды қолдануда қажетті дағдылар мен қабілеттердің болуын қамтамасыз етеді);

6) танымдық (тапсырманы түсінуді сипаттайды);

7) физиологиялық (ағзаның энергетикалық мүмкіндіктерінің қорын анықтайды);

8) эмоционалдық (өзіне сену, тапсырмаларды орындау барысында ынта сезім мен қанағаттануды сезінуде көрінеді).

Жеке тұлғаның стресске төзімділігінің 4 түрі ажыратылады:

Стресске төзімсіз. Бұл тұлғалар өздерінің мінез-құлқын өзгертуге және сыртқы әлемге бейімделуге дайын емес, олардың көзқарастары мен ұғымдары тұрақты. Сондықтан, кез келген қолайсыз сыртқы оқиға немесе тіпті болашақта олардың туындау мүмкіндіктерінің өзі, олар үшін стресс.

Стресске жаттығатындар. Бұндай тұлғалар өзгерістерге дайын, бірақ бірден және жаһандық деңгейдегі емес. Олар өз өмірін біртіндеп, ауыртпалықсыз өзгертуге тырысады және объективті себептерге байланысты мүмкін болмаған кезде, олар ашуланады немесе депрессияға ұшырайды. Бірақ, мазмұны бойынша шамамен бірдей стресстік жағдайлардың қайталануы, олар үшін үйреншікті сезім тудырып, ондай жағдайларға сабырлы түрде жауап беріп бастайды.

Стрессті тежегіштер. Бұл тұлғалар өмірлік қағидалары мен идеологиялық көзқарастарының тұрақтылығымен ерекшеленеді, бірақ, кенеттен туындайтын сыртқы өзгерістерге жеткілікті түрде сабырлықпен қарайды. Олар бірте-бірте өзгеруге дайын емес, бірақ олар өз өмірінің белгілі бір аймағында тез және бір рет өзгеруге дайын. Мысалы, жұмыс орынның кенеттен өзгерту оларға тән.

Стресске төзімді. Бұндай тұлғалар кез-келген өзгерістерді, қаншалықты ұзақ немесе кенеттен болғанына қарамастан, салыстырмалы түрде сабырлықпен қабылдауға дайын. Олар тұрақсыздық және дағдарыс жағдайларында тиімді жұмыс істеуді біледі, бірақ, қалыптасқан дәстүрлері бар ұйымдарда жұмыс істеуге бейімделмеген. Олар үшін стресс – өзіне немесе жақын адамдарына қатысты орнаған ауыр жағдайлар. Стресске төзімді тұлғалар көп жағдайда тәуекелді қажет ететін мамандықтарды таңдайды.

«Стресс» және «жеке тұлғаның стресске төзімділік» тұжырымдамаларының мәнін ашқан соң, стресстің себептерін анықтауға болады. Қазіргі таңда, зерттеушілер үшін оқу ұйымдарындағы жұмыс орнында стрессті тудыратын ұйымдастырушылық факторлар үлкен қызығушылық тудыруда.

Әлеуметтік стереотиптердің өзгеруіне және педагогтарға байланысты талаптар санының көбейе түсуі мен педагогикалық стресстің артуы арасындағы байланысты Л.М. Аболин, А.К. Маркова, Л.М. Митина, А.И. Щербаков зерттеді. Авторлар педагогтардың қызметі кәсіптер арасындағы ең көп стресстік факторлары бар қызметтердің бірі екенін атап өтті.

Педагогикалық қызметтегі стресс педагог маманның жоғары жауапкершілігімен және мамандыққа деген талаптың толықтай сәйкес келмеуімен байланысты. Бұл педагог алдына қойылатын балалар, ата-аналар, әкімшілік, тексерушілер тарапынан үлкен көлемді шарттармен түсіндіріледі.

Педагогтардың кәсіби қызметіндегі стресс жинақталатын қасиетке ие. Күнделікті педагогтың когнитивті және эмоционалды аясына жасалатын жүктемелер, педагогқа тән эмпатия мен мазасыздану, қиын және динамикалық тұлғааралық қарым-қатынастардың болуы эмоционалды уайымдардың күшейуіне алып келеді. Бұл педагогтың жағдайды қалыпты қабылдауы, бағалауы мен дұрыс шешім таңдауына әсер етуі мүмкін.

Педагогтың стресске төзімділігі эмоционалды, мінез-құлықтық және когнитивті компоненттердің бірлігімен анықталып, тиімді жауап беру, әлеуметтік тәжірибені игеру, мақсат қоя алу, нәтижеге жету, стресстік жағдайларды жеңу, өзін және өзгелерді түсіну сияқты ойлау процесстерінің ерекшеліктерін болжайды.

Педагогтың кәсіби стресстік себептері: кәсіби міндеттер, қызметкердің рөлі және оның ұйыммен байланысы, ұйымдастырушылық құрылым, жұмыстағы психологиялық климат және т.б. байланысты болуы мүмкін. Сол себепті, стресстік жағдайларға төзімділікпен қарай алу, педагог мамандар үшін маңыздылығы өте жоғары.

Әсіресе, арнайы, түзету мекемелерінде қызмет ететін педагогтар үшін стресске төзімділік ең қажетті сапалардың бірі. Себебі, күнделікті жұмыс барысында кездесетін стресстік факторлар сан алуан және қойылатын талаптардың да деңгейі жоғары.

Мамандықтар профессиограммасында, түзету мекемесінде қызмет ететін педагогтар сай болуы қажет талаптар көрсетілген:

1) педагогикалық бағыттылық (дамушы мүгедектігі бар балалармен жұмыс істеуге психологиялық қарым-қатынастар кешені, кәсіби мүдделер мен жеке қасиеттер, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі дамыту);

2) эмпатия (өзге адамды түсіне білу, жағдайға сол адамның көзқарасымен қарай алу, қажетті жағдайда эмоционалды қолдау көрсету);

3) педагогикалық этика (педагогтың өзін-өзі ұстай білуін, эмоцияларын басқара алуын, кез келген жағдайды этикаға сәйкес шешуін, өз қадір-қасиетін сақтай отыра, балалардың жеке басына, ата-аналарына, әріптестерге құрметпен қарауын кіріктіреді);

4) педагогикалық ұстаным (педагогтың бала дамуындағы өзгерістерді анықтай алуы, болашақта мүмкін нәтижелерді болжай білуі);

5) педагогикалық оптимизм педагогтың әр бір ерекше қажеттіліктері бар баланың мүмкіндіктеріне, жүргізіліп жатқан түзету жұмысының нәтижесіне сенуден тұрады;

6) кәсіптік білім беру мәдениеті (балалармен, олардың ата-аналарымен және әріптестермені дұрыс қарым-қатынасты ұйымдастыру);

7) педагогикалық рефлексия (жүргізілген жұмыс барысында алынған нәтижелерді, қойылған мақсатпен сәйкестендіре тексеру, рефлексия жүргізу, педагогтың өзіне есеп бере алуы).

Педагог жоғарыда көрсетілген талаптарға сай болып, өз жұмысын сапалы орындау үшін, физикалық және психологиялық деңгейде сау болуы керек. Егер, педагог өз жұмысымен қанағаттанбаса, немесе эмоционалды шашау, қажу деңгейінде жүрсе, ол, біріншіден өзіне, екіншіден, балаларға да зиянын тигізуі мүмкін.

Кәсіби талап педагог алдына өзін-өзі басқару, ұстай алу міндеттерін қояды. Бірақ, іштей эмоционалды қақтығысты сезініп, сыртай оны білдірпеу, оған мән бермеу, артынша ауыр зардаптар әкеледі. Жағымсыз эмоциялардың қайталануы, педагог бойында, ашуланшақтық, пессимизм, секілді жаман қасиеттердің қалыптасуына алып келуі мүмкін. Бұндай жағдайда, педагогтың жұмыс тиімділігі төмендейді және жұмыс барысында жасалатын қателіктер саны көбейеді. Педагогтың балаға жағымсыз әсері тимеуі үшін, уақытылы стресстік факторларды анықтап, оларды шешу жолдарын табу қажет. Сонымен қатар, барлық педагогтар үшін стресске төзімділік деңгейлерін көтеру маңыздылығын арттыру керек.

Стресс деңгейін қалай анықтауға болады? Стресстік төзімділікті көтеру жолдары қандай? – деген сұрақтар туындауы мүмкін. Қазіргі таңда, стресс деңгейін анықтайтын әдістемелер мен тесттер көп. Оларды өтпей де, жалпы, өзінің эмоционалды күйіне қарап, анықтауға болады. Себепсіз эмоционалды өзгерістер, қанша ұйықтаса да кетпейтін шашау, ашуланшақтық, мазасыздану – стресстің бірінші белгілері. Стресске төзімділік тұма қасиет болғанымен, оны түрлі жолдармен жаттықтыруға және көтеруге болады. Солардың бірі, рефлексиялық жаттығулар. Рефлексиялық жаттығулар педагогтарға эмоционалды кернеулерді шешуге көмек беріп, тыныштық сәтін бекітеді. Аффирмациялар да(өзін-өзі сендіру) педагогтарға, стресстік төзімділіктерін көтеруге көмегін тигізуі мүмкін. Аффирмация барысында, қайталау арқылы айтылатын сөздер, санада бекіп, мінез-құлыққа жағымды әсерін тигізеді. Стресстік төзімділікті көтерудің ең тиімді түрі – психологиялық тренингтер. Дұрыс ұйымдастырылған тренинг педагогқа эмоционалды тұрғыда жеңілдеуіне, ішкі және сыртқы шиеліністерді шешуіне, қажетті, жағымды мінез-құлықты бекітуіне, стресске төзімділіктің артуына септігін тигізеді. Оқу орындарында ұйымдастырылатын психологиялық тренингтер педагогтарда болуы мүмкін эмоционалды шашау мен қажулардың алдын алуы мүмкін.

Мақаланы қорытындылай келе, стресске төзімділікті көтеру түзету мекемесінде қызмет ететін педагогтар үшін маңыздылығы жоғары екенін атай аламыз. Физикалық және психологиялық деңгейде сау, жұмысымен қанағаттатын, стресстік жағдайларға төзе білетін ғана педагог, арнайы күту мен оқытуды қажет ететін балаларға тиімді түзету жұмысын көрсетіп, олардың әлеуметтік ортада өз орындарын тауып, тұлға ретінде дамуына көмек бере алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Карташова К.С. Психология стресса: учеб.-метод. пособие. – Электрон. дан. – Красноярск: Сиб. федер. ун-т, 2012. – 35 с.
2. Селье Г. Стресс без дистресса. М.: Прогресс, 1982. – 58 с.
3. Кузнецова Е.В., Петровская В.Г., Рязанцева С. А. Психология стресса и эмоционального выгорания : учеб. пособ. для студ. факультета психологии. 2012. – 96 с.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВИДЕОИГР В ОБУЧЕНИИ И ВОЗМОЖНОСТИ ИХ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

*Еликбаева М. – магистрант 1 курса по специальности «Психология»,
Садвакасова З.М. – к.п.н., доцент кафедры общей и прикладной психологии*

С зарождением Человечества мир начал прогрессировать эволюционно не только в биологическом направлении, но и научно-техническом, а в настоящем – и в цифровом. После создания первой электронно-вычислительной машины (ЭНИАК, 1946) прошло 72 года, но научные (искусственный интеллект), инженерно-технические (мини-компьютеры и телефоны с нанобиотехнологическими устройствами) и цифровые (Интернет, система интеллектуальных компьютерных программ) изменения настолько «амбициозны», что нельзя не согласиться, что мир информационно-цифровых технологий вошел в окружение каждого из нас.

Жизнедеятельность Человека немислима без отрыва от трудовой деятельности. Успешное функционирование последнего невозможно без образовательного процесса. Для реализации своего «Я» в социальной среде, все и каждый из нас после рождения проходят через такие процессы, как: Воспитание и Обучение → Трудовая деятельность.

Для успешной реализации своей трудовой деятельности, сегодня, в ходе обучения, мы активно сталкиваемся с компьютеризацией учебного процесса. Последнее породило принципиально новое средство обучения – учебные компьютерные программы. В истории развития учебных компьютерных программ, разработка которых занимает не более тридцати лет, условно можно выделить три периода, которые представлены в таблице 1.1.

Таблица 1.1

Периоды развития учебных компьютерных программ

Период		Предназначение	Особенность	Техническое оснащение
1	Программы поддержки учебного процесса (Computer Assistant Learning)	Компьютерная система – как техническое средство обучения	Примитивны в дидактическом плане	Стационарные компьютеры
2	Обучающие системы с участием Учителя (Tutoring Systems)	Компьютерная система – как обучающее средство	Низкая дидактическая культура	Персональные компьютеры
3	Обучающие системы без участия Учителя (Intelligent Tutoring Systems) – на основе методов искусственного интеллекта	Компьютерная система – как управляющее учебной деятельностью средство	Высокая дидактическая культура	Карманные компьютеры, встроенные компьютеры

В дополнение к таблице 1.1 следует отметить, что развитие компьютерных технологий в образовательном пространстве имеет свои особенности по периодам.

Программы поддержки на первом этапе разрабатывались программистами без участия квалифицированных специалистов, поэтому такие программы отличались примитивностью и простотой, т.к. были переписаны из учебников и обучающиеся текст считывали не с учебников, а с экранов дисплея [1].

Толчком для перехода на второй уровень развития обучающих компьютерных программ можно отнести развитие компьютерной графики и появление цветных мониторов. В итоге, программисты вначале смогли преобразить обучающиеся программы путем внесения «красок» (цветные изображения), «активности» (анимация) и «голоса» (звук),

затем внесли в обучающую компьютерную программу идеи мультимедиа, а потом и гипермедиа. Особенность этого периода вследствие низкой дидактической культуры разработчиков – реализация новых технических возможностей опережала дидактическую мысль, т.к. системы разрабатывались на интуитивном уровне понимания обучения [1].

Благодаря стремительному, с одной стороны, развитию информационных технологий (ИТ), с другой – увеличению объема информации, необходимой для образовательного процесса, компьютерное обучение на сегодня (третий этап) получает всё большую популярность вследствие «внедрения» в учебный процесс «интеллектуальных» программ, в т.ч. и компьютерных игр [1].

С середины XX века компьютерные игры развиваются, как и информационные технологии настолько быстро, что породили уже самостоятельную индустрию. Ключевыми опорными точками для становления эпохи компьютерных игр можно считать 1980-е г, т.к. благодаря:

- IBM заметно удешевляются стационарные компьютеры,
- видеоадаптеру VGA – на мониторах визуализируются 256 цветов.

Далее разрабатываются прорывная компьютерная игра (The Terminator: Future Shock (1995) – первый шутер с элементами трехмерности мира и врагов, свободным обзором и видеокарта с поддержкой полноценного 3D (Voodoo I). Как видим, развитие компьютеров тесно связано с развитием игр [2].

Далее компьютерная игра из понятия «игра для развлечения и досуга» (по С.И. Ожегову: развлекательные компьютерные игры) переросла в понятие «игра для обучения» (serious games: серьезные обучающие компьютерные игры).

Сегодня к разработке и использованию серьезных игр (serious games) уделяется особое внимание, т.к. они позволяют для обучающегося в увлекательной форме [3]:

- ознакомиться с учебным материалом в неограниченном количестве,
- освоить теоретический материал,
- освоить профессиональные навыки и умения,
- приобрести необходимые практические знания и навыки,
- закрепить теоретические и практические знания и навыки,
- оценить полученные знания,
- в увлекательной форме освоить новый учебный материал.

Особенность настоящего периода по развитию обучающих игровых программ:

- 1) многообразие сред для создания компьютерных игр [4, 5];
- 2) совместная деятельность программистов с педагогами различных дисциплин (математика, физика, астрономия, биология и др.) [6-14];
- 3) внедрение в учебный процесс:
 - педагогической модели систематической интеграции компьютерных игр [15],
 - методов оценки их применения [11],
 - моделей описания сценариев игр [14],
 - подходов и концепции разработки игр [7].

Такая «многоликость» для компьютерных обучающих игр обеспечила им внедрение в просторы высшего образования, в результате на сегодня уже наблюдается многообразие компьютерных программ по подготовке специалистов [16].

Также развиваются различные организационные составляющие для большего вовлечения в учебный процесс компьютерных игр. Так, ежегодно проводятся конференции на межрегиональном и международном уровнях для разработчиков образовательных компьютерных игр (например, в России – КРИ; в Европе – European Conference on Games Based Learning). В сети Интернет имеется большое число порталов для детей дошкольного и младшего школьного возраста, подростков (www.solnet.ee и www.igraemsa.ru), где имеются различные как развлекательные, так и развивающие игры [17].

Таким образом [18]:

1) компьютерная образовательная игра:

– представляет собой обучающую систему, в которой процесс обучения проникает в игру,

– имеет обучающие цели,

– имеет большой мотивационный потенциал,

– на сегодня становится все более актуальной тенденцией;

2) качество обучающей игры:

– определяется балансом между игровой и обучающей компонентами,

– определяется способом взаимодействия в игре игровых и обучающих действий,

– обеспечивается целостностью восприятия игры и возможностью достижения целей обучения.

Разработанные на сегодня модели процесса обучения классифицируются в зависимости от [19]:

1) назначения:

– динамические (показывают динамику изменения уровня знаний обучаемого в процессе обучения описывается как функция от параметров процесса, определенных разработчиком модели),

– когнитивные (описывают процессы восприятия человеком информации с точки зрения памяти, внимания, воображения и др.),

– психологические (учитывают индивидуальные особенности личности обучаемого) и другие аспекты процесса обучения или их комбинации.

2) описания процесса обучения:

– континуальные (используют для анализа и планирования процесса обучения, т.к. позволяют: устанавливать характеристики процесса обучения; отображать процесс обучения)

– дискретные (описывают по траектории процесс обучения как последовательность овладения фрагментами знаний по предметной области; такие модели не позволяют в полной мере реализовать такие требования).

Особенности, характерные для игрового учебного процесса [18]:

1) процесс обучения характеризуется большим числом параметров, т.к. геймер-обучающийся:

– гораздо более свободен в выборе игровых действий,

– количество альтернатив для выбора существенно больше,

– может использовать элементы случайности,

– может использовать игровой учебный процесс как во времени, так и в пространстве.

2) обеспечивает для геймера-обучающегося:

– свободу выбора в игре,

– формирует стратегию обучения, что позволяет достичь обучающей цели.

Возможности применения видеоигр в учебном процессе для геймера-обучающегося [19],

1) видеоигры могут:

– использоваться как инструменты исследования или измерения,

– для стимулирования обучения предоставлять элементы интерактивности,

– активизировать исследовательскую деятельность в образовании,

– помочь в разработке переносимых ИТ-навыков,

– привлечь к участию лиц, различающихся по возрасту, полу, этнической принадлежности, образовательного статуса и др.;

2) видеоигры позволяют геймеру-обучающемуся:

– для стимулирования обучения испытать новизну, любопытство и вызов,

– самоопределиться в постановке целей обучения, подкрепить свои знания в конкретной области, репетировать и вести протокол по своим «победам» и «поражениям», которые встречаются в игре на пути освоения знаний;

– измерять и исследовать свою производительность в процессе обучения,

– давать себе достоверную само оценочную характеристику в процессе освоения конкретной темы или дисциплины;

3) видеоигры оснащают геймера современной технологией, что позволяет помочь преодолеть технофобию, устранить в будущем гендерный дисбаланс в использовании ИТ;

4) видеоигры обеспечивают:

– вход в виртуальный мир образовательного пространства,

– достижение и поддержание безраздельного внимания человека на длительные периоды времени,

– инновационный способ обучения,

– участие в чрезвычайных мероприятиях,

– возродиться после «смерти» без реальных последствий,

– такие способности, как «остановить реальность», «вернуться в прошлое», «начать все сначала», «переписать сценарий», «исправить ошибку», «уйти от реальности» и др.

Таким образом, использование целенаправленных содержательных видеоигр в образовательном процессе развивает личность и формирует определенные навыки в деятельности.

Литература

1. Атанов Г.А. Компьютерные «Игры» в обучении». // Образовательные технологии и общество, vol. 7, no. 2, 2004, с. 185-189.
2. Mott T. 1001 Video Games You Must Play Before You Die. – London: Quintessence Editions Ltd., 2010. – P. 79.
3. Думиньш, А. А., & Зайцева, Л. В. (2012). Компьютерные игры в обучении и технологии их разработки // Образовательные технологии и общество – 15 (3) – С. 534-544.
4. Alice. Carnegie Mellon University. URL: <http://www.alice.org> (дата обращения: 01.03.2012).
5. Bodin M., Marty J.-C., Carron T. Specifying Collaborative Tools in Game-Based learning Environments: Clues From the Trenches // Proceedings of the 5th European Conference on Games Based Learning. University of Athens, Greece, 20-21 October 2011. – P. 46-56.
6. Бурский И.В. Обучение музыке. URL: <http://muzobuch.narod.ru/> (дата обращения: 02.03.2012).
7. Резник Н.А., Павлов Н.А. Играть, обучаясь или обучаться, играя с помощью электронных средств обучения? // Образовательные технологии и общество. – 2009. – Т. 12, № 3. – С. 430-443.
8. Шабалина О.А. Применение компьютерных игр для обучения разработке программного обеспечения // Открытое образование. – № 6 – 2010. – С. 19-26.
9. Bellotti F., Ott M., Arnab S., etc. Designing Serious Games for Education: from Pedagogical principles to Game Mechanisms // Proceedings of the 5th European Conference on Games Based Learning. University of Athens, Greece, 20-21 October 2011. – P. 26-34.
10. Bisognin L., Carron T., Marty J.-C. Learning Games Factory: construction of Learning Games Using a Component-Based Approach // Proceedings of the 4th European Conference on Games Based Learning. The danish School of Education Aarhus University, Copenhagen, Denmark, 21-22 October 2010. – P. 19-30.
11. Feist M. Journey to the Galapagos Islands – A Game-Based Learning Application for Children, on the Subject of Charles Darwin and his Evolution Theory // Proceedings of the 4th European Conference on Games Based Learning. The danish School of Education Aarhus University, Copenhagen, Denmark, 21-22 October 2010. – P. 78-86.
12. Kreitmayer S., Peake S., Laney R., Rogers Y. Designing a Large Multi-Player Simulation Game to Encourage Reflection and Critical Debate // Proceedings of the 5th European Conference on Games Based Learning. University of Athens, Greece, 20-21 October 2011, – pp. 333-342.

13. Maciusztr D., Ruddeck G., Martens A. Component-Based Development of Educational Games: The Case of the User Interface // Proceedings of the 4th European Conference on Games Based Learning. The danish School of Education Aarhus University, Copenhagen, Denmark, 21-22 October 2010, – pp. 208-217.
14. Marias C., Michau F., Pernin J.-F., Mandran N. Supporting Learning Role-Play Games Design: A Methology and Visual Formalism for Scenarios Description // Proceedings of the 5th European Conference on Games Based Learning. University of Athens, Greece, 20-21 October 2011, – pp. 378-387.
15. Foster A., Shah M. PCARD: Integrating games Into Classrooms // Proceedings of the 5th European Conference on Games Based Learning. University of Athens, Greece, 20-21 October 2011. – P. 183-194.
16. Henriksen T.D., Lainema T. Didactic Design for Business Games // Proceedings of the 4th European Conference on Games Based Learning. The danish School of Education Aarhus University, Copenhagen, Denmark, 21-22 October 2010. – P. 55-62.
17. Думиньш, А. А., & Зайцева, Л. В. (2012). Компьютерные игры в обучении и технологии их разработки. Образовательные технологии и общество, 15 (3), 534-544.
18. Шабалина О.А.. "Модель процесса обучения и ее интерпретация в обучающей компьютерной игре" Вестник Саратовского государственного технического университета, vol. 2, no. 1 (70), 2013, с. 158-167.
19. Griffiths M. The Educational benefits of videogames. Education and Health. Серия №20, №3. 2002, с. 47.

ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАҢҒАН БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

Сатова А.К. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, психология ғылымдарының докторы, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Ингайбекова Т.А. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, «дефектология» мамандығының докторанты

Зияты зақымдалған балалар – нормадан ауытқып қалған балалардың ең көп санаттарының бірі. Мұндай балалар жалпы балалар санының 2,5% құрайды. Түзету педагогикасы мен арнайы психологиясында қабылданған «ақыл-есі кем» баланың тұжырымдамасы ми қыртысының органикалық зақымдануының біріктіретін, диффузиялық, яғни диффузиясы бар, балалардың әртүрлі тобын қамтиды. Мұның бәрі баланың әртүрлі айқындықпен, ауытқуларымен, оның зияты мен когнитивті белсенділігінің барлық түрлерінде кездеседі.

Уикипедияның мәліметтері бойынша психикалық артта қалу – бұл тектік немесе кәмілеттік жасқа толмаған немесе мидың патологиясынан туындаған және әлеуметтік бұзылуларға әкеліп соқтырған зияттың бұзылуымен көрінетін психиканың толық емес дамуы. Ол ең алдымен ақылға, эмоцияларға, ерік-жігерге, сөйлеуге және моторикаға қатысты болады.

Психикалық артта қалу бұл аурудың этиологиясы мен патогенезін көрсететін түрлі себептер бойынша жіктеледі. Дәстүр бойынша интеллектуалдық ақаудың тереңдігіне қарай психикалық артта қалудың барлық түрлері үш деңгейге бөлінеді:

- дебилдік (жеңіл дәрежелі ақыл-ойдың артта қалуы);
- имбецильдік (ақыл-ойдың орташа деңгейін төмендеуі);
- идиотиялық – (ақыл деңгейінің төмендеуі).

Зейіні және есте сақтау қабілеті жақсы жеңіл дәрежелі зияты артта қалған балалар арнайы (түзету) бағдарламаны меңгере алады. Болашақта ол кәсіби дағдыларға ие болады және өндірісте өз бетінше жұмыс істей алады. Негізгі қиындықтар, әдетте, мектептегі көрсеткіштер бойынша байқалады, көптеген оқушылар оқуға және жазуға қиындық туғызады.

Зияты орташа деңгейлі төмендеуі – бұл ақыл-ойдың дамуының қалыпты дәрежесі. Ол когнитивті емес процестермен сипатталады. Ойлауы нақты, қарама-қайшы, қатаң және, әдетте, дерексіз ұғымдарды қалыптастыруға қабілетсіз. Бұл санаттағы балалар назарын аудару қабілеті бұзылған. Бұл тұрақсыздық пен ерекшелікке ие және назары аударылмайды. Зияты ауыр зақымданған адамдар тәуелсіз түрде қозғала алады, сөйлеуді сөйлесу құралы ретінде аз қолдана алады, өз бетімен өмір сүре алмайды, олар үнемі көмек пен қолдауды қажет етеді, талаптарды немесе нұсқауларды түсінуге немесе орындауға қабілеті өте шектеулі. Оларда назар аудару, қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамымаған. Қарапайым ойлау үдерістеріне қабілеттері жоқ. Бұл жинақ жеңіл және қалыпты зияты зақымдалған балаларымен жұмыс істеуге бағытталған.

А.М. Прихожан психикалық дамудағы артта қалу ретінде емес, «заманауи норма емес, ақыл-ой жағынан артта қалушылық емес, қандайда бір психикалық патологияның формасы емес», баланың отбасынан тыс дамуының ерекшелігімен байланысты жетімдер мекемелеріндегі депривациялық жағдайларға байланысты, психикалық дамуының мүлдем ерекше үлгісі ретінде түсіндіреді. Ол отбасындағы балалардан гөрі нашарлау немесе баяулау дегенді айтуға болмайды, ол бар болғаны басқаша ғана – деген болатын. Зияты зақымданған балалардың қабылдау және түйсік дамуы баяу жүреді. Сол себепті оның психикалық дамуына әсерін тигізеді. Бұл мәселені белгілі психологтар И.М. Соловьев, К.И. Вересотская, М.М. Нудельман, Е.М. Кудрявцев зерттеген болатын.

Словакиялық психолог Л. Отт зияты зақымдалу денсаулықтың ең маңызды көрсеткіші адамның әлеуметтік ортаға кіріктірілуі және оның динамикалық тепе-теңдігі болып табылады. Оның пікірінше, психикалық денсаулығын білу үшін психикалық ауру-

дың жоқтығын анықтау жеткіліксіз. Психикалық денсаулықты үш салаға бөліп қарастырады:

1. *Өзіңіз туралы.* Зияты зақымданған адамдар денсаулығына риза. Оның өз мүмкіндіктері мен шектеулері туралы тиісті идеялары бар. Ол өз қабілеттерін барынша қолдануға тырысады. Адам денсаулығының айқын, өте күшті, кейде иррационалды сезімге ие екендігін түсінеді, бірақ бұл сезімдерді өзінен ұстауға мүмкіндік бермейді. Өмір тек табыс әкеліп қана қоймай, сонымен қатар көңілінен шығып, сәтсіздікке ұшырап, оларды жетілдіреді.

2. *Басқа адамдарға қатысты.* Зияты зақымданған адам денсаулығы жақсы адамның көзінше өзін басқаша сезінеді. Рухани сау адам агрессияны көрсетпейді. Зияты зақымданған адамдарда тез байқалады. Олар басқа адамдармен қарым-қатынас жасаумен қатар, өз отбасын жақсы көреді және өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайында сенімділікпен ерекшеленеді.

3. *Өмірге қатысты.* Зияты зақымданған адамдар денсаулығына деген талаптарды орындауға қабілетті, ол мүмкіндігінше өз ортасын қалыптастырады, ал қажет болған жағдайда ол айналасындағы адамдарға бейімделе алады.

Зияты зақымданған балалардың психикалық дамуының бұзылуы жүйелі сипатқа ие екені белгілі. Олардың сөйлеуін дамыту саласында ғана емес, сонымен қатар қабылдауды, ойлауды, қызметті дамыту саласында да артта қалуы бар. Оқытудың көрнекі әдістерін қолдану үшін қабылдауды дамытудың белгілі бір деңгейі қажет. Бала затқа барынша ұзақ назар аудара білуі, оны қарастыра білуі, оның қозғалуын қадағалай білуі, қасиеттері мен қарым-қатынасын бөлуі, бейнеде және т.б. заттар мен әрекеттерді тани білуі тиіс. Бұл оқытудың көрнекі құралдарын таңдау кезінде педагогтарды дәл және мұқият болуға мәжбүр етеді.

Коммуникация (лат. communicatio «жалпы жасаймын, байланыстырамын»), кең мағынада әртүрлі ақпаратты қабылдау және тарату мүмкіндігі бар қарым-қатынас тәсілдері. Коммуникация тек көптеген гуманитарлы пәндердің объектісі ғана емес, сондай-ақ нақты ғылымдардың объектісі.

Әлеуметтік коммуникация – деген қоғамда әлеуметтік маңызды бағалармен нақты жағдайлар, коммуникативті салалармен қарым-қатынас нормалары бекітілген адамдардың коммуникативті іс-әрекеттері.

Э.И. Фадеева коммуникацияны зерттеудің бірқатар аспектілерін анықтайды: ақпараттық-коммуникативтік; интерактивті; геодезиялық; акхеологиялық; нормативтік және адам мінез-құлқын; әлеуметтік-практикалық түрлеріне бөлді. Философтар қарым-қатынастың ең кең таралған аспектілерін зерттеп, олардың рөлін және орнын анықтайды.

Репродуктивті қызмет процесінде көптеген мектеп оқушыларында диалогтік сөйлеудің сөйлеу және мінез-құлық аспектілерін меңгерудегі динамика байқалғанын атап өткен жөн. Алайда, біз сөйлеу тапсырмаларын орындаудан жалтаруға тырысқан, көрермендердің рөлін қалайтын театрларға қатысуға ұмтылмаған балаларды анықтадық (Таня С., Коля П., Никита В., Денис Б. және т. б.).

Біз осы ғалымдармен оларға белсенді және ынталандырушы сипаттағы көмек көрсетті. Содан кейін оқушыларға әдеби диалогтың мазмұнын еркін пайдалану, ойын жаттығуларын ұсындық.

Сонымен қатар, репродуктивті сөздермен қатар продуктивті сөздер қолданылды. Сабақтарда бірқатар әдеби шығармалар, таныс шығармалар желісі бойынша сахналық – ойындар қолданылады. Яғни, балалар естілген диалогтарды еркін ойнатуға тартылды.

Рөлдер және сахналық-ойындар бойынша туындыларды орындау барысында балалар рөлдерді өзгерту арқылы, өздерінің бастамашылдық пен жауап репликаларын сияқты қабілеттерге ие болды.

Оқылған шығармалар әлі де талқыланды, сонымен қатар оқушылардың назарын кейіпкерлердің репликаларына аударды. Айта кету керек, театр ойындары үшін біз ойындар мен ертегілерді қолдандық, онда сюжет негізінен прозалық диалог құру арқылы

берілген. Бұл «Колобок», «Теремок», «Гуси-лебеди», «Қоян, түлкі мен этеш» және т. б. орыс халық ертегілері болды. «Колобок» ойын-сахналарында біз оқушыларға ертегіні өзгертуді ұсындық. Колобок түлкі жоқ деп көндіруі керек еді. Балалар қосымша репликаларды ойлап тапты. Қиын болған жағдайда мүмкін нұсқаларды, сөйлеу этикетінің қажетті түрлерін көрсетті.

Ақыл-ой кемістігі бар бірінші сынып оқушыларын сұрақ-жауап арқылы оқыту үшін пайдаланатын сұрақтар: «Кім?», «Не?», «Қайда?» қажетті қарапайым т. б. бірқатар күрделі сұрақтар болды. Алдағы уақытта балаларға сұрақтар толығынан ұсынылды. Ақыл-есі кем балаларға бастапқыда екі мәселені шешу қиын болғандықтан – жауап формасы: мәселені түсіну және оған жауап беру сияқты, жаттығуларды біз мүмкіндігінше бөліп алдық. Бұдан әрі сұрақтар күрделенді. Сұрақ-жауап формасын дамыту балалардың қарым-қатынасын «Ойынды болжау» ойыны мысалында көрсетуге болады. Бірінші ойын барысында педагог ойлады, содан кейін сұрақтар қойды, алдымен үлгіге сүйеніп, содан кейін өз бетінше.

Сондай-ақ, «Сұрақ – жауаптар» ұсынылды. Әңгіме тақырыбы бастапқыда анықталды. Мысалы қазір педагог балаларға бір- бірінен соң кезекпен сұрақ қоятынын түсіндіріп айтты және мына сөзбен ойынды бастады: «Мен жексенбі күні киноға бардым. Ал Марина сен нестедің?», «Мен көшеде Колей бауырым мен қыдырдым, ал Витя, ал сен нестедің?». Әңгіме барысында балаларды одан әрі сөйлемді жалғастыруға фразалар қолданылды. Педагог сұрады: «Ал кімнің есінде Светаның жексенбі күні нестегені?». «Ал Маринаның ағасының аты кім?» және т.б. (Иә, біз айтамыз: «Сәлеметсіздер ме?»). Біз барлығымен бірдей амандасамыз ба? Сіз, мысалға, досыңызды кешдестіргенде не дейсіз? (Сәлем, қалайсың, қал қалай).

– Үлкендерге де солай айтуға болама, қалай ойлайсыз? (Жоқ.) Иә, үлкендерге: «Сәлеметсіз бе», ал өз ата-анаңа (анаңа, әкеңе) досың сияқты айтуға болады.

– Ал, сіз, біз амандасқанда ол адамға денсаулық тілейтінізді білесіз бе.

– Ал, бейтаныс адамға «Сәлем» деп айтпа ма. (Жоқ) Иә бұл әдепсіздік боады. «Сәлем» – бұл тек жақын адамдарға арналады.

– Ал, «Қайырлы таң» деп айтпа ма? (Иә) Қай кезде? Күндізін айта аламыз ба: «Қайырлы таң» деп? (Жоқ) Біз таңертең: «Қайырлы таң», күндіз «Қайырлы күн», кешке «Қайырлы кеш» дейміз. Адамға «Қайырлы таң» деп айта отырып, біз ол адамға таңы жақсы атсын, сәтті де қайырлы өтуін тілейміз.

– Амандасқан кешде өзімізді қалай ұстауымыз керек? (Күлімдеңіз, басыңызды изеңіз, көзге тура қараңыз) Дұрыс. Ал, егде адамдарға, қалай айтқан дұрыс деп ойлайсыз? (Қаттырақ) Иә, олар естімей қалуы мүмкін және басыңызды изей отырып оларға амандасқаныңызды білдіре аласыз.

– Ер адам әйел адамға қалай амандаса алады? Ер адамдар қалай амандасады? Амандасып көрейікші.

Сөздік этикеттік формулаларды пайдалана отырып балалардың сөздік қорын жетілдіру үшін «Эхо» деп аталатын қозғалмалы ойынды қолданды. Оқушылар допты қағып ала отырып, логопедтің айтқандарын қайталады: «Беріңізші, өтінемін», «Жақсылық жасашы», «Сен, былай...», сосын қайта лақтырды. Ойындағы дидактикалық қызметі сюжеттік тізбек сияқты көрінді: «Эхо сыпайы сұрауды үйренеді (алғыс білдіру, ұсыну, кешірім сұрау, шақыру, ақыл беру, жылы сөздер айту). Осындай сөздерге жетік машыққаннан кейін, ендігі мақсат өзгерді: «Эхо» өтінішке, алғысқа, кешірімге, шақыруға, ақылға сыпайы жауап қайтаруды «үйенді». Содан кейін, оқушы допты логопедке лақтырады. Ал, ол өз кезегінде әр түрлі реакцияларды көрсетеді.

Ойынды динамикалық түрде логопедиялық сабақтарда физминуттар ретінде қолдануға болады. Балалар ойынға қызығы қатысқан сайын, өз кезегінде сөздік материалдарды меңгеруге септігін тигізді. Осылайша балалар сөздік этикеттік көптеген формулаларын естіп қана қоймай, қайталай отырып диалогикалық бірлікті «Импульс – импульске реакция» үйренеді.

Д.Б. Эльконин сөз сөйлеу әрекеті осы тәжірибе бекітілген және ол арқылы берілетін іс-әрекеттердің тәжірибесін тасымалдаушы ретінде көрсетеді. Үш жасқа толмаған балалар үйренетін сөздер көпшілігі – нысандар мен әрекеттердің атаулары, яғни, зат есімдері мен етістіктер. Алғашқы жылдары баланың зиятының дамуы үшін сөйлеу сөзі барған сайын маңызды болып келеді. Бұл қарым-қатынастың негізгі құралы болып табылады: бала, әрине, «грамматикалық құрылымдарға емес, сөздердің бір бөлігін ғана түсінеді», бірақ оның назарын аударатын сөз, оның эмоционалдық тону көңіл-күйді, қарым-қатынас бағытын анықтайды, бірақ баланың сөйлеуде түсінбейтіні индикативтік графикалық қимылдар, жағдай, бірлескен іс-шаралар. Бала еліктеуге тырысатын ересек адамның функциясы үлкен рөл атқарады. Ересек адамдардың іс-әрекеттеріне еліктеу ерте жастағы қарым-қатынастың маңызды түрлерінің бірі болып табылады.

Ерте жастағы зияты зақымдалған балалар сөйлеуді қалыптастырудың қажетті шарты жоқ: нысандармен әрекеттер, ересек адаммен эмоционалды байланыс, артикуляциялық аппараттың дайындық және фонемалық есту. Нәтижесінде зерттелетін категориядағы балалардың қарым-қатынасы жағдайында қалыпты балалар сияқты бірдей болса да, осы жағдайлардың мазмұны олар үшін өзгеше: олар ересектермен өздерінің және бірлескен әрекеттерінің аздығынан имитация мүлде пайда болмайды, сондықтан ересектердің сөзі ауа-райында «ілулі» қалыпты даму кезінде оны қолдайтын тәжірибемен байланыстырылмайды. Балалар көптеген объектілерге назар аудармайды, демек, олардың есімдерін есіне түсірмейді, тіпті іс-әрекеттердің атауларын нашарлатады. Бірақ керісінше процесс жүреді: коммуникация қажеттілігі туындайды – бұл әлеуметтік орта талап етеді.

Сонымен қатар, кішкентай баланы ақыл-кеңестерге тәрбиелеу кезінде, ересектер жас нормаларына сүйенеді (күнделікті, өзін-өзі тамақтандыру, сөйлеу). Біріншіден, олар назар аударады және өз қаражаты мен ресурстары арқылы оның дамуын ынталандырады. Балалар ата-аналарынан кейін сөздерді және сөз тіркестерін қайталайды, бірақ олардан ешқандай мәлімдеме жоқ, олар түсініксіз әңгімелер мен ертегілерді тындайды. Кейде олар белгілі бір мазмұнмен толтырылмаған сөздерді және тіпті фразаларды есте сақтайды. Кейбір балалар жиі қайталанатын тапсырмаларды түсінеді, бірақ белгілі бір жағдайда ғана. Мысалы, баланы ваннаға алып келіп: «Қолдарыңды жуу», – дейді. Егер сіз оны асханада айтсаңыз, бала оған не қажет екенін түсінбейді.

Зияты зақымдалған көптеген балалар үшін белсенді сөздегі алғашқы сөздер екі жылдан кейін пайда болады. Әдетте үш жылға дейінгі фраза пайда болмайды.

Ең бастысы, Зияты зақымдалған баланың сөйлеуі байланыс құралы немесе балаға қоғамдық тәжірибені беру құралы бола алмайды. Ол сондай-ақ оның іс-әрекеттерін реттеу функциясын қабылдай алмайды.

Бірнеше қорытынды жасайық:

1. Ақыл-есі кем балалар әртүрлі уақыттарда тұрақтылықты меңгереді: балалардың кішкене бөлігі қалыпты ауқымда дамуда, екінші жартысында әдетте ерте жаста өтелетін айтарлықтай кешігу бар. Сонымен бірге, барлықтар үшін белгісіздік, жүрудің тұрақсыздығы және тұрақсыздық ұзақ уақыт бойы қалады.

2. Зиялы мүгедек балалардың ерте жастағы объективті іс-әрекеттерін дамыту, негізінен, манипуляциялар түрінде ғана басталады. Кейбір балаларда стандартты тақырыптық іс-шаралар (өзін-өзі қамқорлықпен ғана) немесе оларды меңгеру ниеті бар. Ерте жастағы тақырыптық іс-әрекет жасалмайды.

3. Сөз мен коммуникацияның дамуы да кешіктіріледі. Көптеген балалар белсенді сөйлейді. Пассивті сөйлеу жақсы дамиды. Бұл белгілі күнделікті жағдайларда баланың әрекеттері мен мінез-құлқына әсер етуі мүмкін. Кейбір балаларда бұрмаланған сөздер бар. Жекелеген жағдайларда ресми түрде жасқа байланысты, бірақ «бос» сөз бар.

Сонымен қатар, зияты зақымдалған баланың даму үрдістері қалыпты дамып келе жатқан адамдармен бірдей. Кейбір бұзушылықтар – объективті іс-қимылды игеру, сөйлеу және когнитивтік процестерді дамытуда артта қалу және ауытқу – негізінен қайталанатыны.

Өмірдің дұрыс ұйымдастырылуымен, арнайы оқытудың басталуы мүмкін болғандықтан, көптеген даму ақауларын түзетуге және тіпті ескертуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Эльконин Д.Б. Развитие устной и письменной речи. М.: Интор, 1998. – 112 с
2. Крепелин Э. Введение в психиатрическую клинику. Послесл. С.А. Овсянников. – М.: БИНОМ. Лаборатория знаний, 2004. – 493 с
3. Акатов Л.И. Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья. Психологические основы: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Гу – манит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 368 с

СТУДЕНТТЕРДІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Қасымова Р.С. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Жүзей М.А. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазақ мәдениеті-ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар.

Ұлттық тәрбие – адамзат тарихынан өнбойына ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтары мен ар тазалығы. Тұлғаның **ұлттық қасиеттеріне** меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі, **қайырымдылығы** және т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

«**Қайырымдылық**» ұғымын В.И. Даль түсіндірме сөздігінде «жүрек қалауы бойынша, көңіл (ниет) білдіру, қайырымдылық іс жасауға даяр болу, сүйіспеншілігін іс жүзінде көрсету»- деп түсіндіреді. Қайырымдылық бөтен адамның қайғысына ортақтаса білу. Яғни жетімдерге, кемтарларға, ауруларға, мүсәпір адамға, бақытсыздыққа ұшырағандарға деген адамның аяушылық қасиеттеріне тән адамгершілік қасиеттерінің бір түрі. Осы орайда Жүсіпбек Аймауытов «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек» – деген болатын.

Белгілі ғалым А.Қасымжанов: «Мәдени эмпирикалық деректер мен айғақтарға талдау жасай келе және ғылыми ілімдерге сүйене отырып, этномәдени уақыттың рухани дүниетанымдағы (негізінен қазақ халқының) кезеңдерін (мифологиялық уақыт, архетиптік уақыт, өркениеттік уақыт, дәстүрлік уақыт, инновациялық уақыт) ғылыми түрде, айқындап көрсетеді. Ағартушылық – қазақ халқының XIX ғасырдағы рухани мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады», – дейді.

Қазақ ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Жас ұрпақты адал еңбекке, өнер-білімге баулу, өмірге бейімдеу, отбасының, Отанның намысын қорғауға, ізгі ниеттерге, имандылыққа тәрбиелеуде ата-бабаларымыздан қалған тарихи-әдеби жәдігерлер куә бола алады. Қазақ топырағында өмір сүрген ғұлама ғалымдардың келелі ой-пікірлері қазіргі қоғамда орын алып отырған кейбір келеңсіз жағдайлардың алдын алуға тигізер әсері зор. Олардан қалған толғамалы толғаулар өз заманында түрлі әлеуметтік мәселелердің болғандығын танытады. Дана ойшылдар өздері өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениеті мен тарихына орайлас жас ұрпаққа тәлім-тәрбие берудің тәмсілдерін толғап кетті.

Білім – ұлттық мәдениеттің ұдай дамуы мен жаңаруының берік негізі. Ол-өмір сүрудің мәні мен мазмұнының, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын, болмысын айқындайтын бірден-бір жүйе. Ұлттық білім жүйесі жалпы адамгершілік құндылықтармен қайшылыққа келгенде, ол жеке адамды біртіндеп аздырып ұлтшылдық жолға итермелейді.

Ал, философ, ойшыл Ахмет Жүгінекеи мұрасында негізгі орын алатын «Ақиқат сыйы» (Хибатул хикаяк) деген еңбегінде жомарттық, кішіпейілділік қасиет- сапалар мен олардың қалыптасу ерекшеліктерін «Өмірде жақсы мінез, жомарт деген»,- деп адамдарды мейрімділікке, жомарттыққа шақырып, адамгершілік, ұлттық-гуманды қасиет сапалардың әлеуметтік мәнін айқындаған. Белгілі ойшыл өз еңбектерінде жомарттық пен сараңдықты

қарама – қарсы қойып түсіндіреді. Оның пікірінше жомарттық болған жерде «алынбайтын асу- жылымайтын жүрек жоқ» деп тұжырымдайды.

Ахмет Жүгінекеи яғни жомарт адамдарды бар ықыласымен, жан-жүрегімен былай жырлайды:

Өмірде жақсы мінез «жомарт» деген,
Жаман ат «сараң», тәуір сөз ермеген.

Берген қол бәрінен де құтты болар, Сол жаман аса біліп, түк бермеген,- деп адами қасиетерді ажырата біліп, соларды адамдардың ажырата білуіне жол көрсетеді. Автор білімді адамды таза алтынға, наданды жалған, құнсыз ақша, білімді ер жігітке теңейді.

Қазақтың «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» халық мақаласын еріксіз еске түсіреді. Қайсыбір ғұламаның ұлттық нақышқа сүйеніп жазылған өсиеттерін алсақ та, айтарлары бір – адам мәселесі. Онда адамның мінез-құлқы, адамдармен қарым-қатынасы, адамгершілік рухани құндылығы, қоғамдағы орны баса назарға алынады.

Оның барлығы ұлттық құндылыққа бағытталуын, қазақ халқының мәдени-рухани құндылықтары негізінде жастардың адами-ұлттық көзқарастарын және оны құрметтеуге тәрбиелеуіміз қажет.

Аутогогика ұғымы ауто [autos-сам]- «өзім», «өзімді-өзім», «менің», «өзімдікі» деген мағына береді. Аутогогика өзін-өзі тәрбиелеу деген сөз. Өзін – өзі тәрбиелеудің әдістері негізгі әдістер мен басты міндеттерге бөлінеді. Студенттің ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру мәселелері жөнінде *суггетопедия* саласы туралы сөз етуге тура келеді. Әлемдік деңгейдегі педагогикалық технологияға көз жүгіртсек қазіргі басты талап – шәкірт меңгеретін білім, білік, ой-түсінікті олардың өздігінен пайымдай алуға бағдар беріп ұғынған түсінігін өзіндік таныммен тоғыстырып, иланған сеніммен жүзеге асыра алуға баулып, машықтандыруға бейімдеу. Осы орайдан келгенде *суггетопедия* тұлғаның өзін-өзі дамытып, өзін-өзі тәрбиелеуге сеніп, әрекеттене білуге илануы әрекетуі керек.

Суггетопедия жүйеде бағдарланған талапты жүзеге асыру тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуді ұйымдастыра білуге байланысты екендігін білеміз. Өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі шарттары – тиімділігі. Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі – тұлғаның өзін-өзі саналы түрде өзгертіп, болмыс бітімін жаңартып, психологиялық білік, дағды дамуын қалыптастырудың жолдарын негіздеуге бағытталады. Тиісті деңгейде өзін-өзі меңгеріп, қоғамның талаптарына үйлесімді жеке басына лайық өзіндік жоба, жоспарын жүзеге асыруға бейімделуге ықпал етудің дәнекері және оған машықтану арқылы өзін-өзі қалыптастыру. Нәтижесінде студентке тиянақты іс-әрекет дағдысын және көзқарасын бекітетін тиімді жол болып табылады.

Жеке адамның даму процесінде **өзін-өзі** тәрбиелеу белсенділігі сапа жағынан ішкі фатроға айналды. Ол адамның өзін-өзі тәрбиелеудің аса мейрімділік ынтықтығымен тұтандыру керек, айналадағы дүниегні танып қана қоймай, өзінің ішкі дүниенісіне үңіле қарай білуі қажет.

Сонымен бірге, өзін-өзі тәрбиелеудің жіктелген бағдарламасы жасалады, мінез-құлық тәртібі белгіленді. Оны орындау ең қарапайым істерден басталуы керек. Мысалы, басталуы былапыт сөзден арылу, жолдастардың атынан ойсыз ере бермеу, орынсыз сөзге араласпау, біреудің сөзін бөлмеу, әр кезде өз сөзінде тұру, өз орнын үнемі жұмыс жағдайында ұстау т.б. кезінде Л.Н.Толстой өте дәлдікпен өзін-өзі бағдарламасын жасаған: Мне үшін ең маңызды деген нәрсе, өмір бойы үш негізгі кемшіліктен арылу:

- Мінезсіздік;
- Ашуланшақтық;
- Жалқаулық.

Өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын жасай отырып, оны орындаудың әдістерінде білу керек:

- Өзін-өзі иландыру;
- Өзін-өзі сендіру;
- Өзін-өзі сынау;

- Өзін-өзі міндеттеу;
- Ойша өзін өзгенің орнына қою арқылы өзгелермен санаса білу;
- Өзіне-өзі бұйыру;
- Өзін-өзі жазалау.

Адамның дамуы мен қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әр түрлі пікірлер мен теориялар әдебиеттерде орын алып келеді. Атақты грек философтары Платон және Аристотель адамның дамуын, тағдыр белгілеген тұқым қуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді. Аристотель құл болушылықты немесе бағынушылықты табиғаттың заңы дейді. Америка психологы Эдуард Торндайк баланың дамуы гендерге байланыст, олар баланың дене қасиеттерін, ақыл-ой ерекшеліктерін және қабілетін белгілі деп өз ойын дәлелдейді. Ол адам санасы да өзінің шыққан тегіне байланысты де тұжырымдады.

Американдық философ, педагог Джон – Дьюн өзінің даму теориясында «Балада туа пайда болатын инстинкт және қабілеттермен дәлелдейді. Адам бойында туылған күннен бастап талаптар мен қабілеттер және эмоциялар болды. Сондықтан да адамның табиғатын тәрбие арқылы өзгерту мүмкін емес» – дейді.

Адамзаттың сапалық ерекшелігі мен руханилығын қалыптастыру негізі – *рухани тәрбие*. Рухани тәрбие – білім арқылы беріледі және ұлттық тәрбие қалыптасады. Ұлттық тәрбие – ең алдымен әр адамның, ұрпақтың, ұлттың, мемлекеттің, ғасырдың менталитетін сыйлаудан, ұлттық ерекшеліктерді, салт-дәстүрді, әдет-ғұрыптарды меңгерте отырып тәрбиелейміз. Томас Генри Гексли «өмірдің басты мәні – тану емес, әрекеттену» деген.

М.И. Махмутов «Егер локальдық және әлемдік қақтығыстар болса, бұл адамдардың және халықтың ментальдық сәйкессіздігінен» деп жазады.

«Менталитет – бұл ұғым, адамның қоғамдық және әлеуметтік–психологиялық даму деңгейін, оның танымдық және тәртіп алгоритмін көрсететін ұғым. Менталитет деген сөздің, бізге Батыс елдерден келгендігі белгілі. Мәселен француздар «*mentalite*», ағылшындар «*mentality*», немістер «*mentalitat*» дейді, бірақ түбірі бір, негізінде латын тілінен алынған. Олардың пікіріне сүйенсек, бұл ұғым жеке адамдардың, не топтардың «ақыл» сапасы мен сананың қабілетін, күшін, ақылдың бастауын, мазмұнын, құрылымын, ойлау түрін, бағытын, сондай-ақ мүмкіндігін бейнелеп, олардың басқа физикалық құбылыстардан ерекшелігін ажыратып береді. Айталық, менталитет – мидың салмағына, көлеміне, оның ішіндегі түрлі иірім-жолдарына жатпайтын, одан тыс, тікелей туындамайтын интеллектік құбылыс. Шетел сөздігінде «менталитет» – сезімдік және рухани ойлау тәсілі, жеке адамдардың немесе топтың рухани хал-жағдайы деп пайымдалған. Мәселен, М.С.Орынбеков «Основные универсалии тюркского менталитета» деген мақаласында: «Менталитет – это коллективно формируемый в обществе строй мышления и поведения, который присутствует у всех его членов и проявляется на индивидуальном уровне» – деп жазады.

Менталитет атауын Батыста 1856 жылдары Р. Эмерсон қолдана бастаған. Кейін ол атау ХХ ғасырдағы гуманистикада М.Пруст, В. Леви Н. Брюль, Ж.Лефевр, И. Мейерсон, Л. Февр. Ж.Ле. Тофф, Ж. Дюби еңбектерінен орын алады.

Д. Кішібеков: «Менталитетті – адамдардың нақтылы ісінен, өмір сүру тәсілінен, ойлау жүйесінен бөліп қарауға болмайды. Ол – тек солар арқылы бейнеленетін, түсінуге болатын құбылыс. Олардан менталитетті жеке-дара бөліп алып қарастыру мүмкін емес» деп атап көрсетеді. өзінің бет-бейнесі, ерекшелігі айқындалмаған халықтың тарихта болуы мүмкін емес. Әр ұлттың өзіндік менталитеті бар. Бұл көрініс сол ұлттың жеке адамдары арқылы байқалып, жалпы сол ұлтқа, халыққа тән қасиетті бейнелейді.

Д. Кішібековтың «Қазақ жері қандай кең болса, оның менталитеті де сондай мол, рухани жағынан өте бай. Оны еуропалық қалыпқа салып қарауға болмайды. Оның өркениеті де, өлшемдік түсінігі де басқа» – деген пікірі орынды. Ешбір халық әлемдік кеңістікке өзге халықтың менталитетімен көтеріле алмайды немесе ұлттық менталитеттің қалыптасу сатыларынан өтпей, бірден әлемдік өркениет қатарына өте алмаса керек. Біз –

өзіміздің белгілі бір тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз» деп атап өткен болатын.

Рухани құндылық мәселесі жөнінде Қ.Қ. Шакаримова « Рухани дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеудегі құндылық бағдардың маңызы» деген мақаласында « рухани құндылық» ұғымын алты бағытқа бөледі.

– *Танымдық бағыт* – (таным мәдениеті, интеллект, білім, ақыл-ой мәдениеті, шығармашылық, ойлау, сананы жетілдіру, ой-өрісінің кеңдігі және т.б.).

– *Әлемдік бағыт* – (азаматық, патриотизм, өмірлік позиция, ұжымшылдық, адам құқықтары және т.б.).

– *Салауатты өмір салты* – (экологиялық мәдениет, спорт, санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, жағымсыз қылықтардан арылу, денешынықтыру және т.б.).

– *Адамгершілік бағыты* – (жеке тұлғаның құндылық қасиетері, сыйлау, мейрімділік және т.б.).

– *Ұлттық бағыт* – (салт-дәстүр, діни ғұрыптар, ұлтжандылық, жерін, елін сүю және т.б.).

– *Дүниетанымдық бағыт* – (ғылыми, білімділік, дүниені түсіну, ойтолғаныс, және т.б.).

А. Есжанов «Қазақтың ұлттық ұлағатты ұғымдары» еңбегінде қазақ халқының ұлағатты ұлттық ұғымдарының танымдық-тағылымдық мән жайы мен мағынасы аса терең мән берген Мысалы: Үш би: Үйсін Төле би, Арғын Қаз дауысты Қазыбек би, Алшын Әйтеке би. Үш жұрт: ағайын жұрт, нағашы жұрт, қайын жұрт және тағы басқа құндылық қасиеттерді топтастырған.

Олай болса, әрбір ұғымдық сөздерді топтастырып, оны тәрбиелік мәнін ашып көрсету арқылы студенттің ұлттық құндылық қасиетерін қалыптастыруға міндеттіміз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. История педагогики г.1 Учебное пособие для педагогических университетов / под ред. А.И. Пискунова. – М. ТЦ. «Сфера», 1998. – 192 с.
2. Нұрадин Г. Б. Өркениет: дәстүр және сабақтастық. Алматы, 2007.
3. Ұлттық энциклопедия. - 3т. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. - 720 б.
4. Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану. –Алматы: қазақ университеті, 2003. - 456 б.

БАЛАЛАР ҰЖЫМЫНДАҒЫ ОҚШАУЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қуребаева Г.А., Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, педагогика ғылымдарының магистрі, e-mail: knara07@mail.ru Семей қаласы, Қазақстан Республикасы

Төлеуова Т.Е., Маутбекова А.А. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің 3 курс студенттері, Семей қаласы, Қазақстан Республикасы

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған. Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы – білім жүйесі. Орта мектеп – білім жүйесінің ең басты буыны. Орта мектепте қаланған білім негізі оқушының болашағына жол ашады.

Сонымен бірге Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер-бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады [1,3 б].

Адам адам болып жаратылғаннан соң, оның өмір сүруінің негізгі тірегі мен қажеттілігі, сондай-ақ қалыпты өмір сүру жағдайы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау болып табылады. Сондықтан балалардың қарым-қатынасындағы мәселе – бүкіл қоғам алдындағы негізгі міндеттер болып қала бермек.

Адам қалыпты өмір сүру үшін, өзінің психикалық қасиеттерін дамыту үшін, жеке тұлғалық ерекшеліктерін жетілдіру үшін, сондай-ақ білім меңгеріп тәжірибе жинақтау үшін адамдармен қарым-қатынас жасайды. Баланың жастайынан айналасындағылармен қатынас жасауы, өзінің кім екенін танып, өзін өзгелерден ажырата алудың, өзін басқалармен салыстыру арқылы басқа адамдағы қасиеттерді меңгерудің, балалардың әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке басының дамуының негізгі тірегі деп қарастырсақ, онда олардың қарым-қатынас жасауын жақсарту аса қажет болып табылады [3, 19 б].

Мектеп қабырғасында оқушыларға білім беру және тәрбиелеу істерінде жалпыға бірдей шараларына көбірек көңіл бөлінеді. Бұл мектепте балалармен жеке жұмыстар жүргізілмейді деген сөз емес. Оқушылар арасындағы олардың өзара қарым-қатынас ерекшеліктері бойынша педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастырылу жақтарына баса назар аудару керектігі туындайды.

Мектептегі оқушылар арасындағы туындайтын кейбір қарама-қайшылықтар, кейбір балалардың мінез-құлқы мен даралық ерекшеліктеріне байланысты түсінбеушіліктер, топқа енгісі келмейтін жағдайлар жиі кездеседі. Мұндай жағдайлар бала өмірі мен психикасында едәуір дақ қалдырады. Осыдан келіп баланың дамуында түрлі ауытқулар, сабаққа қатынасының өзгеруі байқала бастайды. Топтың жеке адамға, адамның топқа әсер ету негізінде оқушылар арасында дараланатын немесе оқшауланатын жағдайлар да туындап жатады.

Оқушылар арасындағы қарым-қатынас сипаты мен климаты баланың тек психикасына немесе жеке басына ғана әсер етіп қоймайтындығы белгілі. Ол баланың оқу-тәрбие істерінде де елеулі орын алады [4, 5 б].

Балалар ұжымындағы оқшаулану және қарым-қатынас мәселелері бойынша ең алдымен «әлеуметтік изоляция», «оқшаулану» терминдеріне түсініктеме беріп кетсек.

«Әлеуметтік изоляция», «оқшаулану», «ұялшақтық» – жалғыздыққа душар болған адамның жағдайын сипаттайтын терминдердің бірі. Әлеуметтік қобалжу, қоршаған орта алдындағы қорқыныш, қауіптенушілік сезімі – семантикалық жағынан жақын түсініктер.

К.Рубиннің ойынша «Әлеуметтік изоляция», «Әлеуметтік оқшаулану», «Тұйықтық», «Тежелгіштік», «Ұяндық» сияқты терминдер әртүрлі феномендерді белгілейді. К.Рубин өз еңбектерінде «Әлеуметтік изоляция» терминін «Әлеуметтік оқшаулану» терминімен алмастырады. «Әлеуметтік оқшалану» термині зерттеуші топ үшін жалғыздықты сипаттайтын әртүрлі формаларды жалпылаушы ретінде көрсетеді.

Медицина саласында изоляция ұғымы емдеу әдісі ретінде өз алдына, медикаментоздық емдеу мен психотерапияда қолданылады. Адам сырқаттанған кезде оны сыртқы қозу әсерлерінен қорғау мақсатында бөлмеде жалғыз ұстайды [2, 18 б].

Адам дүниеге шыр етіп келіп түскеннен бастап-ақ айналасындағылармен қатынас жасай бастайды. Өмірінің алғашқы кезеңінде биологиялық сипаттағы қарым-қатынас болса, одан әрі оның қарым-қатынас сипаты әлеуметтік сипатқа түсе бастайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларда сыртқы және ішкі психологиялық конфликтілер кездеседі. Сыртқы психологиялық конфликті – олардың бірлескен іс-әрекеті барысында туындаған қарама-қайшы көзқарастарынан шығады (мысалы: жалпы істі таңдау, міндеттерді бөлісу, ойын, еңбек материалдарын бөлісу, рольдерді таңдау).

Ішкі психологиялық конфликт – мектеп жасына дейінгі балалардың негізі ойын іс-әрекетінде өз құрбылары арасында пайда болады және олар бақылауда байқалмайды. Мұнда міндетті түрде ересектердің көмегі қажет болады. А.С. Выготскийдің позициясына сәйкес әлеуметтік өмір және қоршаған орта адам дамуының органикалық қажетті жағдай болып табылады. Бала жастайынан қоғамға енеді және ол неғұрлым кіші болса, соғұрлым ол әлеуметтік нәрсе болады. А.С. Выготскийдің концепциясына сүйене отырып М.И.Лисина ғылыми мектеп ашады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ересектермен қарым-қатынасы туралы М.И.Лисина зерттей келе балалардың әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке басының дамуын тек ересектермен қарым-қатынасымен ғана түсіндіруге болмайтындығын атап өтеді. Баланың жасы ұлғайған сайын оның жеке басының дамуында қарым-қатынас ерекше орын алатындығын айтып өтеді. Өз құрбыларымен қарым-қатынас жасай отырып, өзінің ішкі жан дүниесіндегі тұйықтықты аша алады, өз құрбыларымен өзара әрекеттесе отырып, өз көзқарастарын жеткізе алады.

Тек балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу ғана олардың арасында туындаған қиыншылықтарды басқаруды жеңілдетеді, топтағы барлық балалармен өзара қатынасты толық құруға жол ашады [6, 39 б].

Мектеп жасына дейінгі балалардың өз құрбылары арасындағы қарым-қатынас сипаты көбінесе ойын әрекеттерінде көрінеді. Ойын барысында туындаған кейбір келіспеушіліктер мен конфликтілер баланың топтан оқшаулануының бір себебі болып табылады. Осыған орай психологиялық конфликтіні олардың ойын іс-әрекеті жағдайында зерттеу, сонымен қатар еңбек іс-әрекетінде бақылау арқылы топтан оқшауланатын баланы зерттеу оңайырақ.

Мектеп жасына дейінгі шақта баладағы әлеуметтік изоляция белгілері үлкендердің үрейін туғызбайды. Жеке дара ойынмен ойнап жатқан бала тәрбиешілер мен ата-анаға проблемалы болып көрінбейді. Алайда мұндай балаларды мұқият зерттеген кезде, олардың алдында өз қатары мен қарым-қатынасқа түсуінде біршама потенциалды қиындықтар туындайтындығы байқалған.

Олай болса өз құрбыларымен қарым-қатынас жасау барысында қиыншылық туындаудың негізгі себептерін былайша түсіндіруге болады. Олардың ішіндегі бастылары:

- ✓ Өз құрбыларымен өзара қарым-қатынаста бала инициативасы мен белсенділігі әлсіз болады;
- ✓ Басқа өз құрдас балаларға инициативалық үндеуі құнсыз болады;
- ✓ Тұлға аралық қарым-қатынастағы проблемаларды өз бетінше шеше алмайды. Өз құрбылар арасында болған кішігірім қақтығыстар үшін де ересектер мен үлкендерден көмек сұрап келеді;

- ✓ Өз құрдастарының арасында беделі төмен болады;
- ✓ Вербальді қарым-қатынас деңгейінің төменділігі көрініп тұрады;

Жалпы алғанда мұндай балаларды көнгіш, тыныш және бағынуға бейім деп сипаттама беруге болады.

Жеті жасқа толғанда баланың әлеуметтік және жекелік қиыншылықтары күрт өседі. Оларда ұялшақтық, қорқақтық, жалғыздыққа ұмтылу, жасқаншақтық сезімдері пайда болады. Жеткіншек жаста әлеуметтік оқшаулану деңгейі өседі. Олардың өзіне деген бағасы төмендеп, өзіне сенімсіздікпен қарайды [5, 45 б].

Бұндай қасиеттердің көріну бағыттары психология ғылымында адам табиғатындағы биологиялық және әлеуметтік мәселелерін зерттеуде ерекше орынға ие.

Мектеп оқушылары арасында туындайтын оқшауланған балалардың болу себебін түсіндіретін оқушылардың өзара конфликттерін түгелдей болдырмау мүмкін емес. Конфликттерді алдын алу жолында маңызды рөл алатын – тәртіп болып табылады. Тәртіп – белгілі бір тәртіптілікке бағыну әрекеті арқылы балаға өзіне қажетті бостандығының толық дамуын қамтамасыз ететін әрекет.

Оқшауланған оқушының басқа оқушылармен араласуы қылықтарына мұғалімнің жеке тұлғасы үлкен әсерін тигізеді. Оның әрекеттесуі әртүрлі аспектілерден көрінуі мүмкін.

Біріншіден, мұғалімнің басқа оқушыларымен әрекеттесу стилі баланың өзімен жасты балалармен әртүрлі қарым-қатынасқа түсуінің алғы шарты болып табылады.

Екіншіден, мұғалім оқушылар арасындағы болып жатқан конфликттерге араласуға міндетті. Бұл, әрине, конфликттерді басып тастау емес. Ситуацияға байланысты администрациялық араласу немесе қарапайым кеңес болуы да мүмкін.

Әрбір мұғалім педагогика саласында қолданатын изоляциялаудың құқықтық аспектілерін міндетті түрде білуі шарт. Дегенмен балалардың өз арасында туындаған оқшаулану жағдайларын сынып мұғалімі аңғарысымен-ақ оны тиімді және дұрыс басқаруды, оны басқаруға қойылатын талаптарды тиімді жүзеге асырып отыру қажет.

✓ Изоляцияланатын адаммен жұмыс істейтін адамдар, топтан оқшаулап тастаған оқушылар изоляцияланудың педагогикалық, құқықтық және этикалық ережелерімен танысу қажет. Ережелерді білмеген жағдайда сынып жетекшісі сынып оқушыларымен әңгіме жүргізуі қажет.

✓ Баланы ұжымнан оқшауламас бұрын, оған алдын-ала ескерту жағдайлары, өз кемшіліктерін жоюға мүмкіншіліктер берілуі қажет тек одан нәтиже шықпаған жағдайда ғана күштеуі мүмкін.

✓ Оқушылар арасында туындаған мұндай жағдайдағы оқшауланған баланың ата-анасымен немесе балаға жауапты жанұя мүшелерімен тез арада байланыс жасау қажет. Олардың мұндай жағдайдың не себептен туындағандығын білгісі келген сұрақтарына жауап беру қажет.

✓ Сыныпта болып жатқан бұл процесті мұғалім үнемі бақылап, қадағалап, ситуацияларды белгілеу арқылы парақта түсінікті етіп тіркеп отыруы тиіс.

✓ Шұғыл жағдайларда бала мұғаліммен кеңесе алатындай жағдайды ыңғайластыру керек, яғни бала ең болмағанда мұғалімге шағымдануға болатындығын сезіне алу керек. Ұжымда оқшауланған баланы аңғара салысымен-ақ мұғалім оны алғашқы күндері жиі бақылау арқылы ондағы эмоциялық күйлерді үнемі бақылап отыру қажет.

✓ Оқушылар арасында өздері оқшаулап тастаған бала туралы мұғалім басқа балалармен оның соңы немен аяқталатынын алдын ала мүмкіншілігінше талқылап алған жөн. Олармен оқушылардың ойлары бойынша баланы ұжымнан оқшаулау арқылы оның қай жақтары жөнделетіндігін алдын-ала көрсете алатындай болу қажет [3, 21 б].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы» // Егемен Қазақстан. – № 230, 2015 ж. – 23 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология., Алматы «Мектеп» – 2012
3. БекееваН.Н. Сыныптағы оқшауланған оқушылармен жұмыс жүргізудің психологиялық ерекшеліктері // Қызықты психология.- 2015.- №10, 19-22 б.
4. Х.Т.Шерьяданова. Қарым-қатынас психологиясы. Алматы-2014
5. Қ.С. Тебенова, А.Р. Рымбаева. Арнайы психология. Алматы, 2011
6. Д.Ә. Құнанбаева. Ұйымдастырушылық мінез-құлық. Алматы-2012

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Жигитбекова Б.Д. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогика университеті, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры, психология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Есенаманова К.М. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, филология және әлем тілдер факультеті, шет тілдер кафедрасының оқытушысы Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Коммуникация – өзара түсіністікке әкелетін, екі жақты ақпаратпен алмасу үдерісі. Коммуникация – латын тілінен аударғанда «бәрімен бөлісетін ортақ» дегенді білдіреді. Егер өзара түсіністікке қол жеткізілмесе, онда коммуникация орын алмады. Коммуникацияның табыстылығына көз жеткізу үшін адамдардың сізді қалай түсінгендігі, олардың сізді қалай қабылдайтындығы, мәселеге қалай қарайтындығы туралы кері байланыс болу қажет. Психологиялық сөздіктерде «коммуникация» түсінігін «екі немесе одан да көп адамдардың арасында танымдық немесе аффективті-бағалау сипатындағы ақпаратпен алмасудағы өзара әрекеті деп анықтайды. Сәйкесінше, бұл әріптестердің бір-біріне қандай да бір белгілі бір көлемдегі жаңа ақпаратпен жеткілікті мотивацияны хабарлауды болжайды, бұл коммуникативтік актінің қажетті шарты болып табылады.

М.С. Каган коммуникация ретінде объектінің қандай да бір объектімен – адаммен, жануармен, машинамен ақпараттық байланысын түсінеді. Ол субъектінің алушы қабылдауы, түсінуі, жақсы меңгеруі және соған сәйкес әрекет етуі тиіс қандай да бір ақпаратты (білімді, идеяны, іскерлік хабарламаларды, нақты мәліметтерді, нұсқауларды және т.б.) беруінде көрінеді. Қатынас кезінде ақпарат әріптестер арасында жүреді, себебі, екеуінің де белсенділігі бірдей және ақпарат арта түседі, байытылады; сонымен қатар, қатынас жасау үдерісі мен оның нәтижесінде бір әріптестің жай-күйінің екіншісінің жай-күйіне айналуы орын алады.

Қатынасқа қажеттілік – адам өміріндегі ең басты қажеттіліктердің бірі. Өзімізді қоршаған әлеммен қатынасқа түсе отырып, біз өзіміз туралы ақпарат береміз, оның орнына бізді қызықтыратын мәліметтер аламыз, оларды талдаймыз және осы талдаудың негізінде социумда өзіміздің қызметімізді жоспарлаймыз. Осы қызметтің тиімділігі ақпаратпен алмасу сапасына ішінара тәуелді, бұл өз кезегінде қарым-қатынастар субъектілерінің қажетті және жеткілікті коммуникативтік тәжірибесінің болуымен қамтамасыз етіледі. Осы тәжірибе неғұрлым ерте меңгерілетін болса, коммуникативтік құралдар неғұрлым байырақ болса, өзара әрекеттесу соғұрлым табыстырақ жүзеге асырылады. Сәйкесінше, тұлғаның социумда өзін-өзі танытуы мен маңыздануы оның коммуникативтік мәдениетінің қалыптасу деңгейіне тікелей тәуелді.

О.М. Казарцева коммуникация «ақпараттың қозғалуына ғана емес, адамдар алмасатын білімдерді, мәліметтерді, пікірлерді нақтылау мен байытуға әкелетін, әңгімелесушілер арасындағы қарым-қатынастарды, нұсқауларды, ниеттерді, мақсаттарды ескере отырып, олардың бір-біріне ықпалы мен өзара ақпарат алмасуының бірлігі» деп санайды.

А.П. Назаретянның пікірі бойынша, «адамның коммуникациясы оның формаларының алуантүрлілігінде кез келген қызметтің ажырамас жағын білдіреді». Коммуникация үдерісі тіл мен басқа да белгілік құралдардың көмегімен ақпаратты беруді білдіреді және қатынастың құраушы компоненті ретінде қарастырылады. Коммуникация – өзара түсіністікке әкелетін, екі жақты ақпаратпен алмасу үдерісі. Коммуникация – латын тілінен аударғанда «бәрімен бөлісетін ортақ» дегенді білдіреді. Егер өзара түсіністікке қол жеткізілмесе, онда коммуникация орын алмады. Коммуникацияның табыстылығына көз жеткізу үшін адамдардың сізді қалай түсінгендігі, олардың сізді қалай қабылдайтындығы, мәселеге қалай қарайтындығы туралы кері байланыс болу қажет.

С.Л. Рубинштейн коммуникацияны өзіне ақпаратпен алмасуды, өзара әрекеттесудің бірыңғай стратегиясын жасауды, басқа адамды қабылдау мен түсінуді қамтитын және

бірлескен қызметтегі қажеттіліктерден туындаған, адамдар арасындағы байланыстарды орнату және дамытудың күрделі әрі көп жоспарлы үдерісі ретінде қарастырады.

Коммуникативтік құзыреттілік – басқа адамдармен қажетті байланыстарды орнату және қолдау қабілеті. Тиімді коммуникацияға келесілер тән: әріптестердің өзара түсіністікке қол жеткізуі, қатынас пәні мен жағдайы жақсы түсіну (жағдайды түсінуде жоғары анықтылыққа қол жеткізу мәселелерді шешуге ықпал етеді, ресурстарды оңтайлы түрде жұмсай отырып, мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді). Коммуникативтік құзыреттілік тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларының белгілі бір шегінде тиімді коммуникацияны тұрғызу үшін қажетті ішкі ресурстар жүйесі ретінде қарастырылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін шешуге принциптік тәсілдеме қатынасты балалардың тұлғалық дамуы мен тәрбиеленуінің басты шарты ретінде қарастырған Л.С. Выготскийдің еңбектерінде қарастырылған.

Л.С. Выготскийдің тұжырымдамасында балалардың коммуникативтік қабілеттерінің қалыптасуы мектептегі басымды міндеттердің бірі болып табылады, себебі, қатынас үдерісінің нәтижелілігі мен сапасы қатынас субъектілерінің коммуникативтік қабілеттерінің деңгейіне көбірек тәуелді.

Балалар өздерінің физикалық және рухани қажеттіліктерін өздері және қатынас жасайтын адамдар үшін қолайлы тәсілдермен қанағаттандыруды үйренеді. Мінез-құлықтың жаңа нормалары мен ережелерін меңгерудегі қиындықтар ақталмаған өзін-өзі шектеу мен өте қажетті өзін-өзі бақылауды тудыруы мүмкін.

И.В. Лабутованың пікірінше, коммуникативтік қабілеттердің әрбір тобының құрылымы өзіне үш басты компонентті қамтиды: психотехникалық (қатынастағы индивидтің психофизикалық өзін-өзі реттеуі), экспрессивті (вербалды және вербалды емес қатынас құралдары) және тұлғааралық (өзара әрекеттесу, өзара түсіну және өзара ықпал ету үдеріспен байланысты). Коммуникативтік қабілеттердің құрылымына сонымен қатар эмпатия, әлеуметтік-психологиялық аңғарымпаздық, әлеуметтік-психологиялық рефлексия, әлеуметтік-психологиялық перцепция, рефлексивті өзін-өзі бағалау қасиеттері, түйіспе (психологиялық байланысқа түсу қабілеті, өзара әрекеттесу барысында сенімді қарым-қатынастарды қалыптастыру) жататын әлеуметтік-естілім қабілеттерді, икемділіктерді, дағдыларды да қамтиды. Тұлғаның қасиеттері мен сипаттарын көрсету адекваттылығын, әріптеске ықпал етуді болжамдау дәлдігін зерттеушілер тұлғаның әлеуметтік қабілеттерінің даму деңгейінің көрсеткіштері ретінде бағалайды. Көптеген зерттеулерде жүргізілген тұлғаның әлеуметтік-естілім қасиеттері мен мүмкіндіктерін талдау оларды тұлғаның қатынасқа қатысуы барысында қалыптасатын, өз кезегінде осы қатысудың табыстылығына ықпал ететін ерекше коммуникативтік қабілеттер ретінде санауға мүмкіндік береді. Коммуникативтік құзыреттілік тұлғааралық өзара әрекеттесу жағдайларының белгілі бір шегінде тиімді коммуникативтік әрекетті тұрғызу үшін қажетті ішкі ресурстар жүйесі ретінде қарастырылады. «Коммуникативтік мәдениет» түсінігінің ғылыми мазмұны қатынас, коммуникация, толеранттылық түсініктерінің мазмұнды толтырылуымен анықталады. Қатынас – ақпаратпен алмасуда өзара ықпал етуде, өзара алаңдауда, өзара түсіністікте көрінетін психикалық байланыс туындайтын адамдар арасындағы байланыс. Қатынас құралдары – тұлғаның өз ойын білдірудің әр түрлі формалары, ал қатынастағы адамдар арасындағы байланыстар – индивидтің тіршілік етуінің қажетті шарты. Қатынас – негізгі психологиялық санаттардың бірі. Адам басқа адамдармен өзара әрекеттесу және қатынас жасау нәтижесінде тұлға болып қалыптасады. Қатынас – бірлескен қызметтегі қажеттіліктен туындайтын және өзіне ақпаратпен алмасуды, өзара әрекеттесу стратегиясын жасауды, қатынас жасайтын әріптесті қабылдау мен түсінуді қамтитын адамдар арасындағы байланыстарды орнату және дамытудың күрделі көп жоспарлы үдерісі.

Жасөспірімдік кезеңде құрдастармен қатынас ерекше маңыздылыққа ие екендігі белгілі. Бастапқы жасерекшелік тепе-теңдіктегі қарым-қатынастарда жасөспірімдер өзара қарым-қатынастар тәсілдерін жасайды, әлеуметтік қарым-қатынастар мектебінен өтеді.

Жасөспірімдер бір-бірімен өзара әрекеттесе отырып, өздерінің ортасында өзіне және құрдасына рефлексияға үйренеді. Өзара қызығушылық, қоршаған орта мен бір-біріне бірлескен ұғыну құнды болады. Құрдастармен қарым-қатынастарда жасөспірім өзінің тұлғасын жүзеге асыруға, қатынастағы өзінің мүмкіндіктерін анықтауға ұмтылады. Осы ұмтылыстарды жүзеге асыру үшін, оған жеке еркіндік пен жеке жауапкершілік қажет.

Жасөспірімдердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын іздеу қазіргі кезде қалыптасу және даму тұжырымдамасы тұлғаның мәдени-тарихи теориясының аясында жасалған, субъектінің саналы қызметін талдау негізінде шешіледі.

Коммуникативтік дағдылардың қалыптасу оқу, өзін-өзі таныту, өзін-өзі анықтау және жалпы әлеуметтену процесі кезінде байқалады. Сондықтан да коммуникативтік даму жасөспірімнің әлеуметтену процесі кезінде адамдармен, құрдастармен қатынас жасау арқылы әлеуметтік даму жағдайында байқалады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бодалев, А.А. Психология общения / А.А. Бодалев. - М.: МОДЭК, 2002. - 319 с.
2. Овсейчик, О.Н. Формирование коммуникативной культуры старшеклассников в педагогической системе общеобразовательной школы: дисс. канд. пед. наук. - М., 2002. - С. 146.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖОЛДАРЫ

Саркенаева А.А. Ойыл аграрлық колледжінің психологі, Ақтөбе облысы, Қазақстан Республикасы

Колледж – кәсіптік білім берудің шешуші факторы ретінде студенттердің кәсіби білім алуға бейімделуін қалыптастырутын орын. Студенттерге колледж қабырғасында өз – өзіне деген сенімділік, өз ойын білдіре алуға деген ұмтылыс пен таңдаған болашақ мамандығына деген жауапкершілікпен белсенді іс-әрекет қажеттілігін ұғынып, кәсіби іс-әрекетке деген ұмтылыс қалыптасады. *Колледж* – (ағылшын тілінен аударғанда *collede* жоғары немесе арнаулы орта білім беретін оқу орны). Жалпы колледждің үш түрі бар:

- Жоғары білім беретін колледж;
- Орта және жоғары оқу орны аралығындағы колледж;
- Орта білім беретін колледж.

Колледж алғашында Англияда 1249 жылы Оксфорд, 1284 жылы Кембридж қалаларында іргесі қаланды. Қазіргі таңда Қазақстанда да экономикалық, музыкалық, құқықтық, бизнестік, педагогикалық колледждер бар. Олардың кейбіреулері арнаулы мамандық беретін дербес оқу орны болып саналады. Колледж кезеңінде студенттердің ағзаларының жалпы биологиялық және психологиялық жағынан бейімделуін ресейлік ғалымдар Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, СЛ. Рубинштейн және т.б. қарастырған болаты.

Кәсіби міндеттерді атқаратын жоғары білімді мамандар класына В.С. Леднев техникалық колледж – «күрделі алгоритмдерді пайдаланатын қызмет, шешімдерді конструкциялауды талап етеді (ұйымдастырушылық еңбек параметрлері, технология және т.б.), сонымен бірге ағымдағы және өз қорындағы орасан зор ақпараттарды пайдалану, бұндай қызметте жекелеген ғылыми шығармашылық белгілердің болуы өзіне тән қасиет» дейді. Көп сатылы кәсіби дайындаудағы оқу процесін құру ерекшелігі оның циклды болуында, яғни, әрбір саты жоғары білім алу процесінің ішінде салыстырмалы түрде аяқталған цикл, соның қорытындысында студент белгілі бір білім бөлігіне ие болып, үйренеді және тәжірибе жинайды, дайындығы және мамандануы жоғары дәрежеге өсе түседі. Бұл білім алушыға оқудан бос кезінде еңбек қызметінен айналысуына мүмкіндік жасайды.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет – тұтас білім беру жүйесінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады. Психологиялық қызметтің тууы ғылым мен практиканы өзара әрекетімен шарттасқан психологиялық қызмет бала туралы тұтас ғылым мен осы дамуды қазіргі білім беру мекемелері жағдайында жүзеге асыру практикасын өзінің бойында біріктіретін қызмет. АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Голландия, Югославия, Франция сынды кейбір елдердің білім жүйесінде тәжірибелік психология басты орынды иеленсе, Қазақстанда енді ғана аяқ басып келеді және әлі де болса психологиялық зерттеулердің нақты жүргізілуін қажетсінетіні анық.

Психологиялық қызмет төрт құрамдас бөліктен тұрады: ғылыми; қолданбалы; практикалық; ұйымдастырушылық.

Бұл аспектілердің әрқайсысы орындаушыдан арнайы кәсіби даярлықты талап ететін міндеттерді шешуден тұрады.

Ғылыми аспект – әдіснама және практикалық психологияның мәселелері бойынша ғылыми зерттеуді жүргізуді көздейді. Мұндағы міндеттің бірі: психодиагностикалық, психокорекциялық, психопрофилактикалық немесе психологиялық алдын алу және дамытушы бағдарламаға психологиялық білімді қазіргі білім берудің нақты жағдайында кәсіптік қолдануға ғылыми негіз беру және оларды жасау болып табылады. Демек, білім берудің тәжірибелік психологиясы туралы теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді білдіреді. Білім берудің тәжірибелік

психологиясы психикалық дамудың жас ерекшеліктің заңдылықтарының индивидуалды түрде көрінуін, студенттердің психологиялық денсаулығының негізі болатын жеке адамдық және индивидуалдық даму шарттарын қарастырады. Бұл жерде міндет ретінде, психодиагностикалық және дамытушылық бағдарламалардың операциялдық түрде құрылуы мен ғылыми түрде негізделуі, сонымен қатар психологиялық білімдерді, қазіргі білім беру жүйесінің нақтылы жағдайларында, құралдарды, тәсілдерді, әдістерді кәсіби түрде қолдануды айтуға болады. Бұл зерттеу жұмыстарының академиялықтан айырмашылығы, онда тек қандай да бір психологиялық механизмдер мен заңдылықтарды анықтап қана қоймай, нақты бір баланың жеке адам болып қалыптасу жүйесіндегі механизмдермен заңдылықтардың дамуының психологиялық шарттарын көрсетеді.

Қолданбалы аспект – білім беру қызметкерінің психологиялық білімді қолдануын көздейді, білім беру қызметтерінің психологиялық білімдерді қолдануын білдіреді. Бұл бағыттың негізгі өкілдері: тәрбиешілер, педагогтар, әдіскерлер. Олар өздері дербес немесе психологпен біріге отырып, жаңа психологиялық мәліметтерді оқу бағдарламасын, жоспарын, оқулықтарын, дидактикалық және әдістемелік материалдарды жасауды, оқу және тәрбие бағдарламасын құруда қолданылады.

Практикалық аспект – Білім беру орындарының, оның ішінде бала-бақша, мектеп және басқа да білім беру жүйесінің қызметкерлері жүзеге асырады.

Ұйымдастыру аспектісі – бұл білім берудегі психологиялық қызметтің құрылымын жасау. Практикалық психологтардың білімін жетілдіру және олардың кәсіби әрекетін қадағалау. Бұл бөліктер иерархиялық байланыста бола отырып мынадай топтардан тұруы мүмкін: тәжірибелік психологтар, психологиялық қызметтің ғылыми-әдістемелік бөлімі (орталықтар, кабинеттер), республикалық немесе федералдық білім беру министрлігіндегі психологиялық қызмет бөлімдері. Тек түбегейлі түрде ұйымдастырылған бөлім қызметкерлері ғана білім беру жүйесіне білікті психологиялық қызмет көрсете алады. Балаларға, ата-аналарға, мұғалімдер мен білім беру орындарына нақтылы түрде көмек көрсете біледі. Психологиялық қызмет – оқу-тәрбие процесі мен әлеуметтік жағдайының дамуын ғылыми психологиялық тұрғысынан қамтамасыз ету, яғни даралық даму мен тәрбиені қазіргі психологиялық – педагогикалық теориялар негізінде осы процесті құру және өткізу, ұйымдастыру, сондай-ақ барлық білім беру процесіндегі оқушылардың салауаттылығын сақтау үшін психологиялық жағдайды қамтамасыз етуі тиіс. Психологиялық қызметтің құрылымы мен штаттық бірлігі де алуан түрлі және көптеген факторларға байланысты болады. Бірақ шетел және Ресей психологиялық қызметінің негізгі бағыттары, формалары мен әдістері ұқсас болып келеді. Психологиялық қызметтер негізгі бағыт ретінде психологиялық ағарту, психологиялық сауықтыру, психологиялық түзету, психологиялық кеңес беру сияқты дәстүрлі бағыттарды қолданады.

Енді *«психологиялық қызмет»* ұғымына сипаттама беріп өтсек. Психологиялық қызметтің бір мағыналы түсінігі жоқ. Жантану атауларының түсіндірме сөздігінде «Психологиялық қызмет – адамдарға мамандандырылған деңгейде психологиялық көмек көрсету үшін мекемелер мен ұйымдарда құрылған арнайы қызмет жүйесі» делінген. Дегенмен, психологиялық қызметтің алдына қойған міндеттері мен оларды шешу жолдарын көрсететін екі неғұрлым ортақ анықтамаларды ерекшелік көрсетуге болады.

Біріншіден, психологиялық қызмет білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс және т.с.с. психологиялық қамтамасыз ете отырып психологиялық қызмет көрсетудің ерекше аясын жасайды. Бұл білім беру, денсаулық сақтау, өндіріс, құқық қорғау, көлік және т.б. салалардағы психологиялық сараптама, диагностика, кеңес берудің кешенді міндеттерін шешу үшін психологиялық білімдерді практикалық қолдану болып табылады. Басқаша айтқанда, «психологиялық қызмет» деп бүкіл практикалық психологияның саласын көрсетеді.

Екіншіден, психологиялық қызмет деп түрлі әлеуметтік институттар мен ұйымдарда білікті психологиялық көмек қажет ететін адамдарға арналған арнайы мекемелер жүйесін де атайды. Білім беру мекемелерінде психологиялық қызмет психологиялық диагностика

(жеке және топтық), кеңес беру, психологиялық сауықтыру, психологиялық білімдерді насихаттау, студенттерді әлеуметтік-психологиялық бейімдеу, психологиялық мәдениет деңгейін көтеру, тренингтік сабақтар сияқты негізгі құрылымдық бірліктерді біріктіретін қызмет болып табылады. Егер онда «дөңгелек» үстелдерді ұйымдастыру, өзге жоғары оқу орындарының психологиялық қызметтерімен тәжірибе алмасу, түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, оқытушыларға қатысты студенттермен, өзара тиімді қарым-қатынас жасауды машықтандыруға бағытталған коммуникативті тренингтер ұйымдастырылса, тақырыптық сұхбаттар жүргізілсе, ата-аналармен де тиісті жұмыстар ұйымдастырылса қызметтің тиімділігі арта түскен болар еді.

Білім беру мекемелерінде психологиялық қызметінің негізгі міндеттері психологиялық қолдау мен сүйемелдеу болып табылады. Психологиялық қызметті білім беру жүйесінің дербес элементтеріне қызмет етуге емес, басты жағдайда аталған жүйе мен оның барлық субъектілерін тұтас психологиялық қамтамасыз етуге бағдарлануы тиіс.

Білім беру практикалық психологиясында психологиялық сүйемелдеу идеологиясы кеңінен таралып, нақты бекітілді. Психологиялық сүйемелдеуді оқыту және тәрбиені қатар білім берудің үшінші жағы ретінде қарастыруға болады. Психологиялық сүйемелдеу білім алушыға оқу жылының түрлі кезеңдерінде білікті көмек беру мен қолдаудың жүйелі технологиясы болып табылады. «Психологиялық сүйемелдеу» ұғымы ресей ғалымдары Ю.В.Слюсарев, Ю.М. Забродин, Э.Ф. Зеер, М.Р. Битянова және т.б., қазақстандық ғалымдар И.А. Абеуова, Ж.И. Намазбаева, Г.А. Дусманбетов, М.Н.Махаманова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Көптеген зерттеушілер психологиялық сүйемелдеу деп нәтижесі өз бетінше таңдау мен шешім қабылдау арқылы тұлғалық даму болып табылатын білім алушылардың өзекті қажеттіліктерін (білім беру, жас ерекшелік, дербес-тұлғалық) шешу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған психологтың ұйымдастырылған іс-әрекеті болып табылады. Бұл жағдайда білім алушы ықпал етудің объектісі емес, субъектісі ретінде болады.

Психологиялық қызмет – адамдарға мамандандырылған деңгейде психологиялық көмек көрсету үшін мекемелер мен ұйымдарда құрылған арнайы қызмет жүйесі. Психологтың мүмкіндіктері – клиенттің өтініші бойынша мәселелердің іс жүзінде шешуге психолог-кеңесшінің қабілетті не қабілетсіздік мүмкіндіктерінің тізімі. Психологиялық кешен – адамның өзінің физикалық және психологиялық кемшіліктері туралы қате (жаңсақ) пікірі. Мұндай пікірлер адам өзінің кемшіліктерін уайымдап, басқа адамдардан жасырын түрде ойлап, оларды асыра бағалауында көрініс береді. Моральдық-этикалық талаптар практикалық психологтың моральдық-этикалық кодексіне сәйкес психолог-кеңесшінің жұмысына байланысты талаптар. Бұл кодекстің ережелерінен психологтың әрекеттері ауытқығанда, психолог моральды, кей жағдайларда заңды түрде қоғам мен әріптестерінің алдында жауапкершілікке тартылады. Психологиялық қызмет міндеттері:

- педагогикалық ұжымды, ата-аналарды әлемдік деңгейдегі педагогика, психология ғылымдарының жаңа жетістіктерімен, олардың іс-тәжірибеде қолданылуы, нәтижелері туралы, баланың психикалық жағынан өзгерістерді анықтай білу, олардың жас және дара ерекшеліктері туралы біліммен қаруландыру, әрбір баланың білім бағдарламасын игеру мен бейімделуін психологиялық жағынан қамтамасыз ету;

- білім субъектілерінде психологиялық мәдениеттілікті қалыптастыру;
- әрбір тұлғаның потенциалдық мүмкіндіктерін ашатын білімдік ортаны құру;
- адамдарға қысылтаяң жағдайда көмек беру;
- қарым-қатынас субъектілеріне топтық және жекелей түрде кеңестер беру;

- жеке тұлғаның мінез-құлқы мен дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу, түзету жұмыстарын жүргізу; психологиялық тәжірибе құралдарын бірыңғайлау;

- білімді басқару органдары және білім беру мекемелерінің педагогикалық ұжымымен бірлесе отырып үздіксіз білім беру үрдісінде психологиялық-педагогикалық жағдай жасауға қатысу;

Психологтың негізгі мақсаты – психологиялық саулықтың негізі – баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау, студенттердің шығармашылық қабілетін ашу болып табылады.

Психолог студенттердің жан-жақты және үйлесімді дамуын мақсат етіп, өзінің іс-әрекетін педагогикалық ұжыммен, дәрігерлік қызметпен, социологтар, дефектологтар, сондай-ақ қоғам өкілдерімен тығыз байланыста ұйымдастырады. Психологтың жұмыс тәртібі осы ереже негізінде қабылданған психологиялық қызмет бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін ескере отырып, оқу мекемесінің жалпы жұмыс тәртібіне сәйкес анықталады және оқу мекемелерінің директоры бекітеді.

Оқу мекемелері мамандардың кәсіптік іс-әрекеттерін кешенді психологиялық-педагогикалық сараптауға, білім басқару орындарының немесе жеке оқу мекемелерінің ұсыныстары арқылы жүргізілетін оқу бағдарламалары мен жобаларды, оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру немесе жазуға қатысады [38].

Колледж психологі психодиагностикалық, психологиялық түзетудің әдістерін пайдаланып, зерттеу материалдарын талдауды, педагогиканың, дидактиканың сабақ беру әдістемесінің, психологиялық қызмет көрсету құжаттарының толтырылу тәртібін, нормативті құжаттарды білуге тиісті.

Ал, жеке басының әділдік, тапқырлық, қамқорлық, шыдамдылық, адамшылық, кең пейілдік қасиеттері басым болуы қажет. Колледж психологінің міндеттері:

– жалпы білім беретін орта мектептердегі оқытудың барлық кезеңдерінде балаларға қажетті жағдайларды жеке көмек беру үшін педагогикалық-психологиялық зерттеуді жүзеге асыру;

– психологиялық ғылымның жетістіктерін негізге ала отырып, мектеп оқушыларының әрқелкі жас кезеңінде жан-жақты, тұлғалық, интеллектілі дамуын қамтуға ықпал етеді;

– колледж әкімшілігі мен мұғалімдердің сұраныстары бойынша студенттермен, мұғалімдермен, ата-аналармен психологиялық сақтандыру, диагностикалық, түзеу және кеңес беру жұмыстарын жүргізеді, колледж студенттерінің интеллектуалды, тұлғалық, эмоциялық және ерік-жігер ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін зерттейді;

– оқуға психологиялық дайындық жеткіліксіздігін ерте анықтау;

– педагогикалық кеңестің әдістемелік бірлестіктердің, сыныптардағы, сондай-ақ жеке көмек көрсетуге байланысты негізгі проблемаларды шешуге арналған педагогикалық консилиумдар мен педагогикалық кеңестерге қажетті ақпараттар дайындайды;

– колледждегі психология бөлмесін құруды және қажетті құжаттарды сақтауды, оларды дұрыс пайдалануды қамтамасыз етуді жауапкершілігіне алады;

– колледждегі психологиялық қызметтің психологиялық-педагогикалық жұмыстарының нәтижесі мен есебінің ғылыми-әдістемелік орталықтар тағайындаған талаптарына сай болуын қатаң түрде жүзеге асырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әбеуова И.А. «Білім беру саласындағы психологиялық қызмет: әдіснама, технология, практика». Оқу құралы. Алматы, Эверо, 2011.
2. Намазбаева Ж.И. Психологические проблемы современного высшего образования. В соавт. Изд. ДООИВА, Алматы, 2007
3. Төлешова Ұ.Б. Психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы: Оқу құралы. Алматы. Қазақ университеті, 2012. –142 б.

Ә.НҮРШАЙЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПАТРИОТИЗМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Төренова С.А. Ақтөбе көпсалалы АГУ «Тарлан» колледжінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

Патриотизм (грек тілінен аударғанда – отандас, патриот – атамекен) – Отанға деген махаббатпен, жеке мүддені ел мүддесіне бағындырумен мазмұндалатын өнегелі және саяси қағида, әлеуметтік сезім.

Отан деген киелі ұғымды түсіну әр адамның туған жерінен, өз еліне деген сүйіспеншілігінен бастау алады. Отансүйгіштік пен патриотизм бір-бірімен егіз ұғымдар. Сол егіз ұғымға, Әзілхан Нұршайықов шығармаларындағы көтерілетін басты тақырыпты қоссақ болады.

Әзілхан Нұршайықов өз заманының бір туар ақыны, жазушысы, публицист, қоғам қайраткері, халықтың қалауымен ел батыры атанған адам. Шығармаларында көбіне, өскелең жас ұрпаққа тәлім-тәрбие, өз еліне деген ыстық махаббаты, әр азаматтың бойынан патриоттық сезімін оятуды мақсат тұтқан ақын, өмір деген аялдамада, толық арман мақсатын орындап кетті десек, артық айтпас едік.

Ұрпақ тәрбиесі қашаннан өз мәнін биік ұстайды. Сондықтан қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу- білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Толық жетіліп қалыптасқан ұлттың сана- қабілетінде, түсінік- талғамында, мінез- құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген. Қазіргі таңда тәуелсіз еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар азаматтарына жан-жақты өнегелі тәрбие беру- қоғамымыздың алға қойып отырған басты мақсаттарының бірі. Мектеп жеке тұлғаның рухани жан дүниесі мен адамгершілік қасиетінің қалыптасуына жүйелі жолға қойылған тәрбие беру негізінде қол жеткізеді. «Отан- от басынан басталады» дейді халық даналығы. Демек, бала тәрбиесі- Отан мен ел мүддесі. Бүгінгі өскелең ұрпаққа ғаламдастыру дәуірінде өз халқының төл мәдениеті, тілі мен салт- дәстүрін әр оқушының бойына сіңіре отырып, отансүйгіштікке баулу қазіргі тәрбие жүйесінің өзекті мәселесі. Егеменді еліміздің болашағы жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету- бүгінгі таңда ең басты мақсат болып табылады. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақ – ұлттық сана- сезімі оянған, адамгершілігі және рухани ойлау дәрежесі жоғары дамыған, мәдениетті, парасатты, ар- ождан мол, салауатты, бойында жоғары патриоттық санасы, өз елі үшін мақтаныш сезімі қалыптасқан азамат етіп тәрбиеленуі тиіс. Осы мақсатты іске асыруда «Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінің 2006 –2011жылдарға арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы», «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасын» басшылыққа аламыз. Бұл бағдарламаларда саналы таңдау жасайтын және Отан, қоғам, өз отбасы игілігіне, жеке басына бағытталған дербес шешім қабылдай алу қабілетінен көрінетін азаматты тәрбиелеуді, берік адамгершілік негізге ие, солай бола тұра өзгермелі жағдайларға бейімделуге қабілетті және жаңа идеяларға зерек, үнемі жетіліп отыратын тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Қазақтар ежелден басқа халықтардай Отанын, ұлтын сүйген. Батырларымыз бастаған қазақ халқы Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған.

Әзілхан Нұршайықовты, қазақ халқынан бөліп айту, мүмкін емес, шығармалары арқылы, бүгінгі мектеп оқушыларының өн бойына өз еліне деген махаббат пен сүйіспеншілікті дарыту, ол уақыт еншісінде ғана. Туғанынан жүрегі тек қазақ деп соққан азаматтардың от жалынын кейінгі жас буынға дарыта білу, сонымен қоса заман талабына сәйкес қоғамға білім дарытып, білім мен ғылым орналасқан жүрекке имандылық пен отанына деген сүйіспеншілікті беру, ол түгелдей Әз атаның мақсат жоспары десек артық айтпас едік.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан- 2030» Жолдауынның «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «... біздің балаларымызбен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп үміт артып отыр.

«Патриотизм»- ғасырлар бойы жинақталған ең терең сезімдердің бірі. Отанға деген сезім болмаса, патриот болу мүмкін емес. Біздің ата- бабаларымыз Отанын сондай сүйіп, оны барлық жаулардан қорғап, бүгінгі ұрпаққа сый ретінде қалдырған. Отанның гүлденуіне және оны қорғауға деген патриоттық сезім адам жүрегінде өмір сүрген, өмір сүре бермек. Бірақ патриоттық сезім адамда өзінен өзі не болмаса туа пайда болмайды. Ол ерте жастан адамға әсер ететін, ұзақ мақсатты түрде бағытталған тәрбиенің қорытындысы.

Соғыс кезінде жазушы-майдангердің өлеңдері, әскери әңгімелері мен очерктері майдандық, республикалық және облыстық газет беттерінде жиі басылып тұрды. Әзілхан Нұршайықов еңбек жолын мұғалім болып бастаған. 1947-48 жылдары Семей облысында "Екпінді" (қазіргі "Семей таңы") газетінде тілші, жауапты хатшының орынбасары, 1948-49 жылдары "Қазақстан пионері" (қазіргі "Ұлан") газетінде бөлім меңгерушісі, 1949-53 жылдары "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшының орынбасары, бөлім меңгерушісі, 1953-56 жылдары Павлодар облысында "Қызыл Ту" газетінің редакторы, 1956-61 жылдары "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетінің Павлодар облысындағы меншікті тілшісі, редактордың орынбасары, 1961 – 63 жылдары "Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы, "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1968-1973 жылдары Қазақ совет энциклопедиясы бас редакциясында бөлім меңгерушісі, 1973-1979 жылдары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып жұмыстар атқарған.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылық жолын ақын және публицист ретінде бастаған. Өлеңдері мен очерк, публицистикалық мақалалары аудандық облыстық, республикалық баспасөзде және соғыс жылдарында майдан газеттерінде жарияланып тұрған. Тың игерушілер өміріне арналған алғашқы очерктер жинағы "Алыстағы ауданда" 1956 жылы жарық көрген. Оның осы тақырыпқа арналған очерктер мен әңгімелер жинақтары "Тың астығы" 1958 жылы, "Ертіс жағасында" 1959 жылы, "Жомарт өлке" 1967 жылы жарияланды.

Жастардың өмірін, арманға толы ой-сезімдерін жан-жақты айшықтауға арналған лирикалық повестері "Махаббат жыры" (1964ж), "Әсем (1966ж), Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлердің ерлігін паш еткен "Махмет Қайырбаев" (1967ж), "Батырдың өмірі" (1969ж), замандастарымызды интернационалдық рухта тәрбиелейтін "Тоғыз толғау"(1977ж), "Невель түбінде" (1977ж), әдебиетіміздің белгілі қайраткерлерінің шығармашылық қабілетін сомдаған "Автопортрет" (1977ж), "Екі естелік" (1985ж) очерк, әңгіме, повесть жинақтары жарық көрді [35]. Қалың көпшілікке етене жақын "Махаббат қызық, мол жылдар" романы (1970ж) мен "Ақиқат пен аңыз" роман-диалогиясы (1973ж) жазушы шығармашылығының шырқау биігі болып саналады. Өлмес туындының алғашқысында жастардың қайнаған жастық өмірі туралы баяндалған, бұл роман оқырманның, әсіресе жалынды жастардың ерекше сүйіп оқитын махаббат гимніне айналды. Ал екінші роман-диалогиясы аты аңызға айналған ұлтымыздың ұлы тұлғасы, жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы туралы жазылған. Осы "Ақиқат пен аңыз" роман-диалогиясы үшін Әзілхан Нұршайықовқа 1980 жылы Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді. Орыс тілінде "Песня любви" (1965ж, 1975ж, 1982ж); "Истина и легенда" (1980ж), "Истина и легенда" (1982ж) және "Дорогой памяти" (1985ж) кітаптары жарық көрген. Ә. Нұршайықовтың "Ақиқат пен аңыз" роман-диалог, украин ("Дніпро", 1984ж) және чех (1985ж) тілдеріне аударылып жарияланды.

Бірқатар шығармалары қырғыз, өзбек, тәжік, молдован, татар, якут тілдеріне аударылған. Патриотизм ортаның, отбасындағы тәрбиенің, мектептің, мектепке дейінгі мекеменің және түрлі қоғамдық ой- пікірлердің әсер етуімен қалыптасады. Патриоттық тәрбие берудің басты бағыты – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы мен еліміздің мемлекеттік нышандарын: Әнұранын, Туын, Елтаңбасын оқушыларға үйрету және орындату мәселелері. Еліміздің Конституциясын бұлжытпай орындау, мемлекеттік нышандарға құрметпен қарап орындау, құқықтық- саяси және этикалық әдет- ғұрып мәдениетін тәрбие беруде оқушы бойына сіңіруді қалыптастырады. Жаһандану заманындағы патриоттық тәрбие дұрыс бағытта ұйымдастырылуы тиіс. Ол үшін педагогтің өзі саяси сауатты, ұлттық санасы қалыптасқан өз елінің патриоты болуы тиіс. Сонда ғана өскелең ұрпақты сапалы біліммен сусындатып, саналы тәрбие беруге қабілетті болмақ. Оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі негізгі міндеттер – қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік, қоғамға деген рухани-мәдени қатынас, еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау, Қазақстан көп ұлтты мемлекет екенін негізгеалаотыра бүгінгі қоғам мүшелерінің бойында Қазақстандық патриотизмсізін қалыптастыру.

Сондықтан да жас ұрпақ бойындағы Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, яғни жастайынан ерлік пен елжандылықтың рухын себу отбасынан бастау алады. Отбасындағы негізгі міндет – баланы жастайынан ата-анасына, туған-туыстарына, әулетіне, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін жетілдіру арқылы, Отанына, мемлекетке деген шынайы сезімін қалыптастыру.

«Отанды сүю отбасынан басталады» дегендей жеке тұлғаның бойындағы патриоттық сезімді қалыптастыруда отбасы негізгі орын алады. Әсіресе патриотизмге берген Шоқан Уәлихановтың тұжырымын негізге алатын болсақ, ең алдымен өз отбасы, туған туыстары, одан соң ауыл-аймақ, ел-жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстарын, Ресей жұртын қадірлеймін деуінен-ақ патриотизмнің негізгі мәйегі отбасы екені дау тудырмайды. Отбасында жеке тұлғаның бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда бірінші орында адам бойындағы адами құндылық қасиеті негізгі орын алады.

Оқушылардың бойында патриоттық құндылықтарды қалыптастыру атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін оқу-тәрбие мазмұнынаенгізе білсек, ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеу, яғни оқушылардың бойына патриоттық құндылықтарын қалыптастыру өскелең өмір талабынан туындап отыр.Ол Ұлы Отан соғысы кезіндегі әрбір жауынгердің бойындағы ұрыс кезінде қалыптасатын қасиеттерге әскери-психолог тұрғысынан тоқталады. Талай ғасырдан бізге жеткен түркі, қазақ халқының көшпенді тұрмыс тіршілігіне тән қасиет ерлік, жауынгерлік, батырлық, қаһармандық, т.б. екенін байқаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Құсайынов А. Қазақстандағы патриоттық тәрбие беру идеологиясы мен мәні / Білім және реформа. – Алматы: Рауан. – 2003. – 218 б.
2. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман. Алматы: Жазушы, 2009, 464 б.
3. Нұршайықов Ә. Естеліктер (1 және 2 томдық), Алматы, «IST Company», 2011, 840 б

МАЗМҰНЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ.....	3
---------------------	---

СЕКЦИЯ 1

Т. ТӘЖІБАЕВ ОЙЛАРЫ ЖӘНЕ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Жарықбаев Қ.Б. Т.Т. Тәжібаевтың педагогикалық мұралары	5
Түрікпенұлы Ж., Төлешова Ұ.Б. Өнегелі өмір	8
Шағырбаева М.Д., Алдан А. XIX ғасырдағы қазақстандағы педагогикалық ойлар мен Т.Тәжібаевтің зерттеулері	10
Оспанова Д. Вопросы духовно-нравственного воспитания молодежи в исследованиях Т.Тажимаева	13
Мурзагулова М.Д. Т. Тәжібаевтың жастар тәрбиесіне әсері	17
Анарбаева Б.Б. Научное наследие репрессированных ученых Казну имени аль-Фараби в 20-50-е гг. XX века.	20

СЕКЦИЯ 2

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Унгарбаева Ш. У., Дарибаев Ғ. С. Роль и значение казахской этнопедагогике в современной системе образования	24
---	----

СЕКЦИЯ 3

АДАМ КАПИТАЛЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ИНВЕСТИЦИЯ: ТЕХНОЛОГИЯЛАР, МӘСЕЛЕЛЕР, ИННОВАЦИЯ. САПАЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тоқтар Т.Н. Жағымды ойлау ізгілік педагогикасының негізінде	29
Шағырбаева М.Д., Аймаханова М.Б. Қазақстан Республикасындағы жастардың гендерлік санасының ерекшеліктері	33
Бердібаева С.Қ., Ерекешов Н.С., Османов А.Х., Серимбаева Д.Қ., Каирбаева А. Б. Педагогтың коммуникативті біліктілігі бәсекеге қабілеттілікті арттыру негізі ретінде.....	39
Масатова Н.Б. Студенттердің психикалық денсаулығын сақтау жолдары	43
Кайбулдина Г.К. Студенттердің коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру жолдары	46
Ашекеева Қ.Н., МұқтарТ.Т. Креативтілік мәселесінің теориялық аспектілері	49
Сайлинова Қ.Қ., Телағысова Г.С. Социониканың дамуындағы психикалық ерекшеліктер.....	52
Қожанова А.Н. Білім беру бағдарламасының мазмұнын жетілдіру	55
Сайлинова К.К., Қалкенова Б.С. Қарым-қатынас психологиясындағы ерекшеліктер.....	60

СЕКЦИЯ 4

АНИМАЦИЯЛЫҚ ІС – ӘРЕКЕТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Пузикова С.М., Муканова А.Е. Использование актуальных психолого-педагогических средств в поликультурном воспитании молодежи	62
Сагитов Т.Е. Роль стрессоустойчивости личности в работе с информационно-коммуникационными технологиями	66

СЕКЦИЯ 5
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ
ЖӘНЕ ҚҰЗІРЕТТІЛІК ТҰҒЫР

Мағауова А.С., Махамбетова Ж.Т. Развитие идеи инклюзивного образования в истории педагогической мысли	70
Куребаева Г.А. Балалардың психикалық саулығын нығайтудың жолдары	74
Ізғұттынова Р.О., Тулебаева Б.Т. Оқудан тыс іс-әрекеттер аясында оқушылардың тұлғалық әлеуетін дамыту.....	78
Әрінова Б.А., Кабдолдина И.М. Ш.А. Амонашвилидің педагогикалық еңбектеріндегі гумандық ой-пікірлер тұлғаның өзін-өзі тану құралы ретінде.	82
Жұмабекова Қ.Б., Касенова Г.А. Ш.А. Амонашвилидің гуманистік идеяларының қолданылу мазмұны.....	87
Айтбаева А.Б., Әбдіқадырқызы Ж. Өнер шығармаларының оқушы тұлғасына әсері ..	91
Молдасан Қ.Ш., Маратқызы А. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда кейс технологияны қолданудың маңызы	95
Молдасан Қ.Ш., Сатан Н. Өзін-өзі тану сабақтарында оқушылардың танымдық қабілетін интеллектуалды ойын арқылы қалыптастыру	97
Ашекеева К.Н., Батжанова М.Н. Организаторские способности школьного учителя ..	100
Тоқсанбаева Н.К., Атахан А.Т. Стресске төзімділік түзету мекемесінің педагогтары үшін қажетті сапа.....	104
Еликбаева М., Садвақасова З.М. Исторические предпосылки использования видеоигр в обучении и возможности их эффективного использования в образовательном процессе	108
Сатова А.К., Ингайбекова Т.А. Зияты зақымданған балалардың коммуникативтік қабілетін дамыту жолдары	113
Қасымова Р.С., Жүзей М.А. Студенттерді ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу	118
Куребаева Г.А., Төлеуова Т.Е., Маутбекова А.А. Балалар ұжымындағы оқшаулану мәселелері.....	122
Жигитбекова Б.Д., Есенаманова К.М. Жасөспірімдердің коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдары.....	126
Саркенаева А.А. Колледж студенттеріне психологиялық қызмет көрсету жолдары.....	129
Төренова С.А. Ә. Нұршайықов шығармалары арқылы студенттердің патриотизмін қалыптастыру	133

Ғылыми басылым

**Академик Т. Тәжібаевтың 109 жылдығына арналған
«АКАДЕМИК Т. ТӘЖІБАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ»
атты Т. Тәжібаев оқулары аясында республикалық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

ИБ №12641

Басуға 12.03.2019 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100 ¹/₁₂.
Көлемі 11,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №1031.

Таралымы 16 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.